Атамұра Кітапханасы

Бейімбет МАЙЛИН

Бейімбет МАЙЛИН

Шұғаның белгісі

Әңгімелер



АЛМАТЫ
«АТАМҰРА»
2003

ББК 84.4 Қаз7
М14

МАЙЛИН Б.

М14 Шұғаның белгісі. Әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 264 бет.

ISBN 9965–05–890–3

Аса көрнекті жазушы Бейімбет Майлиннің қаламынан туған жүздеген өлең, ондаған поэма, көптеген әңгімелер тақырыбы жөнінен халық өмірінің сан қилы саласын барлайды, қоғамдық құрылыстағы жаңалық пен ескілік арасындағы бітімсіз тартыстың ішкі сырын терең ашып көрсетеді, шебер бейнелейді. Әсіресе әңгімелерін өмірдің көркем шежіресі деп бағалаған лазым.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

Манаш [illegible] атындағы
[illegible]
КИТАПХАНА
БИБЛИОТЕКА
Северо-[illegible]ий
государственный университет
имени М. [illegible]

М–4702250201–322 хабарландырусыз – 2003 **ББК 84.4 Қаз37**
418 05) – 2003

ISBN 9965–05–890–3

© Майлин Б., 2003
© «Атамұра» баспасы, 2003

822779

ШҰҒАНЫҢ БЕЛГІСІ

I

Біз елден шыққанда күн де сәскелікке жақындап еді. Үшпалы сүр бұлттар көшкен керуен сықылды, тіркесіп оңтүстікке қарай жылжып ұшып, күннің көзі біртіндеп ашыққа шығып, жылы шырай нұрын шаша бастады. Әйткенмен солдан соққан салқын жел өзінің өткірлігімен жұқа киімнен ызғарын өткізіп, тоңдырып, сентябрь айының жеткендігін жолаушыға еріксіз ойлатарлық еді.

Біз екеу едік.

Менің астымда жортақылау тапал торы ат; жүргіштеу. Ертоқымым ескілеу, байлардың малға мінетін ер-тоқымы. Үстімде конған үйімнен сұрап киген шидем күпі. Қолтығымдағы жыртығынан жел өтіп мазамды алыңқырап келеді. Жолдасым отызқырықтардың шамасындағы жер ортасы адам, сиректеу сақал, мұрты бар; қара бұжыр, күлімсіреп дөңгеленіп тұрған қара көзді, пішініне қарағанда бір түрлі сөйлемпаз адам секілді. Астында қойшылар мінген қаракер бесті, үсті-үстіне ұрып отырмаса кейін қалып қала береді.

Жел артымыздан еді, ауылдан он-он бес шақырым шықтық. Жаздай жайлап елдің шаңын шығарып тастаған жайлауын қақ жарып құбылаға бет алып келе жатырмыз. Жанды қарға жоқ. Бірен-саран шалшық сулардың басында ұйлығып отырған топтоп қаздарды көресің. Елдің жұртында жер ошақтың арасындағы сүйек-саяқтарды, елдің сыртындағы ескі апандардың маңайына тасталған бірен-саран өлімтікке он-он бесі жиналып қарақұс, қарға, өгіз шағалалар той-тойлап жатыр...

Жүрген сайын жер өнбегендей, сол ұшы-қиыры жоқ елдің жайлауы бітпейтіндей көрінді. Бір белеске шықсаң алдыңда екінші белес. Мен шықтым. Манағыдай емес, атқа жортқан соң денем жылынып, ептеп мандайымнан тер де шығайын деді. Жолдасымның басында желпен. Елден шығарда бауын мықтап байлап алған. Шабан қаракер үсті-үстіне ұрғызған соң о да бусанайын деді білем, желпенін шешіп алып беліне байлады. Милығына түскен бөркін жоғарырақ көтеріп қойып, қаракерді бір тебініп шаужайлап жіберіп маған қатарласып:

– Тым бері бұрыла берменіз, күнбатысқа таман жүрейік, – деді.

– Сіз кейін қалған соң мен алдыңызды орағыта беремін.

– Жамандатқыр мынау бір ит екен, тіпті жүрмейді, – деп қамшымен салып-салып жіберді.

Менімен қатарласып алған соң қаракердегі ашуы біткен төрізденіп, азырақ жадыраңқырап маған қарады.

– Мынау алдымыздағы үлкен көл «Қамысақты» ғой: осы-

ның сол жағын ала жүріп ана шаңырқай көрінген Обаның белесінен тура ассақ алдымыздан бір кішкене сүрлеу келеді. Сол сүрлеумен барып Шұғаның белгісінен қара жолды қиып аламыз, – деді.

Әңгіме азырақ ой бөлейін деді. Аттың жортысына шайқалып ауырып келе жатқан іш те ұмытылғандай болды. Жол қысқарту үшін жолдасыммен сөйлесуді мен өзім де тілеп келе жатыр едім. Бірақ бұрын сырлас адамым болмаған соң әңгімеге қандай жайының барын анық біле алмай сөз ашпап едім. Және менің бір әдетім жолда келе жатқанда өзім сөйлегеннен де, біреуді сөйлетіп тыңдауды артық көруші едім.

Жолдасым жол әңгімесін бітірсе «тағы да бар, тағы да бар» деген кісі тәрізді сөз сөйлеуге ыңғайланып тұрды. Мен әңгімені неден бастарымды білмедім, жол жайын айтып өткен «Шұғаның белгісі» дегені бар еді. Одан пәлендей сөз туады деп дәмеленбесем де, бастауға себеп болсын деп ойлап:

– «Шұғаның белгісі» дегеніңіз не нәрсе, тау ма, – дедім.

– Жоқ, әшейін, бір обашық, – деді. Кейін қалып бара жатқан соң тағы тебініп қатарласып:

– Шұғаның белгісін сіз білмейтін шығарсыз-ау, – деді.

– Мен қайдан білейін, бұл жаққа бірінші келуім, – дедім.

– Білмессіз... сіздер жассыздар ғой, – деді. Маған қарағанда өзі недәуір көпті көрген үлкен адам болып көтеріліп қойды.

– Сіз білмейтін шығарсыз, жассыз ғой. Уақытында Шұғаның әңгімесін бұл өлкенің баласына шейін біліп болып еді... ой, шіркін, өзі де Шұға десе Шұға еді-ау, – деді.

Жолдасымның бұл сөзінен мен Шұғаға ынтықтым. Анығын сұрап білгім келді.

– Шұғаның әңгімесін айтсаңыз қайтеді, жол қысқарсын, – дедім.

– Айтайын, – деді.

Қаракерді тағы тебініп қатарласты. Жалпылдап жайылып келе жатқан етегін жинап тақымына басып, ерніндегі насыбайын тастап бір-екі түкірініп алып, ыңғайланып:

– Бұл қызық әңгіме, тыңдаңыз, – деді.

Сөзді бастап та жіберді.

II

... Бүгінгі шыққан ауылыңызды «Ерекең» ауылы дейді. Содан ары қарай өзеннің бойы жалпағынан ел. Бір атаның баласы жүз елу-екі жүз үйлер бар. Қыс қыстаулары басқа болғанмен, жаз көбіне бірігіп отырады. Мынау алдымызда көрінген «Қамысақты» дейтін көліміз. Осының маңайы жыбырлаған шұқы-

рынды томар. Августан бастап осының басы елмен толады. Әр томарға төрт-бес үйден қонып бөлек-бөлек отырғандары. Ой, дариға-ай, талай қызықтар өтті ғой.

Бала күнімізде анау көрінген төбенің басында талай асық ойнап едік... ол да бір дәурен... ия... бұл ауылдың күзге қарай қонатын жері, жазғытұрғы августа дейін отыратын жайлауымыз, бұл көл де Шұғаның белгісі атанды, бұрын «Тарғыл өгіз сойған» деуші едік. Үлкен көл, маңайы толған шорқынды су... ол уақытта жердің берекесі қандай. Өзіміздің ел қаншама... оның үстіне ту Сырдан келіп жаппастар да қонады... кейінгі кезде ғана жаппас келуін қойды ғой. Біздің Беркімбай дейтін жақын ағаларымыз болады. Бұрын бай еді, болыстыққа таласамын деумен-ақ малын құртып алды. Осы күні кедей. Сол Беркімбайдың әкесінің нағашысы – жаппас Есімбек дейтін болды. Өзі бай еді, жаппастың алды деуге боларлық. Беркімбайға арқа сүйеп, Есімбек сол «Өгіз сойғанның» ең шұрайлы жеріне қонушы еді. Өзі де жомарт, қонақпаз еді. Елге жағымды болып тұрды. Мал мен басы бірдей, құдай тілегін берген бір адам: ортан қолдай төрт ұлы болды – шетінен қасқыр. Сол төрт ұлдың ортасында бұландап өскен Шұға дейтін қызы болды. Шұға десе Шұға. Шұға, ой, шіркіннің өзі де келбетті-ақ еді... ақ құба, талдырмаш, көзі қап-қара, осы, үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Жеңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сойлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, бір түрлі паң еді-ау, шіркін... Бұл күнде ондай қыз қайда. Ажары тәуірлеу біреу болса, соны көтере алмайтынын да білмейсің, ешкіге күсап шошаңдап жүргені. Заман бұзылған ғой... иә...

Осы күнгілердің бір тапқаны, қызды оқыту керек дейді. Сол Шұғалар хатты зорға танушы еді. Сонда да осы күнгінің оқыған он қызына бергісіз еді. Айнала айтқанда құдай сана берсін десейші...

Ол кезде менің жиырмаға жаңа келген кезім. Есімбектің үйіне араласып жүрдім. Менің бір Базарбай дейтін інім сол Есімбектің қойын бақты. Өзі бала күнінде епті-ақ еді, былтыр қайтты. Сол баланың арқасында ерте барам, кеш қайтам. Жаз көбіне сонда болушы едім. Шұғаның сонда он алтыдағы кезі шығар деймін. Елдің бозбалалары ертеңді-кеш қылжақтап сол ауылдан шықпайды. Епті сөз салдыратындары да болады. Бозбалалардың хатын таситын менің інім, Шұға біреуіне жауап қайырмайды.

Бозбалалар кейіп: байдың қызы болған соң іріленгені ғой, тәкаппар десуші еді.

Менімен құрдас біздің ауылда Кәрім деген бар. Сол уақытта да өзі есерсоқтау еді. Біз мазақ қыла береміз. Шұғаға қылжақ-

тайтынның біреуі сол. Бір күні бір жазған хаты менің қолыма түсті. Өлең жазған болыпты... немене еді, тәйірі, соның өлеңі...

«... Қаладан алып келген боз белбеуім,
Болса да жаман, жақсы өз белбеуім.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің аман-есен, көз көргенім», –

деп жазыпты.

Бозбалаға ермек керек. Мазақ қылу үшін Шұғаның хаты қылып өлеңмен жазып Кәрімге тапсырдық. Кәрім ашып оқығанда төбесі көкке жеткендей болды.

Біздің сонда Шұға болып жазған өлеңіміз:

«... Алаштан асып туған сымбаттым-ай,
Базардың пұлы жетпес қымбаттым-ай.
Арманым бұл жалғанда болмас еді,
Күн болса қосатұғын саған құдай...»

Ой, алдай, қызық заман екен-ау, ә...

Шұғаның әке-шешесінің бір артық жері, он алтыға келгенше Шұғаны күйеуге бермейді. Осы күні байлар, қызы шырылдап жерге түсісімен біреудің малын алады ғой... Уақытында талай мырзалар айттырды, бәріне де нәсіп болмады. Ат жетер жердегі бай балалары мүлде түңіліп болды. «Есімбек қызының бағын байлады. Енді бұған тәуір күйеу кездеспейді» деп жұрт өсек қылып та жүрді. Ол әшейін бір сөз ғой, құдайдың жазуынан артық не болмақ...

Артынан есіттік, Есімбектің бермеудегі мәнісі, өзі жас кезінде Қали дейтін құрдасымен серт байласқан болса керек: «Бірімізден ұл, бірімізден қыз туса, екеуіміз құда болайық» деп.

Сол сертін күтеді екен ғой... Ия...

Қамысақтының басына түсіп, азырақ кідіріп ер-тоқымымызды дұрыстап ерттеп, тағы да жүріп кеттік. Қаракерді бір-екі бауырлап алып жолдасым тағы сөзге кірісті.

III

... Ол кезде заман қандай, жер әдемі, мал көп, орыстың иісі де жоқ.

Жазғытұрғы майдың айы бітер-бітпесте, шала-шарпы егін салып жайлауға жеткенше асығамыз... Бір жылы майдың 20-сы күні жайлауға барып қондық. Жаңбыр көп. Шөптің шығысы да жақсы еді. Бозбаланың басы құралған соң ертеңді-кеш асыр салып ойнау, есі-дертіміз жаппас. Есімбектікі қашан келеді?.. Етке қашан тоямыз дейміз...

Бір күні қызойнаққа барып таң ата келе жатсам, ұйықтап қалған екенмін, әжем оятады:

– Жаппас келіп қонып жатыр. Базарбаймен көрісіп қарағымды сүйіп келдім, – дейді.

Жалма-жан тұра сала далаға шықсам, сәске түс болып күн ыси бастаған екен. Көлдің оң жақ беті жыбырлаған мал: қой, түйе... шоқиып-шоқиып жаппастың кішкене үйлері тұр. Көзімді ашып-жұма мен де жөнелдім. Мен келсем менен әлдеқашан бұрын жұрт жиналып қалған екен. Тоқты сойылып, қазан асылып, қайнап та жатыр.

Есімбектің үлкен үйі лық толған адам, қымыз ішіп әйдәй қызды-қызды болып жатыр екен. Мен тегіс араладым. Бір отауда Шұға кездесті. Көрісіп амандасқаннан көзімді ала алмадым. Апырым-ай, адамзатта ондай сұлу болады екен-ау!.. Аққудың көгілдірігіндей осы аппақ. Үстінде шетін кестелеген ақ көйлек, омырауын неше түрлі ілгіштермен безеп тастаған қызыл пүліш қамзол, басында үкі таққан түлкі бөрік, өзі сұлу адамды мүлде одан жаман жандандырып, құбылдырып тұрды.

Маған қарап Шұға күлді.

– Мезгілімен келіп көрістіңіз-ау, – деді. Мен не айтарымды білмедім. Бұрын әзілдесіп сөйлесе беруші едім, бұл жерде тілім байланды.

– Мынау аттан түсіп жатқан кім? – деді Шұға.

Артыма жалт қарасам екі жігіт түсіп аттарын байлап жатыр екен. Біреуі орысшалау киінген.

Тани кеттім.

– Әбдірахман ғой, – дедім.

– Әбдірахманың кім?

– Қазақбайдың баласы.

– Ия, әлгі учитель баласы ма?

– Ия.

– Жап-жас жігіт екен ғой, – деп бірер қарады да, Шұға отауға кіріп кетті.

Мен Әбдірахманға амандасып, үйге ертіп жүрдім. Отаудың сықырлауығынан Шұғаның бізге сығалап қарап тұрғандығы білінді.

IV

– ... Сіз білмейсіз ғой... – деп жолдасым қарекерді шаужайлап қатарласты.

Сіз білмейсіз ғой... бізбен ағайын, жасы менімен түйдей күрдас Әбдірахман деген болды. Жасында болыстың үйінде бұзау бағып өсіпті. Ол уақытта болыстың үйінде ауылнай учи-

тель болатын. Балалармен араласып жүріп учительден оқып, төрт жылдан соң мектепті бітіріп шығыпты. Әбдірахман өзі айтатын: «күндіз қозы мен бұзау бағам, кешке келгенімде, учитель бір шын мұсылман жігіт еді, «байлардың балаларынан да маған сенің оқығаның керек қой» деп түннің бір талайына дейін оқытушы еді. Ақырында сол учительдің тырысуының арқасында мектепті бітірдім... Менің учительге бітіре алмастық борышым бар», – деді.

Әбдірахманның әкесі өте кедей болған адам. Ауылнай школынан шыққан соң да, Әбдірахман малайлықтан құтыла алмады. Ақырында, он екі-он үштегі шамасы болса керек, тұрған байынан қашып дуанға барып, бір ноғайға жаз қызметке тұрып, қыс оқуға кірді. Бұл екі жылға шейін жаз жалданумен болды. Берірек келген соң жаз байларда орысша бала оқытты. Ақырында әйтеуір мектепті бітіріп шықты.

Әбдірахман мектепті бітіргенде дабысы жер жарды. Өте зерек болған ғой, учительдері де мақтаса керек. Дуандағы нәшәндік «тілмаш» бол деп өтінген екен, болмай елге келді. Нақ сол кезде болыстың песірі өліп песірсіз тұр еді. Әбдірахманға песір бол деп жабысты, оған да болмады. Жамантік болысындағы бір байдың школына барып бала оқытты. Содан бері қыс сонда бала оқытып, жаз елде болады. Сол жылы июньнің бас кезінде келіп еді. Содан бері Әбдірахманды көргенім. Маған: «Маған көріспейсің бе» деп қалжыңдады. Әзілдесіп үйге кірдік. Төр алдында Қажыбай әңгімені көсілтіп отыр екен, бізді көрген соң жым болды.

Үй ішімен Әбдірахман тегіс амандасты, Есімбек бай онша жақсы көрмеген адамның қалыбын істеді.

Бұрынғы сөздерін тастай беріп «оқығандар анау, оқығандар мынау» болады деп шатпа тілге айналды. Мен ғажапқа қалдым. Артынан Әбдірахманнан себебін сұрасам, өткен жылы бұрынғы қалыбымен, күзгі астыққа бай киізін сатқанда, Әбдірахман тілін алар адамдардың біріне де алдырмапты: «Әзір асығып екі бағасына алғанша, астықтарыңды жиып алған соң шалқайып отырып жарты бағасына аласыңдар» деп. Әбдірахманның тілін алғандар бірталай пайда қылыпты. «Мені олжамнан қақты» деп байдың тырсиып отырғаны осы екен. Ретінде Әбдірахманға:

– Елінді қыстан шығардың ба, бала, – деді бай.

– Шүкір, шығардым, – деді Әбдірахман.

– Жарайды, жарайды, ел қамқоры болған соң солай болу керек, – деп сөзін доғарды.

Түс ауа берген мезгілде ет жеп болып, жұрт бет-бетіне тарай бастады.

V

Мен ауылға қайтқанда Әбдірахман Есімбектікінде қалып қойып еді. Менің артымнан іле-шала келіп Беркімбайдың үйіне түсіпті. Қымыз ішкен адам ұйықтап қалған екем, екінді әлетінде далаға шықсам, ауылдың сыртындағы белесте ішінде Қажыбай ақсақал бар, бірталай адам сөйлесіп отыр екен. Мен де келдім. Әңгіме Әбдірахман турасында екен, жақындап келгенімде-ақ «Әбдірахманның өзі шынымен бұзылған ғой» деген Қажыбай қарттың сампылдаған даусы құлағыма сап ете қалды. Өзі сөзшең адам бірінен соң бірін тізбектетіп, не бар пәлені Әбдірахманның үстіне үйіп отыр. «Оларды мұсылман деуге болмайды. Айтатыны ылғи құдайға қарсылық сөз. Молдамен, хазіреттермен, ел бастаған басшылармен қас. Құдайдың барлығына шөк қылады. Байға мал жиып беріп отырған құдай емес, өзіміз дейді. Құдай сақтасын, шын болса осы әлгі қазақты шоқындыратындардан көп ақша алған дейді ғой. Нәшәндікке тілмәш болмай, болысқа песір болмай бала оқытуы да сол аздыру ретімен болса керек...

Шалдың сөзін онша ықыласпен тыңдай қойған адам көрінбейді. Жастар бір бөлек әзілдесіп отыр екен, мен де соларға қосылдым. Бәріміздің ермегіміз Кәрім болды.

– Биыл Есімбектікі Қара құмды жайлап қалады деп еді, Кәрім үшін-ақ келген шығар, – деді бір жігіт.

– Сендер байқадыңдар ма, Кәрімді көрген соң Шұға бір түрлі құбылып кетті-ау, – деді ку жігіт.

Бұл екі арада қысты күні Шұғаны сағынып жүргендегі Кәрімнің шығарған өлеңі деп біреуі өлең айтты.

«... Мінгенім астымдағы күрең дөнен,
Қашады таудан түлкі сүмеңдеген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айырылып, қалқам, сенен жүрем деген...»

Жұрт ду күлді. Кәрім ашуланып кетіп қалды. Мен тұрып Беркімбайдың үйіне бардым. Әбдірахман шынтақтап домбыра тартып жатыр екен.

– Жоғары шық, – деді.

Әзілдесіп отырдық. Көп ұзамай әңгіме Шұғаға көшті. Әбдірахманның ойын білу үшін, мен – Шұға қалай екен, көрдің бе? – дедім. Әбдірахман күлімсіреді.

– Көрейін деп барып едім, көре алмадым, – деді.

– Ия, сен атыңды байлап жатқанда отаудың есігінің алдында тұр еді ғой.

– Сыртынан көрген бола ма, ауызба-ауыз сөйлеспеген соң.

– Ендеше бүгін алтыбақан құрады. Ауызба-ауыз сөйлесем.

– Шын айтасың ба, – деп Әбдірахман басын көтеріп алды.

– Есімбектің келіндерімен қалжыңдасып сұрағанымда, кешке алтыбақан құрамыз десіп еді, – деп анығын айттым.

– Бәтір-еке, барайық, – деді.

Замандастың тілін кім алмайды, мен ертіп бармақ болдым.

VI

– ... Сізден несін жасырайын, – деді жолдасым, – сізден несін жасырайын, өздеріңнің бастарыңда да бар нәрсе ғой... жастық не қылғызбайды. Уақытында бәрі қызық.

Есімбектің үш баласы үйленген. Біреуі бойдақ еді. Ең кіші келіні Зәйкүл мына тама Қаржаудың қызы еді. Заманында дүниені кешкен адам. Өзі де ажарлы, бозбала сүйетін қызыл шырайлы еді. Азырақ мінезінің жеңілдігі болмаса, ақылға да жақсы еді. Күйеуі Ыбырай Есімбектің балаларының ішіндегі момыны. Үн жоқ, түн жоқ, ертенді-кеш мал соңында жүреді де қояды. Күйеуінің қалпын оң жақта жүргенде-ақ сезіп, Зәйкүл бұзыла бастаған. Өздерімен бір жамағайын Сейіт дегенмен көңіл қосып, шығамын деп жүргенінде елі сезіп қалып, жібермеген. Ол кездегі болыс Құрман Есімбектің туған құдасы. Есімбектің жесірі кетсе, «қыпшақпын» деп қанға тарту жоқ – Құрман жаппастың арын арлап тұрған. Болыстың ызғарының күштілігінен, Қаржау қабыл-құбыл Есімбекке хабар тигізіп, аман-есенінде қолына берген.

Зәйкүл ұзатылып келген соң көпке шейін кетемін деп жүрді. Бірақ кете алмады. Айтқан сөзінен табылып, көңілдегі мүддесін орнына келтіретін жігіт сирек қой. Шынында Зәйкүлге тең жігіт табылмады. Сізден несін жасырайын... ертенді-кеш үйінен шықпаған соң мен Есімбектің үйінің бір адамы құсап кеттім. Жүріс-тұрысымда ешбір ерсілік болмады. Ақырында Зәйкүлмен жақындасып көңіл қостым. Бойдақ кезім ғой, ол «тиемін» деді, мен «аламын» дедім. Бұл сөз алғашқы кезінде бір-бірімізді жақындастыруға дәнекер есебінде болды. Шынына қалғанда екеуімізде де ойнап күлгеннен басқа ескі сөзді, уәдені қозғайтын ой жоқ еді. Ойдың болуы да мүмкін емес – Есімбек бай, мен кедей, келінін тартып алсам, ертеңгі күні шаңымды аспанға шығарады. Кедейлік не қылмады!.. Зәйкүл сөзшең қатын еді. Кей кездерде мені қалжыңдап өлең айтады:

«... Қасымжан, серт байласқан сен емес пе ең,
Ұстаған етегіңнен мен емес пе ем.
Болса да не қиындық басты тартпас,
Жүретін қол ұстасып тең емес пе ем...»

Мен өлең шығара алмаймын. Ауылда Төкей дейтін бар-ды, өзімнің өлеңім қылып, соған өлең шығартып алдым:

«Деген соң сұлу Зәйкүл, сұлу Зәйкүл,
Айтуға сымбатыңды жетпейді тіл.
Басымды тау мен тасқа ұрсам-дағы,
Ешбір іс ретіне келмей-ақ жүр...»

Уой, дариға, талай қызықтар бастан өткен екен-ау!

VII

...Ас-су ішіп Әбдірахман екеуіміз үйден шыққанда елдің алды жата бастап еді. Түн тастай қараңғы. Аяндап келе жатырмыз. Есімбектің ауылының сырты ызы-шу, қым-қуыт, Әбдірахман жылдамдай басып менің алдымды орай береді. Біртіндеп жақындаған сайын асыр салып ойнаған балалардың, әзілдесіп ойнап күлген қыз-қатындардың дауыстары айқындала береді. Әлдекімнің арт жағымыздан сыңқылдап күлген даусы естілгендей болды. Әбдірахманды иығынан тартып тоқтатып, күтуге айналдық. Қарандаған екі-үш адамның бойы көрінді.

– Қойшы, қарағым, әурелемеші!

Біреу дауыстаңқырап:

– Қалқажан!

– Әу!

– Менің манағы айтқаным бола ма?

Қыз күлді:

– Жарар, болады...

Жақындап қалды. Дауыс таныс – Айнабайдың қызы. Ауылы Есімбек пен біздің ауылымыздың орталығында, он шақты үйлі керей. Біз ауылының тұсынан өткенде қатындарының дабырлап жүргендері білініп еді.

– Күлзипа келеді, – деп күлдім.

Әбдірахманның Күлзипа десең шамы.

Ағайын арасында аз үйлі керей болғанмен Айнабай деген бірді-бірге соғып, екі елдің арасына от салып тұтандырып жүретін бір қызыл көзді бәле. Ел ішінде Айнабайдың істемеген бұзықтығы жоқ. Анау-мынау адамдар өзінен сескенетін де еді. Қызы Күлзипа сонда 17 шамасында шығар деймін. Орта бойлы, қара сұрлау, тік қабақ, сұстаныңқырап тұратын адам еді. Айнабай өзі кедей уақытында күйеуге беріп, соңғы кезде шел бітіп тәуірленген соң айырғысы келетін. Ел ішінде көзге түсетін жігіт ол кезде Әбдірахман. Айнабай өзі ат арқасына мініп жүрген соң қызын тәуір жігітке бергісі келіп Әбдірахманнан үміттенген: «...Әбдірахманның жайына қараймын ғой. Азын-аулақ мал берсе де үйлесер едік...» деп айтады-мыс деген сөз қашып жүрді. Жеңіл ауыз қатындар Әбдірахман ауылына келсе, «күйеу» деп мазасын алады. Жалпы жұрт – Күлзипаны Әбдірахман қайтсе де

алады деп өздерінше сөзді біткенге есептейді. Сол жылы қыс Әбдірахманның әкесі шөп іздеп жүріп Айнабайдың үйіне келсе, Айнабайдың қатыны қос қазыны бұзбастан салып етпен сыйлап, ақысыз-пұлсыз бір шана шөп беріп жібереді. Айнабайдың қызының ержеткендігіне және дәулетіне қызығып, Әбдірахманның әкесі құда болуға өте құмарланады. Бірақ Әбдірахман ұнатпайды: «Тіпті сүймеймін, сүймеген адамды не қып аламын» дейді. Әбдірахманның бұл сырын заман құрбысынан басқа ешкім сезбейтін еді... Әлдекалай бір жерде кездесе қалса, Күлзипа ұялып, қызарып, төңірге жазады да алады.

Күлзипа екенін білген соң Әбдірахман жүруге ыңғайланса да, мен жібермедім, қалжыңдасып барғанды жақсы көрдім.

Дабырласып сөйлескен күйлерімен бізге төніп келді де, бір келіншек:

– Ибәйі, көтек, мал десек, адам екен ғой, – деді.

Одағайлап шеттей бастады.

– Маржанбикемісің, бері кел, – дедім.

– Мұнысы кім, мені таниды ғой...

– Бар, кім екен, – деді Күлзипа.

Әбдірахман жүре берді. Мен олардың жанына бардым.

– Анауың кім? – десті.

– Әбдірахман.

– Күйеу екен ғой, бізден неге қашты, – деп Маржанбике күле сөйледі. Күлзипа тәлімсіп жеңгесінің құлағына сыбырлап, сыңқылдап күлісті. Аяңдай басып Әбдірахманның артынан жеттік. Бізбен жұмысы жоқ, есі-дерті алтыбақанда.

– Амансыздар ма, – дегеннен басқа еш нәрсе айтпады. Күлзипа сызылып жеңгесінің артына таман жүріп отырды.

Алтыбақанға жақындадық. Сөйлеген сөз, ойнаған ойын, қаранғаған адам – бәрі де анық көріне бастады. Нақ біздің келуімізді күткендей екі қыз арқанға асылып ырғалып ән салды.

– Шұға құдашаларың әнді бастады, – деді Маржанбике. Нақ сол минутта шыққан ән шынында Шұғадан басқаға лайықты емес еді. Сондағы айтқан өлеңі әлі құлағымда.

«... Не мұндық, бұл дүниеде қыздар мұндық,
Атадан болып мұндық неге тудық.
Атадан мұндық болып тумас едік,
Бұрынғы ата-баба жолын кудық...»

VIII

...Жас кездегінің бәрі қызық қой, әсіресе, сол Әбдірахманмен бірге ойында болған түн менің әлі күнге есімнен қалмайды; бір түрлі көз алдымда елестейді де тұрады.

Біз келгенде ойын жаңа басталған екен. Шұғалар өлеңдерін тоқтатып, арқаннан түсті. Жай әзілмен көп уақыт оздырдық. Домбыра алдырып Әбдірахман ән салды. Бишара, жігіт еді ғой. Ондай ойындарда бір түрлі ұстайтын арқасы бар еді. Өленді түйдектетіп үзбестен соқты. Жұрттың бәрі Әбдірахманның аузына қарады. Жатып қалған бірен-саран кемпірлер шапандарын жамылып келіп өлең тыңдасты. Ойын-күлкінің қызығымен таң атқанын да білмей қалдық. Жұрт біртіндеп ыдырай бастады. Маржанбике маған жақындаңқырап сыбырлап:

– Қайтпайсыңдар ма? – деді.

– Жүр, қалқажан, – деп Күлзипаны ертіп о да жөнелді. Уақтүйек балалар, Шұғаның жеңгесінен басқасының бәрі кетіп бітуге айналды.

Шұға жәй сөйлескені болмаса, Әбдірахманмен онша ежілқозыл бола алмады. Мен Зәйкүлмен сөйлесіп, Әбдірахманның Шұғаға ынтықтығын айттым.

– Қайдан білейін, оқыған жігіт қой. Оқығандығына қызбаса, бұрын мұның әкесіндей жігіттерге де барған жоқ еді... мен қолымнан келгенін аямайын, – деп күлді.

– Жеңеше, қайтамыз ба, – деді Шұға.

– Неге асықтыңыз, – деп Әбдірахман жанына жақындады. Біз қашығырақ отыр едік. Күбірлесіп сөйлесті. Оқта-санда Әбдірахманның «жас жүрек...» деген дауысы естілді. Әлдене уақытта Әбдірахман:

– Қош болыңыз, – деді.

Жалт қарасам, Шұға үйіне кетіп бара жатыр екен.

– Тентекжан-ау, мені тастап бара жатырсың ба, – деп Зәйкүл де тұра жөнелді.

IX

...Әбдірахман ойыннан көңілсіздеу болып қайтты. Шұғамен сөйлескен сөзін, жай-күйін айтып мұңайды.

– Осы менің кедейлігім-ау, бай баласы болсам, Шұға сөзсіз қабыл алар еді, – деді.

Әзілдесіп тұрып Әбдірахман көңілін білдірсе, Шұға түсінбегенге салыныпты. Салған жерден бола қоймады деген мұнықі де тентектік қой...

Қалтасынан бір бүктеулі қағазды алды да:

– Мына хатты Шұғаға жазып отырмын. Менің ойым, Шұғамен көңіл қоссам, алып қашып кету еді. Болмаса, мың жылда Есімбек маған қызын бермейді де, және оған беретін менде мал да жоқ. Не жауап қайтаратынын қайдан білейін, – деп күрсінді. Ажарында бір түрлі кейістік бар еді. Хатты ашып оқыды. Құдай

берген өленді аясын ба, ұзыннан-ұзақ жазған. Сондағы Шұғаға жазған хаты:

«... Сіз бір айсыз нұрландырған аспанды,
Буландырған, уландырған жас жанды.
Біз бір ғаріп паналаған саянда,
Жас жүректе мықты жара басталды.
Кірді нұрын, отты жақты ішіме,
Көтерем деп сене алмаймын күшіме.
Бірінші зар шықты тілден мұңданып,
Бұдан бұрын айтылмаған кісіге.
Жас жүректің жалқынды деп тілегі,
Жарамдысын сізден қалап тіледі.
Әзіріне үміт қаптың тауындай,
Жазмыс түрін жауап қайтса біледі.
Минут, сағат, күндік, айлық қол емес,
Тілейтінім, жүдейтінім ол емес.
Көрсе қызар, антын бұзар қылжақбас,
Тұрлауы жоқ әсіре қызыл мен емес.
Бір көргенде сиқырланып ақыл-ой,
Бал сөзінде қалды ынтам бір қанбай.
Қырық бүктеліп келсе хатың тұмардай,
Жылы жүзбен көңілді жай қылардай.
«Болад» деген жалғыз ауыз сөз тапсам,
Көңіліме сақтар едім құрандай...»

Түсте қойдан келгенде Базарбайды шақыртып алып хатты бердік. Шұға жауап жазса тоқтаусыз әкеліп жеткіз дедік.

Әлі есімде. Біздің үйдің сыртында бір кішкене көгал бар-ды. Ауылға келген қонақтың бәрі ат арқандап шалғынын жапырып тастаған. Көгалдың түстік жағында ыстықтан шыбындап жатқан қойлар. Бірен-саран кісілер шыжыған ыстыққа қарамай қойын құрттап, жабағысын қырқып жатыр...

Әбдірахман қайда кеткен деп іздеп жүрсем, қойдың қотанының жел жағында шалғынға бауырын төсеп, көгалдың ортасында жатыр. Қасына келіп:

– Батыр-ау, мұның не? – дедім.

– Қайтейін, үйде отырғым келмеген соң жатқаным ғой, – деді.

Бір түрлі қалың ойға шомып, екі көзі елдің сыртында, бірдемені күткен адам секілді. Не күткені белгілі – Базарбайдың келуі. Шұғаның хатты қалай қарсы алары белгісіз. Бұрынғы қалпын істесе, оқымастан жыртып тастайды. Оны Әбдірахманның өзі сезетін. Хат жіберуге екі оқты болған соң, мен демеп жібердім, өйткені – ойында оңаша сөйлескенімде: «Атаққа шыққан жігіт қой, хат жазып көрсін, онша теріске кетпес» деп Зәйкүлдің айтқаны бар-ды. Жаңа бір сөзінің ретінде

«тентекжан осы жігітті аузынан тастамайды» деп сездіріп еді. Әйел жайын әйел біледі ғой. Әрі сырлас жеңгесі, бір амалын табар деп мен Зәйкүлге сеніп едім.

Әбдірахман көпке шейін үндемей жатты. Күн ыстық. Жұрттың бәрі көлеңкеде... мен сөз бастадым:

– Шұға қайтер екен.

– Қайдан білейін, – деді. Күрсінді. Үміт аралас уайым көз жанарында ойнап тұрды.

Біз орнымыздан тұра бергенде Есімбектің ауыл жағынан жүгіре басып келе жатқан Базарбай көрінді. Әбдірахман бәйек тауып тұра алмады. Жақындаған сайын Базарбайдың бет-ажарына қараймыз... Арсаландап күліп жетіп, етігінің қонышынан бір жапырақ қағазды шығарып Әбдірахманға берді. Қолы дірілдеп Әбдірахман ашып оқыды:

«Құрматлу мырза Әбдірахманға сәлем соңында айтарымыз: хатыңызды алдық, қазір пәлендей жауап бере алмаймыз, айыпқа бұйырмаңыз. Жазушы Шұға».

Әбдірахман тұнжырап отыра кетті, баладан ауызекі сұрай бастадық:

– Үлкен үйінде отыр екен, жеңешем шақырады деп далаға шығарып алып хатты ұстата беріп едім, «қағынғыр, мұның не?» деді.

– Оқысаң білесің деп едім, бетіме қарап жымиып күлді де, ашып оқыды. Сосын қалтасына салып отауға барды. Мен қалмадым. «Қағынғыр, кетсейші, жұрттың хатын тасып осы сен-ақ мазамды алдың ғой» деп тағы күлімсіреді. Бұрын хат бергенімде ашуланып жыртып, бір-екі күнге дейін маған қымыз бергізбей жүретін. Бұл жолы ондай ашу шақырмаған соң дәмеленіп, «апеке, жауап жазып берсейші, ешкімге сездірместен апарып берейін» деп жалындым... Кішкене отырды да, осы қағазды жазып берді, – деді Базарбай.

Хатында ашық жауап бермесе де, баланың айтуымен Шұғаның ыңғайын байқадым.

– Енді Шұға құтылмайды, – дедім.

Әбдірахманның ажары кіріңкірейін деді...

X

...Хат жазысқан соң көп ұзамай-ақ Әбдірахман Шұғамен жақындасып кетті. Бірін-бірі сүйгендігі сондай, аз уақыт көрмесе, ынтық болып өле жаздаушы еді. Екеуі де менен сырын жасырмайды. Есімбектікіне қымыз іше қыдырып барсам, Шұға жайрандап қоя береді. Оңаша жер болса сұрайтыны Әбдірахман.

– Жолдасың қайда? – дейді.

2–1265

822779

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

КІТАПХАНА БИБЛИОТЕКА

Өне бойы бір елде жата беру оңай ма? Еліне кетіп Әбдірахман он шақты күн кешіксе, Шұға мазамды алады:

– Не ғып келмей жатыр, хабар білдің бе, аман ба екен? – деп.

Әбдірахман мен Шұғаның арасындағы сүйіспендік бірден бірге жайылып, бүкіл ел хабарланды. Жалпы жұрт пәлен демегенмен Айнабай тыныш қалмады. Шұға мен Әбдірахманның көңіл қосқан қалпын есіткенде Күлзипа жылапты деп қатындар өсек қылып жүрді. Үміттеніп жүрген адамы қызын менсінбей тастап кеткен соң Айнабай не қыларын білмей Есімбекке хабар тигізіпті: «қызы бұзылды, Әбдірахманмен бір күні кетейін деп жүр» деп.

Есімбектің үй іші есітіп бұлан-талан болыпты. Шұға не қыла қойсын; таздың ашуын тырнадан алып Базарбайды айдап шығарып жібереді. Мені үйінің маңайына жуытпайды. «Көптен көрші болған ел едік, арамызға салқындық түсірме...» деп шалдар үгіттеп Әбдірахманды жолынан тайдырмақ болды. Әбдірахман бәріне де:

– Шұға айныса амалым жоқ. Егер Шұға сөзінде тұратын болса, не қиындық болса да көрем. Алмай тынбаймын, – деумен болды.

– Орысша оқыған дінсіз неме, көптің сөзін аяқ асты қылды, – деп шалдар Есімбектің жағында болды. Әбдірахманды жақтайтын кілең жастар, жататыны біздің үй. Жұртта да дін жоқ қой, «ақсақалдарға қарсы болған адамды үйінде сақтады» деп, менің басымды іске байлады. Есімбектің жоғалған атын мен ұрлады қылып, бір бұзаулы сиырымды төлеуге әперді. Көпке топырақ шашасың ба, құдайдың салғанына көндік те отырдық.

Көптің талқысы қиын ғой. Соңғы кездерде қорқытайын деді. Есімбектің балалары бірнеше бозбалалармен түн болса аңдитын болды. Қолдарына түссек жоқ қылып жіберуі шексіз еді.

Бұрынғыдан гөрі қатынау сирей бастады. Шұғаны сағынғанда Әбдірахман өлең айтатын болды:

«... Жаным сүйіп жарым деп сеніп едім,
Құрбандыққа басымды беріп едім.
Айтылған сөз, уәде, сертім үшін –
Ат сабылтып, Шұғажан, келіп едім.
Бұрын жақын ауылың алыстады,
Аңдып жүрген бір дұшпан қалыспады.
Екеуімізді ынтық қып екі жақта –
Тағдырдың неге мұнша қарысқаны!..»

XI

...Айнабай Есімбекті құтыртқанымен қанағаттанбай Әбдірахманды басқа жөнмен мүдіртуге де кіріскен, «түріктерге

жасырын ақша жиып жүр...» деп Әбдірахманның үстінен арыз беріп жүр деген еміс-еміс хабарды есітіп шошынып жүрдік. Әбдірахман ойына еш нәрсе де алмады, біздің үйде жатты да қойды. Ертенді-кеш азабы Шұғаға қалай жолығу, қалай сөйлесу... Бұрынғыдай хатын таситын Базарбай да жоқ, Зәйкүлді екі бастан көре алмаймыз, әй, қиын-ақ болды-ау...

Бір күні кешке жақын ауылдың сыртында белеске шығып отырдық. Бетіміз Есімбектің ауыл жағында, көз ұшында бұлдырап көрінген адамдардың әйел екенін, еркек екенін айыра алмаймыз. Есімбектің үйі ауылдың орталығында. Сол маңайда жүрген адам Әбдірахманға Шұға болып көрінеді... Екеумізде үн жоқ, ол Шұғаны, мен Зәйкүлді сағынам... Ұзамай өрістегі сиырлар жыбырлап елге қайта бастады. Жаппастардың маңайы леклек болып түйемен толы.

Ауыл іші ың-жың дауыс – маңыраған қой, мөңіреген сиыр, шұрқыраған жылқы. Ағытқан құлындар ойнақтап, шаң аспанға шықты... Бәрін де көрдік. Біріне де көңіл бөлгеніміз жоқ. Ой басқа.

Әбдірахман сөз бастап:

– Шұғадан бүгін хат алдым-ау, – деді.

– Не жазыпты?

– Сағындым депті. Үйдің ішінің бәрі де қас көрінеді. «Басым қатты ғой, құтылудың амалы не» депті.

– Жаздым. Кетейік дедім. Хатты жіберетін адам табылмайды ғой, егер анық уәдесін алсам, ұзамай кетер едік...

Біздің әңгіземіз аяқтала бергенде, екі ауылдың ортасындағы ағытқан қалың жылқының арасынан жіңішке жолмен шандатып бір пар атты шыға келді. Жүрісі қатты, асығыс адам секілді. Арт жағында жалбандап шоқытып келе жатқан бір салт аттысы бар. Біз сөзді қойып арбалыға қарадық. Жақындаған сайын адамы айқындалды.

Біреуі орыс секілді, менің жүрегім тас төбеме шықты. Қалтырап кеттім. Далада отырғанша үйге барайық деп едім, жоқтан қорқасың-ау, – деп Әбдірахман күлді.

Арбалы ауылға төніп келіп біздің үйге бұрылды. Көшірі бір жас жігіт. Қатар отырған екеудің біреуі орыс.

– Құдай ұрған шығар, – дедім.

Әбдірахман да сұрланыңқырап кетті. Аяңдап үйге қарай жүрдік. Орысы қарғып түсіп «осы ма» деген адамға ұқсап бізге қарсы тұра қалды.

– Әбдірахман кім?

– Мен.

– Әйда, киін, болысқа барамыз, – деді орыс. Стражник екен. Мойнында қылышы, мандайында жарқырауығы бар.

– Мені қайтесің, – деді.

– Мен білмеймін, пристоп шақырады.

Қарсыласар дәрмен жоқ, естен танып қалдық. Жалма-жан атты жектіріп мен алып жүрмекші болдым. Ауылдың сексендегі шалы, сегіздегі баласына шейін жиылды, бәрі де тамаша көрді... әй, жұртта да дін жоқ-ау!.. Менің әжем Әбдірахман үшін ботадай боздап жылап жүргенде, айызы қанған адамша табалап насаттанып тұрғандары болды... Есімді білген соң Әбдірахманға біраз жолдас болдым ғой, құдай біледі, қазақ баласына инедей қиянаты жоқ еді. Қадір білетін жұрт қайда?

XII

...Күн бата ауылдан шықтық. Біздің де жеккеніміз пар ат. Делбені өзім ұстадым. Жол Есімбектің ауылының үстінен баса жүреді. Қатты шыққан қарқынымызбен келіп қалдық. Әбдірахманның екі көзі алдында. Алдымызда жүз саржын шамасында Есімбектің үйі тұр, бірақ Шұға көрінбейді. Шіркінай, сүйіспендік те қиын ғой.

Жаңа жеккен ат басымен алысады. Енді кішкене жүрсек, өтіп те кетеміз. Бірақ өткіміз келмейді. Аттың басын тежей берем. Кім біледі, бұдан кетсе Әбдірахман Шұғаны мәңгі көре алмас, яки көрсе де біраз уақыт сағынуға тура келер деген ой елестейді. Бірімізге біріміз сөйлеспесек те біріміздің ойлағанымызды екіншіміз біліп келеміз... Бұрын түнде барғанда маңынан жүргізбейтін Есімбектің аю төбеттері үріп алдымыздан шықты. Есіктің алдында бірталай адам жағалай отыр, көздері бізде. Әңгімені соғып отыр. Кім біледі, әлде бізді мазақ қылып отыр ма?! Басына кимешек киген Шұғаның үлкен жеңгесі қараша үйдің белдеуіне ботаны байлап түйе сауып отыр. Үлкен үй мен отаудың арасында бәйбіше теңселіп жүр. Бәрі де маған қуанышты секілді көрінді. Біздің кетіп бара жатқанымызға таңырқаған ешкім жоқ секілді, ұсталып айдалатынын әлдеқашан бәрі де біліп қойған тәрізді. Бәрі де күліп жүр, бәрі де босып жүр...

Бірақ Шұға жоқ...

Әбдірахман кенет:

– Айда! – деді.

Ат тоқтауға айналған екен. Делбені жиыңқырап ұстап, айдай бергенімде ауылдың сырт жағындағы құдықтан келе жатқан екі әйел көрінді. Біреуі Шұға! Апырым-ау, жаман қуандым. Көзімнен жас шығып кетті. Қатарласып келгенімізде бізді танып екеуі де сұстиып тұра қалды. Зәйкүлдің иығында шелек, Шұға жанында бос еріп келе жатыр екен. Әбдірахман арбадан қарғып түсіп жүгірді. Құшақтар, сүйер деп едім, өйтпеді,

күрттың бәрі самсап қарап тұрған соң ибалық қылды білем... бекер ұялды, құшақтау керек еді, сүю керек еді!

– Апырым-ай! Қайда барасыңдар, – деді Шұға.

– Болысқа айдап барады, – деді Әбдірахман.

Шұғаның көзінен жас мөлдіреп қоя берді. Арбаның үстіндегі мен де еріксіз жыладым. Зәйкүл шіркін қорқақтау еді, жалтаң-жалтаң қарады да:

– Ойбай, тентекжан-ау, жүр, ауылдың адамдары жүгіріп келеді, – деп шелегін жерден көтеріп-ақ алды.

Айрылмай амал жоқ екенін екеуі де сезеді. Бірінің көзіне бірі қарап қатты да қалды... Арт жағымызда айқай-ұйқай, боқтау, жүгірген адамның аяғының дыбысы. Алдымызда біраз жер барып тоқтап бізді күтіп стражник ойбай салып жатыр.

– Әбдірахман!

– Қош! – деді.

Теңселіп келіп арбаға мінді. Көзінің жасы мөлдіреп ағып бетін жуып кетті.

Біз атты айдай бергенде қарлыққан дауыспен:

– Қош, қалқам, қалқам!.. – деді Шұға.

Кемсеңдеп жылап отыра кетті.

XIII

...Әбдірахманды пристоп дуанға алып кетті. Мен жылап-жылап қайттым. Жанымда Шұғаға тапсыр деген хаты бар. Елге келгеніме 5–6 күн болса да, ретін тауып бере алмадым.

Біз елден кететін күні, кешке жақын далада сөйлескенді шам көріп Есімбек Шұғаны жаман сөгіпті. Ағалары да қатандық қылған білем. Содан бері Шұға жылауда, тамақпен жұмысы жоқ десіп жүрді. Бірер күннен соң «Шұға ауру екен, төсек тартып қалыпты» дегенді есіттім. Ауыл арасы жақын болғанмен бұрынғыдай барып сөйлесетін күн жоқ. Жасырынып жүріп Әбдірахманның хатын Шұғаға зорға тапсырдым...

Шұға шын ауруға айналған соң Есімбек жұмсайын деді, бақсы-балгер алдырып ем қылдырып еді, жазылмады, науқасы күннен-күнге үдеп, есін танып сандырақтауға айналған: сандырақтағандағы айтатыны Әбдірахман болды.

Былғандап өскен жалғыз қыз былай болған соң бәйбіше үйінің ішін үгіттеп, Шұғаны өлімнен құтқармақ болысады. Ол емі Әбдірахманды ел болып ақтап алып, той қылып екі жасты қосу. Балаға деген мейірімшілік Есімбекке мұны да еріксіз істетпек болады. Ағайын-туғандарымен ақылдасып, болыстан өтініп Әбдірахманды қайтартпақ болды. Мұның теріс деп ешкім Есімбекке айта алмады.

Маған да еркіншілік болуға айналды.

Шұға шақырады деп бір күні Есімбектің түйешісі келді. Төбем көкке тигендей болып қуандым. Келдім. Үлкен үйінде, кілемнің іргесін түргізіп, Шұға жатыр екен. Маған көзі түсіп кетіп қамықты.

– Қарағым, – деп шешесі бетінен сүйіп, Шұғаның көзіндегі жасты орамалмен сүртіп алды.

– Жылама, қарағым, бір сенің ризалығың үшін әкеңнен есітпеген сөзім жоқ. Қайтейін, билік менің қолымда болса, бұл күйге я түсер ең, я түспес едің...

Бәйбіше де қамықты. Үйде басқа адам жоқ еді.

Шұға шешесіне:

– Әже, – деді.

– Әу, қарағым.

– Мені оңаша қалдыршы.

– Қалдырайын, қарағым, – деп бәйбіше шығып кетті.

Мен Шұғаға жақындадым.

– Жайың қалай? Тәуірмісің, – дедім.

– Тәуір емеспін, – деді. Көзіме көзі түсіп кетіп, қамыққандай болды... – Тәуір емеспін... Тәуір болуды тілемеймін де... Сәлем, сәлем айт?... – деді. Жылап қоя берді. Жастығының астына тығулы орамалмен көзін сүртті.

– Тірі келсе көресің ғой, бірақ мен...

Тығылған жасқа булығып сөзін айта алмады.

– Құдай жазған болса бәріміз де көреміз. Ажарыңыз тәуір ғой, жазыларсыз, – дедім.

– Жазылып керегі не? Бәрібір мен бақытты бола алмаймын. Әкем аяса, менің дертім жаныма батқан соң аяп отыр. Ертең сауықсам қайта күйсеуден тайынбайды. Өлем деп арман қылмаймын, жалғыз-ақ арманым бар. Түнеугі көргенде Әбдірахман бір ауыз сөз айта білмеді. Бір көріп сөйлесіп, жаным шығарда, «Шұғам!» деп бетіме бетін тигізсе, бар арманым бітіп, дүниеден армансыз өтер ем... әй, жоқ қой! – деді.

Ауыр күрсінді.

Кешке шейін отырып мен елге қайттым.

Мен үйге келсем Әбдірахманның қаладан келгенін естіп үйдің іші қуанып отыр екен. Шұғаның халын көріп қайғырып қайтсам, Әбдірахманның келгенін есіткен соң тасып кеттім. Менің қуануым ынтық болып жатқан Шұғаға Әбдірахманды әкеліп бір көрсету еді. Атқа міне салып барсам ол ел де қуаныпты екен, сөйлескеннен-ақ Әбдірахман Шұғаны сұрады. Ауруын бұрын да есіткен екен. Мен – «тәуір» деп көңілін жұбаттым. Түнімен ұйқы көрмеді. Ертеңіне жылқы келе атты ерттеп мініп біздің елге асықты. Желе шоқытып келе жатырмыз. Күн аптап

ыстық-ақ. Ол қуанышты, қайдағы жоқты айтып мені күлдірумен болды.

Айдалып бара жатқанда Шұғаға шығарған өлеңім еді деп ән салды:

«... Жүзі құбыла, сөзі құран Шұғаның,
Бір Шұға үшін жанды құрбан қыламын.
Кетерімде арманда боп сүйе алмай,
Еңіреп жылап «қалқам» деді-ау шырағым...»

Біз ауылға жеткенде Беркімбайдың үйінің қасы лық толған адам екен. Атты байлап Әбдірахманды үйге кіргіздім де, неге жиналып тұрғандарын білейін деп аяңдап кісілерге қарай жүрдім. Жақындай бергенімде бір салт атты шоқытып келді де, айқайлап бірдеме айтып кейін жүріп кетті. Не айтқанын есіте алмадым. Бірақ әлденеге жүрегім тітіркенді. Бойым мұздады... Жүгіре басып жандарына келгенімде «Құдай рахмет етсін!..» деп беттерін сипап бата қылысты. Мен аң-таң болдым. Айтбай маған қарап:

– Есіттің бе, Шұға қайтыпты-ау, – деді. Суық суды төбемнен құйып жібергендей болды. Тұрған орнымда қаттым да қалдым. Жиылған жұрттың бәрі де бастарын шайқасты.

– Өй, Шұға десе, Шұға еді-ау... – десті.

Ауылдың адамдары жиылған қалпымен келіп Әбдірахманға естіртті. Әбдірахман жыламады, сұп-сұр болып қатты да қалды. Бәріміз де көңіл айтқан болдық.

* * *

Шұғаның өлген орнын көру Әбдірахманға мақсұт болды. Жұрттың «өлді» дегеніне нанбағандай болды. Бәріміз келдік.

Есімбектің үйі ызы-шу, қым-қуыт екен. Келе жатқан көп адамды көрген соң келіндері далаға шықты. Көздері қып-қызыл. Зәйкүл ымдап шақырды. Қалтасынан алып бір қағазды ұсынды. Хат екенін білдім. Жүрегім елжіреп жылап жібердім. Әбдірахман да сезіп тұр екен, оңашарақ шығып оқыдық. Әбдірахманның көзінің жасы сорғалап хатқа тамумен болды.

Сондағы Шұғаның өлерде жазған хаты:

«... Әуре боп неге біткен ажар-көрік,
Ішіңе от түсірдің қалқам көріп.
Гүлдену жас өмірде мақсұт боп ед,
Серттесіп, қол алысып, уәде беріп.

Жолыңа құрбан қып ем жан мен тәнді,
Дариға, айтылған серт болмай қалды.
Көре алмай ақтық минут дидарынды,
Арманда жан тапсырған мен бір зарлы!..

Хаты деп ақтық жазған ғашық жардың,
Есіңе ал, дұғаңа мен ынтызармын.
Қош, сау бол, ойнап-күліп жолығармыз,
Астында ақ туының пайғамбардың!..»

Шұғаның сүйегін бұрынғы ескі қорымдарына қоймақ болып, Есімбек көшін түйеге тендеп жөнелді. Келер жыл «Өгіз сойғанның» басына келіп қонған соң ел жиып асын берді. Сонда тұрғызған белгі еді... деп сөзін бітірді.

Әңгіменің қызығына түскен соң қаракер аты қамшыдан құтылып жолы болып келе жатыр еді. Бір-екі тебініп шаужайлап қатарласты. Алдымыздағы белеске шыққанда үлкен көлдің аңғары көрініп, құбыла жағында бір обашық мұнарланды.

– Әне, – деді жолдасым, – әне, Шұғаның белгісі көрінді... өй, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау!.. – деп қойды.

КҮЛПАШ

I

Күлпаштың көңілсіздікке түсіп жүрген күндерінің бірі еді... Үстінде, өрім-өрім болған соң әр жерінен бір түйіп қойған ескі көйлек, оның сыртында тозығы жетіп тулаққа айналған қысқа ескі тон, басында селдіреген көне бөкебайдың жұрнағы. Бетаузы көнектей ісік; тоңып бүрісіп, үйдің бұрышындағы пешке арқасын сүйеп мұңайып, терең ойға шомған адамша Күлпаш отыр. Жыртық күпіге оранып, бүк түсіп баласы Қали жатыр. Үй суық, жамаулы терезенің жыртығынан кірген ызғырық шекеден шыққандай... үйдің ішін жылытуға – пешке жағатын отын жоқ. Отын табылар жер де жоқ... қара судан басқа дән татпағанына бүгін үшінші күн. Алты айғы қыс тартқаны – аштықтың зардабы. Бар сенетіні байы Мақтым ел қыдырып, тілек тілеп, ерте кетіп, кеш келеді. Бірақ, оның да табары жоқ...

Әйтсе де, Мақтым кеткенде сол бірдеме әкелетіндей көріп, өзін-өзі алдастырумен ұзақ күнді кеш қылады. Бұл Күлпаштың бүгінгі әдеті емес, көптен бергі әдеті. Жағын суалдырып, жүзін сарғайтып адам қарағысыз қылып барып, ақырында ісікке айналдырған осы әдет, осы шыдамдылық.

Күлпаш осы кезге шейін өзінен бетер баласын аяумен келді. Ауыл-аймақ, көрші-қолаңдарынан сұрастырып алған сорпасуын баласына беретін болды.

Соңғы кезде оның өзі де болмай кетті. Бұл ауылда отырғандардың бірсыпырасы-ақ өлмелі кедей, бәрі де «шықпа, жаным, шықпа» деп отырған секілді. Бұрынғыдай ауысып тамақ беру абысын-ажын арасынан кеміп кетті. Шағын тамақтың үстіне

біреу келсе, кірпікшешендей жиырылатынды шығарды. Мұны, әсіресе, Күлпаш сезеді. Бұрынды-соң аш болсын, тоқ болсын тамақ үшін біреуге телміруді ар көретін Күлпашқа бұл оңай болсын ба, көрші үйлерге қатынауды сиретіп еді...

Міне, бүгін ақтық азық таба алмағандарына үшінші күн, іші қабысып, жүрегі қарайып, көзі бұлдырап, өлім сағатын күткендей ыңыны кетіп отыр... Әлі есі-дерті баласында. Ойлап отырып-отырып қабағын шытып, кейістік тартқан кісі тәрізді баласына қарап:

– Құдай-ай!.. Не қылмысымыздан бұл күйге түстік екен? – деді.

Жылап жіберді. Бүртік-бүртік ыстық жас үстіндегі жарғақ тонның омырауынан сырғанай бастады...

II

Аштықтан басқа Күлпаштың мазасын алатын тағы бір ой бар еді. Ол ойдың Күлпашты қинағанына бүгін екінші күн. Қыстың бас жағында, жүртпен қатар соятын малы болмай, жалғыз атты ұрып алып, Мақтым жаяу тілек тілеуге айналған соң, Күлпаштың бірге туған сіңлісі Раушан келіп Күлпашты азғырған:

– Осы жаманмен біраз күн өмір өткіздің ғой. Ендігі қалған өміріңді қорлыққа салма... жыл болса ауыр, осы бастан азбас, тозбас қамынды ойла... – деген.

Күлпаштың көңілін аудару үшін Раушанның ұсынатын адамы Жұмағазы.

– 40–50 қарасы бар. Бір ауылдың байы. Бұрынғы қатынынан бала қалған жоқ. Жасы биыл тап 40-та. Оған тисең, өзің би, өзің хан боласың!... – дейді Раушан.

Қыстың бас кезінде ептеп күнделік тамақ тауып ашыға қоймағандықтан «байынды тастап, байға ти...» дегенде, Күлпаштың жүрегі тас төбесіне шығып кетті.

– Қарағым, Раушанжан-ау, аузың барып неғып айтып отырсың! – деп еді...

Арадан екі-үш ай өткен соң аштық шеңгелін қаттырақ салды. Түрмыс түрі қиындыққа айналған соң, әсіресе, баласының тамақ сұрап жылағанына жаны төзбеген соң, кейбір кейістік тартқан уақыттарда Күлпаштың ойына Раушанның сөзі түсетін болды. Бірақ, ол сөздің өзіне пайдалы, я зиянды екенін бұл уақытқа шейін айырып білген емес. Әйткенмен соны ойлайды, неге ойлайтынын өзі де білмейді...

Әрі-сәрі болып жүргенде сіңлісі Раушан тағы келді. Күлпашты көріп аяды, жылады...

– Енді өлесің ғой, жазған, мен биыл не айтып едім?! – деді.

Күлпаш үндемей ойға шомды. Жүрегінде таласып тұрған екі ой бар: «Жұмағазыға тисем, тамағым тоқ, көйлегім көк болар еді... Қалижанды да ашықтырмауға болар еді...» деп ойлайды; «Жастан қосылған қосағым еді. Оны жылатып тастағанда не оңам!..» деп те ойлайды. Екі ойдың бірі жеңіп шыға алмай, өзі қатып отырған Күлпаштың басын одан жаман қатырады...

Күлпаштың қажығанын, нақ бұрынғыдай қарысып кетпейтіндігін сезіп Раушан сөзді кесіп айта бастады:

– ... Мына күйіңмен ұзаққа бармай өлесің. Сені өлімнен құтқаратын бізде де әл жоқ. Өзіміз де сол Жұмағазыдан күн көріп отырмыз... енді, сөзді қойып, соған ти!.. – деді.

Күлпаш күрсінді:

– Қалижанды қайтем? – деді.

– Ойбай, апа, баланың басы құрысын, әуелі өз қамынды же, артынан алдыра жатарсың, – деді.

Байын ауызға алмай, баласын ғана атағаны – Күлпаштың әбден әлсіреп, ескі қайрат, шыдамдылықтан айрылғандығын білдірді. Жұмағазының нұсқауымен келген Раушан, апасының жайын сезген соң істі біржола бітірудің қамына кірісті. Күлпашты қызықтыра сөйледі.

– ... Не бар тамақ соның үйінде: бұзылмаған қазы, бүрулі ет, шұжықтың саны жоқ... Әлі күнге дастарқаннан наны үзілген емес. Сені алып беремін деп біздің үйдегі күйеуің сөз қылғанда, «одан артық қатынды іздесем де таба алмаймын ғой» деп қутың-қутың етеді...

Бұзылмаған қазы, бүрулі етті есіткенде Күлпаштың аузынан суы ағып, ынтығуға айналды. Бүрліктірген аштық, тамақты есіткен соң, Күлпаштың еркін алып, жеңгендей... жүрегі дірілдеп, көзі қарауытып «тием!..» деген сөз еріксіз аузынан атылып шыға жаздап отырып:

– Әй, қарағым-ай! – деп өксіп жылап жіберді. – Қарағым-ай, өздерің білші... мен естен танған кісі ғой... – деді.

Жамаулы күпіге оранып бүрісіп жатқан Қали жыбырлап:

– Әже!.. – деді.

– Ау, қарағым! – деді Күлпаш.

– Әкем келді ме?..

– Қарағым-ау, әкеңнің қарасы батсын!

III

Таңмен кеткен Мақтым әлі қайтқан жоқ. Күн батуға барып қалды. Боранды ызғырық азырақ серпіліп ашылып, бұлттың жиегінен шыққан күн Мақтымның жамаулы терезесінің көзінен көрініп, босаға жаққа нұрлы сәулесін шаша бастады.

Күлпаш пештің қасында. Жанында бүрісіп Қали жатыр. Ойға шомып біраз отырып, «уһ!» деп ауыр күрсінді. Бұл күрсіну – күп батардың алдында қатындардың от жағып, тамақ асатынын еске түсіргендіктен шығып отырған емес, бұл жүректі қаптап тоңтанып, іші-бауырын елжіретіп, тұла бойын удай жайлаған қалың қасіреттің, ауыр дерттің ұшқыны еді. Бұл дертті Күлпаштың кірсіз таза жүрегіне салып отырған сіңлісі Раушан. Раушанға қосымша болып ызғарын төгіп бүрліктірген аштық!.. Өткен өмірінде ойына келмеген істі Күлпаш істегелі отыр. Байлаған айырылып екінші адамға, өткен өмірінде ойына кірмеген адамға тиюге уәде берді... ертең мәңгі кетпек. Бірақ қалай кетпек? Қалай айрылмақ?.. Оны Күлпаштың өзі де білмейді.

Раушан кеткелі ойлағаны жалғыз Мақтым. Мақтымның өзін айттырып күйеу болған шағы көзіне елестейді:

... Жазғы кез... Мақтым ұрын келген. Түксиген қабақ, қушық мұрын, еңкек денелі қара сұр жігіт. Жұртқа қалай көрінетінін өзі білсін, әйтеуір Күлпашқа ұнауы анық.

Күлпаш бір көргеннен-ақ тәуір көріп кеткен. Содан бері екеуінің арасы әлі тәуір: біріне-бірі наз қылып сөйлескенде: «екеуімізді қара жер айырар» деп серттесетін... Мақтым үйде адам жоқ болса, «қайда кетті» деп келгенше ынтық болатын Күлпаш осы... Сүйткен Мақтымын бүгін тастамақ. Әй, рақымсыз аштық-ай! Кімдерді жылатпады, кімдер жыламады!

Күлпаш өксіп жылап жіберді.

Бүрісіп жатқан Қали қозғалып:

– Әже, – деді.

– Немене, қарағым?

– Әкем келді ме?..

IV

Далада тықыр білініп сықырлап есік ашылды. Қыржиып тырысқан қысқа тон, қаудырлап қатқан жаман тымақ, аяғында қонышысынан басылған жаман етік; мойнында дорбасы бар, жағы суалып, көзі адырайып, адам бейнесі кеткен біреу есіктен кірді.

Бұл – Мақтым еді, Күлпаш жалт етіп қарады да мұңайып кетті...

Қали басын көтеріп алып:

– Әке, келдің бе?

– Келдім, қарағым!.. – деп кемсеңдеп, қалтылдап жыртық етігін сықырлатып, үйдің ортасындағы бағананың түбіне келіп Мақтым салбырап отыра кетті.

Қали сүйретіліп тұрып, екі көзі Мақтымның мойнындағы дорбада, ептеп басып жақындады.

Мақтым жылап қоя берді:

– Қалқам-ау, дым жоқ!..

Күлпаш та жылады.

Қали ауыр күрсініп, тәлтіректеп басып барып күпісіне оранып, Күлпаштың қолтығына басын тыға бүрісіп жата кетті.

Көп уақыт өтті. Қас қарайып, үйдің ішін қою қараңғылық қаптады. Мақтым бағанаға сүйеніп әлі отыр, оқта-санда үһілейді.

Күлпаш ойға шомған адам тәрізденіп біраз отырып, бір кезде шошынған адамдай кенет басын көтерді:

– Әй, – деді.

Дауысы бір түрлі қалтырап, үйдің ішін жаңғырықтырды.

– Жай ма?

Күлпаштың үні бітті... не айтарын білмеді... көзінен мөлдіреп жас төгіле бастады...

– Қатын, бірдеме айтайын дедің бе?

– Әшейін... бүгін Раушан келіп еді...

– Жай келіп пе?

Күлпаш тағы сөйлей алмай, көз жасына булықты. Әлде не уақытта тағы да:

– Әй, – деді.

– Немене, жазған, айтсайшы!

– Біз осы қайтеміз?

– Қайдан білейін.

– Біз өлмейміз бе?

– Өлетін шығармыз!..

– Біз... – деп тағы тоқталды.

– Біз... біз... айрылсақ қайтеді?!

Мақтым әлденеге қозғалғандай болды. Үй іші тым-тырыс. Жаңа туған айдың сәулесі түсе бастады..

– Қатын, сен не деп отырсың?

– Айрылыссақ?!

– Раушан айтты ма?

– Ия.

– Қалиды қайтесің? – деп, Мақтым кемсеңдеп, өксіп жылап жіберді.

– Әттең кедейлік, әттең аштық, қылдың-ау!..

Пеш пен Күлпаштың арасындағы қуысқа тығылып бүрсеңдеп жатқан Қали тағы қозғалды:

– Әже, – деді!

– Қалқам-ау, не қыл дейсің?

– Тондым!

V

Марттың іші. Жетіге созылған боран бүгін ғана ашылып, жылы шуақ күннің көзі ықтасындағы қардың бетін жылтыратып, терлетіп жатыр. Жерде де бұрынғыдай ызғар жоқ: арық малдар тысқа шығып, күн шуақтықтағы боқтықты, шөпті тіміскіп жүр.

Ұзыннан созылған ауылдан оқшау, жеке, маңайында бұдыр жоқ, қалың күртіктен моржасы зорға көрініп тұрған шеткергі үйге ауыл сыртындағы жіңішке жолмен жастау әйел аяндай басып келе жатыр.

Бұл – Күлпаш еді. Жұмағазыға тигеніне жиырма күндей болған. Аштықтың қанды тырнағы Күлпашты бұған да көндірген. Бірақ аштықтан құтылған екем деп қабағы ашылған Күлпаш жоқ. Жұмағазының үйіндегі жиырма күн жиырма жылдан ауыр болды. Әсіресе Қалиды сағынды. Жұмағазының үйіне барған күннің ертеңіне түнде Қали түсіне кірді: Күлпаш үйден шығарда «қалқам» деп барып Қалидың бетінен сүйгенде, өкпелеген адамдай аузын бұртитып, тұрған орнында қалшиып қалып еді. Түсінде де сол күйін көрді. Аузы бұртиып, көзі әлдеқайда бірдемеге тіреліп қатып қалған... Күлпаш «қалқам» деп бауырына тартса да, тас секілденіп орнынан қозғалмайды...

Бір күні түсінде Мақтымды көреді. О да ренжулі, о да ашулы. «Әй, әй!» деп Күлпаш бір-екі рет сөйлесе де, Мақтым жауап бермейді...

Дүниедегі ең жақсы көретіні байы мен баласын ренжітіп, өзінің бас сауға қылып кеткенін Күлпаш енді ар көре бастады. «Өлсем солармен бірге өлсем болмайтын ба еді?!» деген ой кірді. Бір жағынан Мақтым жайын ойлайды. Ала дорбаны мойнына ілiп алып таңмен тамақ іздеп кетсе, тапсын-таппасын кешке бір оралып соқпай қоймайды. Сондағы азаптанып жүргені қатын-баланың қамы, соларды аштан өлтірмеудің жабдығы, сөйтіп жүрген адамның қадірін білмей тастап кететін не жөні бар еді?!.

Күлпаш барғалы қайғы үстіне қайғы жамап, ақырында, бүгін Жұмағазының үйде жоғын пайдаланып, келе жатқаны еді. Күлпаш бұл жолы түрлі ойға мінип келеді. Мақтым ренжімесе, басқа байға тидің деп ашуланбаса, ескі тұрмысқа қайта қайту да ойында жоқ емес.

Аяғын екі-үш басып қайта-қайта сол жақ қойнын сипап қарайды. Қойнында екі кесек ет бар: біреуін Қалиға, біреуін Мақтымға деп жасырып пісіріп алған.

– Қарағым-ай, етті көргенде не дер екен? – дейді оқта-санда. Ауылға төніп келгенде екі-үш ит үріп алдынан шықты. Күлпаш

елеген жоқ, кіре беріс шеттегі Ыбырайдікі еді. Биік қылып соғылған аққаланың басында Ыбырай тұр екен. Күлпаш оны да абайлаған жоқ. Жүрегі алып-ұшып үйіне жеткенше асықты.

Ыбырай танып:

– Ау, келінбісің? – деді.

Күлпаш сәлем қылды да жөнеле берді, Ыбырай бірдеме айтқысы келген кісі секілденіп, аққаладан аяғын бір-екі басып түсіңкіреп барып тоқтады.

Күлпаш үйіне жетті. Лапастың есігіне көзі түсіп, жүрегі қалтырап тіксініңкіреді. Есіктің алды күртік қар, із дегеннен дым жоқ!.. Малтығып басып барып үйдің есігіндегі қарды аяғымен ысырып, есікті ашуға айналды... жүрегі лүпілдеп соғып, көзі қарауытып бір түрлі қорқыныш пайда болғандай тәрізденді. Бірақ неден сезіктеніп қорыққанын өзі де біле алмады. Білетін жайы да жоқ еді...

Жан дәрмен қайраттанып зорға дегенде салдама есікті қозғап, сықырлатып ашты. Суық леп бетке соқты. Терезеде жарық жоқ, үй тастай қараңғы.

Күлпаш қалтыранып кетті, үйге кірерін де, кірмесін де білмеді. Бір аяғын табалдырықтан ішке салып, есіктен қолымен ұстап қалтырап:

– Қарағым! – деді.

Үн жоқ...

– Қарағым, қайдасың?.. Әй, бармысың?..

Жауап жоқ...

Күлпаш не қыларын білмеді. Жалтандап артына қарады. Жүгіріп терезеге барып күртік қарды қолымен қопарып ашты. Нұрлы күннің сәулесі жамаулы терезе арқылы үйге түсіп, жарық қылды. Түс кезі екен, күн түп-тура пешке түскен...

Қарды тастай беріп Күлпаш жалма-жан сығалап еді, пештің жанында ұйлығып, бүк түсіп құшақтасып жатқан әкелі-балалы екеуіне көзі түсті... Іші елжіреп көзіне жас келді. Ұйықтап жатыр екен деп қуанып, малтыға, сүріне үйге кірді:

– Қарағым, Қалижан, тұр!..

Төніп келіп Қалиды сүйейін деп ұмтылғанда, көзі Мақтымның көзіне түсіп кетті: көзі адырайып, аузы ашылып, тісі ақсиып жатыр екен!..

Күлпаш шошып:

– Әй... – деді.

Бұдан кейін не болғанын өзі де білмей өліп жатқан байы мен баласын құшақтай құлады.

1922.

АЙТ КҮНДЕРІ

– Айт құтты болсын!

– Айтсын, жақсылығы бірге болсын!

– Жыл он екі айда бір келген жарықтық «айт» қой, бұл күнді көрген де бар шығар, көрмеген де бар шығар...

I

Сәске түс. Желсіз тынық ыстық. Азғана мал ауылдың қорасында көленке сайын топтанып, көбі салған түтінге ықтасында тұр... ызыңдаған маса, сона, шіркей есіңді тандырғандай...

Ауылдың адамының бәрі қыбырлап, ерсілі-қарсылы кезіп жүр. Бәрі де киінген. Жүздерінде әлденедей бір қуаныштың белгісі бар. Жер ошақ біткеннің көбінде асылған қазан, ақ көбігі бұрқылдап семіз ет қайнап жатыр... Кәрі-құртаң шалдар, кемпірлер екеу-екеу көленкеде отыр.

– Жарықтық-ай, бұл күнді де жұрттың көретін күні бар екен-ау!..

Ауылдың орта жеріндегі бір үйдің алдында үйме-жүйме болған кісі. Ішінде кәрілеу кемпірлер, бірен-саран шалдау адамдар да бар...

Біреуі пышақ қайрап, бір жігіт семіздеу қызыл өгізді ұстап тұр.

Шеттен келген адам:

– Құрбандық қабыл болсын, – дейді.

– Әмин, айтқаның келсін! – дейді шалдар.

– Неғып кеш қалып жатырсыңдар?

– Малдың табылғаны-ақ осы болды... шетінен ұстап соятын бұрынғы дәуір қайда...

Жұмағазы Зәйкүлмен шетте сөйлесіп тұр...

– Сен шалсайшы, мен көйтейін.

– Қой, ойбай, өзің кір, мен ренжімеймін.

– Кір, кемпір, Жұмекең рұқсат берген соң, несіне тоқталасың.

– Ия, шын айтам. Шала ғой, мен бұрын да шалып жүрмін ғой... құдай қабыл қылса махрұм қылмас...

– Қой, мені әуре қылма...

– Неге?

– Соны қалай шалатынын да, намазын қалай оқитынын да білмеймін.

* * *

Алдыңғы қатардағы ақ отаудан бұралып бір келіншек шықты. Басында шетін кестелеген шашақты көгілдір жаулық. Неше түрлі асыл тұмаршалар қадаған көк пүліш камзолдың төсі неше түрлі асыл ілгек, алқым баулармен безелген.

Тысқа шығып біраз тұрды да:

– Еркежан, – деді.

Үйден 16–17 шамасындағы бұралған әдемі қыз шықты. Үстібасы малынып тұр.

Келіншек күлімсіреп:

– Суға барайық. Айдарлым да келе жатыр екен, – деді.

Қыдырып жүрген бір-екі жігіт арт жағынан келіп келіншекті қытықтап қалды.

– Қойшы, ибай, ұятты...

– Мұнша безеніп қайда барасың...

– Айттаймын...

– Байы үйде жоқ болған соң құтырып жүргенін көрмеймісің, – деп екінші жігіт күлген болды...

* * *

Терлеп-тепшіп, үйінің көлеңкесінде ақ текесін сойып жатқан Молдағалидың қасына Уәли келді.

– Айт құтты болсын.

– Айтсын...

– Немене, сен тоқтынды саттың ба?

– Жоқ.

– Маған сатшы, әжеме құрбан шалдырайын.

– Ақша дабай.

– Күз аларсың.

– Болмайды.

Уәли кеткен соң Молдағали текенің терісін жұдырықтап жатып:

– Аштан өлейін деп жүріп, айтта несі бар екен, алдап апарып сойып бір тоймақ қой, – деп күлді...

II

Ауылдан оңаша, томардың жел жағында үш қара үй тұр. Маңайында қыбыр еткен мал да жоқ, ызыңдаған маса да жоқ, асылған қазан да жоқ, кезіп жүрген адам да жоқ... Күнбатыс жақ шеттегі үйдің көлеңкесінде, үсті-басы өрім-өрім болып бүкшиіп он екі-он үш жасар бір қыз бала мен бір орта жасты әйел отыр. Жүздері сарғылт, көздері ісіңкі... «Уф!» деп күрсінеді. Әлденені ойлайды... Айдай әлем қуанып жатқан «айт» оған азап секілді. Бар айтатыны:

– Сорлады-ау, сорладық-ау...

Ауыл жақтан ақсандай басып орта жастағы бір еркек келеді. Киімі алым-жұлым, мойнында дорба.

– Қатын, Бәкең қалай?

– Не қалайын сұрайсың, сорлады ғой.

– Немен, қайтты ма?

– Қайтты.

Көленкеге сылқ етіп құлай кетті, жылады.

– Ақыр байдың түбі аштан өлер деген осы екен-ау... Зейнеп ше?

– Кірпігі қимылдап жатыр еді, не болғанын білмеймін.

– О да өлген шығар.

Мойнындағы дорбаны алып жерге тастай берді, ішінде бірдеме бар секілді.

– Бірдеме таптың ба әлде?

– Мардымды нәрсе жоқ.

Тырдай жалаңаш алты-жеті жасар бір ұл, бір қыз бала тыска шыға келді. Қапшықтан алып жатқан домалақ малдың терісін көріп екеуі бірдей тарпа бассалды. Таласты.

– Қойындар, құрғырлар. Мә, біреуіне жүректің құлағы бар.

– Күнімен жүргендегі әкелгенің осы ма, – деді қатыны.

– Е, қайтейін, бермеген соң... мынау текенің еніне... Мынау жүректің құлағы... мұны да итке лақтырған жерінен алдым...

Жұрттан қайыр кеткен ғой... құрбандарының қанын бер деп едім, Ұлбала бәйбіше айқай салды: «Былтырдан бері асыраған жетер» деп... не бергенін қайдан білейін...

– Ай, сорлысың-ау, мана өзім барғанда ішек-қарнын аршып бірталай нәрсе әкелетін едім, аурудан шыға алмадым ғой...

Ш

Топ-топ болған атты, арбалы адамдар тұс-тұстан ауылға ағыла бастады.

Ауылдың орта шеніндегі ақ боз үйдің маңайында лық толған адам, топтанған арба, ат... кілең бозбала. Бір топ ауыл қыдырып «айттық» алып жүр. Ауыл гу-гу.

– Айт құтты болсын!

– Жақсылығы бірге болсын!

Жер ошақтың басында үш-төрт адамның басы құралып қалды. Бірдеме есітіп бастарын шайқасып отыр.

– Есіл ер-ай, қор болған екен...

Бірден-бірге жайылып хабар ақ боз үйдің маңайындағы көп адамға да жетті.

– Қатыны мен Бәкен қайтыпты...

– Қашан?

– Бүгін.

– Алда, бишара-ай!

– Қайтқандары да дұрыс болған екен, тірідей қор болып еді.

– Айт күні қайтқаны тілеулері дұрыс болған екен бишаралардың.

– Дүние деген осы, жігіттер, – деді ортада отырған бір ақсақалды кісі.

– Едәуір жыл болды-ау. Өгіз өлгеннің басында «айт» болып ат шаптырғанымызда, жиылған адам қанша болса да, бөгелмей-ақ қымызға қандырып шығарып еді. Ақырында бүгін сол Бөкең қатынымен аштан өліп отыр... тұз-дәмін татқан жігіттер, ескеріңдер, еттерінді жеген соң, жаназасын жерге тигізіңдер, сауап қой...

* * *

Ет желінді, қымыз ішілді, жұрт жиналып елдің сыртындағы белеске шығып, жалау байлап ойын қылуға айналды. Ақсақал сөзін тыңдаған жан жоқ...

Ат шабыс, күрес, тоқ бәйге... аштан өлген Бөкен мен Зейнепке көптің көрсеткен құрметі «тілеулері дұрыс екен, айт күні қайтты!..» болды.

1922.

ҚЫРМЫЗЫ

Қырмызы ұзақты түнге түс көрумен болды. Бармаған жері, баспаған тауы, әлеметі жоқ. Әлсін-әлсін шошып оянғанда қара терге батып тұла бойы дел-сал болып қалады... Ұзақты түнде шатасып ұйықтай алмады. Таң құла жиектеніп саз беріп келе жатқанда көзі ілікті. Әдемі түске кірді: Қыз-бозбала тегіс жиылған бір үй. Жұрттың бәрі қуаныштыы... Қырмызы бір жерге тұрақтамай қалың топқа көз жүгіртіп әлдекімді іздеумен болды.

– Оны енді іздеме, іздегенмен сағаң жоқ, – дейді біреу.

Қырмызының ашуы келіп қалтырап кетті. Тоқтаусыз жүгіріп іздеді.

Бір қара күңгірт жерде әлдене көзге елестегендей болды. Адам секілді. Тұрған тұрысы, киімі таныс. Жақындап келіп еді, Қамбар.

– Қарағым-ау, мен сені іздеп жүрмін ғой, – дей бергенде:

– Келме, – деп қол сілікті.

Қырмызы шошынып, өкпелеген тәрізді боп тұра қалды.

Қамбар жымиды. Жүзіне нұр құйылып бір түрлі сәуле шашқандай болды. «Мен саған өкпеледім, мені ұмытып кеттің» дейді. Қырмызы бірдеңе айтайын деп еді, тілі тұтығып айта алмады.

Екі көзі Қамбарда, қатты да қалды. Қырмызының ынтығып сағынып тұрғанын білгендей Қамбар орнынан қозғалып жақындағандай болды. Киген киімі қып-қызыл, көзге шағылысып күбылып тұр... Құшағын жайды. «Кел, қалқам!..» дейді... жас жүрегі алқынып, сүйген досының, көптен көрмеген Қамбарының жылы құшағына атылып кіре берейін дегенде:

– Ау, тұрсайшы, күн түс болды ғой, – деген шешесінің сөзіне Қырмызы оянып кетті. Жүрегі дүрсілдеп, алқынып, тұла бойы бусанып терлеп қалған екен. Жан-жағын сипанды. Бірдеме іздеген адамша көрпесінің, жастығының астын қарады.

Жоқ!..

Кенет ойына түсті, жылағысы келіп кетті. Манадан бері көргенінің бәрі түс екенін білді. Көптен бері сағынып бір ауыз сөзіне ынтық болып жүрген Қамбарының жылы құшағына кіргізбей тәтті жерінде түсін бөлген шешесіне ішінен нәлет оқыды.

Тұла бойы мең-зең... тұрып киініп күйенте мен шелегін алып суға жөнелді...

Қырмызы суға жеткенше түсін ойлаумен болды. Қамбардың кеткеніне дәл бір жыл. Сағынған уақыттарында түсінде көретін. Бірақ бүгінгі түсі бұрынғыға қарағанда өзгешерек. Жүрегі соғып, дүрсілдеп барады.

– Құдай-ай, жақсылық болғай да, – дейді. Шелегін жерге қойып су ала берейін дегенде, әлденеден сескенгендей бұрылып артына қарады. Еш нәрсе де жоқ, қалың тал... Сең жырып тастаған қалың шұңқыр құм... есіне бірдеме түскен адам тәрізденіп қалың тоғайдың, екі өзеннің екі арасындағы шұңқырға келді... Олай-былай қарады... өткен күн есіне түсті... еріксіз жылап жіберді...

Былтыр... нақ осы кез... онда да сәске кезінде суға келген. Шелегін жерге қойып су ала бергенде арт жағынан біреу келіп:

– Қырмызымысың! – деген. Жалт қараса Қамбар. Мұздай киініп, қамшысы сүйретулі төніп тұр. Қырмызы өзін-өзі ұстай алмай еріксіз құшақтаған... еркін сүйісіп айрыларда: «қош!» деген Қамбар: «Мен жол жүріп барамын, елді казачий қаптап кетті. Мен отыра алатын емеспін. Дос бар, дұшпан бар, күні ертең «большевик» деп өлтіреді ғой; елде жүріп текке өлгенше ілгергі жақтағы жолдастарға қосылып теңдігімді ала өлгім келеді... ренжіме, Қырмызыжан, күнім туса келер жылы нақ осы жерде, осы құм меже болсын, бүгінгідей ойнап қосылармыз,.. мен сені сүйем, дүниенің қай бұрышында жүрсем де, сен ойымнан шықпайсың... мен де ұмытпайын, сен де ұмытпа... деп сүйіп-сүйіп алған... сол құмы осы. Қамбардан айрылғанына әзір бір жыл. Қамбар бүгін үйіне келіп, суға келген Қырмызыны

ұшыратуға іздеп жүр ме – жас жүрек толқынданып лоблып, дәйек тұтып отыра алмастық дәрежеге келді...

– Құдай-ай, – деді Қырмызы. – Құдай-ай, жас жүректің тілегі қабыл дейтін еді. Бір тәуліктен бері зарлағаным жетерлік болып еді ғой... сүйгенімен кездесіп ойнап күлген адамның арманы бар ма екен?..

Қалың тоғайдың арасы сыбдырлап ашылып әлдекімге жол бергендей болды. Қырмызы шошыған да, қуанған да тәрізденді. «Сол ма екен» деп көңілін сендірген секілденді. Болмады.

Қамбар дегені көршілес жеңгесі Рақыш болып шықты. Қолында ұзын шыбық, бұзау айдап жүр.

– Не қылып тұрсың, еркежан, – деді жақындап келіп.

– Апырым-ай, құдайдың күнінің ызғырығы-ай, тоңдырып барады ғой, – деді.

Қырмызы мұны тәтті түсін бөлген шешесінен бетер жек көрді. Үндемей қалуды лайық көрмей:

– Қыс болған соң суық болмай қайтуші еді, – деді.

– Қайдағы қыс. Боқырау әлі біткен жоқ. Былтыр бұл уақытта кәдімгідей суық еді ғой, есіңде бар ма, ауылға көп солдат келіп әлгі Қамбар қашатында...

– Ия, – дей салды Қырмызы.

– Сен есіттің бе, еркежан, айтпақшы сол Қамбар былтыр соғысқа барып өліпті ғой.

– Қойшы, – деді Қырмызы.

Сұп-сұр болып кетті.

Жас жүректен қайнап шыққан ыстық жас мөлт-мөлт етіп көзінің жанарына толып қалды.

– Өлген шығар, – деді.

Мөлдіреген жас бетін жуып кетті.

1922.

ТАЛАҚ

I

Күн ұзаққа Айдарбектің үйі ұрыспен болды. Ерлі-байлы екеуі бірін-бірі іліп-қағып, бірінің тілін бірі алмай, әлі жеткені өш алу жолын қарастырып отырған секілді. Бұрын мұндай ұрыс болғанда, аяқ жағы таяққа тіреліп, Зейнептің етіне көбіне таңба түсіп қалатын. Зейнеп оны сезсе де, сүйекке біткен қарыспалық еркін алып, бір табанға шейін бас имейтін. Ұрыстарының көбі болмашы нәрседен шығатындықтан, Зейнептің сөзі Айдарбекке кей кездерде үстіп келіп, төбелессіз де жарасып кетісе беруші еді.

Бүгінгі ұрыстары зілдірек. Айдарбек ертеден бері тамақ та ішкен жоқ. Кикілжіңнің кіргеніне бір жеті болып қалған. Содан бері бір-біріне дұрыс жауап бермей, жатқанда Айдарбек іргеге, Зейнеп от жаққа қарап жатады.

Есіктің алдына тоқымды төсеп жіберіп, Айдарбек талдан керіп тор тоқуға кірісті. Зейнеп үлкен бөлмесіндегі пешке арқасын сүйеп отырып ұршық иірді. Әке-шешесі ұрысқа кіргелі бойын жазып ойнай алмай Күләмза да жүдеуге айналып еді, бүгін үйінің ішінде өзгеше жандану, қозғалыс, іскерлік көрінген соң, біраздан бері терезенің түбінде жинаулы тұрған қуыршағын алып, жаулығын жамылдырып, киіндіруге айналды. Қуыршаққа жамылдырған жаулық Күләмзаға ұнап кетті. Өзінің шеберлігіне, ептілігіне қуанып, қуыршаққа кішкене қарап отырды да: – әже, әже!.. – деп Зейнептің ұршық жүгіртіп отырған қолына жабысты. Зейнеп қарамады. Неге қарамағанын Күләмза сезеді. Бұрын қуыршақ істегенде, ел ішінде атаққа шыққан «көкауыз келіннің жаулығының модасы» деп Күләмзаның қуыршағын Зейнептің өзі талай жамылдырып берген. Енді бүгін, Зейнепсіз-ақ қуыршағын өзі жөндеп алған соң қуанышын әжесіне айтпай Күләмза төзе алатын болмады. Бірақ, әкешешесінің арасындағы салқындықты сезе жүргендіктен, бір рет айтқанына назар салмаған соң, қуыршағын қайта көрсетудің тиіс, тиіс еместігін біле алмай Күләмза даң болды. Әйтсе де тағы бір айтып көрейін дегендей, – әже, әже!.. – деп, жабыса бергенде, Зейнептің ұршық иірген қолына қақтығып қалды.

– Таста әрі, қу қатын, қатын болмай қалармын деп қорқасың ба! – деп Зейнеп қуыршақты лақтырып жіберді. Көкауыз қатынның модасымен оралған жаулық жерге ұшып түсті. Күні бойы істеген еңбегі зая болғанға Күләмза ызаланып жылап, Зейнептің оң жақ тізесіне жармаса жатып еді.

– Әрі, қу қатын, тіпті иіртпедің ғой, – деп Зейнеп тағы итеріп тастады.

Күләмза даусын шығарып жылауға кірісті.

Зейнепті ұрып ашуын тарқатуға, шынында Айдарбек сылтау таба алмай отыр еді. Енді, мына баланың жылағаны өзінше толық сылтау. Сондықтан түпкі ойын жарыққа шығару мақсатымен Зейнепке байланыспақшы болды. Жұмысын тоқтатып, орнынан қозғалып-қозғалып қойды. Делек танау делдиді. Екі көзі құтырған сиырдың көзіндей боп адырайды, қозғалған сайын ашуға тығылып, булығып барып:

– Неге жылатасың?!. Жылатпа баланы, – деді...

Тоқып отырған қорабын тоқтатты. Қабағын бұрынғыдан гөрі қыржитыңқырап, екі көзін Зейнеп отырған пешке қадап, тістеніп тұра ұмтылуға оңтайланған адам құсап отырды. Бұл

сияқты жекіргенге Зейнеп сөзсіз жауап қайырады деп ойлады, егер жауабы зілділеу шықса, екі-үш ауыз сөзбен істі бітіріп, тұра жүндемек болды.

Зейнепке Айдарбектің даусының қай түрі болса да мәлім болғандықтан, ұруға ыңғайланғанын сезіп, ол үндемеске тырысты. Зейнептің қулығына Айдарбек те таныс. Ұрмаса ашу тарқамайды. Сондықтан, қайтсе де ұрмай қоймаймын деген оймен сөзді қайта бастады:

– Ит! Қолыңа ұстаған жалғыз қарғаң, қасқыр құсап қабасың да отырасың, – деді.

Зейнеп шыдай алмады. Көптенгі ашу, кек – бәрі келіп қабаттасып, еріксіз сөйлейтін болды. Тым зілді қып шығарса, сөзсіз таяқ жейді. Таяқ жеймін деп үндемей қалса, жеңілгендік білінеді. Бұрынды-соңды таяқтан қорқып тілін тартпау – үйреншікті әдет секілденіп кеткен. Сондықтан, Зейнепке ендігі лайықтысы сөзге сөз қайыру еді.

Зырқыраған ұршық жүнді созып үлгіртпей үзіліп жерге түсті. Қағілез ерні қалтыранып, пішіні сұрланып, үзілген жіпті жалғап жатып:

– Жаның ашымай-ақ қойсын!.. – деді.

– Енді кімнің жаны ашиды?!. Иттен жаралған шошқаның сөзін қарашы!.. Бірдеме айтса арсылдап беттен қауып алу...

– Бетіңнен алып не дедім?.. Ұрсам өз балам, менде ешкімнің жұмысы жоқ. Әдемі қатыныңның балаларын ұрғызбай өсірерсің.

Айдарбектің күткені де осы сөз еді. Енді кідірудің жөні жоқ. Есік жақта тұрған қайың таяқты ала бөлменің есігіне келіп те қалды.

– Не дейсің, әй?..

Есік жақта отырған Айдарбектің дауысы кенет жанынан шыққанда, Зейнеп селк етіп кеткендей болды. Бір тықырдың таянғанын біліп, бетіне жалт қарады да, жүнін созып, ұршығын иіре берді.

Ашумен ызғарланып қалшылдап келсе де, Зейнептің қорыққан пішінін, айып менде-ақ болсын, ғафу ет деген тәрізді төмен қарап мұңаюы – Айдарбектің ұруын жөнсіздікке шығаратын секілденді. Әйтсе де бір ұрмай көңіл көншімейтін болғандықтан, құшырланып, түйілген жұдырықпен желкеге қойып келіп қалды.

Текшелеп ораған ақ жаулық – Күләмзаның қуыршағы секілденіп ұшты.

– Ойбай-ай, не жаздым?!. – деп Зейнеп ышқынып жылап жіберді.

– Атаңа нәлет!.. – деді Айдарбек.

Бойды кернеген ашу айтуға сөз таптырмады. Қарсыласпаған қатынды ұра берудің тағы жөні жоқ.

– Атаңа нәлет. Сен не қылмадың... Қараңды батыр, кет!.. Мен сенен талақ! – деді.

– Құдай!.. Құдай!.. не жаздым, құдай!.. – деп Зейнеп өкіріп жылауға кірісті. Күләмза «әжелеп» келіп алдына тығылды...

Күләмзаны бауырына басып, жылаған күйі бүкшиіп Зейнеп жатып алды. Бұрынғыдан гөрі ашуы тарқап, күн кеш болуға айналған соң, шашылған талын жиып, мал қарауға Айдарбек тысқа шықпақшы болды.

Ұзақты күнге тамақ ішпеген адам – қарны да ашайын деді. Төргі бөлмеге бір-екі рет келсе де, Зейнепке түр деп айтуға бата алмады. Бұрын Зейнеп айыпты секілді көрінсе де, таяқ жеген соң айыптан тазарып, «тұрмаймын» деп айтуға да еркі бар секілді көрінді.

Үндемей тысқа шығып, малын суарып, қоралауға кірісті. Екі көзі земленкенің моржасында. Бұрын қанша таяқ жесе де, мезгілімен тамағын істеу – Зейнептің әдеті еді. Айдарбек ұрғанда да сол көп ұрудың бірі ғой деп ұрып еді.

Күн батып, қас қарайғанша Зейнептің қозғалғаны көрінбеген соң далада тұра беруді қол көрмей Айдарбек үйге кірді. Қырауулы терезе кештің қараңғылығына қосаметкей болып, үйдің ішінде еш нәрсе көрінбестік еді.

– Күләмза!.. – деді.

Күләмзаның атын атағанда түпкі ойы Зейнеп жауап берер ме екен деген еді.

– Немене әке? – деді Күләмза.

– Әжең қайда?.. Шам неге жақпайсыңдар?

– Әжем жылап жатыр, – деп Күләмза Зейнептің бауырына тығыла түсті.

Айдарбек басқа айтар сөз таба алмады. Төсегінің үстіне барып қисайып жатты. Екі көзі пеште, пештің жанындағы Зейнепте, қозғалар ма екен, тұра ма екен деп ойлады. Зейнеп тұрып шам жағып, төсек салып берсе, тамақ ішпеуіне құл, бұрынғы ашу-араздықтың бәрін ұмытып, құшақтап жатқысы келді... Бірінің артынан бірі – түрлі ойлар тізбектеліп, Айдарбектің еркін билей бастады. Таяқ жеген Зейнепті ішінен аяды. Жазықсыз ұрғанына өкінді... Қызыл шырайлы бетінен сүйгісі келді... Ынтықҡаннан ынтығып, еріксіз басын көтеріп алды. Зейнепке барып жалынғысы келді. Орнынан қозғала берейін дегенде, кенет тағы бір ой түсті. «Баруым тиіс болар ма екен?..»

Барар-бармасын білмей даң болды...

II

Зейнеп тағы көп жылады.

Айдарбекпен қосылғанына биыл жеті жыл болған екен. Содан бері өткізген өмірінде қызғылықты күн шамалы. Байының мінезі теріс: болмашы сылтау қылып екі күннің бірінде ұрады. Келген кезде таяққа шыдай алмай «қайдан тап келді екен?» деп налып жүргенінде осы Күләмза туған. Тұңғыш баланың адамға ыстықтығы қандай, Күләмза туғалы Зейнеп таяққа да үйреніп, ашу-араздықты да жаба тоқып жүре беруші еді. Жаңа Айдарбектің алмалы-салмалы мінезі Зейнептің тыныштануына себеп болды: түнерген бұлттай бұрқырап бұрқ-сарқ келсе де, сағатына жетпей ашуы тарқап, екеуі ойынға, әзілге кіріседі. Жетісіне бір ұрысу, ұрысқан сайын ұру, екеуінің ойынша да тұрмыстың заңы, шариғаттың бұйрығы секілденді. Олай ойлауларына себеп жайшылықтан гөрі, араздасқанның артынан екеуі бірін-бірі айлап-жылдап көрмеген адам секілденіп құшақтайды. Сондықтан екеуі ашуланысқанда бірін-бірі жәбірлесе де, бірін-бірі көрместік сөз айтысса да, ұзамай бір қызғылықты тұрмысқа қайтатындарын сезетін секілденеді... Айдарбек бүгін де солай болады ғой деп ойлап еді.

Бірақ, Зейнепте ой екінші түрлі еді. Бұрынғы қалыппен таяқты елемей ісін істеп, алдағы қызғылықты тұрмысқа әзірлену бүгін Зейнепте жоқ еді. Өйткені желкеге тиген жұдырықтан гөрі бір ауыр, салмақты нәрсе бар, Зейнептің соншама жылауына, бүкшиіп жатып алуына сол себеп болды. Қанша ойласа да ұшына шығу қиын.

Ол талақ еді.

Зейнеп елде жүргенде шешелерінің айтқанынан есітетін: «неке ерлі-байлы адамның тұрмысын бір-біріне байлайтын жіп. Бірін-бірі көрмеген, бірін-бірі сүймеген екі адамды неке сүйдіреді. Неке махаббат жібі, ерлі-байлы адам қаншама бірін-бірі көрместік болып, араздасса да, неке тұрған жерде махаббат үзілмейді. Ал, ерлі-байлы адамның жиреніште тұрмысына дәнекер болып тұрған жіпті үзетін бір нәрсе бар, ол – талақ!..»

Айдарбек бүгін көп ұрған жоқ, бірақ таяқтан он есе артық талақты шығарды. «Мен сені көрмеймін, мен талақ» деп айтып салды. Зейнеп, енді жібі еріксіз үзілді деп жатыр. Байының бір жетіден бері ұрысқаны, желкеге бірер түйгені – әлдеқашан ұмытылған. Есі-дерті жалғыз талақ. Айдарбектен айрылып кетуге сенбейді. Күніне қырық пышақтасып отырса да, дүниеде осыдан артық тұрмыс бар деп ойламайды.

Зейнеп көп ойлады. Бастан өткен тұрмысы біртіндеп көз алдына елестей бастады. Әке-шешесінің қай уақытта құда болып

мал алғанын анық білмейді. Бірақ күйеуге берілгенін, келешекте жеңгелері секілденіп біреуге қатын болып, күнде таяқ жеп өмір өткізетінін Зейнеп есі кіре бастағаннан-ақ сезген. Тентек болып жеңгелерімен ойнағанда: «Қой, байыңа айтып ұрғызармын» деген сөз жас күнінен-ақ жүрегіне әліпбидей жатталып, өзінің ұрылатындығына күн бұрын мойын ұсынып қойған. Сөйтіп жүргенде Айдарбек ұрын келіп, бірін-бірі бірінші рет көріп танысады. Бірін-бірі ата-аналары қосқан соң, сүймеске орын жоқ деп түсініседі.

Зейнеп соның бәрін ойлап келгенде, абайсызда айтылған талақ кенет еске түседі. Жеті жылдан бергі қызық тұрмыс сағатында бұзылып кеткен секілденеді. Сол тұрмыс, әлі де болса, бұрынғы ізімен аға берсе, Зейнептің дүниеде арманы жоқ секілденеді...

Зейнеп қалың ойға шомып жатып, ұйықтап та кетті...

III

Көп шыдап жатуға Айдарбектің дәті шыдамады. Зейнептің жанына барғысы, қатадан ұрғандығына ғафу өтінгісі келді. Еңбектеп сипалап пештің қасына келді. Зейнептің басына қолы тиіп кеткенде, бір түрлі бойы еріп кеткен секілді. Зейнеп ұйықтап жатыр екен. Айдарбектің келгенін сезбеді. Айдарбек құшақтамақшы, бетінен сүймекші болып, жақындай бергенде Зейнеп әлденеге қалтыранып, оянып кетті:

– Әй, әй!.. Бұл кім?..

– Мен ғой, қарағым!

Зейнеп басын көтеріп жан-жағына қаранды. Үй іші тастай қараңғы. Дыбыс жоқ, жалғыз-ақ Айдарбектің жүрегінің тынышсыз соққаны, ала мысықтың пеш жанында миялағаны, Күләмзаның аяқ-қолын бауырына алып бұйығып ұйықтап дем алғаны ғана естіледі...

Ұйқылы көзімен Зейнеп:

– Мұнысы несі? – деді.

– Әлде шам жағайын ба?

– Жоқ, жақпа...

– Жүр, төсекке жатайық, – деп Айдарбек Зейнептің мойнына қол салды.

Зейнеп әлдене есіне түсіп тітіркеніп кеткендей болды. Талақты есіткелі қанша жыласа да, ескі тұрмысын сағынып ыңтықса да, Айдарбек қасына келген соң, ашу қайта қозды. Сол қызғылықты тұрмысты бұзатын «талақты» шығарған Айдарбекке лағнат оқығысы, оны сөккісі келді.

– Әрі, әрман кет! – деп Айдарбектің қолын мойнынан алып тастады.

– Қой, қарағым, ашуынды бас.

– Ашуымды басқанда қайтпекпін?

– Жатайық...

«Жатайық» – Зейнепке таныс сөз. Зейнеп жатса, ескі тұрмысқа қайтқан болады, бұрынғы қызықты өмірді қайта көретін болады. Бірақ оған жібермейтін арада кедергі бар ғой. Зейнеп шіміркеніп кетті.

– Өй, бетсіз, не бетіңмен айтып отырсың?

– Е, не қылдым?

–Талақ қылғаның қайда?

Айдарбек шошып кетті. Зейнепті ұрғанның соңынан қаншама ойласа да, ойына түспей жүрген бір нәрсе бар секілді еді, ол – осы «талақ» болып шықты!.. Талақтың түпкі мағынасын айыра білмесе де, ерлі-байлы адамға ұнамды нәрсе еместігін сезеді. Жалпы жұрттың тұрмысында бұл сирек ұшырайтын нәрсе. Қатынымен қанша араздасса да, ұрысып, төбелессе де, талақ қылған ол жоқ. Олай болса, бұл талақ – жөнсіз талақ. Айдарбекке мұны айттырған – еркін билеп кеткен ашу. Бірақ ашу уақытында айтылған сөздің шариғат қарауында қанша ауырлық-жеңілдігінің барын айырып білерлік Айдарбекте молдалық жоқ. Талақ жөнінен мұның бар білетіні – бір-екі оқиға: біреуі – көрші аулындағы Қасым қатынын менсінбей, Қалтайдың қатынын алмақ болып көңіл қосады. Өз қатыны айрылып біреуге тимек болады. Сонда молдалар, талақсыз неке қиюға болмайды деп, ағайыншылықпен айыпты малын төлеген соң Қалтайға да, Қасымға да қатындарын талақ қылғызады. Талақ қылған қатындар тиетін байына бара алмай, үйінде отырып, үш ай «мүддетін» өткізеді.

Талақ жөнінен екінші білетіні ишан хазіреттің үш қатыны болған екен. Кіші тоқал «тентектеу» болып біреумен көңіл қосып қиянат қылған соң, хазірет ашуланып талақ қылады. Сол қатын қартайғанша байсыз отырған.

Және біреулер шариғат сұрағанда Шолақ молданың да айтқаны бар: «Адам өз қатынын бір рет талақ қылса, сол қатынды екінші бір адам алып, ол адам талақ қылғанның артынан үш ай «мүддетін» өткізген соң бастапқы байына неке қиып алуына болады», – деп.

Бұл, әсіресе, Айдарбекке тура келеді. Шариғаттың бұйрығын істеймін десе, Айдарбек қатынын екінші біреуге қосып, ол адам талақ қылғанның артынан үш айдан кейін барып неке қиып алу керек! Олай қылмаса, некесіз қатын ұстаған болады. «Некесіз қатынның үйінің асы арам» деп Шолақ молда екі күннің бірінде қақсайды.

Бірақ, жастан қосылған әйелін Айдарбек неғып басқа біреуге

қоспақшы? Көзі тірі тұрғанда Зейнептің басқа біреудің қойнында жатқанын көру – Айдарбекке өлім емес пе?.. Біреуге қосу түгіл өзі жоқта үйіне қалжақпас бозбалалар келіп, солармен бірдеме деп ойнап-күлді ме, Айдарбек жарылып кете жаздайды... Түнеу күні іңірде, шай ішіп отырғанда Сарбас келіп самаурынның түбіне отырып, Зейнеп шай құйып бергенде, кесені ұстай беремін деп Сарбас абайламай Зейнептің қолын қабат ұстап қалған. Мұны аңдып отырған Айдарбек көріп қалып, Сарбасты боқтап-балағаттап үйден айдап шығып, Зейнепті сілейтіп тұрып ұрған болар... Ең арғысы суатқа су ала барғанда да Айдарбек шомның басына шығып, көзінің қиығымен қарауылдап тұрады...

Айдарбек ойдың ұшығына шыға алмайтын болды. Ойлаған сайын басы қата берді. Шариғаттың бұйрығын істесе, Зейнептен айрылмақшы. Бірақ Зейнепсіз шариғаттың Айдарбекке керегі де не?.. Ойлап-ойлап қорытындысында:

– Шариғатың құрысын, қатынымнан айрылмаймын!.. – деді.

IV

Зейнеп ұйықтаған жоқ. Айдарбектің басында отырып қалың ойға кіргендігін, оқта-санда қиналып үһлегенін ол сезіп жатыр. Тұрмысты ескі қалпына қайтаруға қарсы еместік ой билеп жатыр. Ашумен айтылған «талақтың» келешек тұрмыстарына қаншалық өзгеріс салатынын болжап біле алмайды. «Талақ» жөніндегі Зейнептің мағлұматы да Айдарбектен аспайды. Сондықтан Айдарбек қандай қиналса, Зейнеп те сондай қиналып жатыр...

Айдарбектің ауыр ойға кіріп қиналғанын сезіп, Зейнеп аяушылыққа айналды. Ескі ашу, кек – бәрі серпіліп, әлдеқайда, ойға келмес бір түкпірге қашып тығылған секілді болды. Зейнеп қазір байының бетінен алатын Зейнеп емес, бұдан жеті жыл бұрын секілденді. Жатқан күйінде сөйлейін деп бір-екі рет ынғайланды да, оны ретсіз тауып, басын көтеріп түрегелді. Зейнеп қозғалғанда Айдарбек сескеніп қорқып кеткендей де, қуанып кеткендей де болды.

– Қатын!.. Зейнеп!.. – деді.

Даусында бір түрлі жеңілгендік, өтінгендік сезілді.

– Ә, – деді Зейнеп.

– Жәй тұрдың ба?

– Жәй.

Зейнептің даусы Айдарбекке жұмсақ, майда, не айтса да көнетін тәрізденді.

– Жатсақ қайтеді!..

Зейнеп үндемеді. Қарсы сөйлемегеніне Айдарбек сүйініп, икемдеуге айналды.

– Жеті жылдан бері ерлі-байлы болып күн өткіздік. Содан бері ұрыс та, талас та болған шығар. Қашанда жарасып кете бермейтін бе едік. Бұ да соның бірі ғой. Мені уайымға салма қатын! Менде басқа ниет, бұзық көңіл жоқ. Ашумен кісі не айтпайды, ашумен айтқан сөзді періште жазбайды, – деген...

Зейнеп күрсінді:

– Қайдан білейін... Әжем марқұм айтушы еді: «Ерлі-байлы адамның арасындағы сүйіспендік некемен байлаулы», – деп. Сол сүйіспендігімізге зиян келіп жүрмесе...

Айдарбек әлденеге қуанып кеткен секілді болды.

– Сол ма, қатын, қорыққаның?.. Ол әшейін бос сөз ғой. Некемізді қимай тұрғанда бір-бірімізді сүйген жоқ па едік?..

Зейнеп «дұрыс» деген секілді басын иді. Әңгімені соза беруге – Айдарбектің де сөзге шеберлігі жоқ. Екеуіне де ендігі тиістісі – Айдарбектің Зейнепті өзіне тартып құшақтауы, Зейнептің қарсыласпай бұралып құшағына кіруі еді. Айдарбек мұны да істеді. Зейнепті өзіне тартып құшақтады. Екеуінің де бойлары еріп, еріктері кете бастады... Махаббаттың жібі некесіз-ақ байланды.

V

... Айдарбек пен Зейнептің арасында болған талақты Күләмзадан басқа ешкім білмеді. Оңаша үйде жалғыз өзі қуыршақпен әуреленіп отырғанда, жамылдырған жаулығы, киіндірген киімі ретке келмесе «мен сенен талақпын» деп қуыршақты лақтыратын болды.

Ерлі-байлы адамның арасындағы жібін талақ үзе алмады. Ескі тұрмыс, ескі ұрыс, ескі төбелес – некелі қалыптағы сарынға түсіп аға берді...

1923.

ҚҰЛА АТ

Ымырт жабылған шамада бір кішірек ауылға келдік. Ауылдың маңайы – басын қоян мүжіп бақартып тастаған, қалың күртіктен әр жерде бір тырбиып сирек шырпы қатарлап соққан аққала. Екі-екі үйдің жамаулы терезесінен жылтыраған шамның оты көрінеді. Желсіз тынық кеш. Пештің моржасынан шыққан көк ала түтін тіп-тіке болып аспанға созылып жатыр. Малдың бәрі қораланған. Жыбырлаған жәндік жоқ.

Келген бетімізбен шеткі үйге тоқтап, атқосшымызды рұқсат сұрауға жібердік. Бұрын танымайтын жер болғандықтан сұраусыз кіріп баруға ұялдық. Шыбыртқы сүйретіп кірген жолдасымызды лапаста жатқан көрі төбет барқылдап үріп қарсы алды. Ширек сағат шамасында қайта шықты:

– Байы түссін, қатыны түспесін дейді.

Қазақ ғұрпында байы тұрғанда қатын сөзі онша елең қылынбайтындықтан секіріп түсе қалдық. Төбесі майысып құлауға тұрған лапастан еңкейіп жүріп отырып, шала жабылып саңылауынан жарық көрініп тұрған ескі есікті сықырлатып аштық. Үйдің ішін қаптаған түтін аралас бу бетке жылы дымқыл болып тиді. Кетік қара шөмішпен құлаштап қазан сапырып жатқан үй қожасының қатыны есіктен кірген ыңғайымызда көзге түсті. Бізге қабағын түйіп, түнеріп бір қарады да, жүресінен отыра кетіп шыпшамен пештің отын көсеп-көсеп қалды. Сұршалау келген, қабағы тікірейген, танауы делдектеу адам екен, қалпында, пішінінде ашу ызғары бар.

– Тентіреп... келетін болса күндіз келсе қайтеді екен, – деп күңк ете қалды.

Ұзынша үйдің ортасын кірпішпен бөлген екен. Біз кірген есік – асхана жағы. Үйдің төр жағында жалпылдақ шамға төніп, жанында шашы жалбыраған кішкене қыз бала бар, екі аяғын көсіліп үй қожасы отыр екен. Шоқша сақалды, қара бұжыр кісі мұртын таңқитып қырып тастаған.

– Жоғары шығындар, – деп, өзі төсегінің үстіне жылжып отырды.

Біз шешіндік. Кішкене қыз жатқан күйі бізге аз-кем қарады да, жүгіріп шешесіне барды. Ашулы бәйбіше шарт еткізіп баланы салып жіберді.

Үй қожасының жебесі тікірейейін деді. Өлімсіреп отырған адамдай көзін қысыңқырап алады екен:

– Қой-ей, қатын! Уа, ит, балада нең бар? Қонақты шақырып келіп отырған бала емес қой, – деді. Бір жағынан қатынына ұрысқан болып көрінсе де, бір жағы әзіл секілденді. Біз жымиып күлген болып амандастық. Сөзі дыбырлау, әйтсе де көп сөйлеуді сүйетін адам секілденді. Біздің ата-тегімізді, қайдан келе жатқанымызды қалдырмастан сұрады:

– Қаладан шықтық дейсіздер ғой, онда жай барып па едіңіздер? Тері-терсектің бәсін білген жоқсыздар ғой?..

Әңгімені бірден саудадан бастап жөнелді. Биылғы соғымда пәлен тері алғанын, қаладағы Көкім деген ноғаймен таныс болып, сол арқылы бірталай пайда қылғандығын, тері жиып жүргендегі қиыншылықтарын қалдырмастан айтты. Менің жанымдағы да әңгімеден құр алақан кісі емес, бірақ мынаған төтеп

бере алмады. Бұл екінші әңгімеге бұрса, үй қожасы сауданы әкеліп тықпалай береді. Ақырында мен туралы сөз қыла бастады.

– Бұл бала мұғалім.

Мұғалім деген сөзді естісімен-ақ аулындағы мұғалімдерді жамандап ала жөнелді.

– Тәйір, баяғыдай оқытатын молда қайда? Осы күнгілердікі бір әуре. «Арба», «шанамен» балалар не оңбақшы. Сылқымның баласы осы ауылдағы мұғалімнен бес жыл оқып еді, кеше әкесі өлгенде иман айтуға жарамады. Бес жыл оқып иман айта алмады деген не масқара?..

Әрі қарай соза берейін деп еді, әлдене есіне түскендей мүдіріп тоқтады. Менің жөнімді бейнелеп сұрай бастады.

– Бұл кісі елде оқыта ма, әлде қалада ма?

– Қалада оқытады.

– Басқа қызметте де бар шығар...

– Бар...

Басыла қалды. Әлгі айтқан сөзін жұқалап жона бастады.

– Мұғалімдерді айыптай беруге де болмайды. Өзімізден де бар, мұғалім мектеп салып беріңдер деп жылда зарлайды. Мен көнетін-ақпын. Бірақ басқалары кертартпалық қылады... – Қарқынды әңгіме басылып, азырақ дем алып отырғанда, «Кеш жарық!» – деп екі жігіт кіріп келді. Жалпылдақ шамның түтіні үйдің ішін тұмандатып, көмескіге айналдырғандықтан, келгендердің қандай адам екенін сырт кісіге айыру қиын еді. Үй иесі соларға бұрылды.

–Қайрош, үйде ме едің?

Сағымайдың келінін, Жамақтың қатынын азғырып қашырғандығы, әкесінің бес қараға сатқандығы, бетін беру үшін содия мен песірінің бір ат алғандығы сөз болды.

– Біздің ауылнай мен Жәкең де бос қалмаған көрінеді. Бір сиыр алыпты ғой, – деді Қайрош.

Сөздің аяғы Сапар мен Сейіттің тамырлығына тірелді.

– Сейіттің қатыны Сапардың баласын құттықтай келді деп еді, не қылған екен, білдіңдер ме? – деп үй иесі сұрау қойды.

– Құла атты қалай келіпті.

– Беріп пе?

– Бермейтін шығар. Малымыздың басы деп Сапар безілдеп отыр ғой.

– Әй, бере алмас, бере алмас, – деді үй иесі, – ақылы бар адам құла атты қолдан шығармас болар. Құла мал қасиетті келмек дейді. Пайғамбар ғалайсалам көпірлермен соғысқанда ылғи құла ат мініп шығады екен. Бұрынғының сөзі де онша теріске кетпейді-ау, әкем марқұм құла аттың қасиеті туралы көп сөз

айтушы еді, бәрін де ұмытып қалыппын. Есте қалған біреуі бар секілді еді, айтайыншы, қонақтарға ермек болсын, – деді.

Аяғын жиыңқырап отырып сөз бастады.

– ... Баяғыда бір бай болыпты. Жылқысы көп болса керек. Бір үйір қасқыр, ішінде бір басшысы бар, күн сайын жеп жылқысын бітіретін болыпты. Бай ашуланып, елінің адамын жиып, жүйріктігі ұшқан құспен таласатын аттарын мініп қуыпты дейді. Топ қасқырдың ортасындағы басшысы қашып бара жатқан күйі жанындағыларға: «Қандай ат келеді екен, қараңдар!» – депті. «Көк ат келеді», – депті жанындағы қасқырлар. Сонда басшы қасқыр тұрып: «Көк ат келе жатса, тау мен тасқа қашыңдар, табаны тез тіліниіп мамырлап қалар», – депті. Тау мен тастың арасымен біраз қашып барған соң, тағы қаратса шұбар ат келе жатқанын айтады. «Шұбар ат болса күннің астына қарай қашыңдар, көзі талып шаба алмас», – депті. Бірсыпыра шапқан соң тағы сұрапты. «Құла ат келе жатыр» десіпті. Сонда қасқырдың бастығы тұра қалып: «... болмады. Құла ат келсе құлатар, бәрімізді сұлатар; енді топтарыңды жазып, не көрсеңдер де бетбетіңмен көріңдер...» деген екен, – дейді.

Үй иесі ертегісін аяқтап, «дұрыс па» дегендей бізге қарады. Менің жанымдағы жолдасым, молданың өкшесі қисық деген адам күнәлі болады-мыс дейтіннің бірі болғандықтан үй иесінің ертегісін шын ықыласпен тыңдап:

– Жарықтық, құла мал қасиетті болады екен-ау, – деп қозғалып қойды.

Атқосшымыз да жел өкпелеу, сөзге кіріспей қалмайтынның бірі еді, құла аттың әңгімесіне ол да бірдемені жалғастырғысы келді.

Бір-екі рет үй иесіне қарап айтайын десе, ол тері әңгімесіне кіріп үлгергендіктен қыңыржақтап өзімізді айналдырды.

– Апырым-ай, биылғы құла атты тектің қасына саттым-ау...

– Мен сатпа дегенде тіл алдың ба, – деп жолдасым кейіген тәрізденді.

– Сатпасқа амал болмады ғой. Әжем қайтқанда төрекейіне Жағыпардан азырақ ақша алып жұмсап едім. Екі күннің бірінде сұрап жанымды жағадан алды. Содан қысылғаннан саттым...

* * *

Құла аттың, үй иесі мақтаған көк сиырдың терісінің әңгімесі біткен кезде бәйбіше бөлме жақтан самаурын әкеліп бағанның қасына орнатты. Құманшаны самаурын төбесіндегі кәмперкеге орната бергенде құманша аунап кетіп, ішіндегі шәйі самаурынның оттығына төгілді. Жайнап тұрған шоқ «быж»... етіп, буы, түтіні төбеге шапшыды...

– Адыра қалғыр! Қараң қалғыр!... – деп қатын құманшаны ұстап алды.

– Ә, атаңа нәлет... – деді байы, – сен-ақ күйдіріп болдың-ау... кісі де кетер. Үйде оңаша қалармыз...

Көзін алартып қатынына байы қарады. «Сандалмашы» деген тәрізденіп қабағын түйіп байына қатыны қарады. Екеуінің де көз қарастары ұзамай бір төбелес, жанжалдың барлығын еріксіз сездірді.

КӨШПЕЛІ МАХАББАТ

Оразаның іші еді.

Менің қонып отырғаным Қалабайдікі. Бүкіл ауыл жеті-сегіз үй. Екі қатар қонған. Алдыңғы қатар Қалабай тобы бес үй. Артқы қатарда Секембайлар. Үш үйдің оңтүстік жақ шеткісі Ыбрайдікі, алты қанат қоңыр төбел үй, алдыңғы үзігінің жартысы қара күңгірт, жартысы бозғылдау.

Кешке жақын қонақтың далада отыратын әдеті. Арбаның түбінде отырып бой жаздық. Менің екі көзім Ыбрайдың үйінде болды. Кәрі кемпір шешесі үйдің сол жақ қабырғалығында бірдеме істеп отыр. Қызыл пүліш қамзолы бар. Шашақты жаулық кестелеп салынған бір келіншек үй менен жер ошақтың арасында ерсілі-қарсылы жүгіріп жүр. Сыртқы пішіні, жүріс-тұрысы бір түрлі таныс секілді.

Мен қысты күні де келгем. Ыбрай онда әл үстінде науқас еді. Кәрі шешесі, былтыр алған жамағаты Зейнеп екеуі де бірдей мойындарына бұршақ салып, Ыбрайдың тірлігін құдайдан зар жылап сұрап отыр еді. Ыбрай өлсе жасы жеткен кемпір де, жас балдырған Зейнеп те дүниеге қош айтысатын түрлері бар еді.

Мен солай деп ойлаушы едім.

Ыбрайдың сауында да көргем. Зейнеппен екеуінің арасындағы сүйіспеншілік адам баласында болмаған дерлік еді. «Қарақтарымның қызығын көрдім, осылардың алдында өлсем, дүниеде арманым жоқ!» деп кемпір де құдайына мың-мың шүкір ететін секілді еді.

Ыбрай өлген соң да көргем.

Қараңғы жер үйдің қалаусыз пешіне арқасын сүйеп, иығында шоқпыт күпі, көзінің жасы көл болып отыр еді. Басына Ыбрайдың қара бөкебайын бос салып, белі мықтап буулы екі бүйірін таянып:

«Душар болдым дерт қатты,
Науқастанды – дерт батты.
Алғанын тастап сарбазым
Алыс жолға жөн тартты!..» –

деп, Ыбрайдың жанынан артық көретін жары Зейнеп отыр еді. Қайғысы күшті еді. Жылағанда көзінен қан таматын еді. Мен көңіл айтқанымда:

«Кестелі көйлек етегім,
Келмеді жайым, кетемін.
Қалқадан қалып, құрдас-ау,
Қайырын сұрап нетемін...» –

деп еді Зейнеп.

Мен де жылап едім. Зейнептің қайырын сұрамасына көңілім бекіп еді.

Ыбрайдың үйіне барғым келді. Қайғылы сорлы шешесінің, қан жылаған жары Зейнептің аз да болса сөйлесіп көңілін көтергім келеді. Ауылдың ортасынан қақ жарып жүретін жолдың үстінде төрт-бес кішкене балалар құм үйіп ойнап жатыр екен. Менен қорықты... біріне-бірі жалтандап қарап: «Орыс келе жатыр...» деп тұра қашты. Біреуінің ат қып мінген талы қалды. Біреуінің шуда жіптен бау таққан құрығы қалды. Мен балаларға күлдім...

Үйдің қасына келгенімде, басын көтеріп алып, кемпір тесе қарады.

– Қарағымның құрдасы екен ғой, – деді.

Бет ажарына қайғының ізі жүгіріп, көзінің жанарында мөлтілдеген жас та көрінді. Мен отырып амандастым.

Үйдің ішінде шырылдаған дыбыс шықты. Сыбдырлатып әлдекімнің жүргені білінді. Сықырлауық «шықыр» ете қалды. Шылдырлаған дыбыс үйден шыққандай, кемпір маған жақындағандай болды. Мен бұрылып қарадым. Көзіме сенгім келмеді.

Кестелі жаулықты аршын жарымдай қылып салынған, қатарлап ораған алтын үш тұмаршадан көрінбейді, пүліш қамзолдың омырауы алқым бау, ілгекпен толған – Зейнеп келіп төніп тұр.

– Мына кісі екен ғой, – деді.

Қылмиып күлді. Екі беті қып-қызыл нарттай, Ыбрайдың тірісіндегіден де әдеміленген.

Кемпір жаутаңдап келініне бір, маған бір қарады. «Мына кісі екен ғой...»

Бұрын, Ыбрайдың тірісінде келгенімде Зейнеп:

– Құрдас екен ғой... – дейтін.

Көк шолақ атқа желқом ерді салып мінген, имек тұмсықтау қара бала жігіт қыстау жақтан келеді. Үйдің жанына түсті. Зейнеп сылқ-сылқ етіп бұрала басып, қарсы алып, тағы қылмиып күлді.

– Әй, – деді.

Қара бала күлімсіреп қарады.

– Бұзау жоқ, жамырап кеткен шығар, атыңмен тауып әкелсең кайтеді?!

* * *

Күн түнерген бұлт, минут сайын қараңғы тартып барады... Желсіз тып-тынық. Бірен-саран сары масалар бетке, қолға қонып мазаны алады...

Қаламбайдың үйінің сыртына, қара желенді бос салып, омырауында жылтыраған күміс сағаттың бауы, молда шықты. Олайбылай қарады. Төс қалтасынан сағатын шығарып, құлағына апарып тындады. Бірер таранып сыпайыланып алған соң, екі қолымен құлағын ұстап азан айтуға кірісті.

– Алла әкпәр...

Барылдаған даусы тынық әуемен жаңғырығып бүкіл елді басына көтергендей болды.

Мен тұрып кемпірмен қоштастым.

– Келіп тұр, қарағым, – деді.

Мөлтілдеген жас еріксіз көзінен шыға бастады...

Зейнеп жер ошақтың басында тұр еді, тұсынан өте бергенімде бұрынғыдан бетер қылмиып күлді...

Дүниедегі бақытты адам жалғыз өзі секілденді.

Дүниедегі сүйіспендік қара баламен екеуінде ғана тәрізденді...

1923.

ШАРИҒАТ БҰЙРЫҒЫ

I

Кәрібай молда сақарын ішіп, таң намазын оқығаннан бері дәйек тұтып үйде отыра алмады. Күн шығар-шықпастан-ақ азғана сиырын қорадан айдап шығарып, ауылдың сыртындағы шоқ шырпының арасындағы іркілген ауылдардың жілігімен қақпаланып айдап отырып, Құламбай томарының жел жағынан өріске бет алдырды. Ілесе ауылдың басқа адамдары да малдарын айдап өргізе бастады...

Уақыт апрельдің аяқ шені еді. Күн ашық, жылы, тынық. Жердің бетіндегі жаңа тап беріп келе жатқан көк, шықтың суымен малшынып, сәулелі күннің көзімен маржан секілденіп жылтылдап тұр. Аспан жүзі толған бозторғай – шырылдаған үні құлақ тұндырғандай...

Кәрібай молда қолында қайың таяғы, табиғаттың әдемілігіне сұқтанған адам секілденіп жан-жағына аз-кем қарап тұрды да,

томардың күнбатыс жағындағы ескі апандардың басына келіп, үйілген топырағына шықты. Тынық суда емін-еркін жүзіп жүрген үйректер Кәрібай молдадан сескенгендей, сол тыныштықты бұзғандыққа лағнат оқыған секілді. Томардың тұс-тұсынан пырылдап ұшып барқылдап ән қоса бастады.

Кәрібай молда оны ескерген жоқ. Оның есі-дерті ауылда келе жатқан Салқамбайда болды. Апанның басына келгенде де, биік топырағына шыққанда да оның түпкі ойы – Салқамбайға жолығу еді. Биік жерге шығып тұрса Салқамбайды күткендік білінеді. Молдекеннің күтіп тұрғанын сезсе, Салқамбай сөзсіз қасына келеді...

Салқамбай малын өріске беттетіп, талтаңдап томарға бет алды. Кәрібай молда Салқамбаймен ұшырасудан көп нәрсе білем бе дейді. Ауыл бір болғанмен екі атаның баласы екі тап. Бір таптың бастық ақсақалы Кәрібай молда болса, екінші жағынікі Салқамбай. Екі атаның балаларының татулығынан араздық көп-ті. Болмашы нәрсені сылтау қылып біріне-бірі жала жауып, ақырында басы кетуге айналған соң сыртқы ақсақалдардың қона-түстене жатып айтқан биліктерімен екі жағы да сөзді тастайды... Сонда оқиғаның бірі қыс ішінде болып, алты айғы қыс шабуылдап, «бітімші» ақсақалдар етті бітіріп олжа қарастыра бастаған соң өзді-өзі ағайын болып табысып еді. Бірақ, «табыстық» деп біріне-бірі келгенде жылтырап сөйлесе де, іштегі кектері арылып кеткен жоқ. Арылмағандық көбінесе қатын-балалардан белгілі. Қатындардың болмашы нәрсені сылтау қылып ұрысулары, балалардың екі жік болып төбелесуі ескі араздық, ескі кектің әлде болса да тазарып бітпегендігіне айқын дәлел ісі. Кәрібай молданың Салқамбайды күтуі де сол жөнінен еді. Бүгін түнде Кәрібай бір іс істеп отыр. Ол істі шариғат жолымен қарағанда дұрыс деп тапса да, законға қарағанда қилап екенін сезеді, өзінше құдайға кінәлі болмаймын ғой деп белін байлаған соң, адам жағын көріп алармын деп істеп салған. Ендігі қысылатыны – ауыл көршілерінің біліп қоюы Салқамбай жағының құлағына тисе, дереу барып сүйінші сұрауы мүмкін, Кәріекен Салқамбаймен кездескенде оның ажарынан, сөйлеген сөзінен ыңғайын танимын деп тұр. Егер Салқамбай сөзшең болса, «туысымыз бір еді, алауыздықты қойып бүтінденейік» деп үгіттегісі келіп те тұр.

II

Ақ таяғын артына ұстап, тері тымағының бір құлағы жымқырулы, ерінінде бұлтиған насыбайы, сиректеу бурыл сақалының көбі насыбай суының түкірігінің шашырандысымен боя-

лып сарғылттанған, кішкене көзі ойнақшып Салқамбай келді. Сәлем берді.

– Жарықтық жаздың нышанашы әдемі-ау, – деп Салқамбай Кәріекеңмен қатарласа таяғын жерге тіреп таяды.

– Құдай берер, өне бойы қыса берер дейсің бе?

– Құдай берер-ау, бірақ жұрттың бейілі түзелмей жүр ғой. Жұрттың бейілі түзелсе береке кірер еді, – деп Салқымбай Кәріекеңе қарады.

Кәріекең қызарайын деді. «Білген екен ғой» деп жүрегі тітіркеніп кетті.

– Жұрт тәубе-таупықтан кетті ғой, шариғаттың бұйрығын істейтін жан жоқ. Егер мұсылман баласы болып шариғаттың жолымен жүріп отырса, баяғы дәурен сөзсіз-ақ қайтар еді, – деді Кәріекең. Өзінше істеген ісінің шариғатқа қилап еместігін Салқамбайға сездірдім бе деп ойлады. Бірақ Салқамбайдың қалай түсінгенін өзі білсін, бұрынғы ізінен танбады.

– Шариғат жарықтықтың жолын жұрттың көбі надандықпен білмейді. Бірен-саран біледі деген адамдар шариғатты аяғына басады, сонысы-ақ жәбір, – деді.

Кәріекең бұл жолы бұрынғысынан да жаман қызарайын деді. Кеуілге күдік кірді. Молдалық жөнін салыстырғанда Салқамбайдың оқуы артық. Кәрібай ауыл молдасынан оқумен ғана молдалық құрып кеткен.

Салқамбай Таңатар қажының медіресесінен екі жыл оқыды. Әкесі дәулетті болған соң, молдалық қалпын қумай, шаруашылығына айналып кеткен кісі. Жас кезінде шариғат салыстырғанда Кәрібайды жеңіп кете беретін. Оның үстіне бұл жолғы істеп отырған ісінің шариғат көзімен қарағанда дұрыс екендігіне Кәрібайдың өзі де күмәнді. Дәлел ғып ұстағаны – жас кезінде оқыған молдасы мен Ақсақ молданың риуаяттары, «көпірдің және ұрылардың малын алып жеу дұрыс» деп Ақсақ молда талай айтатын. Кітаптан өз көзімен көрмеген соң, оның үстіне Салқамбай баспалатып жіберген соң Кәрібай терлейін деді. Сондықтан қолайсыз әңгімені екіншіге бұрды.

– Заманның, әйтеуір, бұзылған кезі ғой. Ағайынның татулығын сүйетіндер де, сүймейтіндер де бар. Әлден келгенше бірлік-берекеге тырысайық. Осы ауылда екеуімізден үлкен кім бар. Біз әділдігімізді, бүтіндігімізді айтып отырсақ, сырт бізге не қылар дейсің.

Салқамбай екі ұшты жауап берді:

– Ол дұрыс қой, бүтіндікті кім сүймейді. Сені мен маған қалғанда сөз жарасы жеңіл. Бірақ «ер жеткеннің еркі өзінде» деген, кейінгі жастардың міндетін алу қиын ғой... – деді.

Салқамбайдың екі ұшты сөзі Кәрібай молданың үрейін алды.

«Бұлар сүйінші сұрауға адам жіберген екен» деп ойлады. Бір орында тыншып тұра алмай, қайың таяғымен топырақты шұқып қаза берді. Салқамбаймен әшкере сөйлесіп, сырын айтып жалынғысы да келді. Бірақ, Салқамбайдың ағайыншылыққа көніп, әңгімені бүркейтіндігіне көзі жетпеді. Бәрінен бұрын істеген ісінің шариғат қарауынша дұрыс, дұрыс емес екендігін білмегендік қинады. Жол бойынша айыпты болса да, шариғат қарауында дұрыс болып көрінсе, ең болмаса баяғыдан бері молда атанып садақа алып жүрген атағына кемдік келмес еді. Жұрт анығын білсе де: «Бишара, қайтсін, шариғаттан шыққан жоқ екен ғой» дер еді...

Көкшолаққа жайдақ мінген бір бала шауып келіп:

– Ата! – деді.

Салқамбай жалт қарады.

– Сізді папам шақырады.

– Неге?

– Білмеймін...

Таяғын артына ұстап Салқамбай ауылға жөнелді. Кәрібай молда апанның басында тұрып қалды. Ауыр күрсінді.

– Болмады... іс бұзылды. Құдай-ай, тым болмаса шариғат қарауында дұрыс болып, абыройым ашылмаса игі еді... – деді.

Қайтты. Кітаптарын ақтарып, бірер риуаятын табуға ойлады.

III

Кәрібай молда үйіне келгенде қатыны Қадиша, ұзыншалап салған пештің қасында, екі аяғын көсіліп, алдында жаюлы ескі тулақ, жүн түтіп отыр еді. Баласы Рақым түнде ұйқысы бөлінген адам секілді, төсегінен жаңа тұрып кішкене бөлме жақта қатынымен екі қара құманнан шай ішіп отыр еді.

Кәріекең ешқайсысына да назар салмады. Оның бірінші жұмысы кітаптарын ақтарып, күмәнді жұмысын адалдайтын бір «риуаят» қарастыру болды. Төсегінің бас жағындағы сөреде шаң-шаң болып қатарланып тұрған ескі кітаптарды біртіндеп алып жерге қоя бастады. Кейбіреулері түрлі түсті сисамен тысталған, бірсыпырасының сыртқы қатырғысы, бірер қағазы – қатыны салақ үйдің жамаулы құманы мен кеселері секілденіп, қамырмен жамалған қырық құрау әлемденген кітаптар төсегінің үстін алып кетті. «Мынау не қылайын деп жатыр» деген адам құсап, ескен жүнін тоқтатып, қатыны қарады. Бұрын-соңды земленкеден киіз үйге шыққанда, я земленкелерге кіргенде болмаса, Кәріекең ұйықтап жатқан кітаптарының мазасын алмаушы еді.

Қатыны шыдап отыра алмады:

– Бірдеме іздедің бе? – деді.

– Нең бар?

Ашулы қалыппен ажырайып қарады. Төр алдындағы сабалақ жүнді тері көрпенің үстіне отырып омырау қалтасынан көзілдірігін алып киді. Ыдырап жатқан кітаптардың өзіне таяуын қолына ұстады. «Қырық қадыс» екен, бір-екі қағазын аударып жіберіп оқуға кірісті. Арапшаның мағынасына түсінбесе де, қарап отырған қатынына сыр білдірмейін деген адам құсап, тамағын бір-екі қырып алып:

– «Қала» айтты пайғамбар ғалайсалам. «Мән» – бір мән, – дейді. Аяқ жағын аузын жыбырлатқан болып күбірлетіп жіберді. Шынына қалғанда, «қала» деген сөзді әптиек тәпсірінен үйреніп еді. Арапша кітаптарды көрсе, ашып оқыған жерінде «қала» деген сөз болмаса да, қараушылар сезіктенбесін деп, «қала» айтты пайғамбар ғалайсалам...» деу, Кәріекеңнің бұл әдеті – қатынына да, бала, келініне де мәлім еді...

Екінші кітапқа жармасты. Ашып жіберген ыңғайында өзінің молда болып жүрген күніндегі оқитын жері кездесе кетті. Тамағын бірер кенеп алып соғып жіберді:

«Көрің қадір-құдіретін,
Білсін даю сұңғатын.
Мұстафаның үмбетін,
Мұндағы тәжрап қылдия...»

«Қалай екен?» – дегендей қатынына көзілдірігінің астынан қарап қойды.

Имандық секілді бір кішкене кітапты ұстады. Бұл – «ісмі ағзам дұғасы» екен. Басынан тегіс ақтарды. Орта шеніндегі бір дұғалыққа тесе қарады. Ол мынау еді:

– Әгәр кім ерсе – бұ дұғаны күніне сексен үш мәртәбә оқыса, не бар мақсаты қасыл болып, жүзі жарқын болғай». Әгәр кім бұ дұғаны мойнына тұмар қылып тақса, дұшманлары аулақ болғай». Әгәр кім бұл дұғаны езіп ішсе, дұшманларынан сөзі үстем келгәй...»

Кәріекең қуанып кетті. Дұғалықты алдына қойып, басын жоғары көтерді. Көзілдірікті алып жанына қойды. «Сен не білдің?» деген адам тәрізденіп, қатынына қарады. Тозығы жеткен жамаулы көйлектің етегін, тізесін бүккенде жыртылып кетпесін деп, қатыны түріп отыр еді.

– Әй, мұндар, жапсайшы тізенді, нәмахрамды білмейтін бе едің?! – деді.

– Байғұс-ай, мен келіншек пе едім.

– Келіншек болмай кемпірмісің?! Мен жігітпін деп жүрмін

ғой. Кемпірлікті мойныңа ала берме, тастап кетермін, – деп жымындады.

Түнгі оқиғадан бері түйткілденіп не қыларға білмегендіктен Қатша да ермек үшін түтіп отыр еді. Байының көңілденгеніне мұның да іші жылыды.

– Тастасаң таста, жесірің дайын ғой. Тек құдай ошақтың үш бұтына есендік берсін, – деп күрсінді. Бірақ молданың неге көңілденіп отырғанын сұрауға батыршылығы бармады.

IV

Кәріеке дұшпанының тісін батырмауға кіріспек болды. Қаптаған қалың жау келсе де, «ісім ағзам дұғасы» крепость қызметін атқаратын секілді болды. Жайнамаздың үстіне отырып сексен сегіз рет оқып шықпақшы болды. Ұзыншалау қағазға жазып, оң жақ қолтығына тұмар қылып тақпақшы болды. Бірақ қазіргі сағатында бір қиын жері – Кәріекең ораза. Езіп дұға ішсе аузы ашылып кетеді. Кешті күтсе оған дейін «дұшпандардың» келіп қалуы да мүмкін.

Апалақтап тағы кітапқа жармасты. Бұл жолғы іздегені «Ғыбадатслам» кітабы еді. Одан оразаны қандай уақыттарда ашуға мүмкіндігін қарамақшы еді. «Ораза пасылын» ашып жіберіп қарай да бастады. Бірнеше заруаттарда ауыз ашуға болады деген, оның ішінде Кәріекеңе дөп келетіні – «жау қамап, жан қысылғанда» деген жері. Кәріекең нақ қазір қысылып тұрмағанмен ұзамай бір тықырдың болатындығын сезіп тұрған секілденеді. Сондықтан осы риуаятқа сыйғызып ауызды ашу керек.

Кітапты тастай беріп шегеде ілулі тұрған сия мен қауырсын қаламын алды.

– Кесе әкелші, қатын! – деді.

Кестелі алашадан істелген жайнамазын құбылаға қаратып жайып, шарт жүгініп отырды. Қауырсын қаламды қою сияға малып кесенің түбіне жаза бастады. Қатыны сыртында қараумен тұрды. Қызыл бояумен істелген кесенің ішін қып-қызыл қып бояп, артына қарады:

– Су әкелші, қатын! – деді.

Қатыны аң-таң, себебін сұрауға бата алмайды, дереу су әкелді. Бояуды шайып ішуге ыңғайланған соң қатыны шыдап тұра алмады білем:

– Байғұс-ау, ішпекпісің, оразаң қайда? – деді.

– Мен шариғаттың бұйрығынан тыс іс істемеймін ғой, жүніңді түте бер, қатын!.. – деді.

Езілген бояуды ішіп те жіберді. Тілше қағазға тұмар жазып,

қатынына тыстатып алып оң қолтығына тақты. Жаңылмау үшін алдына ишаннан алған таспиғын қойып, қасиетті дұғасын жетпіс екі рет оқып бола бергенде:

– Салаумалейкүм! – деп біреу кіріп келді. Бұл Тайлақбай еді. Бет-аузы қап-қара болып түтіккен. Пішінінде бір түрлі ашу, ызаланғандық бар.

Тайлақбайды көргенде Кәріекеңнің тұла бойы дірілдеп кетті. «Ісім ағзам» бояуының қасиеті сағатында тимей қалды. Әйтсе де өзін-өзі ұстап, жайнамазда отырған күйі бұрылды.

– Тайлақбаймысың, жоғары шықсайшы.

– Мен төрге шығарлық болып жүргенім жоқ. Мандайдағы жалғыз биемді бүгін ұры алды. Соның ізі осы ауылға келіп тіреліп тұр. Я менің биемді беріңдер, я ізімді шығарып бересіңдер.

Кәріекең сұрланып кетті. Жүгінген күйінде қалтырау күшейген соң, малдас құрып отырды. Сылтың-жұлтың бойына қарап, қатыны да жүнін жия бастады.

– Кәне, Кәріеке, отырмаңыз.

– Барайын, шырағым, Салқамбайларға, ана Дәуіттерге айт.

Тайлақбай жөнелді. Кәріекең аң-таң болып, есінен айрылған секілденді. Бағанаға сүйенген келіні ауыр күрсінді. Қатыны пештің артындағы қыстырулы ала қапты алып жүнін сала бастады. Сабалақ жүнді жуантық тарғыл мысық бөлме жақтан пырылдап келіп, кемпірдің алдына тығылды. Өзінше о да қорыққан, тығылуға жер іздеген тәрізденді, есік сықыр етіп ашылды. Кәріекең де, қатыны да, келіні де, тарғыл мысық та селк еткенді, жүрек те біліп ауызға тығылғандай, барлық дене қалтыраған секілді боп кетті. Қара бұжыр, делдек танау, көзі ұясынан шығып адырайған, ұзын бойлы, сөмпиген бір жігіт үйге кірді. Бұл Кәріекеңнің жалғыз баласы, қазақша айтқанда көзінің ағы мен қарасы. Бағанаға сүйенген келіншек соның қатыны. Пеш жанында қапқа жүн тығып жатқан сарғылт түсті, қорқақ пішінді кемпір – соның шешесі.

– Құдай-ау, пәле-жаланды жалғызымнан аулақ қыла көр, – деп кемпір жылап жіберді. Енесінен қалмай келіннің көзінен де жас шұбырды.

Кәріекең батырланды.

– Қойыңдар!.. Немене, жоқ сұмдықты бастағандарың?

Жайнамазды жиып тастай беріп түрегелді. Бірдемеге ыңғайланған адам секілденіп баласына қарады:

– Салқамбайлар қайда екенін білдің бе?

– Үйінде шығар.

– Тайлақбайдың келгенін білдің бе?

– Білдім...

Әлденені ұмытқан секілденді. Кішкене кідіріп жүре берейін дегенде, «Ісім ағзам дұғасының» он алты рет оқитыны қалғаны есіне сап ете түсті. Қайтадан жайнамазын жайды, қайтадан жүгініп отырды. Көңілін жиңішкертіп, тілекті тілемекші болды. Күбірлеуді қойып, ашық үнмен он алты рет саудырлатып оқып шығып, қолын жайып бата қылды.

– Құдай-ай, құлым дей көр, пайғамбар, үмбетім дей көр, Шадияр, достым дей көр!.. Дұшпанның бетін аулақ қылып, мәртебемді үстем қыла гөр, аллаәкпар!.. – деп бетін сипады.

Пеш жанындағы кемпір, бағанаға сүйенген келіні, қорыққан пішінді баласы – үшеуі де қолын көтеріп, «әмин!.. әмин!..» десті.

Күңгірт тартқан үйдің іші бұлттан шыққан күннің сәулесімен жарқырады. Әлденеге төнген пәле серпілгендей, алдағы күнге үмітпен қараудың керектігі сезілгендей болды.

Төменгі жаулығының ұшымен көзінің жасын сүртіп:

– Бибіпәтимә пірім-ай, қолдайтын болсаң, бүгін қолдай гөр, – деді кемпір.

Келіні күрсінді, баласы түшкірді.

Бәрі бір дауыстан:

– Жәрекмалда!.. – деді.

V

Кәріекең үйден шыққанда ауылдың адамдары топтанып сирек шырпының оңтүстік жағында із кесіп жүр еді. Аяңдап басып Кәріекең де келді. Салқамбай таяғына сүйеніп тұрған күйінде қарсы алды. Кәріекеңе тесіле қарады.

– Сақалыңдағы қан не? – деді.

«Ісім ағзам дұғасының» қасиетті бояуының шашырандысы сирек сақалын боып та үлгірген екен.

– Әшейін... әшейін шығар, – деп саусағымен сақалын сипап тарап еді, күйектей сақалға жабысқан нәрсе бола қойсын ба, кетпеді.

Топтанып жүрген кісілердің ішінен Тайлақбайдың ащы дауысы шықты: – Мінеки із, міне көріңдер!

Жұрт жабырласып қарай бастады. Ағаштың жиегіндегі шалшық судың жағасында қатарынан жүрген екі жылқының ізі жатыр.

– Мынаның бірі ұрым; бірі менің бием... – деп Тайлақбай өршеленді. Жиылған жұрт бекер дей алмады.

– Жылқы осы ауылда да бар емес пе?! Көрінген ізді менікі деуіңнің жөні келе ме!.. – деп Кәріекең кеңк ете қалды.

Шеткері тұрған ашаңдау сары, қырма сақалды ауылнай мырс етіп күліп жіберді.

– Кәріеке, олай десеңіз, өзіңіз ұрының бастығы боласыз. Бұл ізді Тайлақбай ауылынан шығарып келе жатырмыз... Сіздің мұныңыз қарсы дау секілді, – деді.

Жастар өзара әлденеге күңкілдесті, сыбырласты, күлісті, бәрі де Кәріекең «бүліктің басы...» деген көзқараспен қараған секілденді.

– Осы сен ұрлап жүрген шығарсың, – деп шеткі ұзын бойлы жігітті біреу итеріп қалды. Арт жағында екінші біреу бүк түсіп жатыр екен, ұзын бойлы жігіт аяғы көкке қарап, шалқасынан құлады. Үсті балшық болып қалды, ашуланып боқтауға айналды.

– Қойсаңдаршы, балалар, жөнсіз ойынның керегі не, – деп Салқамбай ақсақал кейіді.

Тайлақбай тыпыршып тұра алмады:

– Қане, ақсақалдар, қайтесіңдер?..

– Жақын ағайынсың. Ізіңнің келуі де рас шығар. Енді бізге не қыл дейсің?.. Қайткенде көңілің бітеді!..

– Тінту беріңіздер?..

– Болды. Бастығы молдамыз қылып тінт, біз риза, – деп Салқамбай ақсақалдық қылды.

Иіріліп тұрған жұрт ауылға қарай дүрлікті. Көптен қалмай сүйретіліп Кәріекең де келді. Лапасына кіре бергенде ауылнай қарсы шықты.

– Молдеке, сізден бастап тінтеміз.

– Ойбай, шырағым, біздің үйде не бар дейсің, тінтпей-ақ қойсаңдаршы.

– Жоқ, молдеке, малды біз сіздікінен табамыз ба деп тұрмыз.

– Біреу сілтеу берді ме?

– Сілтеусіз де таптық.

– Қалайша?

– Сақалыңызға жұққан қан бізге куәлік беріп тұр.

– Әй, ақымақ, бұл қан емес, нанбасаң кемпірімнен сұра... Жаңа «ісім ағзамның дұғасын» шайқап ішіп едім, – деп сақалын сипады.

– Ол өтірігіңізді айтпаңыз, Кәріеке, оразада дұғалық шайып ішеді дегенге кім нанады, – деп ауылнай үйге кіріп кетті. Бара кемпірмен бажылдасқан даусы шықты.

– Сарайдың кілті жоғалып қалған, – деп бажылдаған, жыламсыраған келіннің даусы да естілді. Кәріекең келінін де, кемпірін де аяды. Дәйек тұтып тұра алмады, есікті аша берейін дегенде ауылнай қарсы шықты.

– Сарайыңызды тінтеміз, бірге жүріңіз.

– Бара тұрыңдар, оқитын нәпілім бар еді, – деп Кәріекең үйге кірді. Көзінде мөлдіреген жас, қалтыраған пішінмен келіні

қарсы алды. «Атаеке-ау, тыныштықты неге бұздың! Неге бізді пәлеге қалдырдың!» дейтін адам секілді.

– Сорлы-ау!.. Сорлы-ау, – деп кемпірі өкіріп жылап жіберді.

Кәріекең босап кетті. Көзінің жанарына тығылған жас біртіндеп ағып сақалын жуа бастады. Жайнамазды жайып жіберіп жүгініп отырып тілекке кірді.

– Әй, құдай-ай, ата-бабамның істемеген кәсібі еді. Жамандыққа өзім де баса қоймайтын едім. Былтырғы жоғалған күрең ат пен ала биемді Тайлақбайдың өзі ұрламағанмен сол ауылдың сойғаны анық. Мен мал алдырғанда ақ малымның төлеуі деп алдырдым ғой... Аққа құдай жақ деп еді. Менің ақ ісім шыныменақ қараға шыға ма? Я құдай, сал оң назарыңды! Жалпы аруақ, әулиелер, әнбиелер, ата-бабамның ұрықтары қолдайтын болсаң бүгін қолда!..

Дала жан-жұң, әлдекімді дүрілдетіп ұрғандай, әлдекім «қойыңдар» деп арашалағандай болды. «Ойбай-ойбай» деген біреудің ащы даусы айқындала берді.

– Ойбай, ене, әлгіні ұрып жатыр білем!.. – деп келіні қалшқалш етті.

– Жалғызым, құлыным, – деп кемпір де, келіні де тұра жүгірді...

Кәріекең тілектен жаңылды, қорқып отырғанын да, қуанып отырғанын да білмеді. Әлдекім есікке жармасты. Есік ашылатын, тыстағылар үйге кіретін болды. Соларды көрмейін, солармен сөйлеспейін деген адам құсап, Кәріекең намаз оқымақ болды. Дәреті күмәнді болған соң тәйемимді соғып жібергенде, есік сықыр етіп ашылды. Кәріекең сасқалақтап тұр, құлақты қағып қалды. Не деп ниет қылғанын өзі де білмеді. «Сұпханеке» деп еді, аяқ жағы аузына түспеді. «Алқам» мен «құлқуалданың» қайсысын бұрын оқырын білмей жаңылды.

Жұрт дүркіреп кіре бастады.

– Молда қайда, молда қайда? – Тайлақбайдың кіжінген даусы естілді. Кәріекең түрегеп тұрса, Тайлақбайлар кейіп сөгетін сияқты, ұрысын деп бетіне түкіретіндей болды. Солардың бетін көрмейін деген тәрізденіп сәждеге бүгіле бергенде, Тайлақбай келген бойы теуіп қалды. Кәріекең кәсті сүзе құлады.

– «Алла!» – деді.

– Өй, атаңа нәлет! Аллада нең бар! Жалғыз биемді ұрлап сойып отырып, тағы құдайға құлшылық қылмақшысың ба?

Ойбайды салып кемпірі келді.

– Сорлы-ау, өлдің ғой, өлтірді ғой!..

– Жылама, – деді Кәріекең, – мен шариғаттың бұйрығын істедім. Адам қаруында жазалы болсам да, құдай қасында жазалы емеспін... мен – өлсем шаһидпін.

«Кәріекең ұсталыпты...» деген хабар тарағанда, жұрт екіге бөлінді: жастар, әсіресе мұғалімдер:

– Баяғыдан бері өтірік көз жұмып, жұрттың қанын сорып болып еді, – деп табалады.

– Шариғатқа қарсы іс істемеген шығар, ұстатып жүрген тік аяқтар ғой, – деп шалдар жағы аясты.

Ауыл-ауылдың ақсақалдары жиналып барып, соттан кепілге алды. Тайлақбайды үгіттеп малының төлеуін беріп бітірді. Басқа келген пәлені жалпы ел боп қақты. Бірақ ұры деген атты жоюға жұрттың әлінен келмеді.

Кәріекең ұры атанды. Қатыны толғатқан қорқақ еркектер, баласы ауырған кемпірлеу әйелдер, зиянмасы бар қатындар бұрынғыдай аттан салып шауып, үшкіруді сиретті. Киімі көп, бай шалдар өлерінде «сүйегіме Кәрібай молда кірсін» деп өсиет қылмайтын болды.

Сөредегі қалың кітаптардың, бой тұмар қылған, езіп ішкен «ісім ағзам» дұғасының шарапатын Кәріекең көре алмады. Ескі атақ, ескі даңқ, ескі абырой көзінен бір-бір ұшты.

1923.

ЖОЛ КЕҢЕСІ

Октябрьдің сұр бұлты түйдек-түйдек шығып, аспан жүзінде салбырап төніп, дүниені қараңғылықпен қаптап жіберетіндей терістен соққан ызғарлы желі денеге де салқын тиіп, жамаулы киімділердің иегін сақылдатады.

Біз кеше Тоқанның үйіне келіп қонғамыз. 3–4 үйдің ішіндегі екі бұзаулы сиырдың басын қосып сауып отырғаны осы үй. Басқаларына қарағанда бұл өзіне байлық атын тағудан да тайынатын емес. Жамаулы жыртық үйдің іші толған түтін, бықсып жанған тезекті көсеп жіберіп:

– Бәрекелде-ай, қонақтарға ет болмады-ау, – деді.

Таң атысымен жүру жабдығына кірдік. Дөңгелек біткені қаусап қирауға тұрған қырық құрау арбасын майлап, Тоқан көк шолағын жегіп жатқанда, тымағын желкесіне жыпыра киіп, үстіндегі тоны май-май Айдарбек келді:

– Жол болсын!

– Мына қонақтарды Сөкен байдыкіне апарам.

– Бәрекелде-ай, арбаң керек еді, базарға ет апарармын деп едім, – деп өкінген тәрізденді.

Орталарындағы жалғыз арбаны жегіп кеткендігі үшін Айдарбектен ғапу өтіну бізге тиіс секілденді. Сөзге айналдырып көңілін жұбатпақ болдық:

– Ет сатудан пайда көп шығар-ау.

– Ой, шырақтарым-ай, пайда қылып баюға ойлап жүр дейсің бе. Бәрі жоқшылықтың даңы – тамақ асыраудың жабдығы ғой, – деді.

Тоқанның ұзын бойлы, арық қара қатыны бар, біз келместен бұрын, өлде ерлі-байлы екеуінің арасында бір салқындықтың бар екендігі еріксіз көзге шалынарлық еді: екі-үш жасар бір домалақ қара баланы қатыны қайта-қайта ұрып жылатады, Тоқан бір сөз айтпастан баланы тонына тығып жұбатады.

Айдарбек сөйлегенде Тоқанның қатыны тыста жүр еді. Кезі келгенде бір өшімді алайын деді білем:

– Жұрттың еркегі пайда дегенде өліп кете жаздайды; бұған керегі төрелік, ертең екі мөшке мен шолақ аттан айырылған күні жайың білінер, – деді.

Жас кісілердің көзінше жарлылығын айту Тоқанға ұнаңқырамады. Тымақ бау байлап жатып қатынға ашулы көзімен қарады.

Ұзамай біз жүріп кеттік. Сабалақ жүнді ала төбет шоқандап артымыздан ерді. Уақыт сәскелік. Алашабыр бұлттан оқта-сында күннің көзі көрініп кетеді. Өзен бойына ұзыннан салынған ауылды жағалап келеміз. Кейбір жер үйлерден түтін шығып жатыр. Жалаң аяқ, жалаң бас, азған-тозған кедейдің қатындары қолдары тілім-тілім болып үй сылап жатыр. Ауылдың шет жағында, оңашарақ быжырқай тастар, төбесіз құлауға тұрған ағаш үйлер көрінеді. Бір қарағаннан-ақ мола екендігі белгілі: көңілге салқын, көзге жат тұйылады. Иректеліп салынған қара жол неше бұрылып отырып, ақырында сол молаға соқты. Тоқан көк шолақты ұруын сиретіп, қатарласа беріп тоқтады.

Арбадан түсіп бізге қарады:

– Зиратқа бата қылмаймыз ба?

– Жүрген дұрыс қой, тоңып тұрмыз, – дедік.

«Бұлары несі!» деп таңырқаған төзімденді де:

– Кішкене кідірейік, – деді.

Жүгініп отыра қалып «ағузы, бісмілданы» шұбыртты. Дауысы тарғылданып барылдап шықты. Құран оқып болып арбаға мінісімен-ақ бірдеме айтқысы келген кісідей жыбыршып бізге қарай берді.

– Бұл зират сіздің ауылдікі ғой.

– Біздің ауылдікі.

– Мына бір жаңа бейіт кімдікі?

– Ой, не қыласың, ол бір сабаздың бейіті, – деп арбадан қырындаңқырап отырды:

– Мына ұзын ауыл Алшаң атанады. Бізді Қоспақ дейді. Алшаң, Қоспақ – аты қатар шыққан бір кісінің баласы. Шешеміз Күнетай деген кісі «Алшаңды көтергенде бойыма керіктік пайда болды, бейілім кеңіді, ерімнің кенесіне құлақ салғыш болдым, сірә осы бала ел билеп, жұртты аузына қаратар, жеті ата-

сына шейін көже тоғы үзілмес» деген екен. Сол Алшаң кісі болғанда алты алашта одан асар бенде болмады: ханы да, қарасы да Алшаңмен ақыл салып іс істепті деуші еді әкем. Сол Алшаңның тұқымынан жаңағы ауылда 12 үй бар. Қалған 10 шақты үй – солардың қоңсылары. Осы уақытқа шейін ата дәулеті кеміген жоқ. Ат арқасына мінген жігіттері өте пысық, жолдас-жораға қайырымды. Әсіресе ішіндегі сырбазы Уәли еді. Жаңағы бейіт сонікі. Қайтқанына ай жарым шамасы болады. Кешегі дүниенің түзу кезінде 6 жыл болыс болды. Мен онда раселнай едім. Заманы өтсе де кемдік көрген жоқ, өле-өлгенше ел жұмысын қолынан атқарумен кетті. Орысқа жұмыс жіберуді өлімнен артық көруші еді...

Марқұм былтырғы сайлауда мені шақыртып алып: «Бәріміз бір атаның баласымыз, өзіміз бүтін тұрсақ, бізді жау оңайлықпен ала алмайды; мына сайлау болғалы тұр. Өзім десем, ешкім қолымды қақпас еді, бірақ осы күнгі үкіметке біз онша сүйкімді көрінбейміз ғой. Кедейді жарылқайтын болса, кедейдің бірі сенсің. Басқаның болғанынан, әйтеуір ақылдасып іс істеуге, сенің болғаның артық. Ауылнайлықты алып берейін, сен ауылнай бол!» – деді. Бұрын сөзін қайырып көрмеген адамымыз болған соң лəм-мим деместен бола салып едім. Енді ол марқұм қайтып кетті. Ендігілердің ішінде жұртқа тұтқа болып, ел билігін ала қояды дейтіні жоқ. Арқа сүйерің болмаса, ауылнайлықтан не пайда, шынында біздікі әурешілік қой...

Тоқан ауыр күрсінді. Өткен күндері, Уәлимен бірге сүрген өмірлері көз алдына елестегендей болды. Жасы елудің шамасына келіп қалған болса да, әлі де көңілі жас, орындалмаған тілегі көп тәрізді. Ендігі қалған елге, кейінгі бала-шағаға өзін аға қылғысы келгендей... Әңгіме билігін қолына алып, жалпы елге Уәлиді жоқтатпаспын дейтін адамның пішіні бар. Онысы, көбіне, болыс-билер секілденіп тамағын зілді қылып қырып-қақырынып қоқырайыңқырап отыруынан сезіледі.

Ұзын аққан Тобыл өзенін жағалап отырып, түс кезінде Сәкен байдың ауылына келдік. Төбелеген ағаш үйлер көрінгенде:

– Іргесі бұзылмай тұрған ауылдың бірі осы, мал мен басы қатар өсіп-ақ тұр, – деді Тоқан.

1924.

ЗАМАН

Заман кімге күле қарап жүр: мыңды айдаған байды, үріп ішкен мырзаны, керіле басқан кербез сұлуларды табанына салып илеп жүн қылып, ішер ас, киер киімге зар қылып жүр.

Қырық үйлі қарықболдың ішінде Жайлыбайдан артық кім бар еді? Жайлыбайдың әкесі Сырлыбай – «Киелі бай, түйелі бай»

атанған төртбақ келген, жұмыр, жуан кісі еді. Сырлыбай өлген соң қырық үйлі қарықболдың ішінде Сырлыбайдың аруағын аттаған бенде жоқ: кемпір-шал намаз артынан бата қылғанда «Сырлыекеме тие берсін» дейді; үлкен-кіші сапарға шыққанда Сырлыекесінің аруағына сиынады. Жас қатындары басын кесіп алса да «сыр» деген сөзді ауыздарына алмай, «сырлы аяқ» дегенді «бояулы аяқ» дейді. Бала таба алмаған қатындарға емші кемпірлер Сырлыекеңнің таспығын суға шайып береді. Сөйтіп заманындағы Сырлыекеңнің өзі де, аруағы да сыр бере қоймаған.

Оның бер жағында Жайлыбай болды. Аруақты атаның баласы – бай еді, төрт түлігі сай еді. Жұрт айтқанына көнді, айдағанына жүрді. Ел арасында сыйлы мүшесі, әкімдік билігі Жайлыбай қолында болды.

Жайлыбай кіріспеген іс – іс болудан қалды...

Заман құбылмалы дейді қарттар. Құбыла келе түрлі күйлер шығарды. Жұрттың астын үстіне келтірді, сұрапыл лайсаңда аяқ – бас, бас – аяқ болуға айналды. Көппен бірге заман шалығы Жайлыбайға да тиді: қоралаған мал бітті, қотандағы қой кетті; мал біткен соң сән бітіп, әкімдік биліктің қызығы қалмады.

Жайлыбай өзінен-өзі сырылып шетке шыға бастады. Бір кезде бас иіп шұлғып, айтқанынан шықпайтын жұрт тілін сирек алуға айналды.

Кедейлер басынды.

Жайлыбай басылды.

Оқта-санда өткен күнін көксеп:

– Ой-қой, заман! – дейтін болды.

Бір айналдырған құдай шыр айналдырады, шыр айналдырса, тым айналдырады. Ата бағынан, мал дәулетінен айрылып, ендігі мақсаты аштан өлмей тамақ асырау болып отырған Жайлыбайға ауылнай мықты кесір болды. Нәлөкті көп салады, жиынның бәрін Жайлыбайдың ауылы істейді.

Жайлыбайдың бәйбішесі кең пейілді-ақ адам ғой, шыдайын десе де жаны төзбеген соң:

– Жұрт құдайды неге ойламайды екен. Бізде не қалды деп жүр екен, – дейді.

Желіккен кедей бетің бар – жүзің бар дей ме.

– Берсең өзімізден жегеніңді бересің. Баяғыдан бері төбемізге көтергеніміз аз ба еді?! Біз үн шығармай-ақ шыдап ек қой, – дейді.

Бұған шараң бар ма?!

Бақ малда деген рас-ау, малы кеткен соң бағы кете бастады. Киелі атаның баласы деп жұрт сыйлауын кемітті... Қойшы-қолаңның қатындары да бояуды «сырға» айналдырды.

– Аруағыңнан айналайын қайран атаекем-ай, киелі атың жа-

ман-жәутіктерге қол жаулық болды-ау! Ой-қой, заман!.. – деген бай мен бәйбішенің жүрегі қарс айрылды.

Өзгерген заман өзгергендігін қылады. Көңілге ұнайтын бір іс жоқ, заман өзгерген.

Міне, сайлау, жұрт жиналған. Жиынға келетін кілең жарлылар, ши аяқ балалар жиналған. Бұрынғы кең құрсақ билердің, кербез мырзалардың орнына, тері киген, бұрынғыдай үлкенге сөз беріп, әдеппен тыңдап отыру да жоқ; жап-жас балалар сақалы қауғадай біреулерге:

– Жұрт бүлдіргіш, жебір жауызсың, – деп шақ ете қалады. Мынау шетте отырған, арық пішінді, шоқша сақалына ақ кіре бастаған Байқасқа. Бір кезде аруағы арындап жұртты аузына қаратқан еріннің бірі еді. Ендігі қалпы мүгедектікке айналған.

Көптің сөзіне қосылып бірдеме айтайын деп еді:

– Сізге сөз берілмейді, шешендігіңізді ұсталған ұрыны босатуға жұмсамаңыз! – деп біреуі жекіріп тастады.

Бай болмаса да, байдың салтанатын құрып елге бас болуға тырысып жүрген Ерқожа «мен...» деп шығып сөйлей беріп еді:

– Ерқожа ұры ұстайды, ұрының серігі, – деп жұрт шу ете қалды.

Қайтерсің.

Заман бұзылған!

Талдырмаш бақа сары жігіт әкімсіп книге көтеріп жүр.

– Жайлыекең қайда?

– Жай сұрадың ба?

– Соттан қағаз бар.

– Не қағаз?

– Малайыңызға ақы бермеген екенсіз, сол ізденіп сізге мың сом алтын «решение» салғызыпты...

– Бұл не деген сұмдық! Апыр-ау, құдайдан қорқып, аруақтан ұялмағандарың ба?!. Өгешеден-бүгеше малай ақысын бермеген үшін мың сом алтын айып тартқан кісі көрдіңдер ме?!

Жайлыбай жылады. Бәйбіше дауыс қылды. Бір кезде алты алашты тітіреткен «Жайлыекеңнің» қара шаңырағы, көне тартқан құрымы айыпқа төленуге айналды.

Ой-қай, заман, заман!..

1924.

САХАРДА

Нағима шошыған кісідей ұйқысынан оянғанда, қараңғы түнді таң жарығы жеңіп, терезе бозара бастап еді.

Бір нәрсесі ұмыт қалғандай асығыс тұрып беті-қолын жуып,

дәрет алды. Түнгі астан аяққа салып алып қойған орта тостаған суынған бөртпе мен бір аяқ қара көжені әкеп «сахар» ішуге кірісті.

Таң жарығы ұлғайып, үй іші қаракөлеңке жарыққа бет түзеді. Нағима «сахарын» ішіп, жиып, кешке шейін ораза екендігіне ниет етіп бетін сипады. Бұл ниеті – патшалардың заң-законынан да қатты, өліп бара жатса да тамақ ішуге болмайтын – ант аралас ниет. Өз еркі өзінде, дені сау бола тұрып, адамның өзін-өзі ауыздықтап қатыруы, жөнсіз ашығуы не үшін, кім үшін, неге ділгер?.. екенін Нағима ойына келтірмейді.

Кеше кешке жақын қарны ашып, жүрегі қарайып бара жатқанда осы ой Нағиманың басына келсе де оның себебін тереңіректен іздеуге Нағима көңіліне ерік берген жоқ, ішінен:

– Құдай бұйрығы, бенденің оны тексерерлік қақы жоқ, – деп ойлап, өзін жұбатқан болды. Бірақ, әлдене нәрсе жүректің қараңғы түкпіріне тығылып, бірдеме айтқысы келіп қыстайтын секілденеді. Нағиманың жүрегін лоблытып, мазасын ала береді.

Таң жарығы ұлғайды. Терезеден түскен сәулемен үй іші тегіс жарық бола бастады.

Нағима ойдан серпіліп, дәретінің барында таза ниетпен таң намазын оқып алмақшы болды. Байының қара бөкебейін жайнамаз ғып жайып, білген дұға-сүрелерін оқып, намазға кірісті.

Үй іші құлаққа ұрғандай тынған. Үн-дыбыс жоқ. Табиғат дәл сол минутта кірсіз көңілмен «ғибадатқа» кіріскен Нағиманы қоштап, Нағима үшін бәрі де қол көтеріп, тілек істейтін секілді...

Мына төсекте сақалы ербиіп жатқан қара кісі – осы Нағиманың ері. Кәсібі ағаш шабу. Күн ұзаққа қара балта, қашауы қолынан түскен емес. Түс әлетінде тары көжеге сығай бір тойып, кекіріп отырғаны. Ораза, намаз дегенің бұл кісіден аулақ. Ғибадатың былай тұрсын, қызулау кезінде құдайды боқтап жіберемін деп, Орман ақсақалдың таяғы мұның шекесін жарған болатын. Содан бері Орман қартпен екеуі удай өш...

Жасы елуден асса да байының ғибадат істемегеніне Нағима кейіп те алады. Бірақ, сөгіс естіп қалармын деп қорқып, бұл туралы жұмған аузын ашпайды. Жалғыз-ақ қолынан келетіні – байы үшін де тілек тілеп, соның күнәсін жеңілдетуді сұрау.

Нағима намазды бітіріп, батаға кірісті. Қолын жоғары көтерді. Бәрін де тіледі. Бәрін де сұрады... Көп тілектің ішінен «дұшпан алдында мерейімді үстем қыл!» деген тілек ұшырады. Бұл тілек аузына іліксе, Нағиманың көзіне Рақила елестейді. Рақила мұның дұшпаны. Дұшпан болғанда қаны қас...

Рақила байдың қатыны. Нағимамен замандас болса да, бұдан өзін жоғары ұстағысы келеді. Ондай-мұндай жиында, той-томалақта Нағимамен бірге отырып, табақтас болуға арланады. Араздық бір басталған соң ұлғая бермек. Екі аразды табысты-

ратын да, айыратын да арадағы кісі. Нағима мен Рақиланың арасындағы қатындарда туралық жоқ: Рақиланың жазғы қымызына, қысқы етіне сатылады. Рақиланың түйедей мінін жасырып, Нағиманың түймедей мінін айдай әлемге жайып болады.

Нағима мұны ойлағанда өртеніп кете жаздайды: «Құдай-ау, осы ғибадатым барабарына жұмағыңды бермейтін болсаң да, дұшпанымның алдында мәртебемді үстем қыл!» деп талай жалбарынған. Бірақ, тілегі қабыл болған емес.

Бұған қарағанда Рақиланың істеп отырған изгілігі жоқ деуге болады. Емшек баласын сылтау қып екі жылдан бері ораза да ұстаған жоқ, «сәждеге» басын өміріне тигізіп көрген емес. Оның үстіне, Нағиманың намаз оқып, ораза ұстағанын есітсе: «Әдіра қал, оңбаған күң, жұмаққа бармақ шығар?.. Оған қайдағы жұмақ!» деп кекетеді. Сөйтіп отырса да, оның тілегі қабыл, мерейі әлі үстем, мал мен басы бірдей түгел!

Ой зымырап осы жерге келгенде Нағиманың көтерген қолы үмітсіздікке айналғандай салбырап төмен түседі. Көкіректі ыза кернеп, көздің жасын еріксіз шұбырта бастайды.

– Құдай! – деді, – құдай! Қанша құлдық қып жалбарынсам да, ішуге тамақ, киюге киім таба алмай отырғаныма қарамай ғибадатыңды істесем де, әлі бір тілегімді қабылдап көрген жоқсың. Құлдық қылмаса да, байлардың қатынының тілегі қабыл... Әділдігің қайда?!

Үйқыда жатқан байы оянды. Керілді.

– Қатын, уа, қатын! – деді.

– Ә, – деді Нағима.

– Байғұс-ау, қой деп едім, әлі қоймап па едің? Аштан өлейін деп жүріп ораза, намаз сенің не теңің?.. Байларға-ақ берсейші, жұмаққа солар кіріп қарық болсын!

– Бердім, бердім, – деді Нағима. – Аштық, жалаңаштыққа қарамай бір-аз жыл азаптандым. Көрген бейнетімнен басқа дым жоқ. Мен кіретін жұмаққа Рақила да кіретін болса, бәрібір тыныштық көрсетпес. Салатын тамұғына сала берсін!

Таң тегіс атты. Қыраусыз терезеден көкжиегін күмістеп қызарған күннің сәулесі көрінді.

Үстінен ауыр жүкті алып тастағандай боп, Нағима еркін тыным алып, күндегі үйреншікті жұмысына кірісті. Тезірек ниетін бұзып, шай қойып ішпек болды.

1924.

ЗЕЙНЕШТІҢ СЕРТІ

Ұзын бойлы, ат жақты, қатпар бет, үрпек бас сары жігіт: аты Асылбек, мінезі ауыр, сөйлегеннен ойлауы көп. Бірақ, кейде

қызып кетсе көпіріліп те сөйлейтін әдеті бар. Кейде өзі мінезінен ұялыс тауып, құлағына шейін қызарады. Ұялыс тапқандығын есінде сақтайды білем, кейде орынды жерінде үндемей қалатыны да болады.

Өлке бойындағы елде Асылбекті білмейтін адам сирек. Өйткені Асылбек алғашқы кезде ашық пікірлі мұғалім болып елдің көзіне іліксе, кеңес үкіметі жаңа кезде ауылдық кеңестің хатшысы болып қызмет атқарды. Бармаған ауылы жоқ. Кірмеген үйі жоқ. Қатындардың тірнектеп жинаған майын қадақтап өлшеп, жиып қойған күндері болған. Асылбек май жинаса жоғарғы орындардың бұйрығымен жинайды, оны қатындар қайдан білсін. Білмегендіктен майы аз қатындар Асылбекті ит етінен жек көріп кеткен. Асылбектің өз атын қалдырып «собал» атандырып жіберген.

Ата дәулетінің арқасында сыланып ерке өскен Зейнеш еді. Шешесі Биқасап Күрдебайдың бәйбішесі. Бес биенің сабасындай тұлға бітісінде өзгеше адам. Зейнеш шешесіндей етженді емес, талдырмаш нәзік; бірақ ажары шешесіне тартқан ақ құбаның әдемісі. Мінезі бәйбішеге тартқан женіл деп Зейнешке кінә тағатындар да бар.

Күрдекеме кешегі алалы жылқы бітіп, алаптың бәрін малымен толтырып тасқан кезінде, кімдер қызықпады дейсің. Байға қол артуды екінің бірі мақсат қылатын заман ғой. Талайдан талайды сынай келіп Күрдекең Зейнешті Мақаңның баласына бермек болған. Онда Зейнеш төрт-бес жасар ғана кезі. Одан бері не болмады. Мақаңның алғашқы баласы өліп, Зейнешті кіші баласына атастырды. Кіші баласы Зейнештен бес жас кіші. Оның артынан Күрдекеңнің өзі ол дүниеге жөнелді. Жетім бала, жесір қатын болып Биқасап бәйбіше, Зейнеш, жас балалар қалды. Өзгеріс болды. Аударыспақ, төңкеріспек болып ел іші сапырылысты.

Шұбырған әскердің шалығы елге де тиіп жүрді, бой жеткен қыз, сұлу келіншектерді іздейді екен деген өсекпен Биқасап Зейнештің үстіне тәуір киімін ілдірмей қойды...

Асылбектің Зейнешті бірінші көруі 1920 жылдың жазы еді. Болыстан тығыз бұйрық келіп, ел аралап май жия шыққан. Үстінде тоқыған шекпеннен орысша тіккен, арты жырық пальтосы бар. Баяғы болып жүрген кезінде алған ескі шляпасын жарбитып басып киіп алған Талдыкөл ауылынан лау мініп, Күрдекең ауылының қотанына келген кезде, талдырмаш жас қыз алдынан кес-кестеп өте берді. Асылбек қарап тұра қалды. Арт жағында лаушы жас жігіт келе жатыр еді. Асылбектің ойын сезді білем, жанына қатарласа беріп:

– Көрдіңіз бе, – деп күлімсіреді.

– Бұл кім?

– Зейнеш сұлу. Биқасап бәйбішенің қызы осы. Ерке қыз, кербез қыз...

Асылбек аттан түсіп жатқанда, Зейнеш сықырлауықтың арасынан көзін қадап қарап тұр еді. Зейнештің қарағанын Асылбек сезді. Сұлу қыздың өткір көзі қанжардай қадалып, жүрекке таңба салатын сезім секілденді.

Лаушы – жас жігіт, жылман, судыр. Кешке жақын Асылбекті тысқа шығарып алып:

– Барасың ба, алып барайын, – деді.

– Қой, болар ма екен, көргенімнің өзі бүгін емес пе?! – деп Асылбек қашырық салды.

– Ойбай, сен бала екенсің ғой. Ол бойжеткен қыз болса, сен жас жігітсің. Көңіл білдіргеннің несі айып болсын, сендей оқыған жігіттің қолын бұл қыз қаға алмайды, – деп лаушы жеңсік бермеді.

Әйел туралы жеме-жемге келгенде Асылбектің күйі өзгеріп кететін әдеті бар: тұла бойы қалтырайды, жүрегі алқынып аузына тығылады. Көзі бұлдырап, құлағы шыңылдап ың-жың болып кетеді.

Асылбек едәуір толқыды. Көрмеген, сөйлеспеген қызға сөз салудың қанша жөні бар? «Мырза» адам болса, өз алдына, бірақ, жап-жас басынан не көріпті? – деп Асылбек ол жағынан айнып шыға береді.

Лаушы жігіт қоймаған соң Асылбек рұқсат берді. Өзі теңірейіп, бұзау байлаған арбаның жел жағына таман жатыр. Түн түнере түскендей. Ауыл үйдің арасы жылтыңдаған от. Алаулаған жер ошақ отына ісініп бір әйел біреуді қарғап жатыр, май сұрайды деп Асылбекті қарғап жатыр ма, кім білсін.

– Қазір шығамын дейді, күте тұрсын дейді, – деп аптығып лаушы жігіт келді.

Бір ауыз сөзге келместен көне қалды дегенге Асылбек нанарын да, нанбасын да білмеді.

Үйден біреу шықса Асылбек бүктеліп, көріп қала ма деп қысылады. Көйлегі көлеңдеп аяқ сыбдырын білдірмей басып біреу жүріп келді де, Асылбекке төне тұрды.

– Қош келдіңіз, отырыңыз! – деп, Асылбек үшін сөзді лаушы жігіт бастады.

Сөздің неден басталғанын өздері де білмейді, бірақ дегенше болмай екеуінің құшақтасып, шөпілдесіп сүйісуі анық... Асылбектың айтуына қарағанда, сол түннен бастап «ғашық» болған секілді. Зейнештің ғашық болғаны, болмағаны мәлімсіз. Бірақ алқынған жүрек, айқасқан білек пен екеуінің ақтық айтқан сөздері мынау еді:

– Сертке жету керек!
– Жету керек!
– Солай ғой?
– Ия!
– Әкел қолынды!
– Мә!..

* * *

Бесіннен төмен түскен кез. Аптап ыстық бәсеңдеген, көлеңке басын ұзартып, самал есе бастаған. Биқасап бәйбіше көленкеге бөстекті төсеп жіберіп, қамзолын желегейлеп жүн түтіп отыр. Мыжырайған қара кемпір жүн шүйкелеп, аяғына орап шүйкені есіп отыр. Оқта-санда алақанға бір түкіріп, бәйбішеге көзінің қырымен қарап қояды.

– Зейнешжан, неғып жатырсың, тұрсайшы, күн кешке айналды ғой.

– Басым ауырып жатыр, – деген жіңішке, нәзік, сыңсыған дауыс естілді.

– Ауырып қалып жүрмесе жарар еді! – деп Биқасап күрсінді.

Қара кемпір үйдің сырт жағына көзін қадап қарай қалды.

– Неге қарадың, жай ма?

– Мына арбалы осында ентелеп келе жатыр.

– Құдайға жаздық-ау, қонақ та қонақ, көз ашар күніміз болмас білем. Жетім бала, жесір қатын еді деп аяуды да білмейді. Қонақасы бермесең көздерін алартып кетеді, – деп Биқасап кейіп, бірталай сөз айтты.

– Біреуі орыс білем.

– Милиция болмасын...

– Ат жеккізе жүрген шығар.

– Аты жоқ болса үйінде отырса қайтеді екен? Жүрген құрлы міндетсіп болатындығы несі екен?

Қылышын сүйретіп милиция, боқшасын сүйретіп ауылнай – екеуі қатарласып көлеңкеге келіп отырды.

– Сабалақ қайнымбысың, орысың кім?

– Орыс милиция, жұмысы осында көрінеді.

– Лау жегетін шығар.

– Жоқ.

Бәйбіше селк еткендей болып, ауылнайға қарады. Ауылнайдың ұйысқан сақалын, тарғылданған бетін, аларған көзін көргенде ашуы келіп кетті білем, кейіп сөйледі:

– Лау мінбейтін болса менің көркімді көріп, қызымды айттыра келді дейсің бе?!

– Қызынды айттырмай әкететін шығар.

– Қой, сандалмашы, жөнімен ойнасайшы! – деп бәйбіше сілкініп сала берді.

Ауылнай жөнін айтты.

Бәйбіше ойбайын салды. Бара Зейнешті құшақтады.

– Қалқам Зейнешжан, байым өлгенде де күйігімді басқан сен едің. Інілерің болса жас. Мені өлтіресің ғой. Мені өлтіріп кет! Тілімді алмасаң емшегімді көкке сауам, қолымды теріс жайып қарғыс берем!..

Ауыл адамдары үй ішіне сығылыса толды. Бастарын шайқап төр алдына ақсақалдар отырды. Бәйбішені есіркеп бәрі де көздерін жаспен шылады. Зейнеш көпке шейін үн шығармай бедірейіп отырса да, өзін-өзі ұстай алмады, көзі жыпылықтай, жас мөлдірей бастады.

– Қане, қалқам, не айтасың? – деді шешесі жылап.

– Алданған екем, – деп Зейнеш те жылап жіберді.

* * *

Домаланған қара жігіт жазу столына отырып, омырау қалтасынан тарағын алып, шашын тарады. Мойнындағы ақ жағасын қолымен дұрыстап сипап қойды. Алдында жатқан қағазды біртіндеп ақтарып отырып, көзінің астымен қарсы отырған Зейнеш пен шешесіне қарады. Зейнеш ойында дәнеме де жоқ, шешесі үрейленген тәрізді отыр.

– Кіруге мүмкін бе? – деп қаба сақалды жуан қара есіктен басын сұқты. Көзі түксиіп өтіп барады.

– Болмайды, рұқсат жоқ! – деп, қара жігіт, милиция бастығы, жауапты қысқа берді.

Бір елдің айбынды ақсақалына, қаршадай болып отырып секіріп жауап бергендігін Биқасап ұнатпады. «Азған бала ғой» деп ойлады.

– Бәйбіше, сіз де тысқа шыға тұрыңыз! – деді милиция бастығы.

– Көтек, онысы несі?.. Қызымды тастап мен қайда бармақпын.

– Қызыңыз ешқайда кетпейді. Жауап алғанда бөтен адамның болмауы керек...

Биқасап жесірлігін айтып жыламсырай бастады. Сөзге түсінбеген бәйбішеге милиция бастығының ашуы да келді. Әйтсе де қатаңдыққа бармай, жайлап түсіндіріп, бәйбішені алдыңғы үйге шығарды. Шығарды деген аты болмаса, Биқасап есіктің алдынан кеткен жоқ, әлсін-әлі басын сұғып қызына қарады. Көзінен таса болды дегенше, қызын кетіп қалғандай көреді.

Милиция бастығы қыздан жауап алып отыр.

– Мынау арызды өзіңіз жаздыңыз ба?

– Жоқ, мен ешкімге арыз бергенім жоқ...

– Асылбекке уәде бергеніңіз рас па еді?

– Жоқ... – деп Зейнеш күрмеліп жауап берді.

Милиция бастығы аң-таң болып, Зейнештің қысылып қызарғанын бақылап отырды.

– Асылбекке мына хатты жазған сіз емес пе?

Зейнеш басын көтеріп, тігулі істің арасындағы жалбыраған бір жапырақ қағазға қарады. Таныды. Бетінің қызылы бұрынғыдан да артты. Бұдан бір ай бұрын Асылбекке «сағындым», «бір көруге ынтықпын!», «сенсіз өмірдің қызығы жоқ!» – деп өлердегі сөзін айтып жазған хаты осы еді. Хатының ішінде «...қайтсең де мені жаныңа ал! Баяғы сертті орында!.. Сені күтекүте екі көзім төрт болды... әжем менің ажарыма қарайтын емес, ақсақалдармен бірігіп, бір жауызға беріп жібергелі отыр...» деген сөздері де бар еді. Осы хатын негіз қылып, Зейнештің атынан арыз жазып Асылбек ізденіп еді. Милиция елге шыққанда «тұтқында отырған» Зейнешті құтқарғалы барған. Милиция бастығының ойы қызды сүйгеніне қосып, әйел бостандығына қарсы келгендер болса, сотқа тарту еді, Зейнештен оңаша жауап алғанда осының бәрінің анығына қанармын деп еді...

– Ия, бұл хат туралы не айтасыз? – деп милиция бастығы Зейнешке күлімсіреп қарады. Зейнеш бір қызарды, бір бозарды. Ерні қалтырап не айтарын білмей састы...

Милиция бастығы қоңырауын шылдырлатып еді, қылышын салақтатып бір милиция кіріп келді. Зейнеш апалақтап қалды. Биқасап сұрланып есіктен басын сұқты.

– Бар, Асылбекті шақыр.

Милиция бастығының даусында ашу білінді.

Ербиіп Асылбек кірді. Зейнешке қарап күлімсіреді.

– Зейнешжан, аман ба?

Зейнеш тұқырайып төмен қарап, қолымен ілгегін ұстай берді. Есіктен Биқасап кіріп келіп, Асылбек пен Зейнештің арасына кесе тұрып, Асылбекке шаптыға сөйледі.

– Не қылған иттің баласысың. Ашылмаған уызым, жарылмаған қауыным еді... Өтіріктен өтірік бәле салып, осы қалаға шұбыртқандай не жазып едік?

Милиция бастығы әрі-бері айтып көріп еді, бәйбіше тоқтайтын болмаған соң, ашуланып жанына келді:

– Бәйбіше, манадан бері қазақшылық қылып сыйлап едім, ол қадірімді білмедің. Бұл тұрған жерің ауылдың қотаны емес, кеңсе, малайға секіріп әдеттеніп қалған шығарсыз, назыңызды ауылыңыз көтергенмен, біз көтере алмаймыз. Тіл алсаңыз, мына алдыңғы үйге шыға тұрыңыз, әйтпесе жауап біткенше қаматып қоямын!..

– Ойбай-ау, қалқамды тастап, қайда бармақшымын?! – деп Бикасап бәйбіше жыламсыраса да, милиция итермелеп алдыңғы үйге шығарды...

Серттескен екі жасты бетпе-бет қойып, милиция бастығы арасында төреші сықылданып отырды...

Зейнеш үндемеген соң, Зейнеш басын көтермеген соң Асылбек қызараңдап қысыла берді. Мен айыпсызбын, қайтейін дегендей болып жалтақтап милиция бастығына қарай береді. Сөйле дегендей болып милиция бастығы Асылбекке ым қақты.

– Зейнешжан, саған не болды?.. Уәде осылай ма еді?!

– Қане, сөйлеңіз, қарындас! – деді милиция бастығы.

Зейнеш тұқырайған күйі омырауындағы ілгегін, алқым бауын ұстап, бар ынтасын соған аударған адам секілденіп, отырды да қойды. Асылбектің, милиция бастығының сұрауын есітпей отырған жоқ, соған не жауап берерін білмей отыр. Асылбекті бір уақыттарда жақсы көрген секілді еді, ауылы болып ортаға алып, бәрі бірдей жамандаған соң, солай шығар-ау деп, Зейнеш те қосылып, Асылбекке тимеймін деп еліне серт беріп еді. Ауылынан шығарда Асылбекті жек көрген секілді еді... Қазір бетпе-бет көрген соң, ол қалып өзгерді. Мынау солбырайып тұрған Асылбек. Адам қызығатын түрі де жоқ. Әйткенмен о баста бір ұнатқан көңілі тез суи қоя ма, бетіне тура қараса, Зейнештің еркі кететін секілді. Еркі кетсе шешесін жылатып, Асылбектің соңына еру керек!.. Елдің сөзіне қарағанда, атаананың ризалығын алмай кеткен қыз барған жерінде де оңбайтын көрінеді. «Пәленшенің қызы қашып кеткен екен, барған жерінде пері соғып, аузы-мұрны қисайып кетіпті...» деген секілді өсекті ел көп айтады...

Ілгегін шұқылап отырып, көзінің астымен Зейнеш Асылбек тұрған жаққа қарады. Асылбектің өкшесі қисайған орыс етігі, тізесі қалталанған жамаулы шалбары, арбиған тарамыс қолы көрінді. Оң қолында Зейнештің «өзімдей көріп жүр!» деп берген балдағы салулы тұр...

– Қане, қарындас, уақыт оздырмаңыз, бірдеме айтыңыз!

– Маған не айт дейсіз!

Милиция бастығы сұрауларын бейнелеп тағы бір айтып кетті.

– Бірінші – арызды берген мен емес деп отырсыз; екінші – мына хатты кімнің жазғанын айтпайсыз, үшінші – Асылбекке уәде беруіңіз рас па? Осыған ашып жауап берсеңіз екен!..

Зейнеш тұқырайып отырған күйі:

– Еш нәрсе білмеймін, – деді. Даусы естілер-естілмес болып шықты.

Асылбек көзі жыпылықтап жылармаңға келді. Милиция бастығы күрсінді.

– Асылбек, қынжылма! Сенде жазық жоқ. Қыз сүйем деген соң, сен аламын дедің. Мені құтқар деп хат жазған соң, сенің ізденуің рас. Мұның үшін біз сені айыптамаймыз. Қазақ әйелінің қолын тендікке жеткізу бәріміздің борышымыз. Осы борышты біз өтейміз дегенде, әйелдер бізге серік болуы керек... Әйтпесе бүгін жылап мұңын айтып, ертеңіне ел сөзінен шыға алмай, түк білмеймін деп отырса, өмірге ісіміз оңбайды... Қарындас, қаталасып отырсың. Ата-ана ешкімге жолдас болмайтын. Ағайын азғырса мал үшін, сені сатып олжа түсіру үшін қызығады... Асылбекті о баста сүюің рас болса, бұл жерге келгенде бұлтақтауыңның жөні жоқ еді. Бірақ қайтпек керек, амал жоқ, барыңыз, жолыңыз болсын! – деді.

Мандайынан тер бұршақтап, сүйреліп Зейнеш шығып кетті. Асылбек сөз қатпастан тұрған орнында болбырайып қатты да қалды...

* * *

Сот мекемесінің алдында он шақты арбалы тұр. Жүлделері шыққан, ыстықпен быршып терлеген. Ылғи жуан шоң желкелер үйдің көлеңкесінде, көшенің тақырында ауылдағы секілденіп алқа-қотан отыр.

– Қане, арызды жазып болдыңыз ба?

– Жазып болдым.

– Не жаздыңыз, оқыңызшы!

«Сотқа Қаратау болысы, 3-ауыл, Зейнеш Күрдебай қызынан.

Арыз

Жасым 15-те, күйеуге шығу дегенді әзір ойлағандай болғам жоқ еді... Жұлдыздың 10 күні милиция келіп, «сені қалаға алып барамын» деді. Ықтиярсыз келдім. Келген соң анықталды. Мені алдырушы Асылбек Қалақбасұлы екен. Мен Қалақбасұлына тиемін деп еш уақытта сөз берген емеспін. Милицияға менің атымнан беріліп отырған қағазды подлог деп тануларыңыз керек.

Кеңес өкіметінің әйел бостандығы туралы шығарған заңға сүйеніп, байға тию-тимеуде мен өзімді ерікті деп санаймын. Оның үшін соттан өтінемін: менің сыртымнан подлог арыз берген және мені машақатқа салып, абыройымның ашылуына себепші болған Асылбек Қалақбас баласын заң бойынша жазаласаңыздар екен.

Арыз иесі: Зейнеш Күрдебай қызы».

– Бәрекелде, қалдырмай-ақ жазған екенсің, – деп отырғандар мақтасты. Арыз жазушы көтеріліп, жымындап қойды.

– Мә, шырағым, арызды өз қолыңнан бер! – деп қағазды Зейнешке ұсынды.

– Құдай-ау, сәтін бере гөр, қызымды алмақ түгіл, босағамда отырып бір аяқ саумал ішуге жарамайтын Қалақбастың баласының-ақ ызасы өтті, – деп бәйбіше шіміркенді.

– Сәтін сұра, бәйбіше, осы күннің ыстығына шыжып, бәріміз бір намыс үшін келіп отырған жоқпыз ба? Әруақ жар болса, енді, ол бала құтылып кете алмас. Одан да үлкенмен шекісіп көргеміз! – деп шеткі жуан көтеріле сөйлеп, бес батпан кір орамалмен бетінің айғызданған кірін сүртті.

Зейнеш сұрғылданып, талдырмаш саусағымен бүктелген қағазды ұстап, соттың есігіне қарай майда басып жөнелді...

1933.

ТҮЙЕБАЙ

Біздің ауылдың жайлауы Қоржынтомар дейтін жер. Қоржынтомар екі жағы қоржын секілді бүйірлі, ортасы үзіліс – алшақ. Томардың ортасы Құрақты көл; біздің ауыл ылғи күншығыс жағында отырады. Ауыл отыратын жағында томардың кезең суаты бар. Бала-шаға күн ұзаққа сол суатқа суға түсіп, ішіміздегі бойшаңдарымыз орталықтағы құраққа да барады; ең жаңа көшіп келген әзірде, құрақтың ішінде, ескі қамыс саңылтырларды судың бетіне жинап үйіп, шағала жұмыртқа салады. Өзіме тете ағам бар; менен екі-үш жас үлкен болғанмен, менің бойым онықінен аласа емес. Суға түскенде көбіне соған ілесіп, қамысқа барам. Жалтыр тайыздап сала береді. Жұмыртқа іздейміз... кей жерлерде су бетінде қалқыған ұя, шағып тастаған жұмыртқаның қабықтары кездеседі.

– Балапанын шығарып әкеткен ғой, – дейміз.

Кей кездерде ырысымыз жеңсе, қалқыған ұяның үстінен тап-тарғыл болып жатқан шағаланың кішкене сопақ жұмыртқасы кездеседі.

Ел биыл жайлауға соңырақ көшіп келген. Екі-үш күннен бері Қоржынтомарды аралап бітірдік. Мәз жұмыртқа тапқамыз жоқ.

Қоржынтомардың күнбатыс жағындағы өзектің аңғарында Қарақоға дейтін кішірек көл бар. Қарақоғаның суы тайыз, қоғасының арасы түйенің өркешіндей бұйраланып жатқан томар. Сол томарларға шүрегей үйректер жұмыртқа салады. Басқа үйректер де кенже салатын болғандықтан шүрегейдің жұмыртқасы ел жайлауға қанша кешігіп келсе де, уыз болады.

Талай аралап алғанымыз бар, томардың қуысына салып бетін шөппен бүркеп кетеді екен...

Қарақоға көз ұшында көрінгенмен біздің ауылдан екі-үш шақырым шамасы бар. Оған барған адам кешсіз келе алмайды. Бұрын қол бос кезде кілең бала қосылып, салып ұрып жүре беруші едік.

Биыл олай болмады. Ауылдағы балалардың бірі бос емес, бәріміз де оқудамыз, молдамыз байдың үйінің ұстаған молдасы, түбі қожа ма, сарт па әлдекім. Сұрғылттау келген адам, шоқша сақалы бар. Мұртын тайқита қырып, көзіне сүрме сүртіп төрт көзденеді де жүреді.

Менің тәуге оқыған жылым ғой, молданың қандайының жақсы, қандайы жаман екенін мен қайдан білейін: менен басқа бұрыннан мектеп көрген балалар өзара: «Өте қатаң молда» деп сөз қылысады.

Мен әжемнің кенжесімін. Кенжесі болғандығымнан шығар деймін, бөтен балаларынан гөрі мені еркелеткен секілденетін еді. Киіз үйге шыққан соң мені молдаға тәу апарып бергенде де:

– Молдекесі, кенже балам еді, өзі өте қорқақ, тым ұра бермессіз, – деген. Оның үстіне бейсенбі сайын тоң май болса, жұқа нан пісіріп, молдекемді қонақ қыламыз. Қонаққа ылғи мен өзім шақырамын.

– Молдекесі, шөкіртіңе батаңды берші, – деп, келген сайын әжем бес тиындық қара бақырды бармағына қыспай жіберген емес.

Осындай мәпелегеннің арқасында мен таяқтан сау болдым.

Басқа балалардың бәрі де жұма сайын шақырады, шақырмайтын жалғыз-ақ Түйебай. Түйебайдың әкесі көрші ауылдағы Ермағамбет дейтінде малайлықта. Қатыны, екі баласы біздің ауылда. Жұлым-жұлым қара үйі бар. Ата жөнінен бәрімізбен тумалас.

Қатыны Есмағамбеттің үйінің малын сауады. Түйебайды шешесі молдаға берді. Түйебай тентектеу, көбіне шешесінің тілін алмайды. Сол өшін алайын дегендіктен бе, шешесі молдаға тәу апарғанда:

– Тентек болса, ұрып-ұрып қой, еті сенікі, сүйегі менікі, – деді.

Бәріміз бірге оқыдық, сабақтаспыз, зеректігі бізден кем емес, бірақ бастап оқығаннан-ақ Түйебайға молданың қылығы келіспеді. Алғашқы кездерде «ақымақ, хайуан!» деп сөгетін болды. Жүре-жүре құлағын бұрайтынды шығарды. Бірқатар оқыған жиырма шақты баланың ішінде Түйебайдан бұрын таяқ жегені болмады. Кешкілік жат сабақ жаттатады. У-шу болып ауылды басымызға көтереміз.

Екінді әлетінде, биені ағытып жатқан шамада, тыңдатады. Алдымен кезек Түйебайға келеді. Мүдірмей айтып шығып кетсе амал жоқ, әйтпегенде қамшымен сыдырып салады. Бірақ Түйебайдың бір қасиеті, қанша таяқ жесе де, көп жыламайды, мұқап жасымайды.

Жайлауда ел арасы жиі. Бір белестің астында апам ауылы бар. Бір күні әжем екеуіміз сонда барып қонып, ертеңіне келдік. Кешірек келсек сабаққа бармайтын едім, екіндіден жоғары болған соң әжем:

– Сабағыңа бар, – деді.

Бір күн болса да, мойным босап, босаңсып қалған екем, имандығымды қолыма ұстап, еріне басып келе жатыр едім, артымнан біреудің даусы естілді. Қарасам Түйебай екен.

– Сабаққа барасың ба, – деді, жаныма ентігіп жүгіріп келіп. – Әжем бүгін науқастанып қалып, бұзау кетіп қалған екен, соны жаңа зорға тауып әкелдім, – деді.

Кешігіп қалған баланы молданың ұратын әдеті. Мен қорықпаймын, әжем кеше сұрап алған, Түйебайдың сылтауы шамалы, сондықтан оның таяқ жейтініне менің де, өзінің де көзі жетеді.

Бетіне қарап:

– Молда сені ұрады ғой, – дедім.

Үндемеді. Келе жатырмыз. Анадайдан балалардың бір шуылдап, бір басылған өндері естілді. Адамның беттегісі келмейді, бірақ амал жоқ.

Мен алдында, Түйебай кейін, сәлем беріп кіріп келдік. Молда тізерлеп, тізесінің үстіне кітап қойып, қауырсын қаламмен бірдемені жазып отыр екен. Көзін сүзе қарап, Түйебайға қадала қалды. Ашуланғанда, ортасын қырқып тастағандықтан делдиіп тұрған мұртының жебесі тікірейіп қозғала беретін. Бұл жолы да солай болды. Кітабын сандықтың үстіне қойып:

– Неге кешіктің? – деді.

Түйебай үндемей тізелеп, бүкірейіп отырып, имандығын аша бастады. Үндемеген сайын молданың ашуы үдейін деді.

– Неге үндемейсің, доңыз, жат бері, – деп қолындағы екі айыр қамшысымен сандығының жанын көрсетті. Түйебай барып жата алмады, сен тіл алмайтын кім едің деп молда қамшымен осып жіберді.

Түйебаймен қатар отыратынмын. Екі айыр қамшының бір тармағы көйлекшең иығыма тиіп кеткенде, ыршып түстім. Түйебай «молдеке» деп өкіріп қоя берді.

Басқа балалар таңсық көргендей, алғашқы кезде баяулаңқырап оқыса да, қамшы тарсылы шыққан соң бәрі де дауыстарын үдете бастады.

Түйебай өксігін баспай кешке шейін жылады.

«Оқы!» деп молда құлағын бұраса да, алақанмен шапалақтаса да, жылауды үдетпесе, қойған жоқ.

Екінді әлетінде жат сабақ тыңдатты. Мен білмей қалдым. «Ақымақ!» деп молда қамшысын көтеріп алғанда, жаным шығып кетті ме екен деп едім, еңіреп қоя беріппін. Бірақ ұрмады, басқа балаларды жіберіп, Түйебай екеуімізді алып қалды.

Екеуіміз жылап отырмыз... Күн бата босатты. Бәледен құтылғандай жүгіре басып жөнелдік. Түйебай өксігін әлі басқан жоқ. Ауылға жақындай бергенде маған қарап көзін жеңімен сүртіп:

– Сен ертең келесің бе? – деді.

– Сен ше?

– Келмеймін, – деді. – Шоқынып кетсем де, енді молданың алдын көре алман! – деп өкіріп қоя берді. Аяп кеттім, менің де көзіме жас келді.

* * *

Түйебай содан кейін молда бетін көрмеді. Он-он бес күн елде бос жүргеннен кейін әкесі келіп, «оқымайтын болсаң мен сені қойдың соңына салайын» деп апарып біреуге жалдағандығы естілді.

Ә дегенше жаздың қызықты кезі кетіп, жұрт шөп шабуға кірісті. Әлі келетін үйлер қостап шықты. Біздің үйдің қостап шығаратын әлі жоқ. Шөп шабарда жылда өзенге көшетінбіз. Биыл да көшпек болды. Көшумен бірге менің оқу мәселем де қозғалды. Бірсыпырасы: «Байдың үйіне тастап кет, оқысын!» деді; әжем онша сынай бере қоймайды. Әжемнің қалпын сезген соң «қалмаймын» деп қиғылық салдым. Ақырында менің тілегім қабыл болып, үймен бірге кететін болдым.

Байдың үйінен көшуге пар өгіз сұрап алды. Түс ауа үй жықтық. Бізбен бірге көшетін 45 үй. Бесін кезінде көш жөнелді. Құлын күнінде жездемдікі берген торы құнанды ерттеп мініп алып, Тәңірберген шалмен екеуіміз сиыр айдадық. Күн ыстық, бұрқыраған жолдың шаңы тіп-тіке аспанға ұшады. Ұзамай Алакөлдің тақырына жеттік. Жолдың күншығыс жағында бір кішкене қара қоға бар. Қара қоғаның басында жусаған қой көрінді. Сиырдың аяңына ішім пысып келе жатқандықтан, құнанымды борбайлап жіберіп, шауып отырып жетіп бардым. Шетте жатқан қойлар дырылдап үркіп жігірісті. Қойдың көл жағынан «шәй-шәйлап» бір бала түре келді.

– Түйебай!..

Шұрқырастық та қалдық. Өзі жаяу, жалаң аяқ, ерні кезерген, тілінген. Үстінде шоқпыт-шоқпыт қима шапанның жұрнағы бар.

Елді, балаларды сұрады. Менің жаныма келіп құнанымды мақтады.

Әлденеге қызығып, телміріп қарады. Көз қарасында «Сен бақыттысың ғой» деген сөз бар еді.

Жазды күні молдадан таяқ жеп, күн бата екеуіміз қайтқанда Түйебай маған осы көз қараспен қарап еді. Онда да «Сен бақыттысың ғой» деген сөзді аузымен айтпаса да, көз қарасы еріксіз білдірерлік еді.

Мен көп тұрдым. Көш ұзап кетті. Мардымды еш нәрсе сөйлесе алмадық. Бірақ, бірімізді біріміз қиып кете алмайтын секілденіп тұрдық.

Мен:

– Қойды неге ат мініп бақпайсың, – дедім. Аты болса екеуіміз жарыссақ, адам айтқысыз қызыққа бататын секілдендік.

Ол күрсінді.

– Ат бермеді, – деді.

Молданың ұрып жәбірлегені секілді, байдың да ат бермей, жәбірлегені көрінді. Бірақ «шоқынып кетсем де, молданың алдын көрмеймін» деп айтқаны секілді, «аштан өлсем де, байдың қойын бақпаймын» деп сол сағатында Түйебай айта алмады. Оны айтатын өзінде құдірет жоқ секілденді. Мен жүріп кеттім. Көз ұшындағы белеске шығып артыма қарасам, көлдің қабағына қарай өрген қойының артында, екі көзі менде, Түйебай әлі қараумен тұр екен...

ӘДЕТ ҚҰШАҒЫНДА

I

Әбілбайдың үйі абыр-сабыр болды да қалды: Әбекеңнің өзі тұрып төр алдындағы тері көрпесін сілкіп салды. Қатыны Жамал есік жақтағы шылапшын-құманын, аяқ-табағын жинастырды. Қызы Сақып шағырдан буған қаукиған сыпырғышпен үйдің ішін сыпыра бастады. Үй ішінің әзірлігі бітер-бітпесте қамшысын сүйретіп шоқша сақалды, қара торы жігіт үйге кіріп келді. Бұл – Байбол еді.

Әбекең де, қатыны да жалпылдап амандық сұрап жатыр. Сақып әйел бала ғой, я отырарын, я сыпырарын білмей сыпырғышты ұстаған күйі аңтарылып тұрып қалды.

– Келін-кепшіктің дені сау ма? – деп Әбекең амандық сұрауды ұзата берді.

– Екі қабат деп еді, әзір босанған жоқ па? – деп Жамал да қосарланып қалмайды.

Байбол маңызды кісі секілденіп, алғашқы әзірде «шүкір» деп ерін жыбырлатудан алысқа бармайды. Белиндегі белбеуін шешіп жерге қояйын деп еді, Әбекең жалма-жан ала салып, жүктің үстіне қойды. Аяғын көсіліп жіберіп қалтасындағы былғары сауытты алдына қойып махорқадан шылым орай бастады. Шы-

лымды тартып арқасын жүкке тірей отырған соң көзі бірден Сақыпқа түсті.

Сақып ажар жағынан бірсыпыра қыздың тәуірі еді, орта бойлы, аққұба келген, талдырмаш қана. Кісіге тура қарамайды. Жасы он бес-он алтының шамасында. Бірақ жасы жас болғанмен ұялшақ екені көрініп тұр; Байбол қарағанда Сақып қып-қызыл болып төмен қарап кетті. Ұялып қызарғаны, сызылып төмен қарағаны бір түрлі жарасып тұрған секілді еді.

– Қатын, тұр, мал алдыр, – деп Әбекең Жамалды жұмсады.

Малды Жамал барып әкелмейді ғой. Әбекеннің бұл жұмсауы – мал соятындығын қонаққа білдіру үшін секілді еді.

Әшейінде қалай болса солай жүретін Жамал бұл жолы сызылған секілді болып, маңайындағы шөпті қолымен теріп, от басына лақтырып, маңызданып есікке барды. Төмен қарап ұялып, сызылып тұрған Сақыпқа:

– Қарағым, су тасы, әкең қонақ жанында отырсын, мен мал алдырайын, – деді.

Жамалдың бұл сөзінен «байымнан сұрамай-ақ қандай тоқтыны соятынды білем» деген мағына аңғарарлық еді, бірақ ол қалпында тұра алмады, далада кішкене тұрды да есікке келіп:

– Әй, мұнда келіп кетесің бе? – деді.

Бұл – «қандай тоқтыны сойдыратынынды мен қайдан білейін, өзің алдырсайшы» дегені еді. Әбекең тысқа шығып, қолы бос Жақынбайды шақыртып алып, тоқтыға жұмсады. Жамал жерошағының күлін аршып тезегін қалай бастады. Сақып екі шелекпен ерсілі-қарсылы құдыққа қатынап, су тасыды. Ұзамай тоқты да сойылып, үйткен бастың, сирақтың иісі мұрынды жара бастады.

* * *

Байбол осы елдегі епті жігіттердің бірі. Азырақ орысша оқығаны да бар. Оны-мұны көріп ысылған жігіт. Бірақ ел арасында қадірі шамалы. Сөзінде тұрлау, ісінде береке жоқ. Өз құлқыны үшін нені болса да сатып кете беретін жігіт. Дұрыстықтан көрі «бармақ басы байды» сүйетін қалпы бар. Осының бәрін көріп-біліп отырған соң елдің қаны ұйымайды. Әйтсе де бірер істі болып қалғандар, не қыларға білмей сасқандар Байболды іздеп табудан тайсалмайды. Өйткені Байбол орысша білгеннің үстіне уезде тұрған әкімдердің кейбіреуімен жақындығы бар екен деген сыбыс бар. «Сот мекемесінде отырған бір азаматпен әкей-үкей олжаны бөлісіп алады екен», – деген лақап елге көптен тараған. Сондықтан, әсіресе сотты болған адамдар Байболды іздейді.

Биыл жоқ жерден Әбекең сотты болды. «Құдайдан сұрап ал-

ған» жалғыз қызын керей Тәжен дегенге құда болып беріп еді, әлдекім газетке жазып, сот шақырып жауап алды. Жазалы болатын түрін байқаған соң, Әбекең шауып Байболға барған. Тәженнен киітке мінген құла атты беріп, ісін жаптырмақшы болған.

Міне, содан бері Әбекең Байболды жанындай көреді.

Байбол туралы бұрыннан айтылып жүрген өсектің бәрін де өтірікке шығарады:

«Күндегендердің айтып жүрген өсегі ғой. Алтынның қолда барда қадірі жоқ болғанмен, орыс төрелеріне қадірі бар көрінеді; соттың бастығы ұшып тұрып қолын алды», – деп Әбекең аспанға шығара мақтайды.

Әбекеңді жоқ жерден құтқарып жіберген соң, бұл ауылдың басқа адамдары да Байболға көзқарасты өзгерте бастап еді, бұл ауыл түгіл дүшпан болып сырттан жамандап жүретін кісілер де, Байболға бетпе-бет келгенде, жайдары сөйлесіп, ойында не барын сездірмеуге тырысатын еді. Оған себеп: бірер жұмысқа керек болып қалар деп бір ойласа, екінші жағынан «құдайдан қорықпағаннан қорық» дегендей, жоқтан пәле тауып басымызды сотқа байлар деп ойлайтын еді.

Кешкі салқында, көлеңкеге төселген кілемнің үстінде, шынтағында жастық, Байбол жатыр. Ауыл адамдарының бәрі алқақотан отырып сөз тыңдап отыр. Әбекең бәйек болып Байбол сөйлеген сайын «солай, солай» деп қояды. Жұрт тыңдаған сайын Байбол сөзді өрлетті, өміріне газет оқымаса да «германда пәлен болып жатыр, Қытайда төлен болып жатыр...» – деп, болуы мүмкін емес әңгімелерді де жіберіп жатыр. Ел жайы өзіне мәлім, мынауы теріс дейтін адам жоқ екенін біледі, сонан соң несіне тайынсын.

Бір кезде басын көтеріп алып, жұмық көзін бұрынғыдан гөрі де қыса түсіп, мұртының жебесін қолымен бірер бұрап қойып, жанындағы шалға:

– Қарт! Бұл сұрап отырғаныңыз үкіметтің сыры ғой, мұны білсек те біз ашып айта алмаймыз. Егер айтсақ ол жұртқа жарияланып кетсе, қылмыс заңының 232–233 статьясымен сотқа тартыламыз, – деді.

Жанындағы шал да, басқа отырғандар да «сотқа» деген сөзді есіткен соң үрпиісіп қалды.

– Әй, Сәке-ау, қайдағы сөзді қозғайсың-ау, сондайдың не керегі бар, – деп Әбекең кейіп қалды.

Шал азырақ апалақтаса да:

– Мен айтсам, Байболды өзімсініп айтып отырмын, басқа адамның алдында аузымды ашам ба екен? – деп, жұбауратқан болды.

Шынында шалдың сұрағаны, қылмысты іс емес еді, шал – былтырғы болыс болатын Күрлеуіттің бір жолсыз ісін айтып еді, Күрлеуіт сол ауылдағы Ызыңбай дегендікіне түсіп отырса, Ызыңбай қауқылдап сөйлеп отырып, бір ретте: «осы, болыс шырағым, үкімет басына отырғанда бітіргендерің қайда? Товар әлі арзандаған жоқ, нәлөк көп. Ең арғысы темір жолдарың да баяғы Николайдың салған жолы. Себеп болғанда істеген бір істерің жоқ...» – дейді. Күрлеуіт әбден тыңдап болып, сөмкесінен қағаз алып, шалға протокол істей бастайды. Алпысқа келген шалды түрмеге жіберу оңай ма? Ауылы болып жалынып, аздап айып беріп, шалды зорға құтқарып алады... Міне, осыны айтып келіп, Байболға басқа адамның бұра басқанын үкімет көргіш-ақ, іс басындағылардың бұзықтығын үкімет тергей ме, әлде баса тоқып жүре бере ме?! Күрлеуіттің былтырғы бізге істегені қиянат-ақ қой... – деп сұрау қойып еді. Бұл сұрау Байболға ауыр соқты. Іс басындағы адамдар да сотқа тартылды десе, өзінің толып жатқан қылмысын ашып, жұрттың жабылып кетуі мүмкін. Сондықтан, бұл сөзге жұрттың ауызын үйір қылмайын деген оймен, «үкіметтің сыры» деп шошындырып жатқаны еді. Қылмыс заңының басқа статьясын білмесе де, қалың мал туралы сотты болғандарға жеңге болып жүріп құлағына шалынған 232 статьяны шалдың алдына тартып, ондай сөзді екіншілей қозғамайтын қылып қойды. Статьяны айтқан соң қорықпайтын ел ме, бәрі де жым болды. «Жұрттың сөзі шығар, мынауың оңай жау емес, қай-қайдағы статьяны біледі ғой», – деп, тыңдағандар қанағат қылған секілденді.

* * *

Тоқты желініп, үйдің жатқанына едәуір уақыт болған. Әбекең күндегі қорылдауына салып үйді басына көтеріп жатыр! Жамал да ұйықтаған тәрізді. Ұйықтамаған Сақып пен Байбол. Сақып Байболдың ұйықтамағанын сезіп жатыр, Байбол Сақыптың ұйықтамағанын сезіп жатыр. Кейде бірін-бірі аңдып жатқан секілді. Әсіресе Сақып тынышсызданады. Бұрын-сонды басына келмеген ойлар келіп жатыр. Оған себеп Байболдың осы үйге кіргеннен тесіле қарағандығы; үйде адам жоқта Сақып бақыраш алам деп кіргенде Байболдың жымиып күліп, «Қарындасым, отыр, әңгімелесейік...» дегендігі... Тағы сондай толып жатқан қалпы Сақыпты түрлі ойға түсіріп, ұйқы бермей жатыр.

Сақып балалық дәуірді, жастық шақтан бері мақсат қылған жайларды ойлады. Есі кіргеннен бері өзінің сезуімен, бір жағынан жеңгелерінің айтуымен – жақсы, бай күйеуге тиюді арман қылатын. Ол арманының орынға келетін-келмейтініне көзі жетпейді. Өйткені Сақыптың түсінуінше, әйел бала ата-ана-

ның сататын малы есебінде, кімге берсе соған бару керек. Ата-ана құдайдың жазған жеріне береді. Ондайдың жазғанынан артық еш нәрсе болмайды деп ойлайды. Биыл Тәжен баласына айттырғанда, Сақып жүрегін жеп жүрген арманы орындалмай қалды деп түңіліп еді; Тәженнің баласы ақсақ екен. Бірақ, жоқ жерден себеп болып, әзірінше айрылған секілді болып отыр. Әке-шешесі Тәженнен айрылғандыққа ренжиді. Газетке жазып, сотқа білдірушінің кім екенін білсе, жұлып жегендей болады. Сақып бұған қалай қарау керек? Әке-шешесімен қосылып газетке жазушымен бұл да қас болу керек пе? Шынында газетке жазып жүрген кім екен? Соның жазғанының арқасында Сақып Тәженнің ақсақ баласынан құтылғалы отырған жоқ па?! Олай болса газетке жазушы Сақыппен достық ойлаған кісі болу керек. Сол кісі әлі де болса Сақыптың арманына жетуіне жәрдемдеспес пе еді? Әлде, сол газетке жазушының өзі – сұлу, бай жігіт пе екен?! Сақыпқа ғашық болып Тәженнен айырып алу үшін жазды ма екен?! Болуы да мүмкін-ау! Әйтпесе беталды біреудің қызының сатылғандығында сыртқы адамның не жұмысы бар?!

Сақып ойлай келгенде, сол газетке жазушыны өзінің жары деп танығысы да келеді. «Орта бойлы келген, сұлу, мұртты жігіт болса!» дейді. Мұрт ойына түскенде Байбол көзіне елестеді. «Бәтір-ау, бұл неге ұйықтамай жатыр? Әлде бірдеме ойлап жатыр ма екен? Қой, жынданып па, қырықтан асқан қатыны бар, қартайып қалған адам қызға қызығушы ма еді?!» дейді.

Әбекең қорылдайды, Жамал ыңыранып, аунай түсіп қасынады... Үй іші меңіреу қараңғылық. Есік түрулі. Сықырлауықтың шытырманының арасынан әлдеқайда көз ұшында бір жарық жұлдыз көрінеді, Сақыптың көзіне түп-тура түседі. Жымың-жымың еткен секілденеді. Әлде бұл Сақыптың бақыт жұлдызы ма? Бүгін туғаны несі? Сақып бұл уақытқа дейін бақытсыз болып келіп, бүгін ғана бақытты болмақшы ма?! Бүгін бақытты болуының себебі не?! Жүрек неге алқынады?!

Көрпесі жыбыр еткендей болды. Суық бірдеме қолына жақындады... Сақып шошып кетіп, мысық па екен деп «бырш» деді... Адам екен, қолын ұстады.

– Қорықпа, қарындасым! – деді.

Байбол екен!.. Жақындады... Қолын о жер, бұ жерге жүгірте бастады. Байболдың быттиған тырбық қолы Сақыптың денесіне тікендей қадалды. Сақып қалтырап кетті. Не қыларын білмей састы. Басы айналғандай болды. Мысық па, әлде ит пе, бірдеме бетін жалаған секілденді. Бүртік-бүртік бірдеме бетіне қадалып барады... Сақып ышқынып кетіп, бар дауысымен:

– Әже! – деді.

– Әу, қарағым, әу! – деп Жамал басын көтеріп алды...

Байбол бұрынғы әдетін істеп, көнбей қайтер дейсің деп, Сақыпты құшағына алып, аймалап сүйіп жатыр еді, кенет шыққан дауыс мұның да зәресін алды, төсегіне қарай қарғыды.

* * *

Түндегі болған оқиғаны Сақыптың өзінен басқа сезген адам жоқ. Әжелеген дауысына Жамал оянса да, не екенін ашып білмей, ұйқылы көзімен бір-екі рет «қарағым, қарағым» деп қайтадан ұйықтап қалып еді.

Ұзақты түнге Сақып ұйықтаған жоқ. Байболдың бұл ісінің не екенін, өзінің қорқып айқайлағанының жөн, жөн емесін айырып біле алмады. Қыз бен жігіттің ойнап-күлуі, ерлі-байлы болу секілді жұмысты Сақып тәжірибе қылып көрмесе де, жеңгесі Нағиманың айтуынан азырақ сезеді. Нағиманың айтуына қарағанда, сүйген жігіт келгенде әйелдің бойы еріп кетпекші, Байбол келгенде Сақып кірпік шешендей жиырылды. Мұның себебі, өзі қатар қыздар біртіндеп күйеуге шығып жатыр. Соның бірі де үйінде жүргенде ешкімді сүйген емес. Бірақ, байға тиген соң, сүйген-сүймегені белгісіз, бәрінің де үні өшеді. Сақып та сондай қыздың бірі. Әзір ешкімді сүйген жоқ. Осы күйінде біреуге берсе еріксіз сүймекші?! Мәселен Байболға берсе?!

Байбол еске түскенде тұла бойы шымырлап кетеді. Жан шошытарлық бір суық нәрсе денеге жабысқан секілді болады. Тікенек сияқты бүртіктер денесіне аяусыз кіріп, қан сорғыш жылан мойнынан орап алып қылғындырғандай болады. Қысылғаннан Сақыптың маңдайынан тер бұршақ-бұршақ ағады.

Шай құйып отырып Сақып көзінің астымен Байболға қарады. Түндегі ісіне ұялатын шығар деп ойлап еді. Бірақ Байболдан ондай пішін көре алмады. Бұрын қандай болса, сондай, бетінен түгі шығып қызара бөртіп отыр; еш нәрсе көрмеген, білмеген адам секілді. Қайта Байболдың жүз жанбайтындығына Сақып ұялды. Ішінен «ұятсыз, бетсіз» екен деп ойлады. «Еркек біткеннің бәрі осындай бола ма екен?» деген ой бір жағынан бас көтерді. «Шынында еркек біткеннің бәрі солай болатын шығар-ау! Мынау Байбол жасы қырықтан асып кеткен, өзінше елге бас болам деп жүрген жігіт, Сақыптар мұның баласымен шамалас дерлік. Сөйтіп отырып ұялмай сөз айтып отыр!..»

Байболға қараған сайын Сақыптың бойы түршігеді. Байбол Сақыпқа жан алатын әзірейіл секілді көрінеді. «Үйден тезірек кетсе екен!» деп тілеуге айналды. Әкесі әңгімеге жұбауратса, шешесі жағынып сөз айтса, Сақып оларды көзімен атып жібере жаздайды.

Байбол жүретін болды. Әбекең тысқа шығып атын дайын-

датты. Жамал аяқ-табағын далаға шығарып, самауырыннан қалған сумен жуа бастады. Сақып сезген де жоқ, үйде Байболмен оңаша қалған екен.

– Қарындасым, тартқан сыйыңыз естен қалмас, – дегенде ұйқыдан шошып оянғандай Сақып селк етті. Жалма-жан тұрып кетуге айналды.

Махоркасының түтінін аузынан бұрқыратып отырып, Байбол миығынан күлді.

«Қанша қашар екенсің, бір тұтыларсың, сені тоқалдыққа алмасам Байбол атым құрысын!» – деді.

II

Қаратомар басындағы қалың ауылдың сырт жағындағы белесте екі жігіт сөйлесіп отыр. Біреуі төртбақ келген, мұрты көрінер-көрінбес, адырақ көзділеу келген қара жігіт. Бұл осы ауылдағы мектеп мұғалімі Қасен еді; екіншісі ұзын бойлы, арық қара сұр жігіт. Шын аты Ғабдолла, ел жақсы көргендіктен бе, әйтеуір Ғабдолланы өзгертіп «Қапан» деп ат қойған. Қапан бұл елдегі жігіттердің ішіндегі ең тірісі. Азырақ жазу таниды. Ауылдағы мектеп ашылғалы мұғаліммен араласып... газетін оқитын болған, бірақ шаруаға қыры жоқ жігіт, және үйінде сенері бар, күндіз-түні талмай жұмыс істейтін өгіздей сүзеген бір інісі бар. Бір-екі қарасына шөпті де інісі шабады. Аз ғана егін-таранын да інісі жияды. Сондықтан Қапан жұмыстан шығып, сал болыңқырап кеткен. Қолы бос жігіттің өзі сияқты бос жүрген адамды айналдыратын әдеті ғой, мұғалімді қырға алып шығып, көржерді әңгіме қылып жатқандары еді.

Күз. Кеш болса тымырық аяз тартып, қырау түседі. Бүгін де тымырсықтанып тұр. Желдің лебі бетке ызғырық секілденіп тиеді. Ай қараңғы, ауыл қара шоғырланып, арасындағы мал, адамдар көрінер-көрінбес болып тұр. Бірен-саран жер ошаққа жаққан оттың сәулесі жылтылдап, ерсілі-қарсылы кесіп өткен адамдар көрініп қалады.

– Солай десейші, Қапан, – деп мұғалім шынтақтап жатты.

– Мен естіген-білгенімді айттым ғой, енді сен айтсайшы.

– Мен немді айтайын. Біз бозбалашылықтан тазамыз. Былтырғы, осы ауылдан кеткелі дамыл көргенім жоқ, әкем жарымжан, үйде жұмыс қылатын адам жоқ болған соң соқа айдадым. Жаз екі көрісте болдым. Одан келіп тағы шөпке, егінге түстім. Менің бітіргенім осы.

– Көріс демекші, сол көрістеріңе бізді алар ма еді?

– Оқимын десең саған көріс табылады ғой. Әлі жап-жассың, жұмыстан қолың бос. Оқып кетуіңе дұрыс-ақ қой.

Қапан күлді.

– Өзің сөзінде тұрмайсың ғой, жаңа ғана ауылнай бол, ел жұмысын атқаруға кіріс деп едің, енді оқы дейсің.

– Байғұс-ау, ел жұмысын атқару үшін де оқу керек қой. Қазір сен не білесің? Бірер жыл оқып алсаң едәуір ашылып, іске қарайтын адам болар едің...

Ауыл жақтан шаң-шұң дауыс шықты. Қасен де, Қапан да құлақтарын салып тыңдай қалды. Ауылдың ар жақ шетінде: «өлдім, өлдім» деген бір әйелдің даусы естілді. Әлдекімдер арашалап, біреуі «дүзі қара» деп әйелге шаптыққандай болды. Қапан біраз тыңдап тұрғаннан кейін:

– Бұл ұрысты мен білдім. Ырысбайдың үйінен шығып жатыр, – деді.

Ырысбай осы ауылдағы байшікештің бірі. Бұрынғы қатыны бала таппайды деп, өткен жылы Жұмабай деген кедейдің сүттей ұйып отырған қатынын тоқалдыққа азғырып алған. Тоқалдың аты Мәлике. Жасы жиырмадан жаңа ғана асқан. Мәлике Ырысбайға өз ризалығымен келген секілді болды. Өйткені өткен жылы Ырысбай Мәликені алғанда, «тоқал алып отыр» деп Қасен газетке жазып еді, милиция келіп жауап алғанда, бұрынғы қатыны: «Өз ризалығыммен айрылдым», – деп, Мәлике: «Риза болып тидім, менің ешбір мұңым жоқ», – деп қайырыпты. Қадірін адам жіберіп, «мына милиция келіп отыр. Мәлике мұңын жасырмай айтсын» дегенде, Мәлике «сүйген байыма тидім, менің ешбір мұңым жоқ», – деп қайырыпты. Қадірін білмейтін адамға болысамын деп ұятқа қалған соң, Қасен содан бері Мәликені жек көретін секілді еді.

– Өлдім деп жатқан Мәлике ме? – деді.

– Ия, сол.

– Байғұсқа обал болды-ау!

Қапан ашынып сөйледі.

– Сол иттің несін аяйсың, өзіне-өзі тілеп алып отыр. Адам болып сөзге түсінсе былтыр сен милиция алдыратынында Ырысбайдан айрылып шығар еді-ау, енді обалы жоқ, жаны шықсын, – деді.

Мәликенің Ырысбайға неліктен тигені, милиция келгенде ағасының, ел қуларының ауыздықтауымен бой тежеп қалғаны – бәрі де Қапанға жасырын еді. Қапан қанша ойласа да себебін біле алмай, пәленің бәрін Мәликеге жүктейтін еді. Қасен бұл туралы білгенін, есіткенін Қапанға бейнелеп түсіндірді. Мәликеге ренжіп отырса да мынадай себептерін көріп отырғанда аяйтындығын білдірді.

– Дүние пәленің бәрі сендерде ғой, – деді Қапан.

– Неге?

– Әйелге бостандық деп закон шығарып бүлдіріп жүрген сендер емес пе? Бостандықты арқаға таңып кедей біткеннің қатыны желігіп болды. Байы бірер қатты сөз айтса, я бірер күн тамағы аш болса, «мен кетем» деп тұра келеді. Әйел бостандығынан кедейдің көрген пайдасы аз, байлар пайда көріп отыр. Бұрын жалғыз қатынмен жүргендердің көбі осы күні қатынның санын екі-үшке жеткізді. Әйелге бостандық туған екен деп қалың мал тоқтап тұр ма? Сүйгенін қалыңсыз алып отырған кедейді көргенің бар ма?! Міне, закон шығарарда осының бәрін ойлау керек еді.

Қасен басын көтеріп отырып, бейнелеп түсіндіруге айналды. Ел арасында әйел бостандығын қате түсіндіріп жүргенін, қазақ әйелдерінің сана-сезімінің кемдігінен елдегі қуларға қолжаулық болып жүргенін айтты.

– Қалыңмалға сатылып жылап кетіп жатқан қазақ қызы бар ма? Өкімет декрет шығармаса соның бәрі өткен өміріне күңдіктен құтылмай кете берер еді. Жаңа декретті шығарумен іс бітпейді. Оны орындау керек. Орындаушы елдегі ауылдық, болыстық кеңестер, жергілікті сот, милициялар болу керек. Бірақ біздегі жаман жері осы айтылған орындарымызда отырған кейбір адамдар әйел туралы шыққан декретін орындауға шабан, орындаудың орнына өздері декретті бұзып, іс істейді.

– Мына Әбілбайдың қызын тоқалдыққа алам деген Байбол сияқты ғой, – деп Қапан күлімсіреп еді, Қасен таңырқағандай болып Қапанның бетіне қарады.

– Сақыпты алмақшы ма?

– Ия.

– Не дейді?.. Бозбалаға таңдап барарлық қыз Байболға қатын үстіне тимекші ме?

– Әкесі берсе, қыздың тимейтін шарасы бар ма? Байболға қарсы келетін Әбілбайда не құдірет бар? Ерегіссе бірер пәлені жауып, шауып алмай ма? Бірақ Әбілбай да, қатыны да әзірге бала жас, ел арасы жақын ғой, хабарласып тұрармыз, – деп, келген адамын сылап-сипап қайтарған екен.

Қасен бірдеме есіне түскендей алақанымен Қапанды жауырынға қағып қалды.

– Тоқта, қызық бар, Сақыпты сен былтыр алмақшы болған жоқ па едің?

– Ол екеуіміз оңаша сөйлескенде ермек орнына айтылатын сөз еді ғой. Сен кеткен соң ұмытылған.

– Неге, Сақып алуына олқы соға ма?

Қапан басында ойын секілді көрсе де, Қасеннің шын ойымен сұрап отырғанын сезген соң, жауапты дұрыстап беруге кірісті:

– Сақыпты олқы соғады демеймін. Бірақ мінезінде ұяндық бар, ешкіммен ашылып сөйлеспейді, ең арғысы кісінің бетіне тура қарамайды да, сөйлесуге реті келер ме деп үйіне де талай бардым. Болмады. Және әкесінің көже тоғы бар. Кім біледі, тәуір орынға беремін деген ойы болса, сөз салғанмен бермей жүрер деп қауіптенем. Және осы ауылда менің кірме екенімді ұмыттың ба?.. Маған қыз бере қояр ма?.. – деп шын сырын айтты.

Қасен ашық пікірлі жас. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін оқуға кірсе де, үй ішінің күйі нашар болған соң, шарасыз оқудан шығып, бірер жылдан бері бала оқытуға кірісіп жүрді. Осы ауылда Кәрім дейтін жездесі бар. Өр мінезді, бір беткей, тымырық адам. Өз дегені болмаса, оңайлықпен кісі сөзіне көне қоймайды. Ертеректе осы мінезі үшін Кәрімбай сияқты ақсақалдардың таяғы талай рет басын да жарған. Осы Кәрім өршеленіп жүріп ауылдан мектеп ашты да, Қасен осы мектепке мұғалім болып келді.

Қасен мұғалім болғанда, бір жағынан бала оқытса, екінші жағынан ел жұмысына араласып, елде болып жатқан түрлі жолсыздықпен күресіп, кедей батрақтардың басын ұйыстырып, ұйтқы болармын деп ойлап еді. Байбол сияқты түйені түгімен жұтып жүрген алаяқтарға, Кәрімбай сияқты көкжалдарға қарсы күрес салармын деп еді. Ол ойы бірден орындала қоймады. Ақсақал аузына қарап, ата, ру намысын қорғап әдеттеніп қалған ел – Қасен сияқты «тыштандаған» бір жас баланың соңынан ере қоятын болмады. Бірен-саран кедейлер «солай екен-ау» деп жайшылықта қолдаған сияқтанса да, жеме-жемге келгенде ойларын ашып айтпай бұғып қалатын сияқтанды. Жалғыз ғана Кәрім даурығып айқайлап, жұрт тыңдасын, тыңдамасын өзінің ойын айтпай қалған емес.

– Бай деген не?.. Байдың атасының аузына ұрып, шаңырағын ортасына түсіру керек!.. – деп келеді сөзі.

Өткен жылы ауылдық кеңес сайлауы болып еді, жұрт басын құрап, сайлауды айналдырды да жіберді: ата ұлы болып бөлінді, аруақты атап мүшеге таласты. Қасен кірісіп түсіндірейін деп еді, елеуреген жұрт мысқыл көзімен қарады.

– Осыған не жоқ екен? Осы сөзді қайтеді екен?.. – деп мысқылдап күлгендер болды.

– Сайлауға қарсы үбір таратып, елді бүлдіріп жүр, – деп Байбол пәле салудан да тартынбады.

Қасен жастар жағын айналдырайын десе, олардың ішінде де селт етіп бас көтергені сирек кездеседі. Көбі әке-шешесінің ауызына қарап, солардың айтқанымен болып, жұмыстан қолдары босаса, соландап ауыл қыдырып, ыржың күлкімен өмірін өткізеді. Қасеннің маңына үйірілгендері шамалы. Қасен олар-

ды оқытпақшы да болды. Сауық кешін қойып оларды қатынастырып та көрді. Көбі селт етіп, бой жазбайды. Көзге көрінгісі келмейді, қайта солардың ішінен жырылып шығып, Қасенге ере бастаған осы Қапан. Аздап хат таниды, Қасеннің айтқанына аздап елігеді. Бірақ бұ да жалыққыш, ел жұмысы туралы Қасен ұзақ әңгімеге кіріссе, бұл оны бұрмалап, ауылдың ұсақ тұрмысына әкеп соқтырады. Қыз-қатын әңгімесін кірістіреді. Сосын Қапанды жібере тартайын деген адамдай, Қасен де мұның ыңғайына көшкен адам сияқтанады. Сөйтіп Қапанның өзіне де сездірместен, баулып, икемдеп келе жатқан беті еді.

III

Аспан жүзі түнерген бұлт. Сылбырап жауған жауын. Аз ғана ескен жел жаңбырдың дымқылымен қосылып бетке салқын тиеді.

Ауыл әбігер, бұзау-торпақ, қой-қозы үйді ықтап, үйге кіріп шыққанында жол бермейді. Жер батпақ, бір жағынан малдың қиымен араласып, адам аяқ басуға жиренеді. Ел адамының бәрі де үйде, от басында. Су тезекті қалап, үргіштеп, көздеріне түтін кіріп, берекелері кетіп отыр. Бірен-саран жинақты кісілер киімін алмастырып киіп, мал жабдығында тыста жүр.

Жаулығын басына тұмшалай ораған, үсті-басы малмандай су болған Жамал үйіне кірді. Сақып отты жандыра алмай үргіштеп мазасы кетіп жатыр еді.

– Қалқам-ай, әлі жаға алған жоқсың ба? Шалағайсың-ау, ертең күйеуге шыққанда қайтер екенсің?!. Әкеңнің келетін уақыты болды. Тезірек шай қойшы, – деп отты жандыруға Жамалдың өзі кірісті.

Сақып самауырынға су құйып, ұсақталған ағашты ойға қалап жандырды. Кештің қара көлеңкесінде заулап жанған оттың сәулесі үйдің ішін тегіс жарық қылды. Жамалдың жүзін де жарық қылды. Бір түрлі кейістік бар секілді. Сақыпқа бірдемені айтқанда, бұрынғыдай жекіре айтпай, әсіресе соңғы айдың ішінде, аянышты күймен айтатын болды. Сақыптың бірер ісі көңіліне ұнамаса:

– Ертең күйеуге шыққанда қайтер екенсің?! – дейді.

Бұл қайдағы күйеу? Неге жиі айта береді? Әлде, әке-шешесі сырттан сөз байлап, Байболға бергісі келіп жүр ме екен?!

Жоқ, оның қисыны келмейді. Байбол адам жібергенде ауыл адамдарының бәрі де беруді қолайлаған. Әкесі де беруге ыңғайланған, сонда кесе түсіп арашалап алып қалған осы әжесі. «Ұл орнына ұл қылып отырған жалғыз қызым. Менің қызым әзір байсырамайды», – деп бет қаратпаған. Таза бермеймін деп айта

алмаған, айтуға аузы бармайтын секілді. Байбол ашуланса, Сақыпты еріксіз алатын секілді.

Енді, Байболға бермейтін болса, мұның айта беретін «күйеуі» кім? Осы болар деп дәмеленгендей басқа қыздар құсап Сақып неге көзге ілінбейді екен?.. Әлде өзі тенді бозбалалардың көз салып жүргенін Сақып сезбей ме екен?..

Бозбала дегенде Сақыптың ойына Қапан түсті. Қапан ауылдағы жігіттердің ішіндегі еті тірісі және әйел алмаған басы бос. Жалғыз айыбы жұмысқа жалқау деп ел жек көреді. Қапан шынында жалқау. Дүние айналып кетсе де, ісі жоқ. Домбырасын тартып үйінде отыра береді. Баласына кейіген кемпірлер: «Қапан құсап ішер асқа, киер киімге жарымай жүресің», – деп, Қапанды мысалға келтіреді. Бірақ Қапан жамандық жағымен танылғандай қолынан дым келмейтін жігіт те емес, істеп кетсе кімнен болса да өнерлі, кім біледі, жас қой, жалғыз басты болған соң дүние қадірін білмейтін шығар, үйленсе, ділгерлік көбейсе бұл күнгі салдығын тастап, бәлкім түзеліп те кетер еді...

Соңғы екі-үш күн ішінде Сақып Қапанды көп ойлайтын болды. Қапанның жалқаулығы, ерсі мінездері – бәрі де Сақыптың қарауында жас жігітке жарасты іс секілді.

Қапан кеше де келді, алдыңғы күні де келді. Келгендегі жұмысы шамалы: бірдемені сылтау қылып келген болады. Әбекеңмен, Жамалмен қайдағы-жайдағыны айтып, көп сөйлесті. Сақыпқа жалтандап қарай береді. Бір сөздің ретінде әзілдеп те қойды. Сақыптың ойында еш нәрсе жоқ. Кезінде оның әзіліне жауап қайтарып, ашылып сөйлесе алмады. Сөйлесуге ретін де келтіретін еді, бірақ соны керексінбеген секілді еді. Енді кешеден бері неге екені белгісіз, Қапанды ойлай береді. Отырса да, тұрса да ойынан шықпайды. Насыбайды ерніне қыстырып алып, шырт-шырт түкіріп, әңгіме соғып отырған секілді болады. Әсіресе күлімсіреп қарағаны естен кетпейді.

Есік ашылып еді, жел гулеп қоя берді. Жанып тұрған от шалқыды. Әбілбай екен. Үсті-басы малмандай су, ажарында кейістік бар. Есік жақтағы шылапшын аяғына қақтығып еді, салдыр еткізіп теуіп жіберді.

– Құдайдың атқан иті, нәрсені бір жия білмейсің-ау, – деді.

Жамал әшейінде жауап қайыратын еді, бұл жолы жауынмен су болып кейіп келген соң, қарсы еш нәрсе айтпады, шылапшынын жиып, Әбекеңнің үстіндегі күпісін жеңінен тартып шешіп, керегеге апарып ілді. Сақып екеуі қылмысты адам секілденіп үндемей жүріп шай жабдығына кірісті.

Бір-екі кесе шай ішіп жадырай бастаған соң, Әбекең сөйлейін деді: машинада жүретін көк атты Смайылдың ұстап

алып, он пұт потыраба сұрағанын, ауылнайға барып айтқанда «егінді жегізуге болмайды» деп өзіне қарсы закон көрсеткендігін, шөбімізді бір жейді, егінімізді екі жейді, осылар-ақ күн көрсетпейтін шығар деп Сарымсақтың Смайылды жақтай сөйлегендігін қалдырмай айта келіп:

– Кейіген адамға кейістік тап бола береді, ауылнайдан ыза боп шығып келе жатсам, өлгі мұғалім... – деп сөзін аяқтамай, Әбекең май мен нанды аузына толтыра шайнады.

Жамал да, Сақып та Әбекеңнің бетіне қарай қалды. Жамал шыдамай сұрай бастады.

– Мұғалім бірдеме дей ме?

– Не жөнді сөз айтушы еді, еріккен жұрт енді бізді ермек қылатын шығар...

Әбекең тағы сөзін бөліп, нан жеуге кірісті. Жамал бұл ретте кейиін деді.

– Байғұс-ай, адам құсап сөзіңді бөлмей айтсаң қайтеді?

– Е, не қылды, жаның шығып бара ма? Онша ынтығатыны шамалы. Сақыпты Қапанға бер дейді... Естідің бе? – деп Жамалдың бетіне қарады.

Жамал да, Сақып та аң-таң болған адамның түріне кірді.

Әбекең әлденеге шіміркене сөйледі:

– Бара-бара жұрт қолжаулық қылуға айналатын шығар. Менің қызым бай іздеп отырған жоқ, күйеуге бере қалғанда да сондай сұмырайға ділгерленбеспіз ғой. Ерегіссе Байболдың өзіне берермін, – деді.

«Байбол» дегенде Сақып шошып кетіп, қолындағы кесесі сылқ етіп жерге түсіп кетті. Екі көзінен жас парлап өкіріп қоя берді. Әкесі де, шешесі де қорыққан пішінмен ожырайысып отырды. Бұрынғы қалыпты шешесінің тағы рақымы келді. Байына ұрыса бастады.

– Аузыңа келгенді сөйлейсің де отырасың. Баланың көңіліне қарау жоқ... Дүниеден байсыз өтсе де Байболға бергізбеймін... – деді.

Әбекең жеңілген кісі тәрізденіп үндемеді.

Түн қараңғы. Жаңбыр сіркіреп үздіксіз жауып тұр. Кейде азырақ желдің екпіні білініп, үйді сықырлатқан секілденеді. Үйдің ығындағы малдардың ыңырсығаны, үйге сүйкенгені естіледі.

Үй іші ұйқыда, күні бойы аттан түспей шаршап келген Әбекең бұрынғысынан да бетер қорылдап, үйді басына көтереді. Ояу жатқан жалғыз Сақып. Сақыпта уайым бар. Байбол адам жіберіп айттырғанда су түбіне кететін шығармын-ақ деген еді, бірақ әжесі кесе түсіп, айырып алып қалған секілді. Әжесінің қашанға шейін болысатынына көзі жетпейді. Әкесінің басында

билік жоқ адам, көленкесінен қоркады, елі аукым қып бер десе, беріп жіберуінде сөз жоқ.

Мына Қапанның айттыруы ойда жоқ әңгіме еді. Сақыптың Қапанды есіне алғаны, Қапанға назар салғаны осы екі-үш күннің ғана ішінде. Бірақ күр есіне алғаны болмаса, Капанға тием деген ой басына да келген емес. Енді, жоқ жерден айта қалған екен, әкесі оған шыдамай-ақ, шамданбай-ақ, дұрыс жауабын берсе қайтетін еді? Қапан бір қызға бай болуға жарамайтын жігіт пе?

Жалғыз айыбы кедейлігі шығар. Кедейлікке күйетін Әбілбайда не күй бар?

Есік сықырлағандай болды. Сүйкенген мал шығар дейін деп еді, оған ұсамады, адам тәрізді. Есіктің байлауын іздеп, оны шешуге ыңғайланған тәрізді. «Түнде келетін кім бар еді, әлде ұры ма екен? » деген оймен қорқыныш кіріп, Сақып әжесіне айқайлағысы да келді. Бірақ әлденеге айқайлаудан тыйылды. Қанша қорықса да не екенін білгісі келді. Кім екенін ептеп сұрап білгісі келді.

Есік әлі сықырлайды, тегінде мықтап байлаған-ау. Сақып тұрып есікке барып қалғанын өзі де сезбеді, әлдекім есікті жамылып тұр... Қалтыраған дауыспен:

– Бұл кім? – деді.

– Мен.

– Менің кім?

– Сақыппысың?.. Мен Қапан ғой...

Сақып не болғанын білместік халге келді. Өңі екенін, түсі екенін айырып біле алмайтын секілденді... Есік ашылды. Әлдекімнің жылы, майда қолы құшағына кіріп кеткен секілді болды... Жүрек алқынды... Көз қарайды... Әлдекім құшағына алып аймалап сүйген тәрізденді...

IV

Октябрь ішіндегі шуақ күн. Жел жоқ – тынық. Ауылдың бәрі де земленкеде. Мұржадан шыққан көк түтін тіп-тіке болып аспанға созылады. Жұрт жұмысын бітірген, бұрынғыдай ерте тұрмай ұйқысын қандырып, сәске кезінде шай ішуге кіріскен.

Ауылдан оңашарақ қыстауы қомақты келген бір үй бар. Жанында үлкендеу бір ақ үй мен қара үй тұр. Маңайы жыбыр-жыбыр адам, көгендеген қой, секірген ешкі-лақ.

Ауылдың қатындары қолдарында қос сабауы, емпендей басып барып ақ үйге кіріп жатыр. Сөйткенше болмады, елді басына көтеріп сабаудың дауысы шыға бастады. Жұрт шайын ішіп

болып, шалдар таяғын қолына алып, сабау даусы шыққан үйге қарай тұс-тұстан жинала бастады...

Еріккен шалдарға ермек керек, жұмыс істеп жатқан жерге екеу-үшеуінің басы қосылса, қайдағы-жайдағыны сөз қыла бастайтын әдеті ғой, өткен күндерін ауызға алды; Бекмағамбеттің болыстығын, кезінде елді бір уысына сыйғызып, дәуірін жүргізгендігін айтысты. Қашан да болса әңгіменің дені Даубай шалдан шығады ғой, ол сақалын бірер сипап алып:

– Талас штат жылы еді. Сайлау болады деген соң Қызылжарға бардық. Онда Дамбар мен Әйеттің бүлінбеген кезі. Елдің адамдары қандай, кілең ығай мен сығайлар. Бекмағамбет ызғарын төгіп, үстіне жанды кіргізбейді. Жиылған жұрттың ішінен барып жолығып сөз әкелуші Ахмет пен Арғымбай молда болды, – деді.

Елде болыс болған жалғыз Бекмағамбет пе? Шүйіншөлі де болған. Жаппасбайдың Ахметі де болған. Әсіресе Ахметтің болыстығына шалдардың айызы қанады.

– Шіркін, байлықтың қолынан келмейтін ісі жоқ. Талас штатта Ахмет малмен-ақ жеңіп алды ғой: Сайлауға сонда граф келді білем. Жаппасбайдың Мұстапасы ақшаны уыстап шашып жүріп, елулік біткенді өзінің жағына шығарып алды. Жұрттың айызының қанғаны ғой, Мұстапаға сол жылы «бала граф» деп ат қойды.

Сөйлей келе сөз Ахмет, Мұстапаның ұрлығына келіп тірелді. Мыңнан аса жылқысы бар екен, соның үстіне ұрлық қылдырыпты. Шалдар соны айтысып жағаларын ұстасты.

Сембі дейтін бақа ғана сары шал, Ахмет, Мұстапаның ұрлығы туралы әңгіме бола бастаған соң, шыдап отыра алмай сөзге кірді:

– Бекер сөз ғой, олар ұрлықтан сау еді ғой, – деді.

Отырған жұрт жабыла Сембінің бетіне қарай қалды. Кейбіреуі жымиып күлісті. Ысқақ отырып:

– Біз құр даурығып отыр екеміз ғой, анығын білетін мына Сембі ғой, – деді.

Сембі жасында баукеспе ұры болған кісі. Ахмет, Мұстапа дүрілдеп тұрғанда, жиырма жігітті күндіз-түні үйіне сақтап, ұрлық қылдырып тұрған. Сембі жиырма жігіттің бірі.

– Сондағы істегендеріңді айтшы, – деп Сембіні кеукеулей бастады.

– Өткен істің керегі не? – деп Сембі бой тежесе де, жұрт жабылған соң айтуға кірісті.

– Жиырма жігіт едік. Бізді Мұстапа үнемі ұрлыққа жұмсайтын еді. Ерегіскен жеріне ғана жұмсайтын еді. Біз барған жерімізді үйітіп келуші едік. Болысқа арқа сүйеген соң тендік беру қайда, малын сұрап маңымызға жан келе алмаушы еді...

Әлі есімде. Бір жылы боқырау базары кезінде, Арғынның бір байымен Ахметтің алакөзділігі болып, соның жылқысына тиіндер деп бізді жұмсады. Атты сайлап мініп алып, бір түні барып тидік: жылқысынан таңдап жүріп қырық жылқы алдық. Бетіміз Қостанай, базарда шеттен келіп күтіп жататын жолдастарымыз бар... Таң сыз беріп келе жатқанда, Қазанбасы ағашының тұсынан өте бергенімізде, бір құр ат семіздіктен жүре алмай зорығып пышаққа ілінді. Қазысын ойып алдық та, қалған етін ал деп жанындағы бір ауылға хабар бердік. Сонымыз мықты қате болыпты, соңымыздан қуып келе жатқан қуғыншыларға ет алушылар бізді түстеп айтып беріпті... Базар кезі, жұрттың бәрі қалада, Арғынның адамдары Ахметке келіп жолығып, өтініш айтыпты:

– Еліңдегі бір тентек жігіттер біздің елді жәбірлеп кетіпті. Тентегіңді өзің тыйып, малымыздың көзін бергізсең, айып-анжысыз бітісер едік, – депті.

Ахмет олардың өтінішін қия алмай ертеңіне жылқыны қоя бергізді. Арғындар жылқысын алған соң, пристапқа барып: «Малымызды Ахметтің ұрыларынан таптық», – деп мәлімдепті. Сол кездегі уез де Ахметке теріс қарап жүреді екен. Дереу полиция жіберіп бізден екі адамды ұры деп ұстады. Ахметтің өзіне де көр қылуға айналды. Елдің ерлігі сондайда болады екен, біздің басымызды қосып жіберіп:

– Жылқы иесі Арғындардан бүгін түні қырық жылқыны ұрлап алыңдар, – деді.

Орындадық. Ертеңіне: «Ендігі арманым мына уездің жегіп жүрген көк атының қуырдағын жесем екен деймін, қайтсендер де соны қолға түсіріп, елге апарыңдар», – деді.

«Тоқтау бар ма, әр көшеге тарап, екінді әлетінде уездің үйін торыдық. Үйдей көк атқа кішкене арбаны жегіп, көшірі мен уездің қатыны қақпаға келіп кірді. Жүгіре басып біз де жақындадық. Қатын мен көшір үйге кіріп кеткенде, жүгіріп барып құлақ бауды қиып жіберіп, көк атқа міне шаптық... Базардан келген соң, Ахмет сойғызып, қанды қуырдағын жеді...» – деді.

Ескілікті өңгіме аяқталуға айналды. Қой қырқылып болған шамада, шалдар үйді-үйіне ыдырады.

V

Үлкен үй гу-гу өңгіме: киіз қарпып жатқан қыз, келіншек, епті бозбалалар, жан-жағын бүргіштеп тіккен ере киізді он бесжиырма адам ортаға алып, төселген шидің үстіне тізерлеп отырып қолдан-қолға жүгіртіп жатыр. Біресе киізді шыр көбелек айналдырады; біресе жоғары көтеріп шиге әкеліп ұрады. Ыс-

тық сумен пісіріп тастаған жас киізден бу бұрқырап шығып жатыр.

Көппен істеген жұмысқа адам шаршай ма, әсіресе бозбала жағы қыздыра түседі, көтерген киізді апарып келіншектердің басына кигізеді. Әйел-еркек екі жік болып кейде алыс та басталады.

Бозбалалардың ішінде Қапан бар. Әйелдердің ішінде Сақып бар. Қапан Сақыппен бір рет қатар отырып қалып еді, Жамақтың қатыны бірдемесін сезген кісідей, екеуінің арасына кіріп килікті.

– Бұрын-соңды ол жігіт мұндай орынға келмейтін еді, бүгін неғып келіп отыр, – деп кейбір қатындар күңкілдеген болды.

Бір-екі қатын өзара сыбырласып, сөйлесіп Сақып пен Қапанға кезек қарап күлісті. Бұларына қарағанда жасырын сырды білген секілді. Бірақ білмесін деп жүрген Қапан емес қой, жұрттың сезгеніне қуанбаса, күйінбейді ғой, әсіресе Жамақтың қатынының қызғанған кісі төрізденіп араға келіп қызғанына ашуы келді. «Ақсақ ит, сыбағанды берейін» деген ойға мініп, бозбалалармен көз қысып ымдасып, киізді бір көтергенде ақсақ қатынның басына апарып кигізе қойды. Ақсақ қатын қапелімде басып қалса да, артынан киізден құтылып шыққан соң ашу шығарды:

– Бейбастақ қаңғырғандарды осындай жерге кім шақырады екен, – деді.

Жұрт, айыпты осы ғой дегендей Қапанға қарады. Қапан ұялуға айналды. Қатынмен бажылдасып ұрысуды ар көрді. Көп ортасынан тұрып кету және қиын болды.

Қапанның ренжігенін Сақып сезіп отыр екен. Жамақтың қатынына күнк ете қалды.

– Жеңеше-ай, жоққа ашу шақырасың-ау. Ойынға адам ашулана ма екен?! – деп еді, ақсақ қатын Сақыпқа ажырайып қарады.

– Жанашырың екенін білдік. Бұл жерде кіріспесең де болады!

Сақып қып-қызыл болып төмен қарады. Сақыптың жақын жеңгесі Күләш төзіп отыра алмай кетіп, ақсақ қатынды тақымдай бастады:

– Бейпіл ауыздығынды үйінде істесейші, біреудің қызын сен тыюшы ма едің?

– Ойбай, адыра қал, жақының екен, білдік... жаның ашыса, Қапанмен тамыр қылма!

Үйде отырған қыздар да, келіншектер де ақсақ қатынның сөзін ерсі көріп, беттерін шымшыды. Сақып жылманға келді. Күләштің жақындық намысы қозып, күйеуіне қарап, қатты-қатты сөйледі:

– Осы топтың ішінде қарындасыңның не бар мінін айттырып алайын деп отырсың ба, шірік неме? Ана көк айылдың аузынан қанын келтір! – деді.

Күләштің байы – Бөркей дейтін көп үндемейтін, мінезі томырық жігіт еді. Қатынының сөзі шымбайына батып кетіп, ақсақ қатынды тұра жүндеді. Өз жаулығын өзі айырып, бес саусағын бетіне салып, ақсақ қатын ойбаймен үйді басына көтерді. Жұрт үрпиісіп қалды. Жүгіре басып ентігіп Жамақ та келді. Ай-жайға қарамастан шеткерек тұрған Қапанды қолындағы таяғымен басқа салып өтті. Абайсызда тиген таяқ Қапанға оңай соқпады. Қапан есі ауып жерге отыра кетті. Сақып талып құлаған Қапанды көрген соң ойбайын салып келіп құшақтай алды. Жұрт бетіне су бүркіп, біраз жатқаннан кейін барып есін жиды. Қапан есін жиғанда үйде екі-үш-ақ адам бар еді.

VI

Күземде болған төбелес әңгімесі қоюлана бастады. Көп ішінде қызын масқаралағаны үшін Әбілбай, Әбілбайдың туыс-қандары Жамақпен араз болды.

Оның бер жағында, Қапанның басы жарылып қалған соң, істі қалаға жіберіп мүдіртіп жүре ме деп күн бұрын қамшылау үшін, Жамақ атқа мінді. Пәле баққан адамның табатыны Байбол ғой, бұл да оған барып әңгімені бастан-аяқ айтты. Сөз қызға келгенде:

– Әбілбай жасырын сөйлесіп, қызын Қапанға бермекші болды. Саған түнеугі айтқаны алдау, – деді.

Әдейі адам жібергенде бермегеніне Байбол бұрын да кектеніп еді. Оның үстіне мына Жамақтың сөзін есіткен соң, мүлде ашуға мінді:

– Қазірде әйел ұрғаннан жаман нәрсе жоқ. Бұл қылмыс заңының 507 статьясына жатады. Ол статья бойынша ұрушы бес жыл түрмеге жатады. Аман болса, Әбілбай мен Қапанның басын түрмеде шірітейін, – деді.

Дау іздеген Жамақ та пар атын жегіп, Байболды арбасына мінгізді: қатынды докторға алып барып, бетіне түскен таңбаны көрсетті. Ерсілі-қарсылы он шақты күн жүріп, екі атын бірдей арықтатып, ақырында арызын беріп үйіне қайтты.

Жамақтың істі сотқа жіберуінен Әбілбай да, Әбілбайдың жақындары да кек алайын дейді. Байболдың ашулы екенін сезісті. Байбол араласқан ісін қара болса да, үске шығуы мүмкін. Мал бағып, ошақтың үш бұтына қарап отырған шаруаға мезгілсіз кезде жауап беруге қалаға бару да оңай ма, сондықтан бұлар да елдегі заңгершіліктің бірі, Балқаймен сөйлесіп, Қапан-

ның жарылған басын докторға бұлар да көрсетіп, Жамаққа қарсы дау қылмақшы болды. Бірақ мұны істеу үшін Сақыпты Қапанға беру керек. Сақыпты беру мәселесі қозғалғанда Әбілбай шын сөзін айтты:

– Жас бала болса да ауызға ілініп кетіп отыр. Пәленшемен жүріпті деген атақтан енді қашып құтылуға болмайды. Сақыпты беруге қарсылығым жоқ. Бірақ мына Байбол қанды тұяқ адам еді, қазір Жамақты қолына ұстап күшейіп отыр ғой. Нақ осы күйінде қызымды Қапанға берсем, жоқтан пәле тауып, басымды сотқа іліктіруі мүмкін. Сондықтан әңгіме аяғы басылғанша сабыр етелік, – деді.

Бұған Қапан да көнді. Тиісті адамдарына бұлар да жолығып, Жамаққа қарсы арыздарын жолдады.

VII

Ноябрь іші, күн жылы-шуақ. Қарашаның қары аз күн жатып еріп кеткен. Шалдар «биылғы күз ұзақ болар» деп аңыз қылысады. Ел адамдарының қолы бос, ұзақты күнді әңгіме іздеп қыдырумен өткізеді. Қол босағаннан бергі елдің қызу кірісіп жүрген әңгімесінің бірі – сайлау жұмысы еді: биылғы сайлауда Байбол ауылнай болмақшы. Ел ақсақалдарының бірсыпырасымен сөйлесіп, олардың ризалығын алып та қойған. Өз ойынша әңгімені бітті деп есептеп еді. Бүгін сол ойының аяқталатын күні. Кеше сайлаушы келіп, бүгін Кәриекең ауылына жұртты жиып отыр. Ел ішіндегі ат арқасына мінуге жарайтындардың көбі сайлауға келіп отыр. Сайлаумен жұмысы жоқтардың көбін Байбол әдейі шақыртып алған. Сайлау талас болып кете ме деген қаупі де жоқ емес. Оның үстіне сайлауға келген жігіттің сыңайы келіспейді, Байбол екі ауыл бірдей үйіне қонаққа шақырса да оған бармай, мектеп мұғалімі Қасеннің үйіне барып түскен. Жұрт бұдан әзірінше мағына шығарып, ауылнайлықты Кәриекең ауылына байлап кетпесе игі еді дегенді де айта бастаған. Өйткені сайлауға шыққан жігітті Қасен мұғаліммен таныс екен деген лақап бар. Ол рас болса, мұғалім бұрмалап, өзіне тән адамды сайлатады дейді. Міне, осы жөнді ойлай келіп:

– Әй, мұғалім бүлдіріп жүрмесе игі еді, – деседі.

– Мұғалім кімді сайлатады екен, білесіңдер ме?

– Кімді сайлатсын, күндіз-түні соңына еріп жүрген Қапаны бар ғой, соны сайлатады.

– Қапанды?!

Қапанды ауылнай қылады десе, бұл отырған жұрт түршігетін секілденеді...

Көриекең ауылы ығы-жығы адам: шеттен келгендер аттарын иіріп байлап тастап екеу-екеу жекеленіп сөзге кірісіп отыр. Елдің арты әлі келіп болмаған. Сайлаушының әйелдерді де «шақырт» дегенімен, ауылнай жақын ауылдың әйелдеріне де хабар айтқан екен, көріксіз жайдақ арбаға тиеле мініп, шағалададай болып әйелдер де келе жатыр.

Топтанған аттың жел жағында, ішінде Байбол бар, он шақты кісі сөйлесіп отыр. Бәрі де елдің сүбе билері. Ауылнайлықты Байболдың қанжығасына байлап, басқа орынды мүше қылып бөлгелі отырғандар. Жебелі қара кісі тымағының оң жақ құлағын жымқырып алып, сөзге кірді:

– Адам болам деген жастың алдына шығып көргеніміз жоқ. Байбол талаптанған екен, бұған да бол деп отырмыз. Бір ауылнай ел болғанмен, құрама секілдіміз; ішімізде арғын да бар, жаппас та бар, керейіт те бар. Орынның бәріне адамымызды сайлай берсек, мүшенің бәрін қыпшақ өз бауырына басты деп олар мінеп жүрер. Сондықтан Байбол ауылнай болса «кәндилатын» жаппасқа берейік. «Песірін» арғын алсын, біреуін сайлай жатар, – деді.

Бұл кісінің сөзіне былайғылары бөгелгендей болса да, бақылаушы кісі қарсы сөйледі:

– Қыпшақ, сендердің мазақтарың қалмайды, бізге ылғи ойдан шығарғандарыңды бересіңдер. Мүйіздерің шығатын болса, баяғыдан бері болып келесіңдер ғой. Ауылнайлықты бізге де бір ұсынсаңдар қайтеді? – деді.

– Өй, жөнсіз шіркін, ұсынғанда кіміңді сайламақсың?

– Кімді сайлайтынымызды өзіміз білеміз. Байбол сияқты біреу бізден де табылар.

– Байғұс-ау, Байболдың жолы басқа ғой. Байболдың көзі қарақты. Басты кісілермен таныстығы бар. Елге салық түссе де, я басқа бір ауыр таян жұмыс болса да зиян көрмейміз ғой.

– Зиянын сен көрмессің, біз көріп-ақ отырмыз. Қит етсе, тізе көрсетеді, ортамыздағы жесірімізді тал түсте-ақ сатып отыр ғой. Байбол ауылнай болса мүлде үйтіп жеуден тайынбас.

Байбол ашуланып:

– Әй, сен, кімді айтып отырсың? – деп жүгініп алды.

– Сені айтып отырмын!

– Бәлем, арғын, құтырайын деген екенсің!..

Сөз ерегіске кетті. Жебелі қара кісі кіжінді.

– Айқай, баяғы дәуреніміз-ай, мұндайды қарсы келгенде, тіліп алушы едік-ау! – деді.

Екінші біреуі оның шашпауын көтере сөйлеп:

– Сайлаушы төрені арқаға таңып істеп отыр ғой, – деді.

Сайлаушы төре жұрт көзіне шешілмейтін бір жұмбақ болып қалды...

Кәриекең албары сығыса толған адам. Ауылнай жүгіріп дәйек боп ортаға стол қойып бүлініп жүр.

– Төре келе жатыр, – деген дауыс естілді.

Ұзын бойлы қара жігіт қолындағы папкасын әкеп столдың үстіне қойды. Қасен мен Қапан бірге ере келіп, столға жақын жерге отырды. Жұрттың көзі төреде, Байбол жағы Қапанға ала көзімен қарап, атып жібергендей болып отыр.

Сайлаушы ауылнайға мәжіліс аш деп еді, қалай ашуын білмеймін деп, ауылнай шегіншектей берді. Сайлаушы мәжілісті өзі ашып, мәжіліс басқарушыларды сайлауын өтінді. Қасен бірден Қапанды атады. Екінші жақтан біреу Байболды атады.

Сайлаушы:

– Мәжіліс ағасы Қапан, хатшысы Байбол, – деп жариялады.

Қапанның Байболдан жоқ жерде жоғары шыққанына жұрттың бірсыпырасы таңданды. Бірсыпырасының іші күйіп, көңілдеріне шек ала бастады.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе – мемлекетіміздің ішкі-сыртқы күйі туралы еді. Бір жағынан – мәселе жұрттың ұғымына терең болған соң, екінші жағынан өкіл сөзге олақ болғандықтан бұған көңіл қойып тыңдаушы жан болмады. Жұрт өзара күбір-сыбырына кірісті. Ысқақ дейтін біреу Байболды сықақ қыла:

– Байбол қанша тыраштанса да, Қапанға хатшы болудан артыққа бара алмай жүр екен ғой, – дейді.

Байбол жағының бір жігіті мұның әзілін шам көріп, қатты сөз айтты. Екеуі ерегісіп дауыс шығарып боқтасуға айналды. Баяндамашы сонымен «герман үкіметі...» дей бергенде, Ысқақтың «әкеңнің аузын...» деп біреуді салып жібергені көрініп қалды. Жұрт ойпаң-тойпаң, боқтау, арашалау, кімнің кімге жақ екенін айырып боларлық емес...

Жанжал зорға дегенде басылды. Байбол Ысқақты өкілдің алдына жетелеп әкеліп:

– Мынау жиылыста төбелес шығарды. Бұл – контр. Протокол істеп, мұны түрмеге айдау керек! – деді.

Баяндама аяқталмай қалды. Жұрт асығатын болған соң, бірден сайлауға кірісілді. Өкіл сөз алып сайланатын адамдардың тізбесін оқып шықты.

– Төр ағасы Қапан Жаманбайұлы, мүшелері Ерімұлы Кәрім, Жақайұлы Құлабай...

Байбол ұшып тұрды!

– Сайлау еркі халықтың өзіне берілуі керек. Бұл тізбедегі адамның біріне де риза емеспіз! – деді.

– Риза емеспіз! – қауым жағы шулап қоя берді.

Өз жағының адамын атаған соң Қисық жағы жым болып үндемеді.

Барлыбай дейтін мырза бөркін қолына алып, жүгініп отырып сөзге кірісті.

– Сайлау жұмысына бұрыннан таныспыз ғой. Мұндайда ақсақалдар ымырасымен іс істеуші едік.

Өкіл оны иекке алып кетті:

– Сіз байсыз ғой?

– Күн көргіштігім болмаса, байлығым жоқ.

– Малайың бар ғой?

Барлыбай үндей алмай қалды.

– Сайлау ісінде сіздің жұмысыңыз болмасын. Өзіңіз кейінірек отырыңызшы, – деп оны тұжырып тастады.

Аяқ алысын байқаған соң, басқалар үндей алмай қалды.

– Ал, осы тізбедегі адамдар сайлансын дегендерің қол көтеріңдер!

Әйелдермен қоса санағанда жүз жиырма адам қол көтерді.

– Кім қарсы?

Сексен адам қарсы болды. Бәрі де қауым тобы екені анықталды.

Байбол тағы тұра келді:

– Сайлауда әділшілік жоқ. Тізбені ел көрсетіп отырған жоқ, ол бір; екінші – сайлау Қисыққа қараған елде болып, олардың әйелдері қатынасып отыр. Біздің елдің әйелдері шақырылмай үйде қалып отыр; сондықтан копия алып, ізденеміз!.. – деді.

Бірен-саран жігіттер ғана Байболдың шашбауын көтерген болды. Көпшілік жағы «жау кеткен соң қылышынды боққа шап» деген ғой, – деді.

Қапанды ауылнай қылып жиылыс тарады...

VIII

Қаланың өзен жақ тар көшесімен қаздай шұбырып үш адам келе жатыр. Ымырт қараңғысы. Көше қойыртпақтанған батпақ, кейде аяқты ұстап жібермейді. Ерсілі-қарсылы жүрген адамдар сиырдың ізіндей ғана соқпақ ізбен шұбырып жүреді.

Көшенің мүйісіне келгенде батпақ бұрынғысынан үдеді. Алдыңғы жағында келе жатқан Байбол еді. Ырсылдап терлеп, бөрікті қолына алды. Арт жағындағы еңгезердей имиген, қыр мұрынды қара орыс мұрты тікірейіп Байболға тақалып тоқтады.

– Әй, Иван-ай, тіл алмайсың-ау, дайын тұрған пар атқа мінсек қой, әлгіде зырқырап келіп қаламыз.

Иван да күлімсіреген тәрізденді. Бірақ атқа мінуге қарсы екендігін тағы қайырып айтты:

– Жарамайды, осы күні біреуді біреу бағып жүреді, көзіне түстік дегенше, сөзге қоса бастайды, – деді.

Ең артқы қаба сақалды қара кісі еді. Басындағы жалбайы милықтанып, буы бұрқырап терлеп, ентіккендей болып тұрды. «Төрелермен» сөйлесуге өзін лайық көрмесе де, бақытымды сынап көрейін дегендей ептеп қана үнін шығарды:

– Ойпырым-ой, жердің түбі екен ғой, – деді.

– Ауылнай болатын адам мұндай жүрісті көпсінбеуі керек, – деп Иван оны төлкек қылып қойды.

– Иван дұрыс айтады. Тегін жатқан нәрсе бар ма? «Мехнат-танбай, рахат жоқ» деген ғой, – деп Байбол көтеріп қойды.

Іздеп келе жатқан жерлері – бұрыштағы тас үй екен. Маңдайында жылтыраған электр оты жалғыз көзді пері секілденіп тұр. Бұлар төніп есікке келгенде, ұйқыдан жаңа маужырап тұрғандай біреу тәлтіректеп шығып, екпінімен ауылнай болғыш мырзаны иығымен қағып өтті. Мырза сескеніп қорқып кетті. Байбол онымен байланысайын деп еді, мырза араға түсіп, әңгімені басқанша асықты.

Үй іші толып жатқан бөлме. Гу-гу әңгіме. Сылдырлаған шынының даусы, кірген қарқында мырза таң қалып, аңырайып аузын ашты. Байбол бәрімен таныс секілді. Жүгіріп ана бөлмеге бір, мына бөлмеге бір барады. Бұрыштағы бір кішкене бөлмеге үшеуі келіп отырды. Жаландаған жас жігіттер дәйек болып жүгіріп жүр. Ә дегенше болмай столдың үстін шыны қаптап кетті.

Иван мырзаны иыққа қағып:

– Баяғыдан бері жиғаныңның игілігін көр, әйдә іш, – деді.

– Ал ендеше байдың жолының болуына ішейік, – деп Байбол стаканын көтеріп алды.

Бұрын ішіп көрмеген нәрсесі болса да, бай тартына алмады, ішпесе қонағының көңіліне келетін секілденді. Бастапқы кезде пивоның күрмек дәмі ауызға білінсе де, іше келе үйренді. Шыны артынан шыны алмасылды. Бай ықылық атып, басы айнала бастады.

Түнгі сағат 12-де үшеуі теңселіп тысқа шықты. Бұрышты орала бергенде, байдың аяғы тайып кетіп, батпақты сүзе құлады, бет-аузы қап-қара балшық болып, сүрініп-қабынып тұрып жатыр:

– Байбол, – деді.

– Әу.

– Іс реттелетін бе?

– Біз кіріскен соң іс реттелмеуші ме еді, Қапанды түрмеге тықсам, ісін саған алып берсем, одан артық не керек? – деді.

IX

Кешкі мезгіл, үй іші қара көлеңке. Бұрыштағы сандықтың үстінде Қапан домбыра тартып отыр. Теректен істеген ақ дом-

быра сабаған сайын безілдеп, әлдекайдағы күндерді еске түсіріп отыр. Өмірдің қайғылы кезеңі еске түскенде, домбыра мұңды күйге түсіп, жыламсырап, қуанышты күндерді ойлағанда, аспанға шарықтап бұлбұлдай сайраған секілді болады...

Қапан не көрмеді, екі бала жастан жетім қалып еді; екі-үш жыл кісіге жалданып, інісі ержеткен соң, жалдануды тастап, үйінде отырды. Жұмысқа қыры болмады. Ертенді-кеш айналдыратыны домбыра еді. Ауыл көршілері Қапанды ұнатпай қарап, «кедейдің кербезінен сақта» деп мысқылдай күлуші еді. Қапанның ол кездегі ісіне қарай олардың күлуге жөні де бар еді.

Қапанның азырақ түзеле бастағаны бұл ауылға Қасен мұғалім болып келгеннен былай қарай еді.

Ел себепкер болды ма, қаладан келген сайлаушы себепкер болды ма, әйтеуір ойламаған жерден Қапан ауылнай болды. Бір жағынан ауылнай болып, екінші жағынан өзінің сүйген қызын алып, осы соңғы төрт айды Қапан қызықты тұрмыспен өткізді. Бұрынғы қайғының бәрі де қойылған тәрізді. Алдағы өмір бұдан гөрі де қызықты болып өтетін тәрізді...

Ауылнай кезінде өзінің беделі өсейін деді. Кедей-кепшіктің Қапан ауылнай болғаннан бері белі көтерілейін деді.

– Үкімет өзіміздікі, ауылнай өзіміздікі, бәлем, байлар, енді көзіңді ашып қара!.. – деп, Кәрімнің дауысы бұрынғыдан да ашық шығатын болды.

Ауылнайдан қорқып үрпиіп, соған жарамсақтануға асығатын ел шаруалары, Қапан ауылнай болғаннан былай еркін дем алып, Қапанды өзімсініп, кеңес жұмысының не екенін сезіне бастады.

«Бізге қалған не сөз бар? Бізді кім елейді?..» – деген сияқты үмітсіздікке салынған жас жігіттер де, Қапанның жоқ жерден ауылнай болып кеткенін көрген соң, жігерлері көтеріліп, әңгімеге бұлар да елендесе бастады. Жұмыстан қолдары босаса, Қапанның үйіне жиналады. Жастардың бастары құралса, Қасен олардың ортасына келіп, газет, журнал оқиды; жастардың жігерін өсіре сөз сөйлейді. Сөйтіп жүріп он шақты жігіттің басы құралып, кешкі мектеп те ашылды. Сауатсыздар мектебіне кіріп бірен-саран әйел де оқи бастады. Оның бірі Сақып еді. Үйінде жүргенде ынжықтанып кісі бетіне қарауға ұялатын қыз мұнда келгелі ашылып, Қасеннен оқып хат тануға да айналып қалып еді...

Бірақ әлдекалай жалғыз отырып ойға шомса, қызықты өмірмен қатар Қапан алдағы өмірінде қорқынышты да сезгендей болады. Әлдекім мұның істеген ісін андып жүріп, кезінде шалып қалатын секілді болады.

Ауылнай болғанына төрт ай. Төрт айдың ішінде Қасеннің

нұсқауымен Қапан көп істеді. Бұрынғы ауылнайларға қарағанда ел кедейлерінен мақтау алды. Бірақ жақсы ісімен қатар бірер білместігі де болды. Қапан оны Қасенге айтса, сөз жоқ, істетпейтін еді.

Ауылнай болып іс алған соң, Қапан өзін ірі кісі болдым деп ойлап еді, ел арасындағы жұмысқа лаумен жүруді лайықсынбай, Ырысбай деген байдан барып аттың майын сұраған. Ырысбай қандай құт адам. Бұрын есігінен қаратпай жүрсе де ауылнай болған соң ескі күйін бірден өзгертіп қадірлеп төріне шығарған. Бұрын «қаңғырған неме қайдан келді?» деп жиырылған бәйбіше де бұл жолы Қапанды ашық жүзбен қарсы алып, «қайным» деп әзілдескенде, Қапан жұмысын айтқан соң бай бір ауыз сөзге келместен «жылқының мандай алды еді, саған ғана беремін» деп тор төбел атты берген. Атты ноқталап бергелі тұрғанда, Ырысбайдың інісі қалтасынан бір қағазды алып: «Ертең базарға жүрмекші едім, мал сататын едім, мынаған мөр басып берші», – деп мөр бастырып алған.

Атты үйіне әкелген күннің ертеңінде-ақ «Қапан ауылнай болмай жатып, пара алуға айналды», – деп ел ішінде күңкілдеушілер де табылды. Әңгіменің шет жағасын Қасен естіп, Қапанға ренжіп, «жаяу жүрсең де Ырысбайға жоламауың керек еді. Ұры ұстайды деген сыбыс бар, енді сақ бол» деп ақылын айтып еді. Қапан сол жерде мөр бергені есіне түсіп, не қағаз екенін оқып барып мөр баспағанына өкініп, санын соғып еді. Содан бері жатса-тұрса ойынан қалмайтын.

Кешкі қараңғылықта отырып ойға шомған соң, Қапанның ойына мөр келіп түсті. Бұрынғыдан бетер қорқыңқырап, «Егер біліне қалғанда қайтер едім?» – деп ойлады. «Кеңес үкіметі кедейдің үкіметі ғой, менің бірер істеген қатемді кешпес пе? Әлде басқаларға үлгі қылу үшін, ел арасында бұзықтықтың тамырын жою үшін, біліне қалса, шынымен жазаландырар ма екен?..»

...Мектеп үйі, сығырайған кішкене шам. Есік жақтағы байлаулы қозы-лақ, бұзау быртбырт күйсейді, ыңыранып қасынады. Дала жел, жазғытұрғы қара суық. Жел екпінімен терезеге әлденелер келіп тырсылдатып тиеді. Жел сызғырады, аш қасқырдай ұлиды. Қою қараңғылықты жамылып, адам өмірінің келешегіне атпас таң әзірлеген төрізденеді... Әлдекайда лапаста ма, әлде қой қораның төбесінде ме, ұйлыққан иттердің маңына бара алмай, ақсақ Құтпан ұлиды. Ұлығанда аяныштыдаусын неше құбылтып үзіліп ұлиды. Қазақ әдетінде ит ұлудан жаман не бар? Ауылды ма, әлде ауылдағы бір аяулы адамды ма аңдып тұрған пәле бар ма? Әлде әзірейіл қармағын дайындап бір сырбаздың жанын тартқалы тұр ма?!

Үстелге сүйеніп, көзі үмітсіз мөлдіреп, Қапан ауыр ойға батып отыр. Аз күнгі қызық көргені түсі секілденіп, енді шықпас шыңырауға батып жатқан тәрізді... Жел ұлиды, табиғат та, жанды мақұлық та Қапанға келетін бір ауыртпалықты сезіп, бәрі де жыламсырап аяушылық қылған тәрізді...

Қапан күрсінді, ұйқысынан оянған адамдай жан-жағына қаранды. Жанындағы Қасен түнжырап ескі істерді ақтарып отыр. Бірінен соң бірін аударады. Қапанның қолы қойылған мөрлі қағаздар көзіне түсіп жоқ болады... Мұны неге аударады екен?.. Қапанның тағы бір қылмысты ісін тапқалы отыр ма? Әлде Қапанға келетін жаманшылықты жоюдың бірер шарасын қарастырып отыр ма?..

Қапан төзіп отыра алмады:

– Енді қайтеміз? – деді.

Қасеннің ойында осы сұрау еді:

– Енді қайтеміз?..

– Өзі қалай болған екен, сен ашып айтшы, – деді Қапан.

Қасен алдындағы қағаздарды азырақ жия түсіп:

– Әңгіме биылғы Ырысбайға берілген мөрде болып отыр ғой, – деді Қасен. – Сол ат – ұрлық екен ғой. Оны мына Сәрсенге сатқан екен. Байбол тіміскімей жүре ме? Түбі шикі екенін біліп, керейден бір кісі әкеліп ие қылған көрінеді. Куәсі Жамақ дейді.

– Ырысбайдың інісін де ұстай ма екен?

– Ырысбайдың інісі ұсталар ма, Байболмен ауыз жаласып, «сенен сатып алдым» деп жауап берген көрінеді.

Қапан бұрынғысынан да жаман үрейленді. Айналасының бәрін жау қамап, шыға алмас ұйыққа батқан тәрізденді. Жан ұшырып кейіп кетті.

– Апырым-ай, менің ұрлық қылмайтындығыма, менің сол атты сатпайтындығыма бүкіл ел куә емес пе?! Сен өзің де соған куә болмайсың ба? – деп Қасенге қарады.

Қасен куә болады ғой. Бірақ іс Қасенге тіреліп отыр ма? Ертең сот бола қалса «Мөрді неге бердің» демей ме? Соған беретін жауап Қасенде де, Қапанда да жоқ қой...

Екеуі де сөзді доғарды. Екеуі де терезеге көзді қадап ызғарлы желдің сызғырғанын, ақсақ Құтпанның әлдекайда көмескі дауыспен үзілтіп ұлығанын тыңдады... Істің келешегі белгісіз: жол тауып шыға ала ма, әлде мәңгі адасып кеткен бойымен кете бере ме, ол жағы қараңғы секілденді.

X

Қапан ұсталып түрмеде төрт ай жатқаннан кейін сот болды. Сотқа куә болып Байбол, Ырысбай, Жамақ жағынан оннан аса

адам келді. Капанның ауылдастарынан, қайын атасы Әбілбай жағынан жан келмеді.

– Егер куә болып аттап басушы болса, Қапанмен қоса түрмеге тықтырам! – деп Байбол күшті соққа керек.

Сотта Қапанды жақтап жалғыз-ақ Қасен шығып еді, Байбол жағы көптеп бүктеп кетті.

– Өзі ұрлықтас, олжалас болған соң қорғап тұр, – деп Байбол шап берді.

Сот куәлардың төндіруімен, ұры деп тауып, Қапанды үш жыл түрмеге салуға қаулы алды. Қапанның кедейлігін, бұрын сотта болмағандығын еске алып жазасының бірсыпырасын кешті. Бірақ бұл хабар елге «Қапан түрмеде он жыл жататын болыпты» деп тарады.

Қапан ұсталғаннан бергі өмірін Сақып жылаумен өткізіп келіп еді. Енді мына он жылға жататын болыпты деген хабар естілген соң мүлде дағдаруға айналды.

Әке-шешесі күн құрғатпай келіп, Қапан ұсталғалы үйіне шақырумен болды. Ондағы мәнісі Қапан ұсталып кеткен соң Байбол Әбілбайға кісі салып: «Сыйынған құдайын түрмеге тықтым. Енді, Әбілбаймен сөйлесем, маған дос болам десе, ана қызын азғырып маған алып берсін; болмаса менен жақсылық күтпесін», – депті. Әбілбайдың жақындары – бәрі де көлеңкесінен үркіп отырғандар: «Қайтсең де Сақыпты азғырып алып бер. Бір қыз үшін басымызға пәле тілеп ала алмаймыз», – деп қысыпты. Екі жақтан қысқан соң әке-шешесі сасып Сақыпқа барады. Жылап отырып жайларын айтып, «түбінде көре жатарсың, әзірге бізді пәледен құтқара көр» деп жалынады.

Сақып әке-шешесінің бұл өтінішіне баста қарсы болып, дүниеден қаңғырып өтсем де Байбол босағасын көрмеймін десе де, Қапанды он жылға жататын болды деп есіткен соң, не қыларын білмей сасады. Сақыпқа сүйеніш болатын жанашыр Қапан да жоқ. Енді не қылмақ керек? Кімге ақылдаспақшы? Апырмау, қызғылықты өмірдің шынымен кері айналып кеткені ме? Қапанмен қосылғанда өмірлік бақытты болдым деп ойлаған жоқ па еді? Сол бақытты бұдан қызғанған кім?! Шынында Сақып бақытты болуға, Қапанмен қосылып қызықты өмір өткізуге лайық емес пе? Сүймеген, өмірлік жауы деп санаған Байболға қалай ғана әйел болып бармақшы? Жылаған көздің жасын көретін кім?..

Сақып талды...

Әке-шешесі, жақын ағалары болып:

– Қайтсең де барасың, – деп сіресіп отырып алды. Тіл алмаса, көтеріп арбасына салып жіберулері анық еді...

КӘДІР ТҮНІ КЕРЕМЕТ

Байқан молданың екі-үш жылдан бері көрген күні өзінше айтқанда итке берсін дерлік еді: мал азайды, түсім кеміді; ел бұрынғыдай сайлауды қойды, бұрын кез келгенде «тақсыр!» деп шұлғып, шариғат айтқызатын сопылар да осы күні «құдай сөзінен» гөрі көсіп қылуды, тамағын тоғайтуды ойлап кеткен. Ишанның он мың таспық алып күндіз-түні шұлғитын Ыбырай сопы сөлдені көйлек қылып киіп, соқаның ағашына жабысатынды шығарған.

– Ой, құдай-ай, бұл жұрт не қылып кетер екен? Ақыр заманың болып қалған-ау!.. – деп Байқан молда күрсінеді.

«... соңғы әзірде қамсамал дегені шықты. Қамсамал дегені жалғыз көзді бірдеме шығар десем, өзіміздің ауылдың жаман балалары!.. Соның бірсыпырасын бұдан бес-алты жыл бұрын өзім оқытып едім... Құдай-ау, менің аузымның дұғасы шынымен кеткені ме? Соларды діншіл қып-ақ тәрбиелеген жоқ па едім?.. Енді кернейлетіп, сырнайлатып дажалдың құралы болып отыр!..»

Байқан молданың ойының көбін комсомол алады. Өйткені бастығы мұғалім болып, комсомол дінге қарсы үгіт жүргізеді. Молдаларды мазақ қылып спектакль қояды. Тақпақ айтады. Ойындарына бармаса да, онда не болғанын Байқан сырттан естіп, іші өртеніп кете жаздайды. Ең арғысы ойнап жүрген бес-алты жасар балалар да комсомолдардың тақпағын айтып жаттап алып:

«...Еңбексіз ит жер,
Бейнетсіз бит жер,
Берсеңдер бер молдаға!» –

деп сықақ қылады.

– Құдай-ау, бұл қорлықты көргеннен өлгенім артық емес пе еді? – Байқан молда кейде зарланады.

Жақын арада Ідірес үйінің жанында жиылыс болады. Жиылыста комсомолдар да бар екен. Комсомолдарды бастап жүрген Кәрім деген жігіт. Мұғалім мен Кәрімді қатар салғанда, Байқан молда, әсіресе Кәрім десе жарылып кете жаздайды. Өйткені биыл Тынымбайдың шешесін, асығыс болып, ауылнайға хабарламай көме салып еді. «Сен рұқсатсыз намаз оқыдың» деп Кәрім протокол жазып, сотқа беріп қойыпты. Содан бері өзінше қорытынды шығарып, «неше азғын болса да осы мұғалім жаман жігіт емес. Заттың тұқымы шығар» деген ойға келетін. Олай деуіне тағы бір себеп, Байқан молдамен кездескенде мұғалім көбіне шаруашылық жайын сұрайды:

– Кәсіп қылуыңыз керек қой, кәсіпсіз отырмаңыз, – дейді.

Бұл ақылын теріс деп кім айтар?!

Ідірес үйіндегі жиылысқа байқамаған болып, Байқан молда да барды. Мұғалім сөйлеп тұр екен. Байқанның көзі Кәрімде болды: мұғалімнің сөйлегеніне Кәрім шыдап отыра алмай, біресе орнынан ұшып тұрады, біресе отырады: «Ия, ия, солай... тап өзі» деп екі сөздің бірінде мұғалімге қабаттасады да отырады. Байқан мұны көрген соң Кәрімге бұрынғыдан жаман өшікті: «Мына шіркін оңбас. Мұның өмірлік ісі біреудің шашпауын көтеріп, соның шылауында жүру болар», – деп қорытынды шығарды.

«Біреу болмаса біреу молда басымен жиылысқа келіп тұрғанын қарашы деп айтар» деп қуыстанып, жиылыстың аяғын күтпей үйіне қайтып кеткен. Көңілі жарымданып үйіне келсе, екі қара домалақ баланы екі жерде жылатып, үйдің ішін азан-қазан қылып, бурадай бұрқылдап қатыны жүр.

– Таң атса таяғын алып, басы қақшиып қыдырумен болады. Үй ішінің аш-жалаңаш екені ойына кіріп те шықпайды... – деп жүреді.

– Апырым-ау, мен таппайын деп жүрмін бе?.. Жай садақа атымен жоқ. Бірен-саран өлік болса басына шығарылған бірер қараны Көдебай ауылнай «аштарға, пәленге...» – деп жырмыштап берекесін кетіреді. Жалғыз табыстың түрі бұлай болған соң, мен жоқты қайдан таппақшымын?..» – дейді.

Осының бәрін ойлай келгенде молданың қаны қызады, ашуы келеді. «Осының бәрі діннің азғандығынан, ақыр заманның жақындағанынан...» дейді, жер үстінде жүрген адамда, молданың ойлауынша бір мұсылман жоқ, бәрі де азғын; азғындардың сөзін тыңдайды. Бірақ қанша наразы болса да, заманның ағымына, тұрмыстың илеуіне көнбей кетерлік өзінде құдірет жоқ...

Соңғы кезде Байқан молданың ойын жеген бір қиял: керемет иесі болу. «Керемет иесі болып адамның ақылына келместік істерді істесем жұрттың бәрі менің айтқанымнан шықпас еді, айдай әлемді аузыма қаратар едім. Кәрімің қамсамолдықтан безіп менің соңыма ерер еді: мен оғаз сөйлегенде: «я... дұрыс» деп қабат айтып қостап тұрар еді...» дейді.

Мұғалім туралы ойлағанда: «Ол көпірдің діні мықты ғой, маған ере қоймас еді...» – дейді.

Кей кездерде қиялдана келе – Мұса пайғамбардың кереметіне ие болса, қағазсыз неке қидырмайтын, өлік жаназасын оқытпайтын Көдебай мен Кәрімдерді перғауын сықылдандырып суға қарқ қылып жібергісі келеді. Нұқ пайғамбар секілді өзінің жек көрген адамын тас қылып тастағысы келеді. Мұның бәрін де істеу оңай, жалғыз-ақ кереметке ие болу керек. Соң-

дықтан ол жамаулы қара кітаптардағы «қасиетті» күндердің бәрінде де ұзақты түнді нәпіл оқытумен өткізіп, керемет иесі болуды тілеуін қоймайтын еді...

* * *

Кәдір түні еді. Байқан молда бүгін өзгеше әзірленді. Неше түрлі «Ісім ағзам» дұғасын оқып отырып бабына келтіріп дәрет алып, жаназаға барғанда киетін көк ала сарт шапанын киіп, жаңа сәлдесін басына салып, жайнамазды жайып жіберіп барып отырды. Ишаннан алған ұзын қара таспықты шектей шұбалта қолға алып, «сұқпан алданы» судырлата бастады. Қиял әлдеқайда кетті: ескі пайғамбарлардың түрлі кереметтері, істеген істері ойына түсті. «Сондай болсам!..» деген жүрегіндегі ескі тілек бұрынғыдан жаман күшейіп, әлдеқайдан біреу: «Бүгін тілегің қабыл болсын!..» дегендей болды.

Ояу екенін де, ұйқылы екенін де білмейді, маңайы кенет өзгеріп кетті: төбесі аспанмен таласқан, іші неше түрлі дұғалықтармен безелген үлкен мешіттің мехрабында таспық тартып отыр екен. Таспығы бұрынғы ишаннан алған таспық емес, кілең асыл тастан тізілген. Маңайы толған ақ сәлделі мүриттер. «Я, шайхым!...» деген дауыстары жер жарады.

Байқан молда «өнім бе, түсім бе» деп басын көтерді. Әлдеқайдан жұмсақ, майда дауыс естілді:

– Азған дүниеде азапты көп тартқан құлым едің... Сен болмасаң, дүниені әлем-тапырық қылып жіберейін деп едім, бір сенің құрметің үшін қалдырдым. Енді мына азғандарды тура жолға салу үшін сені бас қылдым: елінді үгітте, мұсылмандыққа шақыр!.. – дейді.

Дінге үгіттеуді есіткенде, молданың ойына комсомолдар түсті. «Дін – апиын» деген комсомолдар сөзі шыңылдап құлақты жарып бара жатқан секілді.

– Құдіреті күшті құдай. Тапсырған жұмысыңды толық орнына келтірер едім, бірақ комсомол дегендері іске керте болады, дінді мазақтап ойын істейді, мені мазақтап тақпақ айтады... – деді.

– Оларды көндіріп берейін, – деген дауыс естілді.

– Кәрімді ше?

– Кәрімді қолыңа берейін.

– Мұғалімді ше?

Дауыс біразға шейін семіп барып:

– Мұғалімге құдіретім жетпейді: менің қол астымда емес, оның құдайы басқа... – деді.

Байқан молданың тасыған көңілі азырақ бәсеңдейін деді. «Жер жүзін билейтін жалғыз алла» дейтін сенімнің жалған

екендігін жаңа сезгендей болды. Бірақ көпшілік осының қолында ғой. Көптен иемденіп тіс қағып қалған қарт құдай ғой. Жаңа көтеріліп келе жатқан комсомолдардың құдайы да өздері сияқты жас шығар. Күшсіз шығар, – деп көңілін жұбатты.

– Әкеле жатыр, әкеле жатыр...

Кәрімді екі жендет ортаға салып айдап келе жатыр екен.

– Тақсыр, күнәлі құлыңды әкелдік, не жаза бұйырасыз? – деді періштелер.

Кәрім солқылдап жылап отыра кетті.

– Мен жазықты, тақсыр, айыбымды кешіңіз! Мен сізге протокол істегенде, қастықпен істегенім жоқ. Көдебайдың айтуымен істедім... – деді Кәрім жылап.

– Қамсамолға неге кірдің?

– Ойбай, тақсыр, күнім үшін кірдім. Мен шын қамсамол емеспін... Мен дінді сөккенде мұғалімге көз қылып қана айтушы едім. Оңашада намазымды тастаған жоқпын. Нанбасаңыз Жамақтың қатынынан сұраңыз, соның үйіне барып талай бесін намазын оқығам...

Сұлу мұртты, қарны шермиген – Бестөбенің Омары секілді біреу қол қусырып жетіп келді:

– Тақсыр, Кәрім сөзі рас. Биыл қамсамол айты болғанда Кәрім оларға ермей біздің арбамызға мініп кеткен... – деді.

Молда күнәсін кешірді... Намаз артынан Кәрім мысыр мақамына салып құран оқыды...

* * *

Үй төбесі кенет ашылып кетіп, маңайы нұрға толған тәрізденді. Жан-жағына қараса көз тұнады. Бұл не ғажап дегеніңше болмады, аттан кішірек, Сырдың есегінен едәуір қалқыңқы, құлағы ондай салпы емес, ықшам ғана бір жылқыны біреу алдына әкеп ұстап тұр!..

Әлдеқайдан дауыс естілді:

«Құлым, саған пырақ жіберіп отырмын. Міне, сегіз қабат аспанды сайрандап, көңіліңді көтер!..»

Дін бастығы болған соң мұндай құрметті Байқан молда өзіне көпсінбеді. Құдіретпен дидарласып көңіліндегі мүдделі сөзін айтуды Байқан көптен керексініп жүр еді. Әсіресе комсомолдар: «Молдалығың зорайды», – деп салықты басыңқырап салып жібере ме деп қылпылдап жүр еді...

Пырақтың үзеңгісіне аяғын соза бергенде, бір жұмсақ қол келіп қолтығынан сүйеді. Жалт қарап еді, есінен тана жаздады. Айдай сұлу бір қыз жымиып күліп тұр.

– Хордың қызымын, сізге қызмет қыла келдім, – деді.

Молданың көңілі әлденеге ауытқып кеткендей болды...

Қыздың қанаты бар екен, жетектеп аспанға ұша бастады. Көзді ашып-жұмғанша сегіз қабат аспанды өтіп, бір әдемі бақшаға кез болды.

– Бұл жұмақтың бақшасы, сіз секілді қадырлы қонақтар сайрандайтын жер, – деді қыз.

Бақша қалың ағаш. Ағаштарының бұтақтары саусаған жеміс, «мені же!» дегендей төніп тұр. Түрлі құстар құбылтып ән салып, бақшаны басына көтереді. Түрлі ағаштың түбінен бұрала басқан қыздар шыға бастады: сұлулығы ай мен күндей. Сыңқылдап күлген дауыстары жанды өртеп жібергендей.

– Осының бәрі хордың қызы. Бәрі де сіздің жүптіңіз! – деді ертіп келген қыз.

Сұлу қыздар төмен қарап тағызым қылды. Біртіндеп жылжып жақындай бастады. Байқан молда шеткі біреуіне жақындап сүйейін дей бергенде:

– Құлым, не мұның бар? – деген дауыс естілді.

Сұлу қыздарды көріп бойы еріп тұрған молда кенет есін жиып алды. Жүректі жеп жүрген ескі шерді ағыта бастады.

– Ауылнаймын, қағазсыз неке қидырмаймын, жаназа оқытпаймын, – деп Көдебай бір дікіндейді.

– Селсөбетпін, лау берсін, – деп Тобақабыл екі дікіндейді.

– Молда азғын, молданың сөзіне нанбандар, молдаға садақа бермендер, – деп қамсамолдар ол жүр.

– Мал азайды, садақа жоқ...

– Көп тындауға уақытым жоқ, қорытындыңды айт! – деді дауыс.

Бұл соңғы дауыс – Байқан молдалыққа қағаз ала барғандағы кеңсе басында отырған бір жігіттің: «Ертегіні қойыңыз, уақытым жоқ, қысқа айтыңыз» дегеніне ұқсаңқырап кетті...

Молда пырақтың жалын құшып жылады:

– Жалғыз-ақ тілегім бар, – деді.

– Айт, қабылдайын.

– Мені керемет иесі қылсаң екен!

Көктің жүзі күркіреп, дірілдеп сатырлағандай болды. Байқан молда қорқайын деді.

Қыз күлді:

– Ұлы періштелер жиналып жатыр, бір іске әзірленіп жатса керек, – деді.

Сөйткенше болмай қалың әскерше сау етіп періштелер жетіп келді:

– Не әмір қосасыз, сіз жер тәңірісі болдыңыз! – деді.

Молда насаттанып кетті. Жанындағы қызға қарап еді, ол құрғыр жымиып молданың іші-бауырына өтіп кете жаздады. Молдекең қызға қарап күлім қақты. Құшақтайын, сүйейін деп

ұмтыла бергенде, пырақ бұлтарып кеткендей болып, жүрегі зу ете қалды... Ә дегенше болмай, бір жанып тұрған оттың ішіне топ еткендей болды...

– Сорлы!.. Өлдің ғой! – деп біреу жұлмалап жатыр.

Пырақты жетелеген хордың қызы ма деп көзін ашып алса, өзінің қатыны Айжан! Басындағы сәлдесін жұлып алып уқалап жатыр... Үй іші сасық түтін. Жерде бірдеме заулап жанып жатыр...

– Бұл не? Бұл не? – деді молда.

– Сорлы-ау, төсегіңе жатып ұйықтасаң қайтетін еді?.. Таспық түбіңе жетеді ғой. Шамның үстіне құлап жер майының жанып жатқаны анау, сәлденнің қоңырсып күйіп жатқаны мынау!.. – деді Айжан.

Атасының басындай сақтап жүрген сәлдесінің ортасы шұрқ-шұрқ. Ала шапанының етегі жер май сасиды.

– Кереметті көп көрдім... Құрысын қатын, жатамын, – деп қара таспықты молда ырғытып жіберді.

1925.

ЕЛ КҮЙЕУІ

Биғаншаның өлімі – Жұматай, Сыдық, Байбосын үшеуіне айрықша батты. Жұматай – Биғанша марқұмның күйеуі, Байбосын ішінен шыққан баласы, Сыдық – қайынінілерінің ішіндегі ең жан сүйері.

Бұл үшеуінің қайғысы үш түрлі болды: Жұматай қатынсыз қалғанына, төсекте жалғыз жататындығына күйінді; Байбосын мейірімді анасының құшағынан айрылғандығына өксіді; Сыдық шын сырласынан, жанынан артық көретін адамынан айрылғанына қайғырды.

Биғанша марқұм мезгілсіз өліп кетті: жасы жиырманың үшеуінде еді. Екі беті алмадай, көзі мөп-мөлдір қара, тал шыбықтай бұралған таңдаулы сұлудың өзі еді. Биғанша Жұматайға он төрт жасында күйеуге шықты. Жиырмаға келгенше бой түзеу, қатарға кіріп адам болу дегенді ескерген жоқ. Ескермеген себебі – біреуге әйел болып тиген соң бар міндеті соның қойнында жату, соның тілегін бұлжытпай орындау ғана деп білді. Жұматайдың мінезі де осыған еріксіз әкеліп салғандай еді. Жұматай өміріне кісімен ашылып сөйлескен адам емес, қабағы жабылып, иығы салбырап, сүзектен тұрған адамша қатып-семіп тұнжырайды да отырады: қайғыға кездессе құлап қайғыруды білмейді, қуанышқа кездессе тасып қуануды білмейді, ашуы келсе шошқа құсап қорс-қорс етеді. Нақа бір жадырап кеткендей болса,

аузын ыржитып күлген болады. Бірақ мұнысы да нағыз күлкі емес, болғанмен де дені дұрыс адамның күлкісінен әлдеқайда бөлек тұрады...

Басқаға қалай көрінетінін кім білсін, Биғаншаға Жұматай тап осылай болып көрінді. Биғанша Жұматаймен бірінші қосылған күннен бастап осы мінезінің бәрін сезгендей болып, бұдан өзгеше мінез шығады деп ойлаған жоқ. Екеуі тоғыз жыл бірге өмір өткізді. Осы тоғыз жылдың ішінде Жұматай Биғаншаның жоғарғы ойын түгелінен жарыққа шығарды да отырды. Бірдеме керек болса:

– Әй, қатын, – дейді.

Даусы күрр... ете қалады.

Ашуланса:

– Әкеңнің аузын... Түбіңді!.. – деп жеті атадан қозғайды.

Түн болса, шам сөндіріп жатса түлкі соғып жатқаннан жаман екіреңдеп болады. Жұматай екіреңдесе Биғаншаның денесі суық су құйғаннан жаман мұздап, қалтырап кетеді. Бетке тиген демі иттің демінен де жиіркеніште: «Әрі... қой» деп айтатын дәрмен қайда, Биғанша демін ішіне тартып, булығып зорға дегенде:

– Байғұс екенсің... не болды? Тым болмаса үйдің іші ұйықтасын да?.. – дейді.

... Биғанша езіліп, мүжіліп, өзін адам қатарынан шыққанға санап жүргенде, осы Сыдық кездесті. Сыдық кездескенде алыстан ат арылтып іздеп келген жоқ, ауыл үйдің арасынан кездесті.

Кездесулері де қызық: неден басталғанын, қалай болғанын өздері де білмейді, екеуі әзілдесе кетсе, жүздері жайраң қағып, сөздері жабыса кетеді, сөйтіп жүріп Биғанша Сыдықты ойынан тастамайтын болады.

Орта бойлы қара бұжыр жігіт. Оң жақ бетінде тыртық дағы бар. Көзі қысықтау. Мұрны қолағаштай үлкен де емес, таңқиған қысқа да емес, орташа. Жебелі келген мұрты бар, әзілқой, сөзшең. Домбыра тартып, аздап өлең де айтып жібереді. Тойтомалақта күреске шығып, өзі қатар жігіттерді жығып, бәйге де алып жүр. Ауылдағы бірқатар жас жігіттердің ішіндегі көрнектісі осы деуге болады. Бірақ Сыдықтың әйелі тең болып кездеспеген қара қожыр, ат жақты, еңгезердей – еркек пішінді адам. Жас адамның әйелі екем деп имену жоқ, сампылдап сөйлеп үйден үйге жүгіріп, өсек тасиды. Сыдықтың қатыны туралы сөз қылғанда жұрт: «Бір үйге қыдырып барғанда, қатыны үстіне келсе Сыдық ұялып шығып кетеді екен...» деп өсектейді.

Шын жақындық осыдан былай басталды. Биғаншаның өмірінде бұл бір жарық таң болды. Биғанша қайта жасап, жастық дәуірін өткізуге енді кіріскен сияқты болды. Күн сайын

құлпырып, ажарланып, бойы-басын түзеп, адам болып қунап кетті...

Абысын-ажынның өсегі ұлғайғаннан ұлғайып, шет жағасы Жұматайдың құлағына шалынды. «Жұматай естісе я ұрып, өлтіріп тастар, я айырып жіберер», – деп ойлайтын еді Биғанша, бірақ Жұматай мұны істемеді.

– Ит, сен неге ойнас қыласың? – деп түнеріп келіп, қамшымен тартып-тартып жіберді, Биғанша даусын шығарып жыламады, ұрма деп жалынбады да...

Кешке шам сөндіріліп жатқан соң, Жұматай бұрынғысын бастады. Аймалап сүйіп өзіне қарай тартты. Биғанша ішінен тынып ернін тістеумен болды: «Мына шіркін малмен бір тәрізді екен ғой... біле-көре мұнысы несі?..» деп ойлады.

* * *

...Биғанша, Жұматай, Сыдықтың арасындағы бір-біріне байланыс, жақындық түрі, міне, осы еді.

Осы күймен жүрген Биғанша марқұм болды. Жұматай қатынсыз қалды. Сыдық шын сүйіскен жүректен айрылды. Жұматайға қарағанда Сыдықта қайғы денірек. Бірақ Жұматай олай деп ойлаған жоқ: «Сыдықтың жұбаныш қылатын қатыны бар, менің сорым қайнады-ау» деп ойлады. Жұбаныш қылатын қатын болса Биғаншаны ойламайтындығы, оның өліміне қайғырмайтындығы анық еді.

...Жұматай қатын алудың жабдығына кірісті. Өткен-кеткеннен сұрастыра бастады. «Пәлен жерде бойжеткен қыз бар екен», – деген хабарды айтқан адам Жұматайдың бес биесінің қымызын тойғанша ішетін болды. Қыз қандай, сұлу ма, ақылды ма? Әлде ақсақ, таз, соқыр, мәжнүн бе?.. Жұматай ол жағын қазбаламайды, «бойжеткен» десе соған қанағат қылады.

Бойжеткен қыздардың бірнешеуін айттыра барды, бірінің де сәті келмеді. Қыз әкесінің беретін жауабы қысқа:

– Ерік қыздың өзінде, зорлап бере алмаймыз.

Бұл сөзді естісе Жұматайдың жыны келеді. Қорс етіп теріс айналып кетеді. Атына мініп еліне сызады. Замандастары сұраса:

– Реті келмеді, ерік қыздың өзінде екен, әкесі билеп бере алмады, – деп күңк етеді.

– Еркі қыздың басында болса, тіпті жақсы емес пе? Өзімен сөйлесіп, үйлесіп, малсыз әкете қою керек қой!.. – деп замандастары кеулейді.

Жұматай жақтырмай ондайға ала көзімен қарайды. Қызбен үйлесу деген не? Әкесі берсе, мал беріп айттырса, некесін қидырып төсегіне әкеліп жатқызса «үйлескен» деген сол емес пе?

Осыдан басқа «үйлесуінді» Жұматай білген емес. Жұматай болып жаралғалы қазір жасы отыздың алтауына келіп отыр. Осы жасының ішінде үйлесу дегенді білді ме екен?! Үйлесу былай тұрсын, қызға қарап бір ауыз сөз айтып көрді ме екен?!.

Жұматай үш ай қатынсыз жүрді. Қатынсыздықтың зары өтті. Бір күні салбырап Сыдықтың қасына барды:

– Жай жүрмісің, Жұматай?

– Жай емес қой... Не қылмақшы ем... нетіп... – деп бірсыпыраға шейін ойын ашып айта алмай тұрды.

Сыдық түсіне қалды.

– Қатын керек-ау, сірә, – деп күліп еді.

– Менің жайымды сен білесің ғой, – деп Жұматай күлген тәрізденіп ыржиып қойды.

Сыдық жымыңдай түсіп, әлденеге көтеріле сөйледі:

– Рас, саған қатын керек. Мен де білмей жүрген жоқ емес едім. Бірақ өзің дамылсыз іздеп жүрген соң бір ретін келтірер деп үндемеп едім... Менің бір балдызым бар, әйда, соған барайық!

– Бойжеткен бе?

– Бойжеткен...

* * *

– Жездем келді, – деп талдырмаш қара торы қыз үйден жүгіріп қарсы шықты. Сыдықтың иығына асылып үйге кіргізбей әуреледі. Қыздың әке-шешесі де аңқылдап мәз болып қалды.

– Рәшжан, шәйіңді қой.

– Рәшжан, етіңді ас! – деп қара кемпір үсті-үстіне бұйрықты беріп жатыр.

Рәш күліп жүріп бәрін де істеді. Жұмыс арасында жезделеп Сыдықтың қасына келіп, тізесіне асыла отырды.

– Саған оңаша айтайын деген бір сөзім бар еді.

– О не, жезде, осы жерде айтшы.

– Жайырақ айтармын...

Рәш күлімсіреп отырды да, жүгіріп жұмысына кетті. Сыдық Жұматайға қарап:

– Оңды бала, іскер. Ақылды. Мұны алсаң қатынға жарисың... – деді.

– Бері кел, Жұматай, – деп Сыдық Жұматайды қораның алдына алып барды, – әне, көрдің бе, сиырларын байлап жатыр... Мен айттым: «Саған күйеу ертіп келдім, сөйлес, соған ти» дедім. Барып сөйлес, икемге келер. Бір икемделсе ар жағын өзің нетесің ғой... – деп, Сыдық сыбырлап айтты да, Жұматайды ішке кіргізіп қақпаны жапты.

Абажадай кең қора. Қараңғы, жұлдыздай жарқырап әр жер-

ден қораның тесігі көрінеді. Мүйіздері сартылдап сиырлардың сүзіскені естіледі. Жұматай есіктің алдында әлі тұр. Не істеу керек?

Қыз жылысып есікке жақындады. Жұматайға төніп келіп кішкене тұрды да:

– Бұ кім? – деді.

– Мен.

– Не ғып тұрсыз?

– Жай.

Тағы тұрды екеуі қарама-қарсы. Қақпадан сәуле кіріп тұр. Екеуінің де бет ажарлары анық көрінеді. Жайылып біткен шырпыдай бет-аузы жүн-жүн болып өңірейіп Жұматай тұр. Қара торы көзі күлімдеп, талдап өрген шашын арқасына бос салып, Жұматайдың баласындай болып Рәш тұр.

... Қорадан шығуын аңдып тұр екен, Сыдық жетіп келіп:

– Немене, сөйлестің бе? – деді.

– Сөйлескен деген не, әкесіне жолығып, қанша мал алатынын білсейші, – деп Жұматай күңк етті.

– Байғұс-ау, алдымен қызды үйрілту керек қой, қыз көнбесе әкесі бермейді ғой.

– Қыз көнбейді деген не?.. Алатын малына келісіп, қайтсең де бүгін сол қызды қойнына сал, – деп, Жұматай өмірінде бірінші рет жүзін жылытып, жымың етті.

Ертеңіне Жұматай мен Сыдық бөлініп, аулына екі басқа қайтты.

1925.

КҮЛТАЙ БОЛЫС

Алғашқы ерімен екі жыл отасып, ері өліп Күлтай жесір қалды. Ері өлгенде Күлтайдың қолында бір ат, бір бұзаулы сиыр, жазғы-қысқы үй, салқамданған сайман қалды. Күлтай осы үйдің босағасын аттап кіргеннен Жұмабай дейтін қайның бар деп естіп, бірақ жүзін көріп танысқан жоқ. Жеңгелі болған екем-ау деп, Жұмабай қайнысы іздеп те келген жоқ. Ағасы да оны елеп еш уақытта аузына алмайды. Тек күзге қарай соғым керек-кенде, ауылнай сбор жинап ақша тап деп қысқанда ғана ағасы өлгі Жұмабайды іздеп барып, тұрған жылының еңбек ақысын алып, алдағы жылға тағы шегелеп кетеді. Күлтай кейде осы қайнысы туралы ойланып:

«Я асқан данышпан шығар да, я дым білмейтін милау шығар», – дейтін.

Күйеуі өлген Күлтайға ие көбейді. Қатыны бар тұрса да, «жа-

қындарының ішіндегі бой-басы түзуі мен ғой» дегендей боп Бірмағамбет қырындап Күлтайды өзіне икемдей бастады.

Ата жөнінен тым жақын болмаса да «Нұрпейіс ақсақалды риза қылсам маған керте болатын кім бар», – деп, қатыны өлген Әжігерей мырза иемденді. «Қарындасымды ешқайсыңа қолжаулық қылмаймын, алам дегенің менімен сөйлесіп аласың» дегендей боп, Күлтайдың елдегі ағасы да келіп жағалады. Жұмабайды есіне алған, о да осы үйдің адамы ғой деген жан болсайшы...

Абдол дейтін Күлтайдың немере ағасы мына Нұрпейіспен шек-қарыны араласып жатқан адам. Нұрпейістің өкшесін баса атқа мінген бөлтірік қой. Сондықтан Некеңнің нұсқағанынан ол қайда кетсін, қарындасын Әжігерей мырза демдеп, үгітке кірісті:

– Аш-жалаңаш болмайсың, өзің би, өзің төре боласың!.. – дейді Абдол қызықтырып.

Күлтай бұлардың мұнысына ғажаптанып:

– Апырым-ау, осы үйдің тағы бір адамы бар емес пе еді? – десе:

– Ойбай, атама, ол саған тең емес, онымен күн көре алмайсың! – деп Абдол без-без етеді.

Күлтай абысын-ажындарымен сөйлесіп, Жұмабай туралы сөз тартып көрсе:

– Жуас бала еді, үндемейтін еді, бұл елден кеткелі көп жыл болды ғой, – дейді.

Абдол ағасы жымыңдап, Әжігерей мырзаға икемдеген сайын Күлтай шалқая түседі. Абдолдың мақтаған сөзі Күлтайға шаншу болып қадала береді.

Күлтай қыз күнінен Абдолға қарсы болып өсті ғой. Күлтайдың бірге туысқан ағасы бар еді. Сол кезде оқып жүруші еді. Күлтайды өлердей жақсы көріп, жас күнінен баулып хат тануға себеп болып еді. Сөйтіп жүргенде Абдол ағасы Күлтайды бір кедейге бермекші болып малын алып еді. Арада бірер жыл өткеннен кейін «қаталасыппыз, күйеуің кедей екен, жасы да қырыққа келіп қалған екен, тегі саған ол тең болмас, басқа біреу табайын», – деп сонда Абдол ағасы бір азғырып еді. Әлгі Күлтайдың оқып жүрген ағасы бұған қарсы түсіп, «бермесің бар, ол кедейді неге әуре қыласың? Малын неге аласың?» – деп, Абдолдың мұнысына қарсы түсіп, «осы жеріңе бар, өлмессің, күнде бір сатылатын мал емессің ғой», – деп Күлтайды үгіттеп еді. Күлтай сол ағасының демдеуімен осы үйдің босағасын аттап еді.

Ауыл әңгімесінің көбі Күлтай маңында болып, дәмелілердің саны күн сайын өсе беретін болған соң, Күлтай жұрттың бетін қайтара жауап береді:

– Ешкімнің керегі жоқ, мен өз қайныма тиемін, – дейді.

– Бәрекелді, кісі екен, шаңырағын бұзбайын дейді-ау, – деп кемпір-шал жағы риза болып қалады.

– Мына қатын Жұмабаймен бір күн де отырмайды, мұнда бір сыр болу керек, – деп атқа мінерлер сенімсіздік көрсетіп, бастарын шайқасты.

– Жеңгесін қосамыз, – деп Жұмабайды адам жібертіп шақыртса:

– Ақысын бұрын алып қойған, күнін толтырмай бара алмайды, – деп Жұмабайдың қожасы барған кісіні тәлкек қылыпты.

Жұмабай бір ауыз сөз айтпастан қала беріпті. Күлтай Жұмабайды жібермеген байға бір ашуланса, басына билігі келмеген Жұмабайға екі ашуланды: «Саған кейігенде мыналарға тиіп кетсем қайтеді?» деп те ойлады. Бірақ Жұмабайды сыйлағандықтан емес, ағасына, ауыл-аймақтың пысықтарына ерегіскендіктен Күлтай бұл ойдан аулақ болды.

Жұмабайды Күлтай өзі іздеп барды. Шегір көзді үрпек бас сары жігіт еді. Үндемейтін ынжық, момын еді. Күлтай өзін таныстырып, сөйлесіп тұрып, ауыр күрсінді.

– Байым болса өлді, бір үйде жалғызбын, қайнымды босатып алуға келдім, – деді Күлтай байға.

Қызыл шырайлы келген жап-жас әйел. Сөзі мірдің оғындай. Мұндай әйелдің байы өлсе, ақсақалдардың мұралы болып, қатын алам деген мырзалар бір жабылып қалар болар еді. Жұрттың осы әдетіне бағынбай, «адамдыққа сән жоқ қайнысын» іздеп жүргені адам таңқаларлық жұмыс-ау деп бай бір ауыз сөзге келместен Жұмабайды босатып берді.

– Сенің ниетің арам, соның жылтыраған бетін көрген соң малайыңды босатып отырсың, – деп, байды бәйбішесі бүрумен болды.

Күлтай Жұмабаймен қосылды да, шаруашылығын істеп, көп кедейдің бірі боп жүре берді. Ешкімге қолжаулық та болмады, ешкімнің тәлкегін де көтермеді.

Мына жаманды байым бар деп отырады дейсің бе, осының өзі «жігітшіліктен» құр емес шығар деп қыңыржақтанғандардың меселі қайтып болды.

Төңкеріс болғаннан кейін Күлтайдың баяғы оқыған ағасы ел аралап жүріп, осы ауылға тап бола кетті. Бірін-бірі көргеніне екеуі де жаман қуанды. Ағасы коммунист екен, жауапты орында екен, Күлтайға бірсыпыра кітаптар беріп кетті. Содан былай Күлтайға түс-түсынан газет, журнал келіп жататын болды. Қасымжан сияқты ауылдың хат танитындары Күлтайдың үйін жағалап:

– Келін шырағым, жаңада келген газетің бар ма, үйге апарып оқиын, – дейтін болды.

Кейде Жұмабай жұмыстан келіп, төсегінің үстінде ұзыннан сұлап жатса, үй түйтігін бітіре салып, Күлтай оны жағалайды.

– Шаршап келдің бе, мен де баратын ем, апармаған өзің ғой. Өлең тыңдайсың ба, өлең оқиын, – дейді.

Жұмабай «тыңдаймын, тыңдамаймын» деп бір жауап бермей ыржиып күліп жата береді. Жұмабайдың бұл мінезіне Күлтай әбден үйреніп болған ғой. Сондықтан о да кектемей кітабын оқуға кіріседі. Көрші үйде Ыбырайым шал бар. Кітап сөзіне құмар-ақ, Жұмабай жоқта келінге келіп кітап оқы деуге ұялады. Жұмабай келсе, кітап басталып оқылса, күлімсіреп Ыбекең де жетеді. Көрші-қолаңның боз балалары да жиналады.

– Әй, Мөкен, мұнда кел, өлең тында, – десе от алып жатқан Мөкен:

– Сендерден бұрын тыңдағамыз, – деп күледі.

Ақтам деген бір жылмаң бір-екі жылдан бері, Жұмабаймен құрдас болып шығып, осы үйді жағалайтын болды. Құрдаспын деп Күлтаймен де ойнайды.

– Осыдан сайлау болса ма, сені ауылнай сайлатамын-ау, – дейді Ақтам төлкектеп.

– Мені қайтесіңдер, әкімдік өздеріңе жетсе болмай ма, – дейді Күлтай әзілдеп.

Ауылдың кеңес сайлауы болғанда, Ақтам жоғарғы сөзін шынымен орындамақшы болып жабысып еді, жұрт оны бет бақтырмады.

– Ақтамның не үшін жан салып жүргенін білеміз, – деп өздерінше бал ашқандар да болды.

Байғасқа мен Нұрғожа осы сайлауда болыстыққа таласып, ел екі жік боп, екі жағы қопақтап тұрған. Болыстық сайлау орыс поселкесінде болып, екі партия ел қаланың екі жағын алып, сөз тарту, болыстық съездің өкіліне таласу сияқты жұмыс шегінен асып қызып тұрған. Екі жағы күшін тендессе Нұрғожа жағы басым секілденеді. Ашық күреске түсіп Нұрғожадан жеңілу Байғасқаға өлім емес пе, сондықтан, ол Нұрғожадан бұрын қайлаға кірді.

– Болыстықты Күлтай келінге байлаймыз, 8-ауыл бізге қосылсын, – деп ол кісі салды.

Сегізінші ауылдан сайланған алты өкілдің бастығы Әжігерей мырза. Әжігерейді бас қып басқасын белгісіз адамдардан сайлаған. Сол «белгісіз адамдардың» ішінде Күлтай да бар. Бұлар елдің ойлауынша, Әжігерей қайда болса, сонда болуы керек.

Байғасқаның ұсынысын есіткенде, Әжігерей мырза сықақ қып күлді.

– Қатынға күніміз түскендей болған жоқ, ол мазағына еліге алмаймыз, – деді.

Бірақ, 6-ның өкілдерінің арасынан күңкіл шығарушы болды:

– Ау, мұныңыздың қандай жөні бар? Болыстықты беретін болса неге ала қоймаймыз?..

Ақтам бір жағынан астасып толқып тұрған өкілдерді үйрілтіп барады:

– Көнбесе Әжігерей кетіп отырсын, бесеуің тұтас қосылсаң Күлтайды сайлаймыз да шығарамыз! – дейді ол.

Өкілдердің ішінде Досақай дейтін шалдау кісі бар. Әжігерейден бөлінсе, басқаратын осы секілді.

– Балалар, Нұрғожаны болыс қылып сайлағанда не мақсұтымыз бітеді? Нұрғожадан көрген жақсылығымыз шамалы еді ғой... Келінді сайлайтыны рас болса, осыған қосылып-ақ кетсек...

Толқи келе Досекең бастаған бес өкіл Байғасқаның жағына шықты. Болыстықты Күлтайға беріп, кандидаттығын Байғасқа жағы алмақшы болды.

– Осымен сайлауды өткізейік, әйел қайдан болыс болсын, кандидаты істі қолға алады ғой, – депті-мыс деген хабар да тарап жатты.

Дегенмен сол сайлауда Күлтай болыстыққа аталып шықты. Бекбосын дейтін аздап орысша оқығаны бар бір пысық Күлтайдың кандидаты болды.

Күлтай істі алмақшы болып кеңсеге келсе, бұрынғы болыс Дүйсенбай дейтін ел ағасы еліне жүріп кетіпті.

– Істі сұрап келуші болса, бере берсін, – деп хатшысына тапсырыпты.

Күлтайдың орынбасары – Бекбосын хатшыдан істі алып, болыстықты өзіне икемдеп барады. Болыстық кеңсеге тұс-тұсынан ағылып жатқан жұрт. Сол көптің бірі сияқтанып Бекбосынның столының бұрышында Күлтай екі күндей жайдан-жайға отырды да қойды. Неге отырсың деп Бекбосын да сұрамады. Келген кісілер болысымыздың түрі мынау ма деген секілді боп жымындап күліседі.

«Не істеу керек?..» деген сұрау екі күндей Күлтайдың басын қатырды. Осы әурешілікке іліккеніне өкіне бастады. Осыған іліктіруге себеп болған Ақтамды да қарғап алды...

Бір жас жігіт болыстық кеңсеге келді де, Күлтайды сұрап танысты. Жұмыстың қалай жүріп жатқандығын сырттан қарап, бақылаған сияқты болды. Сөйлеспекші боп оңаша алып шықты. «Ойы бұзық біреу-ау, не айтар екен, көрейін», – деп Күлтайдың оған да ашуы келді. Бірақ бұл жігіт Күлтайдың ойлағанын-

дай «бұзық» болмады, бұл болыстық партия комитетінің хатшысы болып шықты.

– Қаладан түнде келіп ем, сіздің сайланғаныңызды естіп ем. Ысмағұл сіздің ағаңыз екен ғой, о да тапсырып жіберіп еді, – деді әлгі жігіт.

Ысмағұлдың атын есіткенде Күлтай жылап жібергендей болды. Күлтай осындай талып тұрғанда Ысмағұл қасында болса бәрін түсіндіріп, жұмысын жөндеп беріп, жөнге салып берер еді-ау...

Болком хатшысы көп сөйлесті. Не істеу керек, жұмысты қалай басқару керек, соның бәрін айтып берді. Бұдан былай да барлық жұмысына басшылық істеп отыратындығын айтты. Күлтай қуанып тасып кетті. Осы қарқынмен кеңсесіне барды. Бірсыпыра жуандар, пысықтар Бекбосынды ортаға алып арыздарын айтысып жатыр еді. Болыстың бұрынғы хатшысы ұры иттей жылмаңдап, Бекбосынға дәйек боп жүр.

– Хатшы жолдас, мен саған жұмыс тапсырайын, – деді оны шақырып алып, – бірінші, маған осы бөлмеге стол қойып беріңіз. Екінші, Дүйсенбайды шақыртыңыз, келіп істі тапсырсын; үшінші, қазіргі сағаттан бастап, маған қол қойдырмай бір қағаз жіберуші болмаңыз!..

«Мынауың қалай?» дегендей боп, хатшы жалтақтап Бекбосынға қарады. Бекбосын қызаңдап қысылып қалды:

– Іс алынды ғой, істей береміз ғой, – деді ол күмілжіп.

– Істі ал деп мен сізге тапсырғам жоқ. Жазу-сызусыз істі алып Дүйсенбайдың былығын мойныма жүктей алмаймын. Тез шақырт, – деді хатшыға.

Бекбосын төмен қарап, қағазын шұқылаумен болды. Арыз айта келген жуандар бұл екеуінің қайсысы бастық екенін біле алмай отыр.

– Солай, Рақа, тағы бірде соғыңыз, реттеп береміз, – деді Бекбосын алдында отырған кісіге.

Осының жұмысын саған реттетсем бе дегендей боп Күлтай оған ашулы түрде қарады.

Күлтайдың болыс болған хабары елге неше түрлі құбылып тарады. Неше түрлі өсек жалғанды.

– Бекбосын мен Ақтамның сайлаттырып жүргені көрінеді, шуларға ермек керек қой, – деп күлісті.

Күлтай болыс болып іс басқарады деп ешкім ойлана да алған жоқ, бәрінің де көз тіккені Бекбосын болды.

– Пысық бала ғой, жұмысты дөңгелетіп кетеді ғой, – десті.

Бірақ Бекбосынға жұмысын істетіп алмақшы болып кеңсеге келгенде екінші күйге кездесті. Төменгі жаулықты басына тұмшалап орап, қағазға үңіле түсіп қызыл шырайлы әйел отыр.

Тап тұсындағы үйдің қабырғасын тегісінен алдырып Лениннің суретін іліпті. Көзілдірік киген бурыл шашты хатшы бір қағазды жазып әкеліп, қол қойыңыз десе, өлгі әйел қағазды оқып, қабағын түйе түсіп:

– Бұл қазақшылықты қашан қоясыз, бір айтқан соң болды ғой, – қол қоюдың орнына қағаздың бетін сызып-сызып тастайды.

Қағаздың бетін сызып жатқан адам хатшының бетін сызып жатқанмен бірдей болды.

Арызшы кісі қайтерін білмей бірсыпыра тұрып, бір кезде бөркін қолтығына қысып, үстелге жақындай түсіп арызын ұсынды. Күлтай салқын жүзбен арызын оқыды да, қабағын түйе түсіп арызшының бетіне қарап алды:

– Тоқалыңызды малайыңыз әкеткен екен ғой.

– Сөйтіп арыз беріп отырғаны... Басынып, сізден бір жәрдем болмаса... Тентектің өзін тыйып ұстамасаңыз...

– Неше жыл тұрған малай еді?

– Ойбай, сұрамаңыз, бала күнінен қолымда өскен. Өзім өсіріп адам қатарына қосып ем. «Жаман адамды асырасаң аузымұрнынды қан қылар» дегендей... көрмейсің бе, – деп, арызшы шын мүсәпір түрге кіріп сөйледі.

– Жақсы, үйіңізге барыңыз, тоқалың кетсе әйелге бостандық. Малайың алса бірін-бірі ұнатқан шығар. Бұйым әкетсе, міниі кетсе, саған сіңген еңбегі бар... Бірақ қате істеген екен, сот арқылы еншілерін түгел алуы керек еді, – деді Күлтай.

Арызшы шал етіне біз сұғып алғандай боп шіміркеніп, кейін шегіне берді.

Күлтайдың кенет жоғарылап кеткені Жұмабайға ауыр тиді. Үйде жалғыз қалды, Күлтай сияқтанып мұны күтетін адам болмай қалды.

– Байғұс-ау, сен де өлмес қамыңды істе енді, саған аспандағы бұлт жуық қой, – деп жеңгелері Жұмабайдың «қайғысына» ортақтасатын болды.

Бір күні ауылнай келіп Жұмабайға:

– Сені болыс шақыртып жатыр, – деді.

Жұмабайдың көзі адырайып кетті. Антұрған, болыс шақырады демей-ақ Күлтай шақырады десе қайтетін еді?..

Жұмабай барды. Көк төбелі ағаш үй болыстың кеңсесі. Жүрегі дүрсіл қағып, Жұмабай көпке шейін кіруге бата алмай, есіктен сығалаумен болды. Күлтайдың үстінде таза киім, қолында қалам-қағаз. Жетіншінің ауылнайы кіріп еді, ел ішінде атағы бар тәуір-ақ жігіт қой, Күлтай соны бүріп ала жөнелді:

– Айтатындарың өтірік, істейтіндерің подлог, сөйтіп отырып кеңестің ауылнайы болмақсың!.. – деп.

Бір рет есік ашылғанда Күлтайдың көзі Жұмабайға түсіп кетіп:

– Әй, не ғып тұрсың, кір! – деп дауыстады.

Жұмабай состиыңқырап кіріп еді, Күлтай күлімсіреп жанындағы столға отырғызды.

– Ал, денің сау ма, жүдеген жоқсың ба? Көшіп келсін деп ем ғой, бұратола келдің бе? – деді.

Мандайынан тер бұршақтаған жетіншінің ауылнайы, әшейінде Жұмабайды көзге ілмесе де, тап сол жерде Жұмабай болмаған екем, – деп күндеді.

ӘЖЕ

I

Злиха бүгін көңілсіз. Көңілсіз болғанда жайшылықтағыдай емес, бүгін өзгеше өңі қашып, жақ жүні үрпиіп берекесі кетіп отыр. Не істейтінін, не істеп отырғанын өзі де білмейтін секілді. Қол сандықты алдына алып ашқанына едәуір уақыт болды. Сандығында көптен жиналып қоқырсыған матаның қиқымын, суыртпағын, ширатқан жібін әлденеше рет ақтарды. Осыларды о баста неге арнап жинағандары есіне түсті. Мына бір қиықша сисаны, осындайдан құрастырып бір жасар баласы Бақытқа көйлек тігіп бергелі жүр еді. Мына біреу ақ жіптің қалдығын қызы Ұлпаға көйлек тіккендей болса, етегін қаюға керек болар деп сақтап жүр еді. Қоқырсыған құрақтың әрқайсысының өзіне орны бар, бұлар сары майдай сақтап жиып жүрген мүлкі. Енді осының бәрі текке қалатын секілденіп көрінеді. Неге олай, себебі не? Қоқырсыған құрақты жиыстырып Бақытқа көйлек тігіп берем десе, қарсы келіп отырған біреу бар ма? Келіншек болып түскеніне биыл тоғызыншы жыл екен. Содан бері төрт құрсақ көтерді. Екеуі өлді, тірі қалғаны Ұлпа мен Бақыт. Бір жасқа жаңа толды. Осы екі бала қалай тәрбиелеймін десе де, Злиханың еркінде емес пе? Әлде байы Сарымсақ кесе түсе ме екен? Бірақ олай деуге жөні келмейді. Сарымсақтай момын жоқ. Сарымсақ өткен өмірінде Злихаға мынауың теріс деп көрген адам емес. Злиха келіншек болып түскеннен өзін ерікті санаған. Оны жұрт екі түрлі жорушы еді; Злиханың үйі орта дәулетті үй; Сарымсақтың үйін баста тең көріп қыз берсе де, артынан бұл кедейленіп қалған; Злиха Сарымсақтың кедей күнінде келіп түсті. Екінші себеп – жұрттың жоруынша бұл зілдірегі – Злиха жасында ажарлы еді. Ажарлы әйелді бозбалалар жағалап «тәуір әйел екен» деген атты тағатын әдеті ғой. Злиха мұны жас күнінде сезбеген секілденсе де, келіншек болып түскенде ойлана баста-

ды. Тәкен ауылының тәуір деген жігіттері кездескен сайын іліп қашып Злиханы елендете түсуші еді. Басқа әйелдерге қарағанда Злиха еркін өсті. Злиханың жайдарылылығына, еркіндігіне қарап сырт оны «бозбалашылықтан сау емес» деп жорушы еді. Бірақ Злиха намысына кір келтірмеді, кім көрінгенге қолжаулық болады деп, Сарымсақ ойлап көрген емес.

Ендеше Злиханы көңілсіздікке салушы кім? Кімнің тілі тиді? Кімнен жәбір көрді? Бұл сұрауларға Злиханың өзі де жауап бере алмайды, жауап іздеген де жоқ, осы сұрауларды шешіп алудың керектігін ойлаған да жоқ.

Сопақтау келген жер үйдің ортасын бөлу үшін салған ұзынша пеш бар. Сол пештің жанында жұлмаланған құрым киіздің тесігінен шөпті суырып, Бақыт ойнап отыр. Кішкене қолы тырбиып, уысына сыйған бір-екі шөпті сырғауылды сындырғандай қылып сындырады. Терезенің көзінен түскен күн сәулесі Бақыттың бетінен сүйіп, еркелеткендей, ойнатқандай болады.

Шашы жалбырап Ұлпа қуыршақ істеп отыр еді. Шөппен ойнап отырған Бақыт Ұлпаның қолындағы қуыршақты көріп қызықты, «мәм, мәм!» деп қолын созып сұрап еді, Ұлпа оған бере қоймады. Бақыт ызаланып жылап жіберді.

– Әже, әже, – деді Ұлпа.

Терең ойға шомып отырған Злиха, ұйқыдан оянған кісідей басын көтеріп алды. Байбалам салып, еркелеп, жылап отырған Бақытты көрді. Екі беті томпиып, көзінен болар-болмас жас шығып, Злихаға қарай еңбектеп келе жатыр еді.

Ұлпа еркелей қарап:

– Әже, қуыршағыма көйлек істеп берейін, ана бір сисаңды бересің бе? – деді.

Еркелеп күліп отырған Ұлпаны көрген соң, өтірік байбалам салып, әжесіне наз қылғалы, жылап келе жатқан Бақытты көрген соң, Злиханың жүрегі елжірейін деді білем, өз-өзінен ызаланып жылап жіберді.

– Құдай-ау, осы пәлеге мені салғалы жүрген кім? Мен неден аздым? Маған не көрінді? Бақытжанды қайтем? Ұлпаны қайтем?!.

Еңбектеп келген Бақыт мамалап бауырына кірді. Ұлпа қуыршағын тастай беріп, әжесінің жылағанынан қорыққандай состиыңқырап тұрды да, иығынан асыла отырды.

– Әже, қарным ашты! – деді.

II

Сары, Кәрібай, Жалмақ үшеуі, Сарының шомының ық жағындағы күртік қарға отырып, кеңеске кірді. Әсіресе Жалмақ

күпісінің жағасын жоғары таман көтере түсіп, мақал-тақпағын араластыра, сөзді желдіртіп соғып отыр. Кәрібай көп үндемейді. Жалмақтың сөзіне ырзалық білдіргендей, оқта-санда басын изей түсіп, күлімсіреп қана қояды. Сары қатты қарды таяғымен түрткілей отырып, бірдеме айтып күлімсіреп еді, Жалмақ іліп ала жөнелді.

– Сары, сенің сөзің екі ұшты болып отыр. Кәрібай да бір елдің адамы, сен де осы елдің жігіт ағасысың. Сені басып кететін, сенің сөзіңнен шығатын Қарынбайдан кім бар? Басқа сөзіңді қойып, «жесіріме қимам қышып отыр» десең біз сөзді әлдеқашан доғарамыз ғой.

– Жесірімді бермеймін десем, менің айтуға да қақым бар. Қарынбай тұқымының намысын мен іздемегенде, кім іздейді. Бірақ, мені қамай бергенше, өздеріңді де қолға алуларың керек еді, – деп, Сары күлімсіреді.

– Өй, құрып қал, құлқыныңды алға сала сөйлейтін әдетің-ау.

– Мен Кәрібайдан үйренгем. Биылғы, Ұлтарақтың келінін ала барғандағыны мен ұмытам ба екем?

Кәрібай қа-қа-қа-лап күлді. Жалмақ Бейсенбайдың болыс кезіндегі секіртпе күлкісіне салды.

– Ал енді сенің дегенің-ақ болсын, ашып айтшы!

– Мен несін айтайын. Өз басым еш нәрсе дәметпей-ақ қояйын. Араға жүретін жігіттеріміз бар, әкімдеріміз бар, олардың сыбағасын толықтырмай болмайды ғой. Осы күнгі заманның түрін өздерің білесіңдер, біреуді біреу аңдып, атқа мінген жігіттің аяғынан шалып құлатқанша асық. Солай болған соң олардың еңбегін бағаламай болмайды ғой...

– Әкім деп сенен олжа дәме қылатын бұл елде әкім бар ма? Жантайдың баласын өз қолыңнан ауылнай қойып отырсың, көзді бір алартқанда жым болатындарыңды алға әкеліп тартпай-ақ қойшы!..

Жалмақтың тұқырта сөйлегенін Сары ұнатпады. Біреудің бақытын, дәулетін меншіктене сөйлеген адамнан жек көргенім жоқ деп, Сары өзінше пәлсапа соғатын. Атқа міну, елге бас болу Сарының ойынша оңай жұмыс емес. Елдің игі жақсылары ел аралай шықса, «адам болған жігіт еді» деп осының үйіне келіп түседі. Азғана малды сатып, соя берсе, ертеңгі күні кедейленіп қалса, Сарының сөзін кім тыңдамақшы? Табысының да сәні кеміп жүр. 1921–22 жылдардағыдай билік айтып олжа түсіретін, ұрлықтың өрбіген заманы емес. Елде дау шамалы, бірен-саран болғандары, Сарының алдына келмей, сотқа тура тартатын болып жүр. Бірен-саран ержеткен әйел балалар құтты жеріне әлдеқашан қондырылған. Жас әйелдердің де осы қалай дегені

аударыстырылып, «мүшелі шапанды» Сарыға кигізген. Сарының ақтық азықтарының бірі осы болып отыр. Сондықтан бұдан ұтылмау жағына Сары аянбай күш салды.

Жалмақ әрі-бері арбасып бәсеңсіген соң, түлкі тымағының құлағын көтере түсіп, сұлу мұртты бірер сипап алып, Кәрібай сөйледі. Кәрібай Сарыға жай айтуға кірісті.

– Сенен жасыратын сыр жоқ, мен осы қатынды алғанда басқа зар болғаннан алғалы отырған жоқпын. «Ерегіскен жерде өліп қалу керек», – деп өзің айтпақшы, бір ерегіспен болып отырған іс қой. Бір іске бел байлаған соң шығыннан қашуға бола ма? Азды-көпті малым бар, мен қолынды қақпайын, мынау мынаған керек деп жұмса да, жұмысты бітіріп бер.

Сары ажарланып сала берді. Жымыңдап Жалмаққа қарады.

– Әй, Жалмақ-ай, абырой ала алмай-ақ өлдің-ау! Осы сөзді манадан бері сен айтсаң ғой, абыройын аласың да кетесің.

Жалмақ өтірік күлген болып шақшаға жармасты. Сары албарындағы малайын жұмсап Қоржынтайды шақыртып алды. Төртбақ келген толықтау қара жігіт, белбеуді көкірегіне таман буынып, адамсып келіп отырды. Сары оған үстемдік көзбен қарап бұйрық есебінде сөз айтты:

– Мына кісілердің жұмысын бітір!

– Бітіргенде қалай болар екен, өзінің айнуы да көп...

– Айныганда не дейді?

– Не десін, әйелдің сөзі белгілі емес пе, көрмеген, білмеген адамға не деп барамын, ең арғысы жүзін де көргенім жоқ! – дейді.

– Өй, тәйірі, сол айныған болушы ма еді? Жүзін барған соң көре жатар, бүгіннен қалдырмай жұмысын бітір!

– Қайдам! Көріекеңнің ебі біледі, – деп Қоржынтай күлді.

Бәрі де жымыңдасты.

– Барған соң бәйбіше боласың, үлде мен бүлдеге оранасың деп соға берсейші, азбайтын әйел болушы ма еді, тәйірі?! – деп Жалмақ пысықтап қойған болды...

III

... Сарымсақ пен Злиха екеуі үйдің қасындағы шыңның басында тұр екен. Сарымсақтың ойына баяғы жігіт күні, жігіт кезіндегі Злихаға ұрын барғаны түсті... Қатындар Злиханы алып келген екен, ынтық болып жүрген Сарымсақ, бөкебайын ашып, Злиханың қызыл шырайлы жүзін, мөлдіреген қара көзін бірінші рет сол жерде көріп еді... Көптің көзінше ашылып сөйлесе алмаған соң, Злиханың ымдауымен тысқа шығып, Қайболдың үйінің тұсындағы терең жардың басына барып тұрған... Жазғы-

тұрғы маужыраған түн; жаңадан тасып, қаркыны басылып жетпеген өзен сарылдап, күрілдеп тынық түнде өзінше тербетіп тұрған сияқты... Ай жарқырап бұлттан шығып жарық сәулесін Злиханың бетіне сепкенде Сарымсақ Злиханы айдан да сұлу екен деп ойлады... Злиха бұралып Сарымсаққа жақындай түсіп ыстық лебімен бойын ерітіп, үнсіз ғана тұрады... Сол күндер есіне түскендей болады... Еске түседі де, еркін алып билеп, Сарымсақ Злихаға бұрылған секілденеді... Злиханы өзіне қарай тарта берем дегенде, әлдекім ар жағынан кеп, итеріп жібергендей болды. Сарымсақ жардан омақата құлап, басын көтеріп алса, ирелеңдеген біреу Злиханы қолынан дедектетіп әкетіп барады! Әлдеқайдан Ұлпаның «әжелеген» ойбайы, Бақыттың «мамалаған» жылауы естілгендей болды... Сарымсақ күйіп кетіп ойбайды салды:

– Злиха! Злиха!

Өз дауысынан өзі шошып оянды. Бұл түсі екен. Үйдің іші тастай қараңғы. Бесіктегі Бақыт шырылдап жылап жатыр... Бесікке таяу жатқан Ұлпа әжелеп ыңырсып жатыр.

Шошып оянған күйі, тұла бойы қалтырап, не екенін білмей, Сарымсақ аз-кем отырды. Бір кезде есін жинағандай болып, Злиханы оятуға кірісті.

– Әй, қатын, тұр деймін!

Иығынан қозғап оятайын дегенде, созған қолы жастыққа тиді. Бойы әлденеге мұздап сала берді. Ұйқылы көзімен қайта сипалағанда, қалтыраған қолы жылаған Бақыттың бетіне тиді. Бесіктің бет жапқышы ашық, жаңа ғана емізген секілді.

– Өй, Злиха деймін, қайдасың?

Ыңырсып жатқан Ұлпа үрпиіп басын көтерді. Бесігінің бас жағынан жорғалап кеп, әкесінің қойнына кірді.

– Қарағым, әжең қайда?!

– Әжем, әжем, – деп Ұлпа жан-жағына қаранды.

– Злиха, Злиха! – деп Сарымсақ айқай салды. «Әжелеп», «мамалап» Бақыт шыңғырды. Үшеуі қосылып үйді басына көтерді.

Далаға шығып кетті ме екен деп Сарымсақ баста дәмеленген секілденсе де, ұзап кеткен соң қауіп үдей бастады. Апырым-ау, қайда кетпек, ашу-аразы болған емес. Ашуланбақ түгіл, бүгінгі түн – Злиханың өмірінде жайдары болған түнінің бірі: іңірден отырып Ұлпаның көйлегін жамады, Бақытқа құрастырып көйлек тікті, Сарымсақтың ескі тонын бүргіштеп, киюге жарайтын етіп берді... Жататын кез болған кезде Бақытты шомылдырып бабына келтіріп бөлеп, қайта-қайта сүйді. Ұлпаны төсегіне жатқызып, оны да мандайынан иіскеді. Төсекке жатқан соң, Злиханың жайдарылығынан дәмеленіп, Сарымсақ жақынырақ жатып еді, «әрі, ойбай, шаршап жатырмын» деп жиы-

рылмай, қайта өзі де жақындай түсіп, құшаққа құшақ айқасып жатты. Осыны істеген Злихада жаман ой бар деп кім ойлар? Ендеше, Злиха қайда?

Қанша ойланса да, бұл жұмбақты шеше алатын емес. Далаға шығып іздейін десе «әкелеп» жабысып, Ұлпа жылап жібермейді.

Шам жақты, үй жарық болған соң, сезік мүлде ұлғайды. Злиханың күпісі, бөкебайы жоқ, жалма-жан жастықтың астын қарап еді, киіп жүрген шапаны да жоқ!.. Бір сұмдықтың болғанын жүрек сезді. Бірақ қандай екенін айырып білерлік шама жоқ. Шырылдап жылап жатқан Бақытты бесіктен шешіп алып, бауырына басты. Шашы үрпиіп үрейі ұшып Ұлпа әкесінің тізесіне жабысты. Шамға төніп отырған күйі, сақалына суы сорғалап Сарымсақ жылады, үшеуі де ә дегенше көріптік күйге түсті де қалды.

Таң атып, үйге сәуле кіре бастады. Бақытты Ұлпаға беріп, әжеңді шақырып келейін деп, Сарымсақ іздеуге шықпақшы болды. Әжесін шақырып келем дегенге Ұлпа қуанып, Бақытты ойнатуға кірісті.

Сарымсақ шыққан күйі інісінің үйіне жүгірді. Келіні таңнан тұрып пешінің моржасын ашып жүр екен. Тымырсық аязды қыстың таңы жылы үйден шыққан адамның бетін жалап, қарытып барады.

– Келін шырағым, біздің қатынды көрдің бе?

– Жоқ, ойбай!

– Ендеше, қатын жоқ!..

Келіні шоқаң етіп сәлем етіп болып, аузын сылп еткізді:

– Бәтір-ай, сұмдық болмаса игі еді, кеше кешке Тасбақамен аузы жабысып сөйлесуі жаман еді! – деді.

Сарымсақ одан жаман үрейленіп, аяғы-аяғына жұқпай бүкіл ауылды кезіп шықты. Көрген, білген жан болмады, әбден талған соң ат арқасына мінген жігіт еді, бір хабарын осы таппас па екен дегендей жүгіріп Сарының үйіне барды. Сары төсегінде жатыр екен, басын көтермей, жатқан күйі ыңырсып, кейіді.

– Маған не қыл дейсің, мен сендердің қатындарыңа бақташы болам ба?!. Желіккен әйел тұрушы ма еді, қазір «слободаның» заманы, өз қатыным кетем десе де ұстап тұрар жайым жоқ, – деді.

Талып барған Сарымсаққа Сарының сөзі өңменінен атып жібергендей болды. Сақалына жабысқан көздің жасы сауыс болып қатып, ілгері басқан аяғы кейін кетіп, салбырап үйіне келді. Кішкене күпісін киіп, жарбиып лапастың алдында Ұлпа әкесін күтіп тұр еді, әкесіне жаутаңдап қарады:

– Әке, әжем келе ме?

Сарымсақтың көзінен бүршіктенген жас ыршып шығып, бетін жуып жүре берді.

Қатын-қалаштар жиналып қалған екен, есіктен кіріп барған жағдайда, «мамалап» жылап қолға тұрмай безек қаққан Бақытты көрді.

Көріп болған балаларды кемпірлер мүсіркеп:

– Мүсәпірлер-ай, қайтсін! Әженің жолы басқа ғой! – деп олар да көздеріне жас алды.

IV

Қысқа тоны қаудырап, суыққа тоңып жаурап, жақ жүні үрпиіп, ашаң жүзді келген әйел сиырдың қорасын тазалап жүр. Жұмысқа мойындамағандығы, жұмысты көңілденіп істемегендігі ісінен де көрініп тұр. Бірден бітіріп тастайтын жұмысты күн оздырайын деген кісідей, үнемдеп істеп жүр. Кішкене жүргеннен кейін күрегіне сүйеніп демін алады. Әлденелерді есіне түсіреді. Өткендегі мен қазіргі күнді салыстыра бастаса, өзінен-өзі мүжіліп, ыстық жас көзден тимей-тимей кетеді.

Бұл Злиха еді, Сарымсақтың Злихасы! Сарымсақ сасып, Ұлпа мен Бақыт жылап үйді басына көтерген түні, Злиха Сарымсақтың жылы қойнынан шығып, көрмеген, білмеген біреудің соңынан ерген. Неге ерді, не мұңы бар, жылатып тастап кеткендей Сарымсақтың не жазығы бар? Бұл Злиханың әлі күнгі шешпеген жұмбағы. Бастап, «алтын босағасын» аттап шыққан түні де, бұл жұмбақ шешілмеген еді. Су түбіне кетіп бара ма, әлде адам көрмеген бір бақытқа кездесе ме, бұл – Злихаға қараңғы еді... Ендеше, үйін, байын, ішінен шыққан баласын тастап, елеске еріп несі бар еді?..

Күрекке таянып тұрды дегенше Злиханы айналдыратын осы ойлар. Бұл ойды Злиха тәуғі үйінен шыққан түні-ақ ойлаған. Сұмдықтың басы Қоржынтайдан ғой. Қоржынтай Злихаға бөле есепті жігіт. Басқадан гөрі, Қоржынтай Злиханы жақын тартып жүрген соң, кез келгенде ашық шыраймен әзілдесіп, Злиха да оны алыс көре қоймайтын еді. Злиха келіншек болып түскелі Қоржынтай нелерді айтпады. Сарымсақты жамандап, Злиханың көңілін содан суытуға жан салды. Елдегі бозбалаларды, бозбалалардың ішіндегі Әбдінің баласы секілді мырзаларды мақтап, араға жеңге болғысы да келді. «Жас күнде бозбалашылық істеуден көңілді нәрсе жоқ», – деп қызықтырып та көрді. Бірақ Злиха оның біріне де еліккен емес. Қоржынтай кейде ашуланып, жұрттың қатындарының бәрінің де тамыры бар, осы саған біткен қай әурешілік дегенде, бір күндікке қызыға алмаймын деп Злиха қысқа ғана жауап беруші еді.

Бозбалашылыққа көндіре алмаған соң, Қоржынтай соңғы

бір-екі жылдан бері, өмірлік жолдас болатындарды айтып айналдыра бастаған. Соның ішіндегі Злихаға көп айтқаны Кәрібай. Кәрібайды жұрт ағасы, асқан бай, қатыны өлген бойдақ деп суреттеген. «Саған сыртыңнан ғашық болып жүр» деген сөздерге шейін айтқан. Бір күні Сарымсақ үйде жоқта Қоржынтай түнде келіп оятып, Кәрібай тыста күтіп тұр деп айтқан болатын. «Мен ешкімге қолжаулық бола алмаймын», – деп Злиха үйінен қуып шығып еді. Кәрібайдың даңқына да, байлығына да қызыққандық пішін Злихада болған емес. Әйтсе де неге екенін өзі де білмейді, соңғы кезде бір белгісіз күш итермелеп осыған көн деген сияқты болды. Қашанда болса, Сарымсақтан айрылып, бөтен біреуге қатын болып тию міндет секілденді.

Злиха бір табанға шейін болады, болмайды деп уәде берместен келсе де, нақ қашатын күні кешке Қоржынтай келіп, өлердегі сөзін айтып, уәдесін сұраған, нақ сол жерде неғып жеңілгенін өзі де білмейді. «Жарайды!» деген сөз Злиханың аузынан еріксіз шығып кеткен. «Ауыздан шыққан түкірік, қайтып жұтсаң мәкүрік» деп кемпірлер күнде шариғат соғады. Айтарын айтып қойған, бұрысын-терісін тексерместен, Злиха қашудың жабдығына кірісіп еді. Алғашқы кезде балалары аяныш көрінді. Балаларын қиып тастап кету мүмкін емес секілденді. Бұрынғыға қарағанда аналық махаббаты жүз есе өсіп, екі баласының тілегі үшін жанын қиып берерлік күйге жетті. Баланы ойлағанда көзінен моншақтаған жаспен бірге жүрегінен қара қан саулап ағып, ішін елжіретіп кеткендей болды. Байы Сарымсақ елдегі момын екеу болса бірі, біреу болса тап өзі. Жастан қосылғалы араларында көңіл қалармлық реніш болған емес. Злиха не айтса, Сарымсақ соған құл. Сөйткен Сарымсақтың жазығы не?

Міне, осының бәрі тайталасып, қараңғы түнде Злиханың басын қатырып жатқанда, есік алдында тықыр білінгендей болады. Ақырын есік ашылып, әлдекім сипалап, жердегі шөпті сыбдырлатып, жанына келіп төнеді. Бұл Қоржынтай, ақырын сыбырлап қана:

– Қане, жүр, – дейді..

Злиха онда Сарымсақтың жылы құшағында жатқан. Жастан қосылған ері, нақ сол минутта адамның сырттаны, ешкім қиып кетпестік секілді еді. Злиханың қиып кетпегісі де келді. Бір кезде бесікте пысылдап ұйықтап жатқан Бақытын көреді.

Жалма-жан басын көтеріп алып, бетін ашып еді, шырт ұйқыда жатқан нәресте, әжесінің мамасы бетіне тиген соң, ұйқысын бұзып оянып, бесікте таңулы жатқан күйі керіліп есінеді. Мамасынан бірер сорды да, қайтадан ұйықтап кетті.

«Қане, жүр» деп Қоржынтай қысып барады. Қоржынтайдың

сыбырын есіткен сайын Злиханың денесі тітіркеніп сала береді. «Менде нең бар, мен байымды, балаларымды тастап өзәзілдің жолына түсе алмаймын!» деп, үйінен қуып шыққысы да келеді. Бірақ, басты тұмандаған қара күш ерікті билеп, ырық бермейді, сүйретіліп орнынан тұрып, не қыларға білмей дағдарғанда, Қоржынтайдың бұрын бір айтқаны есіне түседі, «балаларды бірден ала кетуге болмайды, сотқа арыз бергін, алады да береді. Кәрібайдың баласы жоқ, сенің балаларыңның оған жаттығы болмайды», – деп еді Қоржынтай. Злиха талған көңілге осыны сеп қылғандай, осыны ойлап өзін-өзі айналдырғандай болып ақтық рет балаларын сүйіп, «алтын босағасын» аттап, жөн тартып еді...

Міне, сөйткен Злиха, енді Кәрібайдың тоқалы болып, Ажар бәйбішеге күң атанып, малайдың жұмысын істеп жүр. Келгеніне төртінші ай, содан бері бір жылы сөз естіген емес. Бәйбішенің сөгуі, бәйбішенің берген азары аздай-ақ екі күннің бірінде Кәрібай да ұратынды шығарды. Өмірінде естімеген сөзін естігенде сай-сүйегі босап, іші өртеніп күйіп кете жаздайды. Өткен күн көзден бір-бір ұшып, күрсінгенде жүрегі қақ айрылғандай болады...

V

– Әже-ай! – деп, Злиха ауыр күрсініп, ыңыранады. Ажары сұрғылттанып, жақ сүйегі сорайып шығып, көзі аларып кеткен. Екі иінінен демін алып отыра алмайды. Әлсін-әлсін жөтеліп, мазасы кетіп отыр.

– Әже-ай, келер ме екен? – дейді.

– Қайдан білейін, шырағым, пәті жуас адам еді, сенің бір қатанды кешем десе келер, келсін деп қайта-қайта тапсырдық қой, – деп көрі кемпір Злиханың көрпесін қымтап жапты.

– Ұлпа ше, Бақыт ше? Оларды да әкеле ме екен?

– Балаларын қайдан әкелсін, күн әлі суық қой, жас балаларды алып жүру оңай ма?

– Қалқам Ұлпа, құлыным Бақыт, – деп қамыққандай болды. Қамықты, бірақ көзінен жас шықпады, жүрегі елжіреп, ішін өртеп кетті.

– Қарағым Ұлпа, қарашығым Бақыт, не күйде екенсіндер? Азғын жолға түскен, әзәзілдің тіліне ерген әжелеріңе лағнат оқып отырсыңдар ма?! Күтесіңдер ғой... Күтсеңдер де, бір жағынан ренжіп лағнат та оқитын шығарсыңдар. Лағнат оқитын жөндерің бар, мен айыпты! Сендерге қарайтын, сендерді алдыма алып, еркелетіп сүйетін менде бет жоқ. Мен сендерді ескермедім, сендерді жылатып тастап, өзіме бақыт іздемекші

болдым. Сарымсақтың жаман үйінен, жетпейтін кемтар дүниесінен аттап өтіп, ұжмақтың есігін ашпақшы болдым. «Пәлен жерден пәленшенің қатыны қашты» дегенді естігенде, менің ойымша, солар адам көрмеген бір қызықты тұрмысқа кіріп жатқан секілді болушы еді, ақырында сол ынтықты көріп, көңілді бастым... Мен, сендердің бұрынғы жайрандап жүретін әжелерің емеспін, жүрегі жаралы, беті қаралы, қайғы бұлтын үстіне төндірген сорлы болған жанмын... Кәрібайдың үйінен қашып шыққан күні, шананың үстінде келе жатып түс көрдім... Аппақ киім киіп өзеннен үйге қарай келе жатыр екем, менің қарам көрінісімен-ақ, Бақытты жетелеп Ұлпа алдымнан қарсы жүгірді. «Әжелеп» айқайды салғанда жүрегім елжіреп қоя берді... Ұлпаны мандайынан сүйіп, Бақытжанды алдыма алып, енді емізе берем дегенде, еңгезердей бір қара кісі арт жағымнан келіп желкеме түйіп келіп жіберді, «лағнат, арам қолыңмен жас нәрестені, күнәсіз періштені не бетіңмен ұстап отырсың!» – деді... Алдым терең жар екен деймін, омақата құладым. Әлдекайдан Бақыт пен Ұлпаның «әжелеп» жылаған даусы шыңылдап құлағымды жарып барады. Жардан зымырап бара жатқанда, тұла бойым түршігіп шошып оянып кеттім. Күн ызғырық еді. Жұқа киімнен суық өтіп, денем сіресіп қалған екен. Сол жерде-ақ осы аурудың жабысқанын сездім.

Басынан кешкен оқиғаларды бұлбұлдай сайрап Злиха айтып отыр. Кемпір шешесі егіліп жылап отыр. Злиха тағы да көргенбілгенін айтып түгендемекші еді, болмады – жөтел килігіп мазасын алды. Жөтеле-жөтеле әлсіреп жастыққа қисайып басын салды. Өңі көгілдірленіп, көзі бұлдырап, үй іші айналып бара жатқан секілденді. Бақыт па, Ұлпа ма, әлде Сарымсақ па, болмаса күн-түні ұйқы көрмеген, бағып отырған өзінің әжесі ме – әйтеуір біреудің «қалқам!» деп жылаған даусын естігендей болды.

Талықсып кетті. Әлдене уақытта:

– Злихажан, басыңды көтересің бе, келді ғой, – деген дауыс құлағына тиді. Бұл әжесінің даусы еді. Көзін ашып алса, бетіне бетін тигізіп, біреу жылап отыр. Апыр-ау, бұл кім? Абайлап қараса Сарымсақ! Злиха не болғанын білмеді.

– Қалқам, келдің бе? – деді.

– Келдім, келдім! – деді Сарымсақ.

– Мені кешесің бе? Мені бұрынғы Злихам деп танисың ба?

– Кештім, қалқам, кештім!

– Ендеше атыңды жек, маған Ұлпаны, Бақытты көрсет! Олар да кешсін! «Әжелеп» бауырыма кіріп, Бақытжан мамасын орсын. Ақтық рет, жанымның шығарында Бақытжан мамамды емсе, Ұлпа бауырыма жатса, күнәмді кешіп сен бетіме бетіңді

тигізсең, одан артық менің тілегім жоқ, ендігі бар арманым осы ғана! – деді...

VI

Екінді әлетінде, сары белден төмен құлап, бір шаналы келеді. Марттың іші. Даланың қары еріп, қыраң жерлер аламыштанып, көз ойнақ қара жерге айналған. Ылди жақ қалың ауыл. Ауыл үсті қара шоғырланып көрінеді. Кешкі түтіндері мұнартып бұлттай көшіп аспанға созылып жатыр.

– Жеттің бе? – деді Злиха.

Даусы естілер-естілмес болып шықты. Сарымсақ атын айдай түсіп:

– Қазір жетеміз, ауылдың төбесі көрінді, – деді.

– Көріне ме?

– Әне, көрініп тұр.

– Ендеше, тоқташы!

– Неге?

– Ауылды көрейін. Сағындым!.. Ауылдың аңғарын, ауылдың ұшқан түтінін сағындым! Жеткенше дәтім шыдар емес... Шыдай алмай барам...

Сарымсақ атын тоқтатып, қымтауын ашып, зорға дегенде Злиханың басын көтерді. Злиха ауылын көрді... Жүрегі елжіреп кетті. Көзіне әлденелер елестеді. Бақытты арқалап, Ұлпа жүгіріп келе жатқан сияқты болды.

– Қалқам Ұлпа, құлыным Бақыт! – деді. – Көрдім, көңілім тынды. Енді тез жеткіз. Әне, көрдің бе, Ұлпа мен Бақыт мені күтіп тұр... Күтіп тұрған жоқ, қарсы жүгіріп келе жатыр... әне, әне... қалқам!

Жуасиын деген соң, шаршап кетті ме деп, Сарымсақ орнына жатқызды. Қайтадан қымтап жауып, атын айдай бастады. Злихадан бетер үйіне жетуге өзі асықты. Төрт айдан бері күні-түні жылаумен келе жатқан жетімдерді қуантқанша, Сарымсақтың жаны сабыр таппай келеді.

* * *

Ауылдың қотанына кіре бергенде-ақ, Бақытты арқасына жарбитып, екі көзі жол бойында телміріп тұрған Ұлпаны көрді. Сарымсақ атын үсті-үстіне айдап, албарға таяна бергенде Ұлпаға көзі түсті.

– Қалқам Ұлпа, әженді әкелдім.

«Әжелеп» Ұлпа жүгірді. Тірідей жетім болған байғұстар әжесінің жылы құшағына кіріп, мамасын иіскемекші еді, «қалқам» деген жылы сөзін есітпекші еді!..

Бірақ, болмады, ынтығып күткен балаларын Злиха бауырына қыса алмады... Шанадағы Злиханың құр денесі ғана еді, жаны үзіліп кетіп еді...

1926.

ӘБДІЛДӘ ТӨРЕ

Әбділдәның кеңсеге келуін аңдып тұр екен, хатшы бала жанына жетіп келді:

– Ағай! Сізге айтатын өтінішім бар еді: үй іші кедей, әкешешем көрі, жұмысқа жарайтын адамдары жоқ, маған телмірумен отырады... Бірер ай демалысқа шығып, үйдің кәсібін дұрыстап берсем деп едім...

Әбділдә қабағын кіржитіп шатынап сала берді. Хатшының сөзін шала тыңдап, үстелінде жатқан газетті, қағаздарды аударыстырды, қалтасынан күміс сауытты шығарып, шылымын тартты. Мұржадан шыққан түтіндей, екі танауынан түтінді будақтатып отырып, қысқа ғана жауап берді:

– Балалықты қою керек. Әлеумет жұмысын адам өз басының жұмысына араластырмас болар. Әке-шешең өлмес. Жұмысынды істей бер...

Хатшы бала қипақтап, жүні жығылып, шығып кетті. Оңаша қалған соң Әбділдә қара папкені ашып жіберіп, делалардың ішінен бір жапырақ қағазды суырып алды. Қызмет қағазына біреуге деп жазған сәлем хат еді. Жазуының бас жағында «орынбасар» деген тасқа басылған сөз адырайып тұр. Сәлем хатындағы сөзі мынау:

«Ержан!

Менің биыл ағамның өлгенін білесің ғой. Кемпір-шал бір жағынан, жесір қалған жеңгем екінші жағынан жылап, шақыртып отыр. «Пыришина убажительный», так что бір айлық демалыс алам ғой деймін. Хатың болса даярла, ертең жүрем...»

Хатшысын айқайлап шақырып алды да:

– Мына қағазды Ержанға жөнелт! – деді.

* * *

Сарманның адырынан асатын қара жолмен бір пар атты желдіріп келеді. Сөндеп жеккен қос торы ат ауыздығымен алысады. Жылтырауықты әбзел шылдырлап даланы басына көтерген секілді. Май ішінің тамылжыған күні бойды ерітіп, самал лебі бетті сүйіп, денені жайландырып бара жатыр. Құлпырған көк, қызыл-жасылды қызғалдақтар кілемнің түріндей жайнайды...

Таза ауаға шыққан соң Әбділдәнің көңілі тасқындап, жүрегі алып-ұшып, сықсиған көзі өзінен-өзі күлкіге бейімделіп бара жатқан тәрізденді. Көтеріліп отырып өлең айтты. Дауысы барылдап әлдеқайда кеткен секілденді:

«Балықты қара қоға көлім деп ем,
Байдалы ұзын-ата елім деп ем.
Жанбыз деп құдай қосса біз қосылған
Қалқатай, мен кетерде күлімдеп ең...»

– Сонымен ақсақалдар не қылмақшы болды? – деп Әбділдә ат айдап келе жатқан көшіріне қарады.

Қара сақалды, еңкек келген қара кісі, қосардағы атты шаужайлап жіберіп, делбені жиыңқырап ұстап бір қырындап бұрылып, Әбділдәнің сұрағына жауап беруге кірісті.

– Ақсақалдар не қылсын, сенің баруыңды күтіп отыр.

– Маржан не айтады екен?

– Маржан да сені күтіп отырған көрінеді. «Төремнің жүзін көрмей еш нәрсе айта алмаймын», – деп әкесіне де айтыпты ғой.

Әбділдә аз-кем ойға шомды. Маржан жесір отырған жеңгесі. Ағасы жуан қоныш шаруа еді. Маржан келіншек болып түскеннен байын менсінген емес. Абысын-ажындарымен сөйлескенде «бұл көрімге қатын болып бір күн де тұрмас едім, төремнің көңілі үшін ғана жүрмін» деп айтады-мыс деген сыбыс ертеден болушы еді. Маржан мұны айтарлық та әйел: ажарлы, кербез, ірі, ашық. Ағасының тірі кезінде де Әбділдә үйге барғанда Маржан қайдағы жоқты айтып әзілдеп болатын. Әбділдәнің қатыны Кәмеш дейтін қара сұрлау келген адам. Ажары қатыңқы, нәзік. Сөзге шебер емес, мінезі өте ауыр. Өзі теңдес әйелдер сампылдап сөйлеп жатқанда ол үнсіз-түнсіз жұмысын істей береді... Маржан Әбділдәмен әзілдесіп отырып, бір ретте: «Инеліктей қатырып осы шіркінді қайдан алдың?!» дегенді де айтып салған...

Әбділдәнің ойы ауылдан шығып қалаға барды. Ойымен заң жинағын ақтарды: бір жағынан партия мүшесі, «ескі әдеттермен күресу керек; әйел теңдігін жарыққа шығару керек!» – деп өңешін керіп, күре тамырын білеулендіріп, талай жиылыстарда сөз сөйлегені бар. Оның үстіне өзі жауапты орында қызметкер. Қайту керек? Заңды бұзуға бола ма? Әбділдә ауыр күрсінді.

* * *

Белеске шыға келіп еді, ауыл ылдида екен. Күн күлімдеп ұясына батып барады. Өрістен қайтқан мал қара құрым болып

ауылдың үстін алып кеткен. Мал сауған қатындар, бие ағытқан қыз-келіншек, асыр салған балалармен ауыл іші базардай қайнап жатыр.

Әбділдәлар сыдыртып отырып келіп, ортадағы үлкен боз үйдің сыртына тұра қалды.

– Қарашығым! Құлыным!.. Есен-сау келдің бе?! – деп еңгезердей жуан кемпір, теңселіп басып келіп, Әбділдәнің бетінен сүйді.

Қара орамалды басына бос салған, қызыл шырайлы жас әйел сызылған болып, әдеппен қарағансып, Әбділдәмен о да амандасты.

Белдемшесі белінде, екі шелек сүтті көтеріп, бие ағытып келе жатқан келіншегі жанынан өте берді. Амандасуға енесінен ұялды. Көзі жаутаңдап, сағынған адамша қайта-қайта қарап қана өтті.

Күн жұма еді. Әбділдә үйге кіріп отырысымен шешесі дастарқан жайдырды.

– Бүгін шелпек нан пісіртіп, ағаңа тие берсін қылдыртып едім. Жаңа жұртқа қонғанда аруақтар дәме етіп тұрады ғой... келе ме деп саған да алдырып қойғам, құран оқып жей ғой, сосын қымыз ішерсің, – деді.

Тамақты бірер кенеп алып Әбділдә «ағұзді...» жіберді. Барылдаған даусымен ауылдың бала-шағалары жиналып қалды...

* * *

Бесіннен төмен түскен кез. Күн райы салқындап, азғана самал жел еседі. Ауыл адамдары екеу-үшеу бас қосып көлеңкеде отыр. Әбділдәнің үйінің сыртында он шақты адам алқа-қотан отырып, кеңеске кірді. Сақалдары сапсиған, беттері қатпарланған ылғи шалдар, іштерінде сақал-мұртын етектеп қырқып, қарындары шермиіп болпиып отырған жуандар да бар. Балашағалар жылысып, мандарына келе алмай, сөзін анадай жерден ғана ұрланып тыңдайды...

– Заң жағын бізден үйренбейсің ғой, бірақ қазақшылықты да бір жағынан қалдырып болмайды. «Шариғат ағып жатқан бұлақ, көриялардың сөздері жағалап біткен құрақ», – деп үлкендер айтқан екен. Көриялардың сондағы айтатындары не болсаң да, қайда жүрсең де қазақшылығыңды ұмытпа деу... Сені үлкен төре болды, көменеске жазылды, құдайды жоқ деп айтады-мыс деген де өсек таралып жүрді. Бірақ төрелігіңе сенсек те, діннен шықты дегенге сенгеміз жоқ. Сенің бұл күнге шейінгі ісіңде қазақшылықтан аттап өткеніңді әзір көре алғамыз жоқ. Мұның адам болғандығың, жүрегіңнің тазалығы, ата жолын қуа білгендігің... Шалдар бүгін жиналып саған ойларындағы

мүдделі сөздерін айтпақшы. Айтқанда, әрине, сені тыңдайды деп айтады. Болмаса осы отырған шалдар қай көменестің үйіне барып билік айтады дейсің... Құдай бұйрығы шығар, ағаң өліп, жеңгең жесір қалып отыр. Мұндай оқиға қашанда болса болатын, «аға өлсе іні мұра» деген нақыл да бар. Шалдардың айтқалы отырғаны – осы жесір туралы. «Жылын күтетін баяғы заман жоқ», – деп Төлеу бір жағынан мазаны алып барады. Оның үстіне жас адамның байсыз отыруын шариғаттың өзі де қостамайды... Елдің үміт етіп көз тіккен баласысың. Бір жолға елді сыйлар, ата-анасын жылатпас деген дәмеміз бар!.. – деп ортада отырған жуантық қара кісі сөзін айтып өтті.

Былайғылар қостауға кірісті.

– Қане, ағаларыңа не айтасың, жауабыңды ашып бер, – деп шешесі жақындай түсті.

Әбділдәнің ойында жалғыз ғана Маржан бар. Маржанның жүрісі, күлкісі, сызылып сөйлеген сөзі өмірде ойдан кетер емес, Маржан үшін не істе десе де Әбділдә көнетін тәрізді...

Шешесіне қарап Әбділдә күлімсірейін деді.

– Көп білсін! – деп ерні жыбыр етті.

– Бәрекелде!.. Ата баласы ғой. Өркенің өссін! Көрпелерің ұлғайып, үбірлі-шүбірлі болыңдар! – Шалдар беттерін сипасты.

Жер ошақ түтіні бұрқырады. Қазан ошақ салдырлады. Жас қатындар шелек алып суға жөнелді. Жылқышы бір бойдақты өңгеріп әкеліп, жер ошақ басына алып ұрып бауыздады. Бассирағын ағашқа шаншып балалар үйітуге кірісті. Бойдақтың терісін жылқышы жұдырықтап жатыр. Қан-жынына таласып, екі төбет ырсылдап, тістерін ақситып тұр. Шек-қарын аршуға келген қатындар, сойып жатқан қойға төніп, жүрелерінен отыр. Біреуі ауызын сылп еткізіп:

– Бетім-ай, ұятсыз адам бола береді екен ғой. Байының өлгені есінен шығып кеткен. Күйеуге жаңа шыққалы отырған қыздан жаман қылмың-қылмың етеді, – деді.

– Ана қатын да бір сорлы-ақ екен. Бүк түсіп жатып жылағаннан не өнуші еді. Одан да «үстіме қатын алдырмаймын» деп ашып-ашып айтса қайтеді екен! – деп екінші біреуі кіжініп қойды.

– Қой, сендерге қалған билік жоқ, мына шектеріңді дұрыстап аршындар, – деп жылқышы оларды төлкек қылды.

Есік алдында жанында бір-екі әйел бар, Маржан отыр еді. Келе жатқан Әбділдәні көріп, көзі көзіне түсіп, күлімсіреді, күлкісі Әбділдәнің ішін өртеп жібергендей болды.

Төсегінің үстінде келіншегі солқылдап жылап жатыр еді, Әбділдә жанына төніп келіп:

– Әй, мынасы несі?.. Ақылсыз екен ғой! – деді.

– Бетің тілінгір, неге жылайсың, жалғыз байынды жұтайын деп жүрсің бе? – деп кемпір шаптықты.

Келіншек басын көтерді. Әбділдәға қарады. Көз жанары толған жас, сөз айта алмады.

* * *

Маржанның құшағы сиқырлап Әбділдә елден шыға алмай қалды. Ел құлағы елу ғой. Әбділдә туралы жұрт өсекті көбейтуді шығарды.

– Төреліктен шығарып тастапты.

– Тұрған кеңсесінің ақшасын жеп қойыпты.

– Екі қатын алғаны үшін сотқа беріліпті...

Тағысын-тағы толып жатқан өсектен адам аяқ алып жүргісіз.

«Менің ыслабый екенімді білесің ғой... Көптің талқысынан шыға алмадым!..» – деп Әбділдә бір күні Ержанға хат жазды. Иығына асылып тұрған Маржан бетінен сүйіп-сүйіп алды.

Ертеңіне милиция келіп Әбділдәні айдап апарып түрмеге тықты. Себебін анық білген адам жоқ.

– Төре болып тұрғанда пара жеген екен, сонысы білініп қалыпты, – деп ел іші алып қашып жүрді.

Ауылы Жосалы көлде. Жосалы көлдің шалғынының арасы қара құрым боп қаптап, құстай жүзіп жүрген Әбділдәнің жылқылары. Ен малға, иесіз малға қарап тұрып, екі қатыны, көрі шешесі ертеңді-кеш дауыс қылады:

«Көйлек кидім қос етек,
Қалқатай, бір келіп кет.
Доска күлкі, дүшпанға
Таба қылды-ау, күдірет!..»

ҚҰРЫМБАЙДЫҢ ЖІТТІШІЛІГІ

I

Күзгі күн еді.

Күн ұзаққа екпіндетіп соққан долы жел кешке қарай тынып басылып, әлем жүзі құлаққа ұрған танадай мүлгуде. Күн батып бара жатыр. Батар күннің сәулесі қызарып шашырап, дөңес жерлер қарауытып, қабағын жауып түнеріп тұр. Күншығыс жақтан құшағын жайып келе жатқан қою қараңғылық – жапан даланы ұзатпай бүркейін деп тұрған сияқты.

Дала бос. Дала көңілсіз. Сарғайған шөп; мал тұяғымен қыр-қылып тақырланған жер жүректі тартпайды. Жүрек әлденені іздеген секілді. Қызықты жаздың құлпырған жерін жоғалтқан

секілді. Мынау жол жанында жатқан кішкене шалшық су – бұдан екі-үш ай бұрын шалғыны балбырап ұйысып жатқан көгал еді. Енді таздың басындай аламыштанып, ұйысқан шалғынның әр жерінде бір түбірі ғана қалыпты. Мына түріне қарағанда бұған көгорай шалғын бітті, кемерінен асып суы шалқыды деп кім айтар?

Күн бата Ырысбайдың белесіне жалғыз атты қақпалап, қорапсыз арбаға мінгесе мінген екі адам тырмысып келе жатыр. Жеккен аты арық, көтеремге шалдыққан малша, сүйектері ыржыңдап тұр. Барынша шабан, шыбыртқы тисе бар денесін салып жіберіп, солқылдап жортқан болып, кішкене жүргесін тағы аяңдай бастайды. Арбаны қиқая бір жақ иығымен тартып, бір көзін айдаушының шыбыртқысынан айырмайтын сияқтанады. Шыбыртқы көтеріле бергенде-ақ аз қымсынып жүре бастайды.

Арбадағының алдыңғысы домалақ бетті, көзі кішірек келген, бақа қара кісі. Көрінер-көрінбес мұрты бар. Ернінде бұлтиған насыбайы. Атын шаужайлап бірер рет шыбыртқылап қойып шырт-шырт түкіреді. Үндемейді. Екі көзі алдында, терең ойға шомып келе жатқан кісі секілді. Бұл – бесіншідегі пысық жігіт, осы күнгі ауылнай Кебекбай еді.

Кейінгі отырған қызыл шырайлы жас жігіт, үстінде көнелеу қара шинель, басында фуражка, мойнында асынған қылыш, арбаға аяғын салбыратып жіберіп, қылышты алдына кесе қойып келе жатыр. Бұл болыстық милиция. Атымен таныс болғыларың келсе Қайың болысына келгелі «Құрымбай», «Құреке!» аталған.

Бұлар белеске шыққан кезде шашыраған нұры семіп, күн ұясына кірді. Меңіреу қараңғылық жер жүзіне қанат жайған секілді болды. Түсе беріс ылди ауыл екен. Мұнарланған түтін, үрген ит, ыңырсыған мал. Ауылда ма, әлде өрістен мал құлатып келе жатып па, біреудің ән салған даусы естілді.

«Торышам семіреді жем бергенде,
Жоқ еді тұк алаңым сен дегенде.
Ренжимін, жан серігім, қан жұтамын,
Жеріңе уәделі келмегенде!..»

Кешкі ән, жігіттің қызына өкпелеп айтқан әні – Құрымбайдың жүрегін қытықтағандай болды. Жүрегінің әлдеқайдағы түкпірінде жасырынып жатқан ескі сырлар біртіндеп бас көтеріп, «мен ше, мен ше» деп көз алдына елестеп келген секілді болды...

... Я, ол кезде Құрымбай жас еді. Жастығының үстіне ауылдың жабайы адамының бірі еді. Құрымбайды адам екен деп елеуші жан жоқ секілді еді. Басқанікі басқа болсын,

Байкөбектің тоқалына не жоқ еді? О да теріс қарады-ау! Теріс қарамақ түгіл, «әдіра қал, бұ да адам болып, кісіге сөз айтпақшы ма екен?!» деп нос та берді ғой. Сол тоқалдарға осы күні көрінер ме еді? Не дер еді?..

Құрымбайдың сол жүргенде, жұмыстан қолы босағанда ойлайтыны ылғи әйел жайы. Кейде төсекке жатқанда ойға шомып қиялданып, көрер таңды көзінен атқызатын да күні болады. Құрымбайдың ойынша дүниеде әйелден қадірлі нәрсе жоқ. Әйелі бар адам дүниедегі бақытты адамның бірі саналуға тиіс. Өз ауылындағы Жұман кедейліктен зарланып мұңын айтқанда, Құрымбай күлуші еді, «құшақтап жататын қатыны бар, енді бұған не керек екен?..» деуші еді.

Құрымбай милициялыққа жеткен соң ойлаған мақсатқа жетем бе деп еді. Бұрын көзге ілмейтін әйелдер енді, ашылып сөйлесер, таңдап жүріп біреуін аламын деп ойлап еді. Милиция болғанына қазір бесінші ай. Содан бері көп ел аралады. Қайың болысында бармаған ауылы жоқ. Әсіресе сұлу қызы бар, сұлу келіншегі бар деген үйге арнап та қонып жүрді. Бірақ арылмайтын бір қырсық, реті келген емес; кейде қыздың шешесі ұйықтамайды, кейде қызымен бөтен үйге барып жатады. Әйтеуір Құрымбайға дегенде сылтау табылады.

Құрымбай біраз ойға шомып отырды да, басын көтерді, жанжағына бұрылып қарады.

– Күн батпай жетеміз деп едің, өзі алыс екен ғой, – деп есінеп, керілді.

Обыраған шинелін дұрыстап, тақымына қымқырып басты.

– Алыс емес еді, мына арамқатқырдың аяғын баспай келе жатқанын көрмейсің бе? – деп Кебекбай атын шыбыртқымен сираққа тартып-тартып жіберді. Өзі қоқиланқырап отырып:

– Кедейшілік те басып кетті. Бұрын мұндай атты жеге қоймайтын едім. Торбесті деген атым болып еді. Ой жануар, мал еді-ау, ауыздығымен алысып отырушы еді.

Ерніндегі насыбайын сұқ қолымен іліп алып жерге секіртіп жіберді де, бірер түкірініп алып Құрымбайға қарап күлімсіреді:

– Асықпаңыз, жетеміз. Бүгін ырымымыз жаман емес қой, ретіне келер, – деді.

II

– Күләшжан, құйшы, қаным кеуіп қалыпты ғой, – деп кесесін итеріп жіберіп Нұржан шапанының түймесін ағытты. Жұмыстан алқынып келген адам, оның үстіне ыстық шайды ішкен соң сасық тер бұрқырап шыға бастады. Қатпарланған

мандай, имиген ұзын тұмсығы тершіп, самайынан, сақалының арасынан тер сорғалап аға бастады.

Шайды Күләш құйып отыр. Қатыны Меруерт, байы мен Күләштің екі ортасында, жұлығынан шұлғауы шығып жүрген бастамалы мәсіні көсіліп жіберіп, құрсаулы ала кесемен шайды сіміріп отыр. Байына жаны ашитынын білдірейін дегендей, байының шаршағандығына қынжылғандық қалпын көрсетейін дегендей, самайынан шығып тұрған шашын жаулығына тығыңқырап қойып, сөзге кірді:

– Байғұс-ай, өзің қартайғанда жоқ нәрсені шығынсынбай-ақ жалдап үйдіретін шом еді ғой, – деді.

Кейіп отырғанда Меруерттің сөзін шам көретін Нұржанның әдеті еді. Бұл жолы да сол күйге басты. Шынтақтап жатқан күйі Меруертке ажырайып қарады.

– Еш нәрсенің жәйін білмейсің-ау, байғұс, кісі жалдайтын не сиқымыз бар. Айналдырған үш сиыр, бір ат, бір-екі қой бар екен. Оның төлі жаз бітеді. Азғана егін ішуден артылмайды. Борыш бастан асып жатыр. Бәнкеден алған биылғы 50 сомды төлейтін уақыт та болып қалды. Киім жоқ, тұттай жалаңаш отырғандарың мынау...

Меруерт жеңілді. Байының ашуын жадыратайын деген кісідей мұңына сәйкес келе сөйледі.

– Қайтейін, жазған, шаруашылығыңды мен білмей жүрмін бе? Өзіңді аяғаннан айтам. Жасың болса 50-ден асып кетті. Жұмыс істейтін не жәйің бар. Накұрыс қылып берсе де құдай бізден бір жаманды аяды ғой... Мына құрып қалғыр қызға, әкеңе барып жәрдемдес, шом үйіс десем, өзімді төлкек қылады... Жұмыс істеудің не айыбы бар, ертең біреудің үйіне барғанда, осындай ылғи бойыңды бағып отырамын дейсің бе?! Кісі үйіне барғанда отымен кіріп, күлімен шығарсың, – деп қызына ақыл қылып айта бастады.

Күләш ерке өскен балалары еді. Еркек балалары болмаған соң кемпір-шал ұлдан артық мәпелеп өсіріп, жастай жұмысқа үйретпеген өздері еді. Күләш есі кіріп бойжеткелі әкесін аяса да, әкесімен қосылып жұмысын істегісі келсе де, ауылындағы қыздардың, қатындардың сөздерінен қашушы еді. Көңілінде «менмендік» бар еді. «Пәленшенің қызы кедейліктен жұмыс істеп жүр», – деп айтады деп намыстанушы еді. Кейде, әкесін аяп кеткенде, жоғарғы ойын қатеге шығарып, жұмыс істеуге бой ұрса да, енді істеуге келгенде беттемей шыға беруші еді. Бірақ әке-шешесін алдауға, олардың көңілін табуға ұста еді, қандай жабырқап отырғанда да оларды күлдіріп, мәз-мейрам қылушы еді. Шешесі қарқылдап күліп, қызының мінезіне риза болып: «қарағым, жұмыс істемесең де тірі бол!» – дейтін еді...

Лапаста жатқан Жолдыаяқ арсылдап үрді. Есікте сыбдыр білінді. Біреу сипалағандай болды. Үй адамдары шайын тоқтатып есікке қарады. Кескек байлаған қойша мойнындағы қылышы салақтап, винтовкасын сүйретіп, Құрымбай мен Кебекбай артынып-тартынып үйге кірді.

– Кеш жарық!

Қылышты, мылтықты көргенге ме, үй іші үрпиісіп қалды. Әсіресе Меруерт үрпиді. Жақын арада Сылқымның қызын милициямен келіп алып кетті дегенді есітіп еді. Сондай бір сойқанға ұшырамасақ игі еді деп зәресі қалмады.

Сығырайып жанған бестік шамның сәулесі қара көлеңкеленіп, келген кісілердің бетін ашық көрсетпеді. Әйтсе де ауылнайды жоспарлап тануға мүмкін еді.

Қонақтар төрге шығып, қыз айттыра келген сыпайы құдадай, шірене барып отырды.

– Ауылнаймысың, аман ба?

– Шүкіршілік.

– Мына жігіт кім?

– Болыстық милиция ғой.

– Жол бола берсін, қайдан шықтыңдар?

– Берекең ауылынан шықтық. Биылғы берілген нәлөктің спескесін кем жазылған деп, болыс нанбай жатыр. Қайтадан жүріп жазыңдар деп, мына кісіні жіберген екен, соған шыққанымыз ғой, – деді.

Үйге кіріп отырғаннан Құрымбайдың көзі Күләштa болды. Алдымен Күләштің мәнерлі қызыл тақиясын көрді. Қою қара шашын маңдайынан екі айырғандағы ағарған жігін көрді. Одан төмен жазық маңдайын, күлімсіреген қара көзін, мұрнын, аузын, тағы-тағыларын көрді. Әсіресе көзі, мұндай көзді Құрымбай өмірінде көрмеген секілді болды. Әлде көрді ме екен? Жапақтың үйіне қонатында бойжеткен қызы шай құйып беріп еді. Оның көзі де осы сияқты емес пе еді? Жоқ, ол – өлген балықтың көзі секілді бозғылт еді. Мына көз баска!

Құрымбай Күләштан көзін алмады. Қайта-қайта қарай берді. Бастапқы кезде, қандай жігіт екен деп Күләш та қарап көріп еді, тікірейген ала көз, жұтып қоятындай болып қадала қойған соң, мына шіркіннің қарағаны қалай еді дегендей, өз жұмысымен болып, шәйін құя берді. Қадалып отырған ала көзді елемеді, елеу ойында да болған жоқ...

Төсек салатын кез жақындағанда Меруерт қонақтарына жәй айтты:

– Ағаларың шал. Кәсіп қылатын адамымыз жоқ. Бір-екі қойдың төлін жазды күні сойып қойғамыз. Күзгі келген қонақтарға ұяттымыз.

Ауылнай:
– Дұрыс қой, – деп ернін жыбыр еткізген болды...

III

– Қой деймін, сізге не болған?! – деген Күләштің бәсеңдеу даусы шықты.

Үй іші қараңғы. Сығырайған терезеден азырақ саңылаусымақ жарық шалынғандай болады. Үй іші қалың ұйқыда. Бүргенің шаққанына шыдай алмай аунап түсіп, Нұржан мен Меруерт қорылдап үйді басына көтеріп жатыр. Әке-шешесінің бас жағындағы бұрыштағы қуыста Күләш жатыр еді. О да ұйықтаған секілді еді. Бірдеме төс жағында жыбырлағандай болған соң, қымсынып оянып еді.

– Қой деймін... қойыңызшы! – деп көрпесін қымтап жамылды.

Күләштің бас жағына таман қалтыранып, жүрегі алып-ұшып үңірейіп Құрымбай отыр. Сол қолы жерді тіреген. Тырнап алар деп қорыққан адамдай оң қолын ептеп қана созады. Көрпеге жақындата бергенде, Күләш жиырылып итеріп тастайды.

– Қойыңызшы!..

Алқынған жүрек, ынтыққан тілек ерікке қоймайды. Үміт үздірмейді. «Адам баласы ғой, заты әйел ғой, елжіремес дейсің бе, жібімес дейсің бе?!» – деп ойлайды. Елестеген тәтті үміт баяғы қолды еріксіз тағы создырады; тілек тілеген қайыршыдан жаман өлердегі сөзін айтатын пішінмен өлімсіреп созылған бақытсыз қол, жылы көрпеге жақындай бергенде, әлденендей белгісіз бір күш итеріп келіп тастайды.

– Қойыңызшы!..

Құрымбай сескеніп, қалтыранып кетті...

Үй тастай қараңғы. Терезеден жылтырап бір жұлдыз көрінді. Жұлдыздың сәулесімен есік жақтағы пеш ақ аяң тартып бұлдырланған секілді болды. Пеш жанында бұйығып ұйықтап жатқан ала мысық пырылдап оянып, Құрымбайға қарай аяңдады. Жанына келіп еңкейіп отырған Құрымбайдың бетін құйрығымен сипап өтіп, Күләштің көрпесіне барып кіре бергенде, белең алған Күләш оны да итеріп жіберді. Ала мысық Құрымбайдың алдына келіп түсті. Құрымбай ала мысықты сықақ қылғандай, «байғұс-ау, сен түгіл мені де жолатпай жатыр», – дегендей езу тартты. Бірақ ала мысық Құрымбай секілді жалтақтық қылмады. Күләштің көрпесіне қайтадан барып кірді. Күләш бұл жолы тимей, ала мысықты көрпесіне кіргізді. «Апырым-ау, мысық құрлы болмағаным ба? Мені мысық құрлы көрмегені ме?!.» – деген ой Құрымбайдың мазасын алып барады.

Ой теңіз ғой. Шарықтай отыра аяқты жоғары салды. Құрым-

бай бір болыс елдің милициясы. Бір болыс ел сыйлап отыр. Әйел түгіл еркектер қарсы келіп көрген емес. Еркектің де дәулерімен алысып көрді. Қайың болысындағы жеті атасынан уызы арылмаған Бықырия дейтін кісі ұрлықпен былғанып, соны ұстауға тура келгенде, енкілдетіп алдына салып айдап-ақ келген Құрекең еді. Бір ауылнай ел жиналып, бір күн қондыр деп сұрағанда да, көнбеген кісіні осы заңды дұрыс орындауда, атқа мінерлердің, жуандардың алдауына ермеуде Құрымбай бәйге алып-ақ жүрген жоқ па? Милиция бастығы мұның қызметін жақсы деп мақтап отырған жоқ па?.. Ендеше... Осынша қарыс-қандай бұл қызға не жоқ?

Құрымбай ашуға да мінгісі келеді. Бірақ, белгісіз бір күш еркін алып, жуасытады. «Ашудан еш нәрсе өнбейді, жалынып бақ» дегендей болады.

Неге екенін өзі де сезбеді, Күләштің жанына жанай жатты. Күләштің жастығының бұрышына басы тигенде, бойы еріп кеткен секілденді... «Осындай қараңғы түнде, мынадай бойжеткен қызды құшақтап жатса, содан қызық не бар екен?!» – деген ой баста тайталасып жарысып, мазаны алып барады...

Алқынып, тығылып зорға дегенде үнін шығарды:

– Сіз мені танымай жатырсыз ғой деймін...

– Жоқ, таныдым.

– Ендеше замандас емессіз бе?

– Болса қайтеді? Әлде, замандастығыңызды сатасыз ба?

– Сатпаймын ғой... Замандастыққа лайық іс қылсақ деймін.

– Мен тілемеймін...

– Сіз менің сөзіме түсінбей жатырсыз. Мені – елдегі жабайы жігіттің бірі деп ойлайсыз. Оныңыз қате. Мен іс басындағы адаммын. Мен – әйел затын теңгеруге қарсы емеспін. Соның үшін де өзім келіп отырмын. Менің ойым... Менің ойым... – деп Құрымбай сөзін аяқтамай тоқтады. Өзінің не айтқанын, не айтайын дегенін білмеді.

– Жұмыс адамысыз ғой, ұйқыңыздан қалмаңыз, барып жата қойыңыз, – деп Күләш ірге жаққа аунап жатты.

«Жұмыс адамысыз ғой...» Бұл әзілдеген сөз емес пе? Я, әзілдеген сөз. Әзілге келген соң енді не тұрыс бар? – деп ойлады... Жатқан күйі басқа сөзді қойып, құшақтай берем дегенде, белең алған Күләш сескеніп, қолын көтеріп қалғанда, Құрымбайдың мандайына сақ ете қалды. Басын белең алған атша Құрымбай кекең еткізді. Тұла бойы суынып, денесіне суық суды құйып жібергендей болды. Не болғанын, не қылғанын сезбестен қалтыраған күйі аз-кем төніп отырды да, жыляжып төсегіне келді.

Ауылнай ұйықтаған жоқ екен:

– Немене, іс бітті ме? – деді.

Құрымбай көрпесін жамылып жатып күрсінді:
– Болмайды! – деді.

IV

– Қане, Нүреке, малыңызды айта қойыңыз, – деп ауылнай қысып барады.

Нұржанның тезек қалаңының ішінде он шақты адам қатарынан отыр. Ішінде байсымақ Кәрім, сүбе би – Дәуіт бар.

Нұржан кібіртіктеп мүдірді. Сырттан қарап тұрған Меруерт төзе алмады білем, шалына болыса бастады.

– Ауылнай қайным, ағаңды тым қысып кеттің ғой. Бір-екі сиыр мен бір аттың барын өзің де білесің, оның несін сұрай бересің?

– Мен ешкімнің малын түгендеп жүргенім жоқ. Кімде не барын мен білмеймін. Айтқандарыңды жазам, айтпай жасырсаңдар, ертең айып тартасыңдар, малың қазынаға түседі...

– Оның дұрыс қой, бірақ менде жасырылып отырған мал бар ма? Бір-екі қараның есебі өз қолында. Мені қыса бергенше, мына Кәрім, Дәуіттер де отыр, алдымен солардан-ақ сұрасайшы...

– Бай-бай, Нұржан-ай, қыршаңқы тілің қалмайды-ау. Біреуді шалдырмай-ақ өз малыңды жаздыра берсейші, – деп Дәуіт кейіп қалды.

– Қайным-ау, нені жаздыр дейсіңдер?

– Жаздыр, ана қойыңды! Әкеңе ас бересің бе? Қазынадан мал ұрлайтын қайдан шықтың?

– Өзің жаздырмайсың, сенің қойың жоқ шығар?

– Мен қойымды кімге жаздыратынымды білем.

– Біз де білеміз.

– Әңгімені қой, жаз, мына Нұржанның екі қой, бір ешкісі бар.

– Ендеше мына бидің он бес қойы бар, алдымен соны жаз, – деп Меруерт тағы килікті. Дәуіт Меруертке ала көзімен қарады...

Ауылнай Нұржанның екі қой, бір ешкісін жазды. Дәуіттікін жазбады. Дәуіттікін жазған-жазбағанын Нұржан да, Меруерт те қазбалап сұрай алмады. Дәуіттің ашулы ала көзі өңмендерінен өтіп кетті. Бір пәлеге ұшыратар деп қорықты...

V

Нәрсе-қарасын алып, жүрейін деп жатқанда үй жанында тұрған Күләшқа Құрымбай кездесіп қалды. Күләш жымиып күлді. Түнде ашуланса да, неге екенін өзі де білмей күлді.

Құрымбай да күлді.

– Түндегіге ашуландыңыз білем.

– Жоқ, ашуланған жоқпын.

– Ашуланбасаңыз айып алуыңыздың жөні қалай?

– Қайдағы айып?

– Айып емей не, байлардың жүздеген қойын көрмей, біздің үйдің екі қойын жазып кетіп отырсыздар, төрелігіңді былай қоялық, мұның тіпті жігітшілігіне лайық емес қой.

Құрымбай апалақтап қалды. Істеген істерінің бұрыстығын жаңа сезгендей болды. Ұялып бетінен оты шықты...

Арбаға мініп, ауылдан шыға бергенде Құрымбай артына қарады. Екі шелегін иығына салып Күләш суға кетіп бара жатыр еді.

– Но, маладес қыз екен, әттең оқымай қор болған екен!.. – деді.

* * *

Ауылға салық қағазы келгенде, кім жазғаны белгісіз, Дәуіттің он бес қойына салық салынып келді. Мұны естігенде Нұржан миығынан күліп:

– Оқасы жоқ, көппен бірге тарттың ғой, – деп кенеліп қалды.

Шай құйып отырған Күләштің есіне Құрымбай түсті. Құрымбайдың кетерде ұялғаны, құлағына дейін қызарып, қайырып жауап бере алмағаны көз алдына келді, өз-өзінен жымиып:

– Қалай да жігіт екен, жарады! – деп риза болды.

1925.

БАЯНСЫЗ БАҚ

Нұрлыбай көзі кіртиіп, қабағын тыржитып, үстеліне сүйеніп бірсыпыра салбырап тұрды да, барқытпен көмкерілген жұмсақ үстелге сылқ етіп отыра кетті.

Нұрлыбайдың жазу үстелі қай қызметкердікінен болса да артық. Қызметкер дегенің нақа бір шаруашылық орнында істеп, соның бір еңбек сіңіріп кетейін дегені болмаса, көбі жазу үстелін жөндеуді білмейді ғой. Қызметкерлерің былай тұрсын, күндіз-түні жаумен айналысатын жазушылардың көбі де ақсақ үстелден қол үзе алмай жүр. Далада өскен қазақ баласы, нақа бір кент әйеліне үйленгені болмаса қала тұрмысын бір жөндей қоя ма?

Нұрлыбайдың өзгешеден бір артықшылығы – осы жазу үстелін жөндегендігі. Жөндегенде – нағыз оңдысы, сырлап тастаған тартпалы үстел.

болмаса керек еді. Осы ауылға мектеп ашып беріп отырған Жұман коммунист. Екі күннің бірінде үйіне хат жазғанда: «мектептерің дұрысталды ма; мұғалімдерің дұрыс па?» деп қақсайды да жатады... Мұғалімдерді ұмытпаса, оны жазбас еді ғой, – деп, Ербосын мұғалім сөзіне қол қоймайтындығын білдірді. Ербосын, манадан бері сақалын сипай түсіп, сөзді тыңдаумен отыр еді. Қостамай да, қарсылық та білдірмей, өзімен-өзі болып отырған адам секілді еді. Енді аяқ астынан мұғалімнің сөзін іле түскенін, Әлекең де, мырза да, Нұрғали да ұнатпайды білем, ежірейісіп қарады.

– Ерекеңнің білмейтіні жоқ, – деп Жұмағұл кекете түсті.

– Е, советтің еркесі ғой. Бұлар білмегенде кім біледі, – деп Әлекең мысқылдады.

Бай мен мырзаның екеуі бірдей іле түскенде Ербосынның жыны келді:

– Еркесі болайық-болмайық, білгенді айтқанға айыпты емес шығармыз деймін, менің қарауымша, коммунистер нақ мұғалімнің айтқанындай болмауға тиіс. Коммунистің бірі Жұман болса, үйіне келгенде отымен кіріп, күлімен шығады. Төрелікке қалғанда, Жұманның отырған орыны ешкімнен кем емес, ірілік қылса, солар қылар еді ғой...

– Жұманның ірілігін көре алмай жүрген шығарсың, ірілігі ұстаса кісіге айналып та қарамайтын мінезі бар. Оны қайтесің? – деп Жұмағұл мұқатпақ болды.

– Ол ірілікті бізге істемейді. Мүмкін, ұнатпаған байларына, мырзаларға істейтін шығар. Оған қарап Жұманды ірі деуге бола ма екен?

– Ай, құрып қал, осы сөзің құрысын-ау, қит етсе, бай, кедей деп бөліне қаласыңдар. Бөлінгенде не таппақсыңдар? Советтің кедейді жарылқағанын да көріп отырмыз?! Бес-алты қараларына налок салғаннан басқа не бітірді? Мал бөліп берді ме? Құрал-сайман берді ме?!. Былтыр, Жұман ауылдық жиылыс болғанда, судырлатып, жұмақты бір күнде орнатқандай болып кетіп еді. Әлі берген дымы жоқ, жалғыз бітірген жұмысы – ауылға школ ашып еді, оған да үй таба алмай, ақырда менің үйіме оқытып отырсыңдар..:

– Үйіңді тегін беріп отырсың ба, ақшамызға беріп отырсың, – деп Ербосын жауапты қысқа берді.

Әлекең кейіп кетті:

– Боқ жеген күшіктің айтып отырған сөзін! Сендерден ақша алмағанда, мен аштан өліп, көштен қалатын шығармын... Жақсылық қылғанның қадырын білу деген жоқ-ау. Менің жазығым сендердің балаларың оқысын деген ғой...

Жұмағұл әкесінің сөзін бөлді. Мұндай сөзді Ербосын сияқ-

тымен сөйлесудің өзі ар деп білді. Ербосын деген кім? Кешегі есікте жүрген малайы! Енді бүгін байға қарсы сөз айтпақшы... Масқарашылық емес пе?..

Әлекең мен Ербосынның сөзін тыңдап, Нұрғали мұғалім былай деп қорытынды істеді: Әлекең ел адамы, қайырымды кісі; Ербосын – дәлду, қыздырманың тіліне еріп азып жүрген адам, кісі жақсылығын бағаларлық құдіреті жоқ...

Қас қарайған кезде үйге кірісті. Байдың келіні Күлбарша, лапастың ішінде, лаулап жанған самауырынның жанында тұр еді. Қара көлеңкедегі оттың жарығында тұрып, сырттан қараушыға Күлбарша хор қызындай болып көрінді. Басқаға қалай болғанын кім білсін, Нұрғалиға солай көрінді. Нұрғали көзді қадады. Күнде көріп жүрсе де бүгін бір өзгеше адамды кездестіргендей қалыпқа кірді, ішінен: «Ым... сені ескеру керек екен!..» дегендей болды.

II

Жұмағұл мен Нұрғали қалаға келіп кіргенде, базардың жаңа қызып жатқан кезі еді. Ел ішіндегі поселке болғандықтан, мұның базарына келушілер де сол маңайдағы поселкенің орыстары мен ауыл қазақтары еді. Орысқа қарағанда қазақ ден, орысқа қарағанда қазақ саудасы қызу секілді: мал сойып, ет сатып тұрған да қазақ; темекі өлшеп сатып тұрған да қазақ; ескі-құсқы нәрселерді жиып, сатып тұрған да қазақ. Орыс, ноғайдың саудасы ірірек; олар товармен сауда қылып тұр...

Қала маңындағы ауылдардікі болса керек, бір-екі арбаға піспегін қақитып сабаны байлап қойыпты. Орта жастағы әйелдер, көзінен сорасы ағып, күпісіне қымтана түсіп, қымыз саудасын істеп тұр. Суықта қымызға кім жоласын, маңайынан өткен адамдар ысырылып кетеді. Адырақ көзді кемпір тұсынан өткен адамға бір сөйлемей қалмайды.

– Ай,тамыр, қымыз жақсы, қымыз тәтті!.. – дейді.

Базар қызу. Бірін-бірі ұтуға құмарланып өліп барады. Әсіресе кәперетіптің әлсіз жерінде, поселке базарлары осылай болмақ қой.

Базардағы бір қызу нәрсе – ішімдік екен. Екі кісі қол соғып, саудасын бітіре бергенде, жанына жақындасаң:

– Мәгәріш, ішкісейін! – деген сөздері құлағыңа сап ете қалады.

Кейбір орыстар, мал сатқандар болса керек, бірер қазақты ортасына алып, арбаның түбінде отырып, «көк мойынды» сіміріп жатыр. Күннің суықтығы, ұшқындаған қар ойларына кіріп те шықпайды. Қызу, жылы, екі беттерінен қызарып оты шығып тұр.

Базардың шеткі жағындағы брешкенің ығында екі бөтелке арақ. Арақ жанында туралған нан, сарымсақ, қазақ орта жасқа келген кісі. Сыпайылап қырыққан шоқша сақалы бар. Кішкене көзі жымиып, күлімсіреп тұрған секілді.

– Әйда, Иван, көтер, дүние екі айналып келмейді, – деді.

Жирен сақалды Иван, стакандағы арағын сіміріп болып, шашалып жатып, түсінген-түсінбегені белгісіз:

– Да, да! – деді.

Иван айналып қарады да, бірдемеге қуанып кеткендей болып:

– Ай, Жұмағұл, мұнда кел!.. – деп айқайды салды. Сүрінекабына орнынан тұрды. Жұмағұлдардың тұсындағы қаланікі, темір соғатын ұста еді. Жұмағұлмен әйдік тамыр.

– Әйда, ішесің! – деп бір стаканға толтыра арақ құйып берді. Екінші стакан Нұрғалиға берілді. Бөтелке үстіне бөтелке жамалды. Ішіліп жатыр, кетіп жатыр... Қан базардың іші, өткенкеткендер күліп қарайды. Бұлардың ісіне қызығатынын, әлде мысқылдап күлетінін кім білсін... Бір кезде, бұрыннан ішіп отырған қазақ қызып кетті білем, былтырақтап Жұмағұлға төпей бастады:

– Сен мырзасың... Көкөй шорт сен мырза... От, мен мырза болсам... Солай ма, Иван?.. Мен мырза бүкіл қарашұнақты бір уысқа сыйдырар едім... Өзім болыс болар едім... Солай ма, Иван. Ивандікіне қонаққа барар едім... Иван! Мен қонақ барсам, сен қалаш бересің?.. Мен саған арақ берем...

Жұмағұл баста тыңдап отырған сияқтанса да, артынан қызуланып кетті:

– Мен мырзалықтың жөнін сенен үйренбеймін! – деді.

– Үйренерсің, мен саған үйретуге жарармын...

– Жоқ, жарамассың...

– Сен түгіл әкеңе де үйрете аламын...

– Тарт тілінді!

– Тартпағанда қайтесің?!

Оның ар жағында айтатын сөзді екеуі де таба алмады. Екеуі де жұдырыққа ерік берді...

Нұрғали зорға дегенде айырып, Жұмағұлды сүйемелдеп арбасына алып келді. Қызып алған Жұмағұл ақыл айтқанды тыңдар емес, ақыл айтса, ерегісіп кетеді. Нұрғали да бастапқы кезде мас еді. Көзі бұлдырап, дүние айналып тұрған сияқты еді... Төбелес шыққан соң Жұмағұлдардың арасына түсемін деп жүріп, азырақ есін жинағандай болды. Қан базарының ішінде мас болып, құлап жатудың ұят екенін сезгендей болды. Әсіресе болыс жағынан біреулер келіп қалып жүрсе, мас болғанын көріп, орнымнан шығарып тастай ма деп қорықты... Арақ ішуге

отырғанда, арақ ішіп мас болып, төбелеске кіріскенде, Нұрғалидың басына бұл ой кірген жоқ еді, арбаның қасына келгесін қайдан сап еткенін өзі де білмей қалды...

Бір-екі жас жігіт, кім екенін Нұрғали көзі бұлдырап айыра алмады, арбаның тұсынан өтіп бара жатып:

– Мырзаның жатысы жарайды! – деді.

Шынында да Жұмағұлдың жатысы қызық, арбаның жанында ұзыннан сұлап жатыр еді. Екінші біреуі тесе қарады да:

– Мынау сол ауылдағы мұғалім ғой!.. – деді.

Нұрғали айналып сыртын берді. Әйтпесе, сөзден құтылмады.

– Мырзанікі мырзалық болсын, қан базарының ішінде мұғалімнің арақ ішіп қылжандайтын жөні жоқ-ақ екен!.. – деді тағы біреуі.

Осы мен шынымен қылжыңдап тұрмын ба деп, Нұрғали арбадан ұстаған қолын босатып еді, тәлтіректеп құлап кете жаздады...

Бірдемеден шошып оянғандай Жұмағұл басын көтеріп алды:

– Молда, арақ әкел!.. – деді.

Екі бөтелке қалталарында, аттың басын жолға салып, екеуі арбаның үстінде ішуге айналды. Жұмағұл манағыдан гөрі есін жинағандай... Бастапқы кезде тілі тұтығып сөйлеуге келмесе де, арт жағынан ашылғандай болды...

– Мен, мырза. Менде мал көп. Әкем шал, өледі. Малдың бәрі менікі... екі жүз жылқы бар... Ортан қолдай құр жүрген жиырма ат бар. Әй, молда, сен білесің бе менің қара жорғам... Но жорға! Құла биенің баласы. Болыс болсам, қоңырау тағып үш қара атты жегер едім. Менің пәуескемді көрдің бе?.. Қатыннан келген... Менің қатыным сұлу ғой, молда, ә?.. Мені сүйеді... Мені жанындай көреді... Молда, мен болыс болсам, сен маған песір боласың ба? Бәлем Ордабайдан кек алсақ!..

Стакан жоқ болған соң бөтелкенің аузынан сімірді. Сімірген сайын шашалып, буынып қалған сияқты болады... Ат тоқтай қалды.

– Шырағым Жұмағұл, сенде жұмысым бар еді, – деп домаланған бір шал арбаға келіп төнді. Жұмағұл тесе қарады. Ұмтылып арбадан түсейін деп еді, Нұрғали басып жібермеді. Түсе алмаған соң қолындағы бөтелкені жіберіп кеп қалды. Бөтелке шалдың басынан асып барып, арбаға тиіп күл-талқаны шықты...

– Оңбассың, шырағым! – деп, шал арбасына мініп, жүріп кетті... Даланы басына көтеріп Жұмағұл сақылдап күлді. Күлгеніне ме, әлде шалға бөтелке жібергеніне ме, Нұрғали мырзаны жек көре бастады.

– Жынданып не? Тыныш қана отырсайшы! – деп еді, басы қалтақтап Жұмағұл Нұрғалиға тесе қарады. Аузы жыбырлаңқырап тұрды да, тіпу... деп былш еткізіп бетіне түкіріп жіберді. Мырзаны сыйласа да, мырзадан қорықса да Нұрғали оның бетіне түкіре алмады. Кек те көрген жоқ... Көзіне әлденемелер елестеп, ойын бір жаққа бұрып әкеткен сияқты болды...

– Бұларың не, тұрсаңдаршы!.. – деген дауысқа Нұрғали көзін ашып алса, қас қарайып кетіпті, ат албарға келіп тіреліпті. Жандарында ашуланған сияқтанып па, күлген сияқтанып па – Күлбарша тұр. Нұрғали бар әлін жиып күлімсіреген сияқты болды. Мырза арбаға ұзыннан сұлап қылжиған екен...

– Масқара ғой!.. – деп Күлбарша ренжігендік білдірді.

Жұмағұлдың отауында шай қайнап тұр екен. Нұрғали отырып шай ішті. Қанша ішкенін де білмеді. Аузы аузына жұқпайды, сөйлеп отыр, бірақ не сөйлеп отырғанын өзі де сезбейді... Оқта-санда Күлбаршаға көзі түсіп кеткенде, Күлбаршаның өткір көзін қадап, күлімсіреп отырғанын көреді. Одан сайын сөзді үдете береді...

Күлбарша төрге төсек салып берді. Нұрғали шешініп жатқан соң көрпе әкеліп жапты. Көрпе жауып кете бергенде:

– Жеңгей, бері келші! – деді.

– Неге, жай шақырдың ба?.. – деп жанына төніп еді, Нұрғали білегінен шап беріп ұстай алды.

– Ойбай, ұят-ты... Біліп қалар... – деген Күлбаршаның бәсеңдеу ғана даусы шықты. Одан арғысын Нұрғали есіткен жоқ. Әлдене кезде есін жиғандай болып еді, үй іші тастай қараңғы екен: ит пе, адам ба – бірдеме бетін, мойнын жалап жатқан сияқты болды... Бұл – қойнында жатқан Күлбарша еді... Нұрғалидың есі кіргенін білді білем:

– Маған қиянат қылдыңыз-ау! – деді. Ар жағы тағы сүйіске жалғанып тарта берді...

III

– Қане, мұғалім, картаңды неден қойдың? – деп, арық келген сіріңке қара жігіт, қолындағы картаны араластырып отырып, ойнақшыған кішкене көзін Нұрғалиға қадап қойды...

– Алды үш, арты екі, бес сом...

– Әлгі бес сом бар емес пе?

– Но, бәрі он сом болды.

– Ақша дабай.

– Тарта берсейші, ақшаң кетер дейсің бе?..

– Болмайды, несиеге берілмейді... Қартаң бәйгесіз, – деп қарта тартып отырған жігіт екінші адамға бұрылып кетті...

Үй іші толған адам. Тартысқа жиналған бозбалалардың сорпаға шығарлары осында. Жұмағұл да ойнап жатыр. Ауылнай да бар...

Көптің көзінше ақшасы бітіп, ойыннан шығып қалуды Нұрғали өзінше ар көрді. Ақша сұрап дігірлеген «бәнкешіні» ит етінен жек көрді... Ауылнайды тізесінен тартып:

– Маған жиырма сом бере тұрасың ба? – деді.

– Қой, шырағым, болмас, түнеугі отыз сомды да берген жоқсың ғой...

– Жалонжа алған соң берем ғой.

– Жалонжаң отыз сом, артығын қайдан тауып бересің?..

Тыңдап отырған жігіттер қалжыңға айналдырды. Біреулері есік жақтағы балаларға айқайлап:

– Мұғалімнің ақшасы бітті, езбозшик шақырыңдар, – деді қалжыңдап.

Карта тартып отырған жігіт Нұрғалидың алдындағы екі картаны алып ашып тастады. Біреуі қиықтың тұзы екен.

– Мұғалімнің ақшасы болмай, «пожар» қор болды-ау... – деп бір жігіт тағы күлді...

Нұрғали ашуланып тұрып кетейін десе де, карта тарта бастаған соң кідірді. Сегіз карта ашылды. Ендігі «девятый вал», карта тартып отырған жігіт ептеп қана ашып қарады да, қуанған немедей жұлып алып, жерге қойып қалды. Киіздің шаңы бұрқ етті... «пожар» екен!

– Әй, мұғалім, таланың жоқ! – деп жұрт шу ете қалды.

Нұрғали күйікке шыдай алмай тысқа шыға жөнелді.

Қысқы аяз, түн, сасық үйден шыға келгенде, таза ауаның бетке келіп соғып, денені жайландырып жібергендей болды. Түймесін ағытып Нұрғали азырақ салқындады. Қайта барудан мағына жоқ. Қарызға ақша беретін адам жоқ. Ендігі әдемісі – тартыс болып жатқан үйге бару, қыздардың арасына отырып, ойнап күлу...

Қыздар есіне түскенде, Нұрғалидың ойына алдымен Ділдә келді. Ділдә Жұманның қарындасы. Аққұба келген, бойжетіп отырған қыз. Мінезі, күлген күлісі, жүріс-тұрысы да басқа қыздардан бөлек секілді... Нұрғали бұл ауылға келгелі дұрыстап бір-ақ рет көрді. Жұманның әкесі де, шешесі де аңқылдаған адамдар: оқыған адам болса бәрін, Жұманның жолдасы болған соң, оны сыйлау керек, қонақ қылу керек... Өткен жұма күні Нұрғалидыда шақырған. Бұрын сырттан көріп байқамайды екен. Нұрғали Ділдәні сол жерде анықтап көріп еді.

Кішірек келген земленкенің есігінен төріне шейін сықылған адам. Кіріп келгенде, ыстық леп мұңкіп бетке соғады. Аспалы шам леппен тұншығып, қалтырап жанып, жарығы көмескі ғана түседі.

Есік алды толған балалар екен, мұғалім келе жатыр десіп, жарылып жол берді. Оң жақтағы пештен төрге шейін қыз-келіншектер қатарынан тізіле отырыпты. Оған таяу бозбалалар...

– Мұғалім келді, орын беріңіздер, – деді біреуі.

Жұрттың бәрі қарай қалды. Нұрғали аз-кем қарап тұрды да, Ділдәға қарсы барып отырды.

Алақан соқпақ ойнап жатыр екен. Бір қыз бен бір жігіт белбеуді шиыршықтап есіп алып, жұртты аралап жүр. Кезек Ділдәға келді.

– Қолыңызды әкеліңіз, – деп белбеу ұстаған жігіт Ділдәға төне қалды.

– Ақырын ұрыңызшы, қолымның терісі сойылатын болды, – деп Ділдә күлімсіреп, жеңінен шығарар-шығармас қылып қолын ұсынды.

– Кім?

– Тап мына кісің! – деп Ділдә Нұрғалиды көрсетті.

Нұрғали күлімсіреп қолын соза берді. Еркекке келгенде қыз ұрады екен. Көнтек ерінді баттиған қара қыз, белбеуді дәлдеңкіреп ұстап, пәрменімен тартып өтті. Нұрғали ыршып түсті.

– Апырым-ай, ұрғаныңыз қалай қатты еді? – деді.

Қыз күлімсіреп:

– Кімде? – деп қысып барады.

– Сол кісінің өзінде!

Ділдә мен Нұрғали екі-үш рет біріне-бірі сілтеді. Алақандары дуылдай бастады.

Ділдә еркелеген пішінмен:

– Бөтен біреуге аударсаңыз қайтеді?.. – деді.

Ділдәнің айтқанын екі етерлік құдірет Нұрғалида жоқ екен. Кезекті басқа адамға бұра қойды, бірден-бірге кетіп есікке қарай ұзады.

Жұрт күбір-күбір сөйлесіп отыр, сырласып отыр. Қыз ба, келіншек пе біреу сыңқылдап күліп:

– Айтқаныңыз жаңа, асыққаныңыз не? – деді

Есіктен адамдар бұрылып қарады.

Ділдә мен Нұрғали қарама-қарсы тіл қатыспай едәуір отырды. Сөзді Ділдә бастады:

– Сіз карта ойынынан келдіңіз білем...

Карта ойынын айтқанда, Нұрғалидың ойына қиықтың тұзы келіп түсті. «Ауылнай жиырма сом бергенде бәнкені көтеретін едім!» – деп ойлады. Ауылнайға, карта ойнап отырған адамдардың бәріне ішінен лағнат оқығандай болды.

Ділдә Нұрғалидың жауабын күтпестен, сөзін қайта бастады.

– Сіз осы көменес емессіз бе?

– Неге?

– Әшейін сұрағаным ғой... көменес адам қарта ойнамауға тиіс қой, менің бапамның қарта ойнау, арақ ішумен жұмысы жоқ...

– Менің сопы болғандығымды тілейсіз бе?

– Сопылықтан емес қой, қарта ойнау, арақ ішу деген жақсы мінез емес шығар деймін... Бар тапқанын қартаға ұттырып азып-тозып жүргеннің не жақсылығы бар дейсің...

Ділдә мұны Нұрғалиға арнап айтқан секілді болды. Өзі ұтылып ашуланып отырған адам, кісі сөзін көтере ала ма? Нұрғали ашуланбақшы да болды, айыбын бетіне басып отырған Ділдәдан бұрылып, сырт беріп кетпекші де болды. Бірақ істей алмады. Нұрғали сол отырысында сиқырланып отырған адам сияқты болды да қалды. Ділдә күлкісімен, жұмсақ майда тілімен Нұрғалиды арбап отырған секілді. Айыбын бетіне айтып, мойындатып, ендігәрі соны істетпеуге тырысатын адам секілді...

– Сіз менің бапамды көрген жоқсыз ба?

– Көрген жоқпын.

– Көріп таныс болуыңыз керек екен!.. Менің бапам жақсы ғой. Ауылға келсе жұрттың бәрі де соның жанында болады. Кеш жұртты жиып алып ақылын айтып үгіттейді де отырады.

Ділдә ағасының жәйін айтты. Ағасының өзі оқытқанын, орысша ептеп хат танитынын, ағасының жаздырып берген газет, журналын үзбей оқитынын айтты...

– Сіз көрдіңіз бе, «Әйел теңдігі» журналында бір оқыған жігіттің қызды сүйем деп алып кеткенін жазыпты... Еркектерде уәде жоқ болады ғой, – деп Ділдә күлді.

– Еркек деп жалпы айтпаңыз, оның ішінен алдаушысын айырып шығару керек.

– Әрине, мен де бәрі бірдей сондай демеймін. Көпшілігінде осы мінез бар. Әйелге әлі күнге ескі көзбен қарайды. Әйелді мал орнына ұстағысы келеді. Шынында да әйелге қарағанда, еркектер бұзық қой. Не бұзықтық болса да еркектен шығады.

– Сіз, өз басыңыз біреуден жәбір көрген адам құсап соқтыңыз-ау.

– Өз басымның жәбір көрмегені кемдік емес, әйел атына келген кемдікке бәріміз де ортақпыз.

Сөйлесе берсе жеңіліп қалам деп қорықты білем:

– Оныңыз дұрыс қой, – деп Нұрғали сөзін бөліп жіберді...

Есік жақтағы бозбалалардың біреуі ән шырқап, өлең айтты:

«Айтамын айт дегенде боз белбеуім,
Болса да жаман, жақсы өз белбеуім.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің аман-есен, көз көргенім!..»

– Уай, пәле! – деп жастар жағы қостап қойды.

Үйге таң сәулесі кірген кезде жұрт тарады. Ділдә кетуге ыңғайланып тұрып:

– Ертең біздікіне келесіз бе? – деді.

– Барайын, – деді Нұрғали.

– Келіңіз, менде қызық кітаптар, журналдар, газеттер бар, бірге отырып оқиық...

IV

Іңір әлеті. Үй іші қара көлеңке, төр алдында аяғын көсіліп салып Аманбай отыр, оған таяу Нұрғали, шет жақта Жұман.

– Мен сізді айыптамаймын, – деді Жұман, – сіз адассаңыз біле-көре адасып отырған жоқсыз, сізді адастырып отырған елдің қулары. Елдің қуларына қолжаулық болып кетіп отырсыз. Олар өз ісін теріс деп еш уақытта да айтпайды. Сол ісін жарыққа шығару үшін оларға құрал керек. Сол керек құралың елдегі оқытушылар. Өздеріне баулап, оқу жұмысын ілгері бастырмаса, мектепті ел кедейіне жексұрын қылып көрсетсе, бұлардың арманы бітеді. Олардың сендерден тілейтіні сол ғана.

– Да!.. – деп Аманбай күрсініп, даусын созып барып тоқтады.

Шылымын тартып алып, Жұман сөзіне қайта кірісті:

– Бір жағынан қарағанда, ел мұғалімдері сана-саңылаулары ашылмағандығынан қақпанға түседі. Мектеп кімге тән, мұғалім еңбегі кім үшін болу керек? Мұғалім еңбегін қай жолмен сіңіру керек? Міне, бұл мәселелер мұғалімдердің бес саусағындай біліп отыратын мәселелері. Мұны білмесе мұғалім дұрыс қызмет атқарған болмайды. Бір жұмысты істегенде, сол жұмысының кімнің пайдасына істелетіндігін адамның біліп отыруы керек қой, әйтпесе не болса о болсын деп істеген істен не жеміс шықпақшы. Мұғалім міндеті күшті, мұғалім ауылдағы мәдени күшіміз. Ауыл надан, хат танитыны сирек. Елді социализмге жеткіземіз, социалистік шаруа құрамыз дегенде, алдымен сол елді сауаттандырып алмай болмайды. Оны істеу үшін оқыту жұмысын күшейту керек. Бізде бұл күнге дейін мектеп деген құр аты болып келді. Былтыр уездік оқу бөлімімен жағаласып жүріп осы ауылға мектеп ашқан болдым. Алты ай қыс балалар бір күн дұрыс оқымаған көрінеді. Оқитын орын жоқ, байдың ас үйін жалдап алып мектеп қылған екен, жазға салым, малы төлдеген соң, төлін қамап, балаларды айдап шығыпты. Сөйткен оқудан не шықпақшы?! Ел шаруашылығы көтеріліп келеді. Елдің сана-сезімі оянып, досы мен қасын, пайдасы мен зиянын айырарлық болып келеді. Мынау саған пайдалы деген істі

істеуден ел қашпайды, соны істете білу ғана керек... Мектеп жоқ деп жылаймыз. Салса, мектеп болу қиын ба? Осы ауылда жиырма үй бар екен. Соның он бесі кедей мен орташалар. Байды екі бастан былай шығарып қоямыз ғой, сол он бес үй күшін біріктіріп кіріссе, ә дегенше салып алады. Бірақ ел өздігінен істемейді. Елге басшы, жетекші керек. Міне, осы жетекші, елдегі мұғалімдер болу керек. Мұғалімдер елдің қай жұмысында болса да, жетекші болып отыруы керек. Елдің тап сезімін оятып, тап мақсатын алға тартып отыруы керек. Мұны істемесе, кеңес мұғалімі үстіндегі міндетін атқарған болып шықпайды.

Жұман тоқтап шылымын тартты. Миына қонайын деді ме дегендей көзінің қырымен Нұрғалиға қарады. Нұрғали терлептепшіп қысылып отыр еді.

Аманбай аяғын жия түсіп, Жұманның сөзін тірілтейін дегендей:

– Бәрін айт та, бірін айт – кінәнің бәрі мұғалімдерде де, – деді. – Мұғалімдер жалқау, оқиын, білейін деп тырыспайды, көбі газет алып оқымайды. Биыл газеттің өкілі келіп, газетке жазылыңдар дегенде, екі сом ақшаны қиып біреуі жазыла білмеді. Мұғалімнің білімін толықтыру үшін үкімет қам жемей жатқан жоқ. Жыл сайын курс ашылады, сол курсқа барып, дұрыс оқыған біреуі жоқ. Көбі өтірік ауырдым деп елге келгеншe асығады. Елге келгесін, бар өмірін қыдырумен өткізеді. Бірсыпыра мұғалімдердің оңбай жүргеніне екінші бір себеп – ескі көзқарастан арыла алмай келе жатқандығы. Әлі күнге ескіні көксейтін мұғалімдер жоқ емес. Кеңес үкіметін, кеңес тұсында істеліп жатқан істерді шаншу көретіндері де жоқ емес. Соны істегенде мынасы былай деп толық дәлелмен көрсетіп берсе екен-ау. Ол жоқ. Құр, әшейін соқыр сезім «пәленше жек көреді, түгенше жек көреді, солар бірдемені білетін шығар...» дегендік. Бұл күйге түскен соң не ғып оңсын!.. Мұғалімнің бірі мына Нұрғали. Нұрғалиды білмейтін шығарсың, мен жақсы білем. Бұл менің бірге оқыған жолдасым. Оқып жүрген кезде екеуіміз сырласушы едік: «Тізгін қолымызға тиіп, елді соңымызға ертіп оқу жұмысын дүрілдетсек-ау», – деп арман қылушы едік. Ол кезде мұны істеу мүмкін емес еді. Енді кеңес тұсында мүмкіндік болып отыр. Кеңес үкіметі оқушыларды маңдайынан сипап, барың болса, еңбекші елге төк, еңбекші елді тап жолымен тәрбиеле деп отыр. Бұдан артық не керек? Оқып жүрген кездегі арманның өзі осы емес пе еді?..

Аманбай Нұрғалидың бетіне қарады.

– Осы еді ғой, – деп Нұрғали күрсінді.

– Ендеше қазіргіне жол болсын. Алты ай қыс бір күн дұрыс бала оқытпайсың, Жұмағұл мен Дауылбайдың атына мініп, ары-

зын жазып атпекеттік қылумен болыпсың... Өткен жылғы жерінде істегенің анау. Сен маған өкпелейтін де шығарсың. Бірақ өз кінәңді ескерсең, өкпелемессің деймін. Мен саған ұрыссам, істеп жүрген ісіңе қарап ұрысам...

– Ой, сен мүлде қатты кеттің ғой, – деп Жұман күлді.

– Жоқ, айтсын, айтатын жөні бар. Айып менде, мен соқыр болған екем. Мен адасқан екем. Құр өзім адасып қана қоймай, елді де, өзіме ерген жастарды да адастыра жаздаған екем. Қатамды енді көріп отырмын. Кім екенімді енді біліп отырмын. Жалғыз бүгін ғана емес, бұдан бір ай, екі ай бұрын сезе бастап едім. Бір періште мені өзіне баулыды. Менің ісімнің қисықтығын бетіме басты. Мені қанатының астына алып, тәрбиелемекші болды. Енді оның үстіне сендер келіп мынаны айтқан соң, мен бұрынғыдан да бетер бел будым... Мен бірдеңе айтайын, нанасыңдар ма? – Нұрғали біресе Жұманға, біресе Аманбайға қарады.

– Айтып көр, нанайық.

– Нанбасаңдар, бүгіннен бастап мені бұрынғы Нұрғали емес, жаңа Нұрғали деп сананаңдар! Нұрғали анадан жаңадан туды деңдер!.. Мен анадан жаңадан туғандай болып отырмын... Бұрын сендермен бірікпесем, сендердің істеріңді бағаламасам енді бүгіннен бастап қол ұстасып отырып іс істеуге ант берем!.. – деді.

Аманбай орнынан ұшып тұрды.

– Жаса, жаса, Нұрғали! Бәсе, сенен үмітім осылай еді ғой!.. – деп арқасынан қақты...

Есік ашылып, үйге біреу кіргендей болды. Бұл Ділдә еді.

– Бапа-ау, дала әдемі-ақ, азырақ далаға шығып, неге бой көтермейсіңдер, – деді.

Нұрғали үстіндегі ауыр жүкті біреу жұлып алып тастағандай, бойы жеңіліп, көңілі көтеріліп отыр еді. Есіктен кірген Ділдәні көрген соң мүлде тасып кетті.

– Мені баулыған періштенің кім екенін білесіңдер ме? – деді.

– Білеміз! – деп Жұман күлімсіреді.

– Ө кім, ө кім? – деп Аманбай білуге ынтықты.

– Ол міне! – деп Нұрғали Ділдәні көрсетті. – Мені баулыған періште осы! Менің қатамды бетіме басты. Маған кітабын, газет, журналын беріп, оқы деп қыстады... Осының көңілі үшін оқыған сияқты едім, оқи келе өзім көміліп кеттім. Үзбей оқитын болдым. Осының тілімен Жұманға хат жазып, пікір алыстым, жөн сұрадым, ақыл сұрадым. Мен бұл жөнде Ділдәға мықты борыштымын!..

V

Жаңадан салынған мектеп үйі. Үлкен бір бөлме. Төрт терезесі бар. Іші толған балалар отыратын парта. Төрде, айналасын гүлмен ораған Ленин суреті тұр.

Үй толған адам: кемпір, шал, қыз-келіншек қалмастан жиналған, иін тіресіп отыр. Нұрғали орнынан тұрып, қолын столға тіреп, көпке қарап сөз сөйледі:

– Бүгін октябрьдің төрті! Ұлы мейрамымыз. Қазақстан үкіметінің құрылғанына биыл жеті жыл толып отыр... Алдымызда Октябрьдің он жылдық тойы болғалы тұр. Он жылдық тойға тарту есебінде осы мектепті саламыз деп биыл талап қылып едік. Жастардың жігерінің арқасында, елдің көмегінің арқасында мектебімізді салып бітіріп, Қазақстанның ұлы тойы күні ашып отырмыз... Үкімет те бір жағынан жәрдемдесіп, керегіміздің бәрін түгелдеп берді. Тегін ағаш берді, мына парталарды істетті, оқу сайманын түп-түгел қылып жіберіп отыр... Жалпы жастарға, игі жұмысқа ат салысқан ел еңбекшілеріне мектеп кеңесінің атынан алғыс айтамын!.. – деді.

Қатар тізіліп тұрған жас ұландар «жаса!» деп қолды ұрып жіберді...

Үй іші гу-гу әңгіме. Сөйлегіш екен деп біреулері мұғалімге таңданып жатыр. Біреулері – мұғалімнің алты айғы жаз дамыл алмай, ел қарасын көрмей, қыстауда жатып, осы мектепті бітіргенін айтып жатыр.

– Сабаз, жігіт екен, іс қылып шығарды! – деседі.

Ербосын орнынан тұрып:

– Маған сөз бересіздер ме? – деді.

– Сөйлеңіз, сөз Ербосынға берілді.

– Менің айтайын дегенім – былтыр байымыз кекетіп: «Советтің бергені қане, көрсетші!» – деп еді, өзі де келіп отыр екен. Соған көрсетейін деп едім. Әлеке, көріп отырсыз ба, советтің бергені міне, осы!.. – деді.

– Мен дегенде Ербосынның жыны бар шығар деймін, – деп, Әлекең таяғына сүйеніп, күбірледі.

Ептеп қана Қыстаубай ақсақал орнынан қозғалды.

– Уа, жұрт, бір кезде жастардың ісіне наразы болып жүрдік. Дүние бүлінді, енді жақсылық көрмеспіз дегенді де айттық. Былтыр осы мұғалім ауылға келгенде, мен өзім түңіліп едім. Өзі бұзылған жастарды онан жаман бұзады ғой деп едім. Бір күні Алексейде жұмысым болып соған барғалы шықтым. Жолда мұғалім мен мына Жұмағұл мырза кездесті. Кедейдің оңған күні бар ма, шай-қант алатын ақша сұрап алайыншы деп тұра қалып, Жұмағұлдың жанына бардым. Жұмағұл мырза ақша берудің

орнына, өзімді арақтың бөтелкесімен ұрып, өлтіре жаздады. Мен сонда осы мұғалімге жаман өкпелеп едім. Мұны адам болады деген жоқ едім... Мен қателескен екем. Заман бұзылған жоқ, түзелген заман мұғалімді де түзеді. Мұғалім түзелген соң елдің жасын түзеді. Жастарды өзіне ертті. Қартаны қойдырды. Ішімдікті тыйды. Жастарды іске үйретті, адамшылыққа баулыды... Мына мектебіміз бүгін салынып бітіп отыр. Салушы жастар ғой, бірақ сол жастарды баулып, игі жұмысты бітіріп отырған – осы мұғалім. Мен бұған шын көңілімнен алғыс айтамын! «Өркенің өссін, ісің жемісті болсын!» деп батамды берем! – деді.

Жастар жағы бұрынғыдан бетер қол ұрып, мектепті басына көтерді. Мектеп тойына арнап, балалар сауық кешін қойды, ән салды, тақпақ айтты...

Мәжіліске келген әйелдер де бір өңкейлеу отыр еді. Әйелдердің ортасына Ділдә отырып, оларға әр түрлі нәрсені айтып, түсіндірумен болды.

Бір жастау келіншек сыбырлап:

– Еркежан-ау, осы мұғалімге сені тиеді дейді, рас па?! – деді.

– Тисе қайтеді? – деп Ділдә күлді.

– Жоқ, әшейін сұрағаным ғой, бұдан жігіттің жігіті-ақ озар...

Бұлардың сөзін Күлбарша естіп қалды білем, сұрланып қанын ішіне тартып алды. Ділдәға ала көзімен қарап, атып жібергендей болып отырды...

Ертеңіне сабақ басталды. Үй толған балаларды реттеп отырғызып, сабағын беріп Нұрғали жан ұшырып, жүгіріп жүр еді. Есіктен Ділдә кіріп келді.

– Қайырлы болсын! – деп Ділдә күлімсіреді.

– Айтсын! – деді Нұрғали. – Әйда, кел, жәрдемдес. Бірігіп еңбек сіңірейік! Елді ағарту жұмысына жан салып кірісейік!

1927.

«ҚАРА БАЛА»

Дүйсенді ауылының қатындары да, еркектері де «Қара бала» дейді. Қара бала деп атандырып жүрген көбіне қатындар. Дүйсеннің өзінің түрі де қатындардың сөзін расқа шығарарлық. Тышқан көзденген, бет-аузы бір уыс, қатқан қара; бойы тапалтақ, жүрген-тұрғанда ықшам-ақ. Мінезі де бала секілді. Ауыр айттың деп кектемейді, арсаландап күліп жүргенін көресің.

Қара балаға қатындар үйір, үйіне қыдыра барса ананы әпер,

мынаны әпер деп жұмсап болады. Қара балада арлану жоқ, айтқандарының бәрін істейді. Кейде бұлданып: «Сендердің жалдап қойған малайларың емеспін ғой» десе, қатындар қағыңғырлап қарғап болады.

Іңірдегі шайды ішіп алған соң Қара баланың кәсібі ауылды қыдыру. Бір үйден шығып, екінші үйге барып, кезеді де жүреді. Сол кезумен жүріп ауылды тегіс жатқызып, үйіне жарық сөнген соң келіп, пештің жанындағы ескі тулақты сипалап жүріп тауып алып, қисайып жата кетеді. Жұрттай жанын баптау, төсек салып шешініп жату – Қара баланың әдетінде жоқ. Кейде кәрі шешесі келіп:

– Шешініп жату дегенді білмейсің, биттеп-құрттап жүргенің, сен неғып адам боласың, – деп сөгіп те алады.

Ауылды кезгенде, Қара бала әңгіме бақпайды. Әңгімеге үйірлігі жоқ. Барған үйінің еркектері бір нәрсені сөз қылып отырса, Қара бала оны тыңдауға жалығып, әйелдер жағын айналдырады. Нан илеп жатқан, от жағып отырған әйелдердің жанына қатарласа отырып аузына келгенін сапырады. Үй оңаша болса, өлең де айтып жібереді. Ондайда көбіне әйелдердің өздері сұрап айтқызады. Қара баланың өлеңдері ауыл әйелдерінің бәріне таныс.

– Қара бала, өлең айтып жіберші, – десе, оқтауды домбыра қылып ұстап, Қара бала бар даусымен шырқап жібереді.

Мінгенім көш алдында құла жирен,
Қатындар, ынтық болсаң әнімді үйрен.
Бір көріп дидарынды сөйлеспекке,
Әдейі ат терлетіп келдім үйден.

Құла атым құлынында арда емген,
Бәйгеде мың сан аттан озып келген.
Сақтаулы өлгенімше мықты белгі
Жан қалқа, орамалың өзің берген.

Қатындар, сен де сәлім, мен де сәлім,
Бұл елге сен болмасаң келмес едім.
Қайрылып ақша беттен бір сүйгізсең,
Жетпесе нақ ажалым өлмес едім...

Бұл Қара баланың күнде айтып жүрген өлені. Мұның тыңдаушыларға ешбір парыз-қарызы жоқ сияқты. Қара баланың өзіне де солай көрінеді. Бірақ, кейде осы өленді айтып отырғанда, Қара баланың ойына бірдеме түсіп кеткен секілденеді. Қара бала ойлаған ойын біреу сезіп қалды ма дегендей, ондайда жан-жағына жалтақтап қарай береді. Бетіне тура қарап отыр-

ған адамды көрсе, осы құрып қалғыр сезіп қалмаса игі еді дегендей, бетіне қан жүгіріп, қызара бастайды.

Түн еді, ауылды бірсыпыра қыдырып, енді үйіне қайта бергенде, Қара бала Балғабайдың үйінің терезесіндегі жылтыраған отты көрді. Жатпағанын білген соң барып біраз отырғысы келіп, жарым жолдан бұрылды. Лапастың түкпірінде жатқан сабалақ жүнді қара ит қараңғыдағы дыбыспен азырақ ырылдай түсті де, Қара бала екенін сезгендей үнін өшіріп, қайтадан бүк түсіп орнына жатты...

Үйде жалғыз Балғын еді. Көрші үйіне қонақ келіп, Балғабай сонда ет жеймін деп қыдырып кетіп, Балғын жалғыз отыр еді. Төсегін салып, киімін шешініп, енді жата беремін дегенде, есіктің алды тықырлаған соң Балғабай шығар дегендей мойнын созып қарай бергенде, арсаңдап Қара бала келіп кірді.

– Өй, қағынғыр, сен екенсің ғой.

– Е, немене, менен басқа күткенің бар ма еді?

– Бар еді, дұрыс айттың, – деп Балғын күлімсіреп, көрпесін жамылып жата кетті. Көрпеден көзі ғана көрінеді. Көрпеден көрінген көз күлімдеп, Қара баланы тесіп бара жатқан секілді.

Балғын былайша ажарлы адам, қызыл шырайлы, қыр мұрынды, көзі күлімдеп жайшылықтың өзінде де адамды өзіне тартып тұратын секілденуші еді. Қара бала Балғынға үйір болып, араласқысы да келетін. Бірақ Балғабайдың мінезі жаман, үйіне біреу келсе, әсіресе, жастау бозбала келсе, қабағын қарыс жауып түнереді де отырады. Қара балаға да сондай пішін көрсетіп жүріп, «ыржаңдай беріп жын қақты ма?» деп бір күні жекіріп те тастаған. Содан бері Қара бала бұл үйге сирек қатынаушы еді...

– Қағыңғыр, ауылды кезесің де жүресің, осы сен не іздейсің?! – деп Балғын тағы көзін күлімдетті.

– Ойбай, жеңеше, менің іздейтінім көп қой.

– Ал, немене, айтшы!

– Қазір айтуға болмайды.

– Неге?

– Оңаша айтамын.

Балғын сықылықтап күлді. Күлісі Қара баланың ішін өртеп жібергендей болды.

– Байғұс-ау, осыдан оңаша жер болушы ма еді, бүкіл үйде екеуден-екеуіміз-ақ емес пе? – деді.

Қара бала сөз таба алмай қалды. Жайшылықта әзілдескенде судай сіміретін сөзінің бірі де жоқ, бәрі де Балғынның отты көзінің лебімен әлдеқайда бытырап қашқан секілді.

Етпетінен жатқан күйі Қара бала басын азырақ көтеріп, көзінің қиығымен Балғынға қарады. Балғынның отты көзі көрпеден жылтырап, әлі күлімсіреумен жатыр екен.

– Неге қарадың, бірдеме айтайын дедің бе?

Балғын даусын шығарыңқырап күлді де:

– Жарайды, айтпай-ақ қой, оңашада айтарсың. Әлгі келіп қалар, үйіңе қайт! – деп, көрпесін бүркеніп, іргеге қарай аунап жатты...

* * *

Қара балада мал дегенде торы ат, сынық мүйіз қоңыр сиыр, қара баспақ бар. Қара баспақ та өзіне емес, ұзатқан апасы биыл жаз төркіндеп келіп, соған беріп қойған.

Қораға жапсыра үйген азғана салам, құрақ шөбі бар. Үш мал бірдей бос жүрген соң шөпті белдеулеп, көбін жерге төсек қылып, таптап тастаған. Шашылған шөпті жиып, малдың тұратын жерін күре деп шешесі неше рет айтса да, Қара бала орындаған емес. Орындамаймын демейді, мойны жар бермейді. Таңертең тұрып қыдырса, оралып үйіне келгенше кеш болады.

Байдың үйіне Дуаннан келе жатқан бір төре түстеніп, содан ет асаймын деп отырғанда, күн батып та кетті. Жұрт сан-сапалақ болып малын қамап жатқанын көрген соң торы ат пен қоңыр сиырға рақымы түсіп, қамап тастайыншы деп албарға келді. Қоңыр сиырды қақпалап қораға айдай бергенде, албарының сырт жағындағы үй төбесінде жүрген Балғынды көрді. Пештің мұржасын ашып жүр екен. Мұржаны ашып болып, Қара баланы көріп азырақ кідіріп тоқтаған сияқтанды. Қара көлеңке тартқан кез ғой, көзінің күлімсіреген-күлімсіремегенін Қара бала айыра алмады. Бірақ Балғынның үйіне барғанша асықты. Қоңыр сиырды кіргізіп, қораның аузын жабуға да шыдай алмай, шомнан қарғып түсіп, Балғынның үйіне жетіп келді. Үй іші қара көлеңке. Пештің алдына жүресінен отырып, Балғын от тұтатып жатыр екен, саңылтырға тиген от лапылдап сәулеленіп, Балғынның бетін Қара балаға жарық еткізді. Балғын бұрылып қарап:

– Сенбісің! – деді, – отыр, тоңып келген шығарсың, отқа жылын...

Балғынға қатарласа жүресінен Қара бала да отырды. Саңылтырға тиген от дүрілдеп жанып, қою түтін кейде лап беріп пештің аузынан кейін тебеді. Ащы түтін көзге, мұрынға кіріп, булықтырған кезі де болды...

Балғын Қара балаға кішкене қарап отырды да:

– Оңашада айтам деген сөзің бар еді ғой, енді айтшы! – деді.

Қара бала келуін келсе де, осыны айтайыншы деп ыңғайланған сөзі жоқ еді, сондықтан мүдіріп қалды.

– Жеңеше, бүгін ағам келмейді ғой, ә?

– Келмес.

болмаса керек еді. Осы ауылға мектеп ашып беріп отырған Жұман коммунист. Екі күннің бірінде үйіне хат жазғанда: «мектептерің дұрысталды ма; мұғалімдерің дұрыс па?» деп қақсайды да жатады... Мұғалімдерді ұмытпаса, оны жазбас еді ғой, – деп, Ербосын мұғалім сөзіне қол қоймайтындығын білдірді. Ербосын, манадан бері сақалын сипай түсіп, сөзді тыңдаумен отыр еді. Қостамай да, қарсылық та білдірмей, өзімен-өзі болып отырған адам секілді еді. Енді аяқ астынан мұғалімнің сөзін іле түскенін, Әлекең де, мырза да, Нұрғали да ұнатпайды білем, ежірейісіп қарады.

– Ерекеңнің білмейтіні жоқ, – деп Жұмағұл кекете түсті.

– Е, советтің еркесі ғой. Бұлар білмегенде кім біледі, – деп Әлекең мысқылдады.

Бай мен мырзаның екеуі бірдей іле түскенде Ербосынның жыны келді:

– Еркесі болайық-болмайық, білгенді айтқанға айыпты емес шығармыз деймін, менің қарауымша, коммунистер нақ мұғалімнің айтқанындай болмауға тиіс. Коммунистің бірі Жұман болса, үйіне келгенде отымен кіріп, күлімен шығады. Төрелікке қалғанда, Жұманның отырған орыны ешкімнен кем емес, ірілік қылса, солар қылар еді ғой...

– Жұманның ірілігін көре алмай жүрген шығарсың, ірілігі ұстаса кісіге айналып та қарамайтын мінезі бар. Оны қайтесің? – деп Жұмағұл мұқатпақ болды.

– Ол ірілікті бізге істемейді. Мүмкін, ұнатпаған байларына, мырзаларға істейтін шығар. Оған қарап Жұманды ірі деуге бола ма екен?

– Ай, құрып қал, осы сөзің құрысын-ау, қит етсе, бай, кедей деп бөліне қаласыңдар. Бөлінгенде не таппақсыңдар? Советтің кедейді жарылқағанын да көріп отырмыз?! Бес-алты қараларына налок салғаннан басқа не бітірді? Мал бөліп берді ме? Құрал-сайман берді ме?!. Былтыр, Жұман ауылдық жиылыс болғанда, судырлатып, жұмақты бір күнде орнатқандай болып кетіп еді. Әлі берген дымы жоқ, жалғыз бітірген жұмысы – ауылға школ ашып еді, оған да үй таба алмай, ақырда менің үйіме оқытып отырсыңдар...

– Үйіңді тегін беріп отырсың ба, ақшамызға беріп отырсың, – деп Ербосын жауапты қысқа берді.

Әлекең кейіп кетті:

– Бок жеген күшіктің айтып отырған сөзін! Сендерден ақша алмағанда, мен аштан өліп, көштен қалатын шығармын... Жақсылық қылғанның қадырын білу деген жоқ-ау. Менің жазығым сендердің балаларың оқысын деген ғой...

Жұмағұл әкесінің сөзін бөлді. Мұндай сөзді Ербосын сияқ-

тымен сөйлесудің өзі ар деп білді. Ербосын деген кім? Кешегі есікте жүрген малайы! Енді бүгін байға қарсы сөз айтпақшы... Масқарашылық емес пе?..

Әлекең мен Ербосынның сөзін тыңдап, Нұрғали мұғалім былай деп қорытынды істеді: Әлекең ел адамы, қайырымды кісі; Ербосын – дәлду, қыздырманың тіліне еріп азып жүрген адам, кісі жақсылығын бағаларлық құдіреті жоқ...

Қас қарайған кезде үйге кірісті. Байдың келіні Күлбарша, лапастың ішінде, лаулап жанған самауырынның жанында тұр еді. Қара көленкедегі оттың жарығында тұрып, сырттан қараушыға Күлбарша хор қызындай болып көрінді. Басқаға қалай болғанын кім білсін, Нұрғалиға солай көрінді. Нұрғали көзді қадады. Күнде көріп жүрсе де бүгін бір өзгеше адамды кездестіргендей қалыпқа кірді, ішінен: «Ым... сені ескеру керек екен!..» дегендей болды.

II

Жұмағұл мен Нұрғали қалаға келіп кіргенде, базардың жаңа қызып жатқан кезі еді. Ел ішіндегі поселке болғандықтан, мұның базарына келушілер де сол маңайдағы поселкенің орыстары мен ауыл қазақтары еді. Орысқа қарағанда қазақ ден, орысқа қарағанда қазақ саудасы қызу секілді: мал сойып, ет сатып тұрған да қазақ; темекі өлшеп сатып тұрған да қазақ; ескі-құсқы нәрселерді жиып, сатып тұрған да қазақ. Орыс, ноғайдың саудасы ірірек; олар товармен сауда қылып тұр...

Қала маңындағы ауылдардікі болса керек, бір-екі арбаға піспегін қақитып сабаны байлап қойыпты. Орта жастағы әйелдер, көзінен сорасы ағып, күпісіне қымтана түсіп, қымыз саудасын істеп тұр. Суықта қымызға кім жоласын, маңайынан өткен адамдар ысырылып кетеді. Адырақ көзді кемпір тұсынан өткен адамға бір сөйлемей қалмайды.

– Ай,тамыр, қымыз жақсы, қымыз тәтті!.. – дейді.

Базар қызу. Бірін-бірі ұтуға құмарланып өліп барады. Әсіресе көперетіптің өлсіз жерінде, поселке базарлары осылай болмақ қой.

Базардағы бір қызу нәрсе – ішімдік екен. Екі кісі қол соғып, саудасын бітіре бергенде, жанына жақындасаң:

– Мәгәріш, ішкісезің! – деген сөздері құлағыңа сап ете қалады.

Кейбір орыстар, мал сатқандар болса керек, бірер қазақты ортасына алып, арбаның түбінде отырып, «көк мойынды» сіміріп жатыр. Күннің суықтығы, ұшқындаған қар ойларына кіріп те шықпайды. Қызу, жылы, екі беттерінен қызарып оты шығып тұр.

Базардың шеткі жағындағы брешкенің ығында екі бөтелке арақ. Арақ жанында туралған нан, сарымсақ, қазақ орта жасқа келген кісі. Сыпайылап қырыққан шоқша сақалы бар. Кішкене көзі жымиып, күлімсіреп тұрған секілді.

– Әйда, Иван, көтер, дүние екі айналып келмейді, – деді.

Жирен сақалды Иван, стакандағы арағын сіміріп болып, шашалып жатып, түсінген-түсінбегені белгісіз:

– Да, да! – деді.

Иван айналып қарады да, бірдемеге қуанып кеткендей болып:

– Ай, Жұмағұл, мұнда кел!.. – деп айқайды салды. Сүрінекабына орнынан тұрды. Жұмағұлдардың тұсындағы қаланікі, темір соғатын ұста еді. Жұмағұлмен әйдік тамыр.

– Әйда, ішесің! – деп бір стаканға толтыра арақ құйып берді. Екінші стакан Нұрғалиға берілді. Бөтелке үстіне бөтелке жамалды. Ішіліп жатыр, кетіп жатыр... Қан базардың іші, өткенкеткендер күліп қарайды. Бұлардың ісіне қызығатынын, әлде мысқылдап күлетінін кім білсін... Бір кезде, бұрыннан ішіп отырған қазақ қызып кетті білем, былтырақтап Жұмағұлға төпей бастады:

– Сен мырзасың... Кәкөй шорт сен мырза... От, мен мырза болсам... Солай ма, Иван?.. Мен мырза бүкіл қарашұнақты бір уысқа сыйдырар едім... Өзім болыс болар едім... Солай ма, Иван. Ивандікіне қонаққа барар едім... Иван! Мен қонақ барсам, сен қалаш бересің?.. Мен саған арақ берем...

Жұмағұл баста тындап отырған сияқтанса да, артынан қызуланып кетті:

– Мен мырзалықтың жөнін сенен үйренбеймін! – деді.

– Үйренерсің, мен саған үйретуге жарармын...

– Жоқ, жарамассың...

– Сен түгіл әкеңе де үйрете аламын...

– Тарт тіліңді!

– Тартпағанда қайтесің?!

Оның ар жағында айтатын сөзді екеуі де таба алмады. Екеуі де жұдырыққа ерік берді...

Нұрғали зорға дегенде айырып, Жұмағұлды сүйемелдеп арбасына алып келді. Қызып алған Жұмағұл ақыл айтқанды тыңдар емес, ақыл айтса, ерегісіп кетеді. Нұрғали да бастапқы кезде мас еді. Көзі бұлдырап, дүние айналып тұрған сияқты еді... Төбелес шыққан соң Жұмағұлдардың арасына түсемін деп жүріп, азырақ есін жинағандай болды. Қан базарының ішінде мас болып, құлап жатудың ұят екенін сезгендей болды. Әсіресе болыс жағынан біреулер келіп қалып жүрсе, мас болғанын көріп, орнымнан шығарып тастай ма деп қорықты... Арақ ішуге

отырғанда, арақ ішіп мас болып, төбелеске кіріскенде, Нұрғалидың басына бұл ой кірген жоқ еді, арбаның қасына келгесін қайдан сап еткенін өзі де білмей қалды...

Бір-екі жас жігіт, кім екенін Нұрғали көзі бұлдырап айыра алмады, арбаның тұсынан өтіп бара жатып:

– Мырзаның жатысы жарайды! – деді.

Шынында да Жұмағұлдың жатысы қызық, арбаның жанында ұзыннан сұлап жатыр еді. Екінші біреуі тесе қарады да:

– Мынау сол ауылдағы мұғалім ғой!.. – деді.

Нұрғали айналып сыртын берді. Әйтпесе, сөзден құтылмады.

– Мырзанікі мырзалық болсын, қан базарының ішінде мұғалімнің арақ ішіп қылжандайтын жөні жоқ-ақ екен!.. – деді тағы біреуі.

Осы мен шынымен қылжындап тұрмын ба деп, Нұрғали арбадан ұстаған қолын босатып еді, төлтіректеп құлап кете жаздады...

Бірдемеден шошып оянғандай Жұмағұл басын көтеріп алды:

– Молда, арақ әкел!.. – деді.

Екі бөтелке қалталарында, аттың басын жолға салып, екеуі арбаның үстінде ішуге айналды. Жұмағұл манағыдан гөрі есін жинағандай... Бастапқы кезде тілі тұтығып сөйлеуге келмесе де, арт жағынан ашылғандай болды...

– Мен, мырза. Менде мал көп. Әкем шал, өледі. Малдың бәрі менікі... екі жүз жылқы бар... Ортан қолдай құр жүрген жиырма ат бар. Әй, молда, сен білесің бе менің қара жорғам... Но жорға! Құла биенің баласы. Болыс болсам, қоңырау тағып үш қара атты жегер едім. Менің пәуескемді көрдің бе?.. Қатыннан келген... Менің қатыным сұлу ғой, молда, ә?.. Мені сүйеді... Мені жанындай көреді... Молда, мен болыс болсам, сен маған песір боласың ба? Бәлем Ордабайдан кек алсақ!..

Стакан жоқ болған соң бөтелкенің аузынан сімірді. Сімірген сайын шашалып, буынып қалған сияқты болады... Ат тоқтай қалды.

– Шырағым Жұмағұл, сенде жұмысым бар еді, – деп домаланған бір шал арбаға келіп төнді. Жұмағұл тесе қарады. Ұмтылып арбадан түсейін деп еді, Нұрғали басып жібермеді. Түсе алмаған соң қолындағы бөтелкені жіберіп кеп қалды. Бөтелке шалдың басынан асып барып, арбаға тиіп күл-талқаны шықты...

– Оңбассың, шырағым! – деп, шал арбасына мініп, жүріп кетті... Даланы басына көтеріп Жұмағұл сақылдап күлді. Күлгеніне ме, әлде шалға бөтелке жібергеніне ме, Нұрғали мырзаны жек көре бастады.

– Жынданып не? Тыныш қана отырсайшы! – деп еді, басы қалтақтап Жұмағұл Нұрғалиға тесе қарады. Аузы жыбырлаңқырап тұрды да, тіпу... деп былш еткізіп бетіне түкіріп жіберді. Мырзаны сыйласа да, мырзадан қорықса да Нұрғали оның бетіне түкіре алмады. Кек те көрген жоқ... Көзіне әлденемелер елестеп, ойын бір жаққа бұрып әкеткен сияқты болды...

– Бұларың не, тұрсаңдаршы!.. – деген дауысқа Нұрғали көзін ашып алса, қас қарайып кетіпті, ат албарға келіп тіреліпті. Жандарында ашуланған сияқтанып па, күлген сияқтанып па – Күлбарша тұр. Нұрғали бар әлін жиып күлімсіреген сияқты болды. Мырза арбаға ұзыннан сұлап қылжиған екен...

– Масқара ғой!.. – деп Күлбарша ренжігендік білдірді.

Жұмағұлдың отауында шай қайнап тұр екен. Нұрғали отырып шай ішті. Қанша ішкенін де білмеді. Аузы аузына жұқпайды, сөйлеп отыр, бірақ не сөйлеп отырғанын өзі де сезбейді... Оқта-санда Күлбаршаға көзі түсіп кеткенде, Күлбаршаның өткір көзін қадап, күлімсіреп отырғанын көреді. Одан сайын сөзді үдете береді...

Күлбарша төрге төсек салып берді. Нұрғали шешініп жатқан соң көрпе әкеліп жапты. Көрпе жауып кете бергенде:

– Жеңгей, бері келші! – деді.

– Неге, жай шақырдың ба?.. – деп жанына төніп еді, Нұрғали білегінен шап беріп ұстай алды.

– Ойбай, ұят-ты... Біліп қалар... – деген Күлбаршаның бәсеңдеу ғана даусы шықты. Одан арғысын Нұрғали есіткен жоқ. Әлдене кезде есін жиғандай болып еді, үй іші тастай қараңғы екен: ит пе, адам ба – бірдеме бетін, мойнын жалап жатқан сияқты болды... Бұл – қойнында жатқан Күлбарша еді... Нұрғалидың есі кіргенін білді білем:

– Маған қиянат қылдыңыз-ау! – деді. Ар жағы тағы сүйіске жалғанып тарта берді...

III

– Қане, мұғалім, картаңды неден қойдың? – деп, арық келген сіріңке қара жігіт, қолындағы картаны араластырып отырып, ойнақшыған кішкене көзін Нұрғалиға қадап қойды...

– Алды үш, арты екі, бес сом...

– Әлгі бес сом бар емес пе?

– Но, бәрі он сом болды.

– Ақша дабай.

– Тарта берсейші, ақшаң кетер дейсің бе?..

– Болмайды, несиеге берілмейді... Картаң бәйгесіз, – деп карта тартып отырған жігіт екінші адамға бұрылып кетті...

Үй іші толған адам. Тартысқа жиналған бозбалалардың сорпаға шығарлары осында. Жұмағұл да ойнап жатыр. Ауылнай да бар...

Көптің көзінше ақшасы бітіп, ойыннан шығып қалуды Нұрғали өзінше ар көрді. Ақша сұрап дігірлеген «бәнкешіні» ит етінен жек көрді... Ауылнайды тізесінен тартып:

– Маған жиырма сом бере тұрасың ба? – деді.

– Қой, шырағым, болмас, түнеугі отыз сомды да берген жоқсың ғой...

– Жалонжа алған соң берем ғой.

– Жалонжаң отыз сом, артығын қайдан тауып бересің?..

Тыңдап отырған жігіттер қалжыңға айналдырды. Біреулері есік жақтағы балаларға айқайлап:

– Мұғалімнің ақшасы бітті, езбозшик шақырыңдар, – деді қалжыңдап.

Карта тартып отырған жігіт Нұрғалидың алдындағы екі картаны алып ашып тастады. Біреуі қиықтың тұзы екен.

– Мұғалімнің ақшасы болмай, «пожар» қор болды-ау... – деп бір жігіт тағы күлді...

Нұрғали ашуланып тұрып кетейін десе де, карта тарта бастаған соң кідірді. Сегіз карта ашылды. Ендігі «девятый вал», карта тартып отырған жігіт ептеп қана ашып қарады да, қуанған немедей жұлып алып, жерге қойып қалды. Киіздің шаңы бұрқ етті... «пожар» екен!

– Әй, мұғалім, таланың жоқ! – деп жұрт шу ете қалды.

Нұрғали күйікке шыдай алмай тысқа шыға жөнелді.

Қысқы аяз, түн, сасық үйден шыға келгенде, таза ауаның бетке келіп соғып, денені жайландырып жібергендей болды. Түймесін ағытып Нұрғали азырақ салқындады. Қайта барудан мағына жоқ. Қарызға ақша беретін адам жоқ. Ендігі әдемісі – тартыс болып жатқан үйге бару, қыздардың арасына отырып, ойнап күлу...

Қыздар есіне түскенде, Нұрғалидың ойына алдымен Ділдә келді. Ділдә Жұманның қарындасы. Аққұба келген, бойжетіп отырған қыз. Мінезі, күлген күлісі, жүріс-тұрысы да басқа қыздардан бөлек секілді... Нұрғали бұл ауылға келгелі дұрыстап бір-ақ рет көрді. Жұманның әкесі де, шешесі де аңқылдаған адамдар: оқыған адам болса бәрін, Жұманның жолдасы болған соң, оны сыйлау керек, қонақ қылу керек... Өткен жұма күні Нұрғалидыда шақырған. Бұрын сырттан көріп байқамайды екен. Нұрғали Ділдәні сол жерде анықтап көріп еді.

Кішірек келген земленкенің есігінен төріне шейін сықылған адам. Кіріп келгенде, ыстық леп мұңкіп бетке соғады. Аспалы шам леппен тұншығып, қалтырап жанып, жарығы көмескі ғана түседі.

Есік алды толған балалар екен, мұғалім келе жатыр десіп, жарылып жол берді. Оң жақтағы пештен төрге шейін қыз-келіншектер қатарынан тізіле отырыпты. Оған таяу бозбалалар...

– Мұғалім келді, орын беріңіздер, – деді біреуі.

Жұрттың бәрі қарай қалды. Нұрғали аз-кем қарап тұрды да, Ділдәға қарсы барып отырды.

Алақан соқпақ ойнап жатыр екен. Бір қыз бен бір жігіт белбеуді шиыршықтап есіп алып, жұртты аралап жүр. Кезек Ділдәға келді.

– Қолыңызды әкеліңіз, – деп белбеу ұстаған жігіт Ділдәға төне қалды.

– Ақырын ұрыңызшы, қолымның терісі сойылатын болды, – деп Ділдә күлімсіреп, жеңінен шығарар-шығармас қылып қолын ұсынды.

– Кім?

– Тап мына кісің! – деп Ділдә Нұрғалиды көрсетті.

Нұрғали күлімсіреп қолын соза берді. Еркекке келгенде қыз ұрады екен. Көнтек ерінді баттиған қара қыз, белбеуді дәлдеңкіреп ұстап, пәрменімен тартып өтті. Нұрғали ыршып түсті.

– Апырым-ай, ұрғаныңыз қалай қатты еді? – деді.

Қыз күлімсіреп:

– Кімде? – деп қысып барады.

– Сол кісінің өзінде!

Ділдә мен Нұрғали екі-үш рет біріне-бірі сілтеді. Алақандары дуылдай бастады.

Ділдә еркелеген пішінмен:

– Бөтен біреуге аударсаңыз қайтеді?.. – деді.

Ділдәнің айтқанын екі етерлік құдірет Нұрғалида жоқ екен. Кезекті басқа адамға бұра қойды, бірден-бірге кетіп есікке қарай ұзады.

Жұрт күбір-күбір сөйлесіп отыр, сырласып отыр. Қыз ба, келіншек пе біреу сыңқылдап күліп:

– Айтқаныңыз жаңа, асыққаныңыз не? – деді

Есіктен адамдар бұрылып қарады.

Ділдә мен Нұрғали қарама-қарсы тіл қатыспай едәуір отырды. Сөзді Ділдә бастады:

– Сіз карта ойынынан келдіңіз білем...

Карта ойынын айтқанда, Нұрғалидың ойына қиықтың тұзы келіп түсті. «Ауылнай жиырма сом бергенде бәнкені көтеретін едім!» – деп ойлады. Ауылнайға, карта ойнап отырған адамдардың бәріне ішінен лағнат оқығандай болды.

Ділдә Нұрғалидың жауабын күтпестен, сөзін қайта бастады.

– Сіз осы көменес емессіз бе?

– Неге?

– Әшейін сұрағаным ғой... көменес адам қарта ойнамауға тиіс қой, менің бапамның қарта ойнау, арақ ішумен жұмысы жоқ...

– Менің сопы болғандығымды тілейсіз бе?

– Сопылықтан емес қой, қарта ойнау, арақ ішу деген жақсы мінез емес шығар деймін... Бар тапқанын қартаға ұттырып азып-тозып жүргеннің не жақсылығы бар дейсің...

Ділдә мұны Нұрғалиға арнап айтқан секілді болды. Өзі ұтылып ашуланып отырған адам, кісі сөзін көтере ала ма? Нұрғали ашуланбақшы да болды, айыбын бетіне басып отырған Ділдәдан бұрылып, сырт беріп кетпекші де болды. Бірақ істей алмады. Нұрғали сол отырысында сиқырланып отырған адам сияқты болды да қалды. Ділдә күлкісімен, жұмсақ майда тілімен Нұрғалиды арбап отырған секілді. Айыбын бетіне айтып, мойындатып, ендігәрі соны істетпеуге тырысатын адам секілді...

– Сіз менің бапамды көрген жоқсыз ба?

– Көрген жоқпын.

– Көріп таныс болуыңыз керек екен!.. Менің бапам жақсы ғой. Ауылға келсе жұрттың бәрі де соның жанында болады. Кеш жұртты жиып алып ақылын айтып үгіттейді де отырады.

Ділдә ағасының жәйін айтты. Ағасының өзі оқытқанын, орысша ептеп хат танитынын, ағасының жаздырып берген газет, журналын үзбей оқитынын айтты...

– Сіз көрдіңіз бе, «Әйел теңдігі» журналында бір оқыған жігіттің қызды сүйем деп алып кеткенін жазыпты... Еркектерде уәде жоқ болады ғой, – деп Ділдә күлді.

– Еркек деп жалпы айтпаңыз, оның ішінен алдаушысын айырып шығару керек.

– Әрине, мен де бәрі бірдей сондай демеймін. Көпшілігінде осы мінез бар. Әйелге әлі күнге ескі көзбен қарайды. Әйелді мал орнына ұстағысы келеді. Шынында да әйелге қарағанда, еркектер бұзық қой. Не бұзықтық болса да еркектен шығады.

– Сіз, өз басыңыз біреуден жәбір көрген адам құсап соқтыңыз-ау.

– Өз басымның жәбір көрмегені кемдік емес, әйел атына келген кемдікке бәріміз де ортақпыз.

Сөйлесе берсе жеңіліп қалам деп қорықты білем:

– Оныңыз дұрыс қой, – деп Нұрғали сөзін бөліп жіберді...

Есік жақтағы бозбалалардың біреуі ән шырқап, өлең айтты:

«Айтамын айт дегенде боз белбеуім,
Болса да жаман, жақсы өз белбеуім.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің аман-есен, көз көргенім!..»

– Уай, пәле! – деп жастар жағы қостап қойды.

Үйге таң сәулесі кірген кезде жұрт тарады. Ділдә кетуге ыңғайланып тұрып:

– Ертең біздікіне келесіз бе? – деді.

– Барайын, – деді Нұрғали.

– Келіңіз, менде қызық кітаптар, журналдар, газеттер бар, бірге отырып оқиық...

IV

Іңір әлеті. Үй іші қара көлеңке, төр алдында аяғын көсіліп салып Аманбай отыр, оған таяу Нұрғали, шет жақта Жұман.

– Мен сізді айыптамаймын, – деді Жұман, – сіз адассаңыз біле-көре адасып отырған жоқсыз, сізді адастырып отырған елдің қулары. Елдің қуларына қолжаулық болып кетіп отырсыз. Олар өз ісін теріс деп еш уақытта да айтпайды. Сол ісін жарыққа шығару үшін оларға құрал керек. Сол керек құралың елдегі оқытушылар. Өздеріне баулап, оқу жұмысын ілгері бастырмаса, мектепті ел кедейіне жексұрын қылып көрсетсе, бұлардың арманы бітеді. Олардың сендерден тілейтіні сол ғана.

– Да!.. – деп Аманбай күрсініп, даусын созып барып тоқтады.

Шылымын тартып алып, Жұман сөзіне қайта кірісті:

– Бір жағынан қарағанда, ел мұғалімдері сана-саңылаулары ашылмағандығынан қақпанға түседі. Мектеп кімге тән, мұғалім еңбегі кім үшін болу керек? Мұғалім еңбегін қай жолмен сіңіру керек? Міне, бұл мәселелер мұғалімдердің бес саусағындай біліп отыратын мәселелері. Мұны білмесе мұғалім дұрыс қызмет атқарған болмайды. Бір жұмысты істегенде, сол жұмысының кімнің пайдасына істелетіндігін адамның біліп отыруы керек қой, әйтпесе не болса о болсын деп істеген істен не жеміс шықпақшы. Мұғалім міндеті күшті, мұғалім ауылдағы мәдени күшіміз. Ауыл надан, хат танитыны сирек. Елді социализмге жеткіземіз, социалистік шаруа құрамыз дегенде, алдымен сол елді сауаттандырып алмай болмайды. Оны істеу үшін оқыту жұмысын күшейту керек. Бізде бұл күнге дейін мектеп деген құр аты болып келді. Былтыр уездік оқу бөлімімен жағаласып жүріп осы ауылға мектеп ашқан болдым. Алты ай қыс балалар бір күн дұрыс оқымаған көрінеді. Оқитын орын жоқ, байдың ас үйін жалдап алып мектеп қылған екен, жазға салым, малы төлдеген соң, төлін қамап, балаларды айдап шығыпты. Сөйткен оқудан не шықпақшы?! Ел шаруашылығы көтеріліп келеді. Елдің сана-сезімі оянып, досы мен қасын, пайдасы мен зиянын айырарлық болып келеді. Мынау саған пайдалы деген істі

істеуден ел қашпайды, соны істете білу ғана керек... Мектеп жоқ деп жылаймыз. Салса, мектеп болу қиын ба? Осы ауылда жиырма үй бар екен. Соның он бесі кедей мен орташалар. Байды екі бастан былай шығарып қоямыз ғой, сол он бес үй күшін біріктіріп кіріссе, ә дегенше салып алады. Бірақ ел өздігінен істемейді. Елге басшы, жетекші керек. Міне, осы жетекші, елдегі мұғалімдер болу керек. Мұғалімдер елдің қай жұмысында болса да, жетекші болып отыруы керек. Елдің тап сезімін оятып, тап мақсатын алға тартып отыруы керек. Мұны істемесе, кеңес мұғалімі үстіндегі міндетін атқарған болып шықпайды.

Жұман тоқтап шылымын тартты. Миына қонайын деді ме дегендей көзінің қырымен Нұрғалиға қарады. Нұрғали терлеп-тепшіп қысылып отыр еді.

Аманбай аяғын жия түсіп, Жұманның сөзін тірілтейін дегендей:

– Бәрін айт та, бірін айт – кінәнің бәрі мұғалімдерде де, – деді. – Мұғалімдер жалқау, оқиын, білейін деп тырыспайды, көбі газет алып оқымайды. Биыл газеттің өкілі келіп, газетке жазылыңдар дегенде, екі сом ақшаны қиып біреуі жазыла білмеді. Мұғалімнің білімін толықтыру үшін үкімет қам жемей жатқан жоқ. Жыл сайын курс ашылады, сол курсқа барып, дұрыс оқыған біреуі жоқ. Көбі өтірік ауырдым деп елге келгенше асығады. Елге келгесін, бар өмірін қыдырумен өткізеді. Бірсыпыра мұғалімдердің оңбай жүргеніне екінші бір себеп – ескі көзқарастан арыла алмай келе жатқандығы. Әлі күнге ескіні көксейтін мұғалімдер жоқ емес. Кеңес үкіметін, кеңес тұсында істеліп жатқан істерді шаншу көретіндері де жоқ емес. Соны істегенде мынасы былай деп толық дәлелмен көрсетіп берсе екен-ау. Ол жоқ. Құр, әшейін соқыр сезім «пәленше жек көреді, түгенше жек көреді, солар бірдемені білетін шығар...» дегендік. Бұл күйге түскен соң не ғып оңсын!.. Мұғалімнің бірі мына Нұрғали. Нұрғалиды білмейтін шығарсың, мен жақсы білем. Бұл менің бірге оқыған жолдасым. Оқып жүрген кезде екеуіміз сырласушы едік: «Тізгін қолымызға тиіп, елді соңымызға ертіп оқу жұмысын дүрілдетсек-ау», – деп арман қылушы едік. Ол кезде мұны істеу мүмкін емес еді. Енді кеңес тұсында мүмкіндік болып отыр. Кеңес үкіметі оқушыларды мандайынан сипап, барың болса, еңбекші елге төк, еңбекші елді тап жолымен тәрбиеле деп отыр. Бұдан артық не керек? Оқып жүрген кездегі арманның өзі осы емес пе еді?..

Аманбай Нұрғалидың бетіне қарады.

– Осы еді ғой, – деп Нұрғали күрсінді.

– Ендеше қазіргіне жол болсын. Алты ай қыс бір күн дұрыс бала оқытпайсың, Жұмағұл мен Дауылбайдың атына мініп, ары-

зын жазып атпекеттік қылумен болыпсың... Өткен жылғы жеріңде істегенің анау. Сен маған өкпелейтін де шығарсың. Бірақ өз кінәңді ескерсең, өкпелемессің деймін. Мен саған ұрыссам, істеп жүрген ісіңе қарап ұрысам...

– Ой, сен мүлде қатты кеттің ғой, – деп Жұман күлді.

– Жоқ, айтсын, айтатын жөні бар. Айып менде, мен соқыр болған екем. Мен адасқан екем. Құр өзім адасып қана қоймай, елді де, өзіме ерген жастарды да адастыра жаздаған екем. Қатамды енді көріп отырмын. Кім екенімді енді біліп отырмын. Жалғыз бүгін ғана емес, бұдан бір ай, екі ай бұрын сезе бастап едім. Бір періште мені өзіне баулыды. Менің ісімнің қисықтығын бетіме басты. Мені қанатының астына алып, тәрбиелемекші болды. Енді оның үстіне сендер келіп мынаны айтқан соң, мен бұрынғыдан да бетер бел будым... Мен бірдеңе айтайын, нанасыңдар ма? – Нұрғали біресе Жұманға, біресе Аманбайға қарады.

– Айтып көр, нанайық.

– Нанбасаңдар, бүгіннен бастап мені бұрынғы Нұрғали емес, жаңа Нұрғали деп санаңдар! Нұрғали анадан жаңадан туды деңдер!.. Мен анадан жаңадан туғандай болып отырмын... Бұрын сендермен бірікпесем, сендердің істеріңді бағаламасам енді бүгіннен бастап қол ұстасып отырып іс істеуге ант берем!.. – деді.

Аманбай орнынан ұшып тұрды.

– Жаса, жаса, Нұрғали! Бәсе, сенен үмітім осылай еді ғой!.. – деп арқасынан қақты...

Есік ашылып, үйге біреу кіргендей болды. Бұл Ділдә еді.

– Бапа-ау, дала әдемі-ақ, азырақ далаға шығып, неге бой көтермейсіңдер, – деді.

Нұрғали үстіндегі ауыр жүкті біреу жұлып алып тастағандай, бойы жеңіліп, көңілі көтеріліп отыр еді. Есіктен кірген Ділдәні көрген соң мүлде тасып кетті.

– Мені баулыған періштенің кім екенін білесіңдер ме? – деді.

– Білеміз! – деп Жұман күлімсіреді.

– Ө кім, ө кім? – деп Аманбай білуге ынтықты.

– Ол міне! – деп Нұрғали Ділдәні көрсетті. – Мені баулыған періште осы! Менің қатамды бетіме басты. Маған кітабын, газет, журналын беріп, оқы деп қыстады... Осының көңілі үшін оқыған сияқты едім, оқи келе өзім көміліп кеттім. Үзбей оқитын болдым. Осының тілімен Жұманға хат жазып, пікір алыстым, жөн сұрадым, ақыл сұрадым. Мен бұл жөнде Ділдәға мықты борыштымын!..

V

Жаңадан салынған мектеп үйі. Үлкен бір бөлме. Төрт терезесі бар. Іші толған балалар отыратын парта. Төрде, айналасын гүлмен ораған Ленин суреті тұр.

Үй толған адам: кемпір, шал, қыз-келіншек қалмастан жиналған, иін тіресіп отыр. Нұрғали орнынан тұрып, қолын столға тіреп, көпке қарап сөз сөйледі:

– Бүгін октябрьдің төрті! Ұлы мейрамымыз. Қазақстан үкіметінің құрылғанына биыл жеті жыл толып отыр... Алдымызда Октябрьдің он жылдық тойы болғалы тұр. Он жылдық тойға тарту есебінде осы мектепті саламыз деп биыл талап қылып едік. Жастардың жігерінің арқасында, елдің көмегінің арқасында мектебімізді салып бітіріп, Қазақстанның ұлы тойы күні ашып отырмыз... Үкімет те бір жағынан жәрдемдесіп, керегіміздің бәрін түгелдеп берді. Тегін ағаш берді, мына парталарды істетті, оқу сайманын түп-түгел қылып жіберіп отыр... Жалпы жастарға, игі жұмысқа ат салысқан ел еңбекшілеріне мектеп кеңесінің атынан алғыс айтамын!.. – деді.

Қатар тізіліп тұрған жас ұландар «жаса!» деп қолды ұрып жіберді...

Үй іші гу-гу әңгіме. Сөйлегіш екен деп біреулері мұғалімге таңданып жатыр. Біреулері – мұғалімнің алты айғы жаз дамыл алмай, ел қарасын көрмей, қыстауда жатып, осы мектепті бітіргенін айтып жатыр.

– Сабаз, жігіт екен, іс қылып шығарды! – деседі.

Ербосын орнынан тұрып:

– Маған сөз бересіздер ме? – деді.

– Сөйлеңіз, сөз Ербосынға берілді.

– Менің айтайын дегенім – былтыр байымыз кекетіп: «Советтің бергені қане, көрсетші!» – деп еді, өзі де келіп отыр екен. Соған көрсетейін деп едім. Әлеке, көріп отырсыз ба, советтің бергені міне, осы!.. – деді.

– Мен дегенде Ербосынның жыны бар шығар деймін, – деп, Әлекең таяғына сүйеніп, күбірледі.

Ептеп қана Қыстаубай ақсақал орнынан қозғалды.

– Уа, жұрт, бір кезде жастардың ісіне наразы болып жүрдік. Дүние бүлінді, енді жақсылық көрмеспіз дегенді де айттық. Былтыр осы мұғалім ауылға келгенде, мен өзім түніліп едім. Өзі бұзылған жастарды онан жаман бұзады ғой деп едім. Бір күні Алексейде жұмысым болып соған барғалы шықтым. Жолда мұғалім мен мына Жұмағұл мырза кездесті. Кедейдің оңған күні бар ма, шай-қант алатын ақша сұрап алайыншы деп тұра қалып, Жұмағұлдың жанына бардым. Жұмағұл мырза ақша берудің

орнына, өзімді арақтың бөтелкесімен ұрып, өлтіре жаздады. Мен сонда осы мұғалімге жаман өкпелеп едім. Мұны адам болады деген жоқ едім... Мен қателескен екем. Заман бұзылған жоқ, түзелген заман мұғалімді де түзеді. Мұғалім түзелген соң елдің жасын түзеді. Жастарды өзіне ертті. Қартаны қойдырды. Ішімдікті тыйды. Жастарды іске үйретті, адамшылыққа баулыды... Мына мектебіміз бүгін салынып бітіп отыр. Салушы жастар ғой, бірақ сол жастарды баулып, игі жұмысты бітіріп отырған – осы мұғалім. Мен бұған шын көңілімнен алғыс айтамын! «Өркенің өссін, ісің жемісті болсын!» деп батамды берем! – деді.

Жастар жағы бұрынғыдан бетер қол ұрып, мектепті басына көтерді. Мектеп тойына арнап, балалар сауық кешін қойды, ән салды, тақпақ айтты...

Мәжіліске келген әйелдер де бір өңкейлеу отыр еді. Әйелдердің ортасына Ділдә отырып, оларға әр түрлі нәрсені айтып, түсіндірумен болды.

Бір жастау келіншек сыбырлап:

– Еркежан-ау, осы мұғалімге сені тиеді дейді, рас па?! – деді.

– Тисе қайтеді? – деп Ділдә күлді.

– Жоқ, әшейін сұрағаным ғой, бұдан жігіттің жігіті-ақ озар...

Бұлардың сөзін Күлбарша естіп қалды білем, сұрланып қанын ішіне тартып алды. Ділдәға ала көзімен қарап, атып жібергендей болып отырды...

Ертеңіне сабақ басталды. Үй толған балаларды реттеп отырғызып, сабағын беріп Нұрғали жан ұшырып, жүгіріп жүр еді. Есіктен Ділдә кіріп келді.

– Қайырлы болсын! – деп Ділдә күлімсіреді.

– Айтсын! – деді Нұрғали. – Әйда, кел, жәрдемдес. Бірігіп еңбек сіңірейік! Елді ағарту жұмысына жан салып кірісейік!

1927.

«ҚАРА БАЛА»

Дүйсенді ауылының қатындары да, еркектері де «Қара бала» дейді. Қара бала деп атандырып жүрген көбіне қатындар. Дүйсеннің өзінің түрі де қатындардың сөзін расқа шығарарлық. Тышқан көзденген, бет-аузы бір уыс, қатқан қара; бойы тапалтақ, жүрген-тұрғанда ықшам-ақ. Мінезі де бала секілді. Ауыр айттың деп кектемейді, арсаландап күліп жүргенін көресің.

Қара балаға қатындар үйір, үйіне қыдыра барса ананы әпер,

мынаны әпер деп жұмсап болады. Қара балада арлану жоқ, айтқандарының бәрін істейді. Кейде бұлданып: «Сендердің жалдап қойған малайларың емеспін ғой» десе, қатындар қағыңғырлап қарғап болады.

Іңірдегі шайды ішіп алған соң Қара баланың кәсібі ауылды қыдыру. Бір үйден шығып, екінші үйге барып, кезеді де жүреді. Сол кезумен жүріп ауылды тегіс жатқызып, үйіне жарық сөнген соң келіп, пештің жанындағы ескі тулақты сипалап жүріп тауып алып, қисайып жата кетеді. Жұрттай жанын баптау, төсек салып шешініп жату – Қара баланың әдетінде жоқ. Кейде көрі шешесі келіп:

– Шешініп жату дегенді білмейсің, биттеп-құрттап жүргенің, сен неғып адам боласың, – деп сөгіп те алады.

Ауылды кезгенде, Қара бала әңгіме бақпайды. Әңгімеге үйірлігі жоқ. Барған үйінің еркектері бір нәрсені сөз қылып отырса, Қара бала оны тыңдауға жалығып, әйелдер жағын айналдырады. Нан илеп жатқан, от жағып отырған әйелдердің жанына қатарласа отырып аузына келгенін сапырады. Үй оңаша болса, өлең де айтып жібереді. Ондайда көбіне әйелдердің өздері сұрап айтқызады. Қара баланың өленделері ауыл әйелдерінің бәріне таныс.

– Қара бала, өлең айтып жіберші, – десе, оқтауды домбыра қылып ұстап, Қара бала бар даусымен шырқап жібереді.

Мінгенім көш алдында құла жирен,
Қатындар, ынтық болсаң әнімді үйрен.
Бір көріп дидарынды сөйлеспекке,
Әдейі ат терлетіп келдім үйден.

Құла атым құлынында арда емген,
Бәйгеде мың сан аттан озып келген.
Сақтаулы өлгенімше мықты белгі
Жан қалқа, орамалың өзің берген.

Қатындар, сен де сәлім, мен де сәлім,
Бұл елге сен болмасаң келмес едім.
Қайрылып ақша беттен бір сүйгізсең,
Жетпесе нақ ажалым өлмес едім...

Бұл Қара баланың күнде айтып жүрген өлеңі. Мұның тыңдаушыларға ешбір парыз-қарызы жоқ сияқты. Қара баланың өзіне де солай көрінеді. Бірақ, кейде осы өленді айтып отырғанда, Қара баланың ойына бірдеме түсіп кеткен секілденеді. Қара бала ойлаған ойын біреу сезіп қалды ма дегендей, ондайда жан-жағына жалтақтап қарай береді. Бетіне тура қарап отыр-

ған адамды көрсе, осы құрып қалғыр сезіп қалмаса игі еді дегендей, бетіне қан жүгіріп, қызара бастайды.

Түн еді, ауылды бірсыпыра қыдырып, енді үйіне қайта бергенде, Қара бала Балғабайдың үйінің терезесіндегі жылтыраған отты көрді. Жатпағанын білген соң барып біраз отырғысы келіп, жарым жолдан бұрылды. Лапастың түкпірінде жатқан сабалақ жүнді қара ит қараңғыдағы дыбыспен азырақ ырылдай түсті де, Қара бала екенін сезгендей үнін өшіріп, қайтадан бүк түсіп орнына жатты...

Үйде жалғыз Балғын еді. Көрші үйіне қонақ келіп, Балғабай сонда ет жеймін деп қыдырып кетіп, Балғын жалғыз отыр еді. Төсегін салып, киімін шешініп, енді жата беремін дегенде, есіктің алды тықырлаған соң Балғабай шығар дегендей мойнын созып қарай бергенде, арсаңдап Қара бала келіп кірді.

– Өй, қағынғыр, сен екенсің ғой.

– Е, немене, менен басқа күткенің бар ма еді?

– Бар еді, дұрыс айттың, – деп Балғын күлімсіреп, көрпесін жамылып жата кетті. Көрпеден көзі ғана көрінеді. Көрпеден көрінген көз күлімдеп, Қара баланы тесіп бара жатқан секілді.

Балғын былайша ажарлы адам, қызыл шырайлы, қыр мұрынды, көзі күлімдеп жайшылықтың өзінде де адамды өзіне тартып тұратын секілденуші еді. Қара бала Балғынға үйір болып, араласқысы да келетін. Бірақ Балғабайдың мінезі жаман, үйіне біреу келсе, әсіресе, жастау бозбала келсе, қабағын қарыс жауып түнереді де отырады. Қара балаға да сондай пішін көрсетіп жүріп, «ыржаңдай беріп жын қақты ма?» деп бір күні жекіріп те тастаған. Содан бері Қара бала бұл үйге сирек қатынаушы еді...

– Қағыңғыр, ауылды кезесің де жүресің, осы сен не іздейсің?! – деп Балғын тағы көзін күлімдетті.

– Ойбай, жеңеше, менің іздейтінім көп қой.

– Ал, немене, айтшы!

– Қазір айтуға болмайды.

– Неге?

– Оңаша айтамын.

Балғын сықылықтап күлді. Күлісі Қара баланың ішін өртеп жібергендей болды.

– Байғұс-ау, осыдан оңаша жер болушы ма еді, бүкіл үйде екеуден-екеуіміз-ақ емес пе? – деді.

Қара бала сөз таба алмай қалды. Жайшылықта әзілдескенде судай сіміретін сөзінің бірі де жоқ, бәрі де Балғынның отты көзінің лебімен әлдеқайда бытырап қашқан секілді.

Етпетінен жатқан күйі Қара бала басын азырақ көтеріп, көзінің қиығымен Балғынға қарады. Балғынның отты көзі көрпеден жылтырап, әлі күлімсіреумен жатыр екен.

– Неге қарадың, бірдеме айтайын дедің бе?

Балғын даусын шығарыңқырап күлді де:

– Жарайды, айтпай-ақ қой, оңашада айтарсың. Әлгі келіп қалар, үйіңе қайт! – деп, көрпесін бүркеніп, іргеге қарай аунап жатты...

* * *

Қара балада мал дегенде торы ат, сынық мүйіз қоңыр сиыр, қара баспақ бар. Қара баспақ та өзіне емес, ұзатқан апасы биыл жаз төркіндеп келіп, соған беріп қойған.

Қораға жапсыра үйген азғана салам, құрақ шөбі бар. Үш мал бірдей бос жүрген соң шөпті белдеулеп, көбін жерге төсек қылып, таптап тастаған. Шашылған шөпті жиып, малдың тұратын жерін күре деп шешесі неше рет айтса да, Қара бала орындаған емес. Орындамаймын демейді, мойны жар бермейді. Таңертең тұрып қыдырса, оралып үйіне келгенше кеш болады.

Байдың үйіне Дуаннан келе жатқан бір төре түстеніп, содан ет асаймын деп отырғанда, күн батып та кетті. Жұрт сан-сапалақ болып малын қамап жатқанын көрген соң торы ат пен қоңыр сиырға рақымы түсіп, қамап тастайыншы деп албарға келді. Қоңыр сиырды қақпалап қораға айдай бергенде, албарының сырт жағындағы үй төбесінде жүрген Балғынды көрді. Пештің мұржасын ашып жүр екен. Мұржаны ашып болып, Қара баланы көріп азырақ кідіріп тоқтаған сияқтанды. Қара көлеңке тартқан кез ғой, көзінің күлімсіреген-күлімсіремегенін Қара бала айыра алмады. Бірақ Балғынның үйіне барғанша асықты. Қоңыр сиырды кіргізіп, қораның аузын жабуға да шыдай алмай, шомнан қарғып түсіп, Балғынның үйіне жетіп келді. Үй іші қара көлеңке. Пештің алдына жүресінен отырып, Балғын от тұтатып жатыр екен, саңылтырға тиген от лапылдап сәулеленіп, Балғынның бетін Қара балаға жарық еткізді. Балғын бұрылып қарап:

– Сенбісің! – деді, – отыр, тоңып келген шығарсың, отқа жылын...

Балғынға қатарласа жүресінен Қара бала да отырды. Саңылтырға тиген от дүрілдеп жанып, қою түтін кейде лап беріп пештің аузынан кейін тебеді. Ащы түтін көзге, мұрынға кіріп, булықтырған кезі де болды...

Балғын Қара балаға кішкене қарап отырды да:

– Оңашада айтам деген сөзің бар еді ғой, енді айтшы! – деді.

Қара бала келуін келсе де, осыны айтайыншы деп ыңғайланған сөзі жоқ еді, сондықтан мүдіріп қалды.

– Жеңеше, бүгін ағам келмейді ғой, ә?

– Келмес.

– Жалғыз жатуға қорықпайсың ба?

– Қорықсам сен барсың ғой, келіп жатарсың, – деп Балғын Қара балаға қарап күлімсіреді.

Екеуі біразға шейін тағы біраз үнсіз отырды. Малдан қалған ескі саңылтырды Балғын пешке құшақ-құшағымен тығады. Зулап жанған от бетті қыздырып, тызылдатып барады.

– Сен мені «женеше» дейсің, өзіңнің жасың нешеде?

– Жиырма екіде.

– Қағыңғыр-ау, менімен түйдей құрдассың ғой...

Пешке саңылтырды сымбалап толтыра түсіп, Балғын тағы да сөзге кірді.

– Жамансың ғой, замандастарыңмен ойнап-күлуді де білмейсің.

– Ұялам ғой! – деп Қара бала күрсінді.

– Несіне ұяласың? Менімен түйдей құрдассың, замандас адамның ойнап-күлгені ұят бола ма екен?!

Қара бала бұған қарсы айтуға сөз таба алмады. Басы тұмандanып, ақыл-ойының қайда кеткенін де білмеді.

Қолы өзінен-өзі барып Балғынның қолын ұстады.

– Өй, ақырын, ауырттың ғой.

Балғын ашуланып қалды ма екен деп Қара бала сезіктене сескеніп те кетіп еді, күлімсіреп отырғанын көрген соң, көңілі орнына түсті...

* * *

... Біреу аңдып тұрғаннан жаман Қара бала сезіктене түседі. Лапасқа кіргенде, сыбдырын білдірмеймін деп аяғын ұшынан ғана басты. Буыны қалтырап, аяғы сүйретіліп, жүруге келмейді... Есікке келіп тұтқасын ұстаған соң азырақ тұрып демін алды. Бәрінен қиыны есікті ашу болды. Ашар-ашпасын білмей екі ойлыланып бірсыпыра тұрды. Есікті ашып қалған ыңғайда жылы леп бетке соғып, бойын жандандырған секілденді... Қалтыраған күймен ептеп қана басып, пешке келіп сүйенді. Жерде жатқан саңылтыр сыбдыр етсе, Қара баланың жаны шығып кете жаздайды... Пешке таяу Балғынның төсегі.

Мынау қарауытып жатқан Балғын болса керек.

Демін білінер-білінбес қана қылып алып жатыр...

Қара бала тізерлеп отырып, қолымен қарманып еді, Балғынның қолына кез болды. Жылы, жұмсақ қол Қара баланың қолын қысып, күйдіріп бара жатқан секілді...

Содан былай төсекке қалай жатқанын, қалай құшақтасқанын, қалай сүйіскенін – Қара бала бірін де білген жоқ...

... Терезенің алды тықырлап барады.

– Ойбай-ай, аға болмаса игі еді! – деп Балғын басын көтеріп-ақ алды.

Шақыр-шұқыр дыбыс лапастың ішіне келіп қалды.

– Масқара болдық, ағаң екен, қағыңғыр, қараңды батыр! – деп Балғын жыламсырап сала берді.

Есіктен шығуға болмай қалды. Терезені бұзудың тағы жөні жоқ, Қара бала сасқалақтап:

– Енді қайтем? – деді.

– Жоғал, қараңды батыр, ана пештің қуысына кір!

Жаман тонын қаудырлатып, пешке бетін жырғыза-мырғыза Қара бала пештің қуысына кіріп те кетті...

Қатқан етігі шықырлап, үйді басына көтеріп Балғабай келді. Қалтыранып, сасып, төсекте отырған күйі Балғын қарсы алды. Даусы шығар-шықпас болып:

– Бөтен біреу ме деп зәрем кетті ғой, түнде келетін болған соң айтып кетсең қайтетін еді? – деп Балғын наз қылған болды.

Киімін шешінбестен жанына келіп:

– Қорықпа, мен ғой... Жолдағы ауылға қона кеткенімде де болатын еді, жалғыз жатуға сені қорқар деп қонбай келгенім ғой, – деді.

Балғын қорқыныштан құтылып, еркіндеуге айналды.

– Тоңып келген шығарсың, өзім шешіндірейін, – деп Балғабайдың белбеуін шешіп, күпісін жеңінен тартты. Балғабай етігін қазан пештің қуысына апарып қояйын деп еді:

– Сен шешіне бер, өзім апарып жаяйын, – деп Балғын етікті ала жөнелді! Қуыста бүк түсіп Қара бала отыр еді. Етікті жайып жатып, «дыбысыңды шығарма» дегендей боп, Балғын оны төбесінен басып-басып қойды...

Төсекке жатысымен Балғын байын құшақтап, аймалап сүйді. Келгеніме қуанып қалды ғой деп Балғабай насаттанды. Бірақ, Балғынның сүюі шын сүю емес еді. Қосылғандарына жеті жыл екен. Балғабай биыл 47-де, содан бері бүйтіп жақсы көрсе қайда қалған?..

Балғын, шынында, Балғабайды Қара баланың орнына құшақтап сүйіп жатыр еді...

Таң қараңғысы кезінде, Балғабай әбден ұйықтады-ау деген шамада, Қара бала сүйретіліп орнынан тұрды. Ептеп есік ашып, тысқа шықты. Үркер құлдырап батуға барып қалған. Аспан жүзі самсаған жұлдыз. Үн жоқ, дыбыс жоқ, тымырсық аяз, тынық түн.

Қара бала құрысқан бойын жазып керілді, есінеді. Манағыдай қорқу жоқ, адымдап басып үйіне келді. Тері тулақтың үстіне кеп етпетінен сұлай кеткенде, Балғын құшақтай алып, сүйіп-сүйіп алған секілденді...

1927.

«ЖЕЛДІБАЙ ЖЫНДЫБАЕВ»

Желдібай болыстық кеңседен келгенде екпінімен тау құлатқандай еді. Қара құлақшынды желкеге таман баса киген; арты тілік ескі қара пөлте делегейленіп, түйме біткені ағытылып кеткен: ербиген кішкене жебесін ширатып тастапты. Көзі күлімкүлім етеді. Оң қолында сырты кірлеп, майланған, о басында ақ кенептің шумағы екені білінгендей бір дорбасы бар. Кенеп дорбадан керегінің бәрі табылады: көйлек-ыстаны да сонда, үгулі насыбайы да сонда, бірен-саран ескі газеттер де бар. Бәрінен қадірлісі, Желдібайды екпіндетіп жүргені күбірнадан науқан өткізе келген өкілдің жазып берген мандаты; мандаттың ішінде астын сызып қойған «товарыш Жындыбаев» деген сөз бар. Күбірнелік өкіл сол мандатты беріп жатып:

– Товарищ Жындыбаев, бұл серьезный науқан, мұның политический значениесі бар. Так что мен сенемін, бұл науқанды «провалит» етпессіз, – деген.

– Менің командировкаға шыққаным жалғыз бұл емес, талай тығыз науқандарды да дүрілдетіп орындап шыққан көкеңмін, нақа болмай бара жатса мәселені қабырғасынан қойып жіберуден де тайынбаймыз, – деп Желдібай өкілдің қолын ұстап, қысып-қысып қойғанда, өкілдің қолын сындырып жібере жаздады. «Апырым-ай, мына шіркін елге барғанда қайтеді?» – дегендей боп, өкіл аларып бір қарады да, үндемеді.

Желдібайдың алдына тобылғы торы атты біреу әкеліп кесе тарта берді. Атқа қоқилана мініп Желдібай баяғы кенеп портфельді қолтыққа қысты. Екпінімен тебініп қалғанда, торы ат ыршып түсті. Қарсы соққан жел Желдібайдың құлақшынының құлағын делең-делең еткізді.

Аттың тұяғы жұмсақ топырақты уыстап лақтырғандай бұрқыратты. Ә дегенше болмай торы аттың үсті термен ақ сабындай болып көпірді. Ауылдың қарасы үзілген кезде, Желдібай артына бұрылып қарап тепектеп шауып келе жатқан орта жасты кісіні көрді. Жыртық күпісінің етегі делегейленіп, тымағы мыжырайып, желге қарсы шыққан соң көзінің сорасы ағып келе жатыр екен. Желдібай атының басын тежеген кезде, ол жақындай беріп:

– Апырым-ай, шырағым, тым қатты жүреді екенсің-ау, – деді.

Желдібай қара құлақшынды желкесіне таман итеріп қойып, жымың-жымың етті. Торы ат ентігіп аяғын бір ілгері, бір кейін басты.

– Ай, отағасы, надансың-ау, жұмыстың жайын білмейсің ғой. Мен қызу науқанмен келем. Аяндап жүріп не

бітірмекшіміз?! – деді. Науқанына түсінбегенмен, Желдібайдың қызулығына ат иесі кісі ден қойды. Қатарласа жүріп отырып:

– Шырағым, осы елдің өзінен шыққан баламысың, әлде шеттен келіп пе едің? – деді.

Желдібай ожырайып бетіне қарады. Шал кісі, күпісі жыртық, сақалы үйысқан, жыртық көйлектен өңеші сорайып көрініп тұр. Кедейлігі түрінен белгілі. Кедей болса, қосшыға мүше болса бір болыс елдің «қосшы» комитетінің бастығы «Желдібай Жындыбаевты» білмеді деген не сұмдық? Жындыбай адам білместік кісі ме? Жарбол болыс болып тұрған кезде, Жындыбай соның артынан шабарманы болып, бір болыс елді сілтідей тындырған кісі жоқ шығар деп ойлаушы еді... Торы аттың басын тарта түсіп:

– Осы елдікімін, шырағым, – деп шал көзін жыпылықтатып тепектеп жақындай түсті.

– Ендеше, мені сұрамай-ақ қой. Мен Жындыбаевпын. «Товарыш Жындыбаев» десең осы елдің баласына шейін біледі.

Шал үндемеді. «Толып жатқан жындының бірі екен» деп ішінен ойлады да, атын шаужайлап, тепектеп жүре берді...

Ауылнайдың ауылының қарасы көрінісімен Желдібай шаба жөнелді. Ауылнай жас бала жігіт. Көлеңкесінен қорқып отырған әке-шешесі бар екен, олар қалбаңдап алдынан шығып, Желдібайды үйіне түсірді. Төрт қабат көрпенің үстіне Желдібай барып отыра бергенде, кемпір орнынан тұрып, тысы жыртық ақ жастықты Желдібайдың арқасына тоса берді.

– Ауылнай, қайдасың?

– Мұндамын.

– Қане, бірдемең бар ма, тоңып келдім...

Ауылнай, бала жігіт қой, түсінбеді білем, аузын ашып тұрып қалды. Желдібай жымың етіп күліп жіберді.

– Бала екенсің ғой, «көк мойының» бар ма деймін?..

Желдібайды жылыту үшін он бес шақырым жердегі қаладан «көк мойын» әкелуге адам шаптырылды.

... «Көк мойынның» қалғанымен басын жазып Желдібай далаға шыға келгенде, күн сәскелікке келіп қалып еді.

Ала шабыр бұлты бар. Күнбатыстан ескен қоңыр жел күздің салқынын бетке әкеліп соғады... Арбаға байлаған бұзаулар бүрсиіп төрт аяғын бауырына алып тұрған секілді. Бірен-саран әйелдер, басын доғалдай оратып, тезек теріп жүр. Жаман тұмағы жарбиып, күпісіне оранып, қорбиып кейбір шалдар күншуақта тықылдатып ағаш шауып отыр... Желдібай бәріне қарады. Солардың ішінен Желдібайдың көзіне шалынғаны шеткі бір үйдің есігінің алдындағы шай қойып жүрген әйел бала болды. Орта бойлы, жасы он бес, он алтының шамасында болар, қара бар-

қыт шапаны бар. Қызыл тебетейді желкесіне таман салыпты. Үй мен жер ошақтың арасында ерсілі-қарсылы жүр еді. Бір рет самауырынға ағаш салып жатып, басын көтеріп, Желдібайға қараған секілді болды, қарады ма, қарамады ма, ол жағы белгісіз. Бірақ Желдібай өзіне қарады деп түсінді. Тамағын кеней түсіп, бұ да құлақшынын бір жақ шекесіне таман киді. Ауылнайдың шешесі:

– Шырағым, қонақ, шай пісті, – деп бір-екі рет айтса да, Желдібай оны елеместен, ынтыққан қызына қараумен болды...

– Ат жоқ. Жұрттың бәрі жұмыста. Ібекең үйінде бір ат бар екен, қалаға жүремін деп бермей отыр, – деп, сельсовет мүшесі бір жігіт Желдібайға жетіп келді.

– Ібекесі кім?

– Мына шеткі үйдің иесі.

Қолындағы кесесін ырғытып жіберіп, Желдібай орнынан қарғып тұрды.

Кенеп дорбасын қымқыра ұстап, құлақшынын жүре киіп, шеткі үйге жүгіре басып кіріп келді. Сирек сақалды арық сары кісі төрт бұрышты дастарқанның орта беліне отырып, сары таба нанды турай бауырсақ қылып отыр екен. Томпақ бетті қара қыз шолпысына таққан күміс теңгесі сылдырлап, бес батпан кір кенеп орамалмен жуған кесені сүртіп, шай дайындап жатыр...

Екпінімен кірген Желдібайға үй иесі де, қыз да қарай қалды...

– Отағасы, атыңызды неге бермедіңіз? Менің кім екенімді білмедіңіз бе? Мен Жындыбаевпын! Мына мандатпен таныс болыңыз, – деп кенеп дорбадан бүктеулі қағазды суырып алып, үй иесі Ыбырай отағасының алдына тарта берді. Ыбырай сасып, дастарқаннан кейін шегініп кетті.

– Танымайсыз ба?

– Танымайтын едім, шырағым...

– Жарайды, хат танымасаңыз есте болар, үлкендерге арнап биыл мектеп ашылады, сонда алдымен сізді жіберемін, әзірге атыңызды жегіңіз.

– Шырағым, нәлөк төлеу үшін қалаға апарып астық сатқалы отыр едім.

– Сөзді қой, нәлөгіңді артынан төлей жатарсың. Мен қызу науқанмен жүрмін, менің науқаныма бөгеу істесең, пүртекелдеп, «Темірқан шораға» айдауға да құдіретім келеді, – деп, үй иесі Ыбырайға Желдібай бүркітше түйілікті.

Ыбырай сасып атына жүгірді. Шелек жуып жатқан бәйбіше шелегін тастай беріп, аузын сылп еткізіп, тізесін құшақтап отырып қалды. Қара қыз қорықса да иба қылып, ұялса да төмен қарап, кесе жуумен болды.

Желдібайдың көзі дастарқандағы тураулы сары таба нанға, самауырын жанындағы қара аяқтың кенерімен бірдей болып тұрған қаймақты сүтке түсті. Шоққа қойылған құманша толған қозыдай бүйірленіп, сақылдап қайнап, шайдың иісін мұрынға кіргізіп барады. Кесе сүртіп отырған қара қыздың быртиған саусақтарындағы тізілген сақиналары Желдібайдың назарын еріксіз аударып тұрған сияқты болды. Желдібайдың ашуы басыла түсіп, дастарқанның басына келді. Қызға күлімсіреп қарап:

– Қарындасым, шай құйып жібересің бе? – деді.

– Құй, қарағым, қаймағың болса бер! – деп, шешесі безектеп, самауырынға төне түсті.

Кенеп дорбаны тастай беріп, Желдібай Жындыбаев шайға жабысты. Қыз шай құйды. Шешесі, шидің ішіндегі қара қазанның бетін сыпырып, бір аяқ қаймақты Желдібайдың алдына әкеліп тартып:

– Же, қарағым, қарның ашып қалған шығар, – деп аяған болып сыйлап жатыр. Бірақ, бет ажарындағы кейістік – қаймақты еркімен бермегендігін білдіріп тұр еді.

Ыбырай атты әкелсе де жегілмеді. Желдібай шайды жайласып отырып ішті. Шай ішіп бола берген кезде «жұрт жиналып дайын тұр» деп ауылнай келіп еді, жиылысқа барудың орнына Желдібай қонақасы іздеді.

– Ауылнай дегендер епті келуші еді, сен нағыз бала екенсің. Үкімет жұмысын ашығып жүріп істесін деген заңды еш жерде көргеміз жоқ, түстеніп алып барсақ та болады, – деді.

Ауылнай қысылып, Ыбырайды оңаша шақырып алып сөйлесіп, тоқты сой деп зығыр етті.

– Төрт тоқтының үшеуін жазды күні сойып, біреуін тұқымға қалдырып едім. Кемпір көнбейді ғой, – деп Ыбырай бірсыпыра қынжылды.

Бірақ, ауылнай мен «төренің» теріс көзіне іліксе, зықысы шығатынын сезіп, амалсыздан-ақ тоқтыны сүйрелеп алып келді. Ыбырайдың қатыны бұрынғыдан да жаман бұртиып, ашуын сыртқа шығара алмай, өшін балаларынан алды. Маңына келген балаларын қиратып ұрумен болды.

Желдібай бесін кезінде аттанды. Ауылнай алдына әкеліп атты ұстағанда, үзеңгіге аяғын сала беріп, Желдібай тәлтіректеп құлап кете жаздады.

– Әй, ауылнай, қымызды көп беріп жіберген екенсің, – деп өз-өзінен жырқылдап күлді.

... Топтанған жұрт ауыл сыртында тұрып қарсы алды. Мәжіліс ашылып, Желдібайға сөз берілді.

– Мен Жындыбаевпын! – деп бастады Желдібай.

Содан соңғысын жұрт та ұға алмады. Не айтқанын Желді-

байдың өзі де білген жоқ. Әйтеуір ұзыннан-ұзақ созылған, бітпейтін бір әңгіме болды. Жұрт біріне-бірі қарап күңкілдесіп:

– «Жындыбаев» десе, Жындыбаев екен! – десті...

* * *

... Бірер ай өткеннен кейін гүбірнелік газетте Жындыбаев туралы хабар басылып шықты. Ел ішіне шыққандағы істеген жолсыздықтары теріліп сотқа беріліпті, түрмеге жабылыпты!

Жұрт еркін демін алып:

– Бәсе, солай болса керек, орнын жаңа тапқан екен!.. – десті.

1928.

СЕЙІТТІҢ СЫРЫ

(Ескерткіш дәптерінен)

... Мен Сейіт Таңатаровпын, қазіргі фамилиям Сейіт Құдайқұлов; Құдайқұл менің төртінші атам. Одан бергісіне жолауға болмады. Таңатар, Сағымбаевтар заманында қыр мен сырға әйгіленіп болған аттар ғой. «Таңатаров» деген фамилия бір кезде жұртқа құдайдай көрінуші еді. Жас кезімде мен де қолданып көрдім. Екінің бірі «Мынау Таңатаров!» – деп сыртымнан таңданып қарап тұрушы еді...

Өзгеріс болғаннан кейін «Сағынбаев» атандық. Аз уақыттың ішінде Сағынбаев деген атақ та жұртқа әйгіленіп кетті. «Сағынбаев» атағын көтерген студент ағам еді. Кеңес адамы болып, дөкей-дөкей қызметтерді атқарды. Бір уезд елді аузына қаратты... Бірақ арты қайырлы болмады, ағамның табаны тая бастады. «Бай баласы» байшыл деген атақты екінің бірі тапты. «Қазына мүлкін жеп қойыпты...» – деген өсекті де таратты... Біз қайдан білейік, жалонжаны көп алатын шығар деуші едік. Екі-үш жыл қызмет қылып дүрлеп тұрған кезінде үйден мал саттырып көрген жоқ еді... Мал саттырмау түгіл, неше түрлі қымбатты шаруашылық саймандарын үйге алып беріп тұрды... Осының кесірі тиді ме, қайдам, ағам ақырында қызметтен шығарылып, басы сотты болды...

... Мен бұл дүниеден бос қалған адам сияқты едім. Жасымда молдадан сабақ оқыдым. Екі баланы бірдей орысша оқытудың қажеті жоқ деп әкем мені қазақша оқуға салды. Бір-екі жыл ишан қазіреттің медіресесінде оқыдым. Оқыдым деген ат болмаса, шынында менікі құр уақыт өткізу еді ғой. Қаланы кезумен болдым. Ақша жетеді. Қайда қазақ болса, соны көруге құмарттым.

Төңкеріс болғаннан кейін былай жабайы адам болып үйде жүрдім де қойдым. Жасым сонда жиырмаға жетер-жетпес еді. Мол дәулет, уайым-қайғы жоқ. Мырза болып бұландауды шығардым, өзіме лайықты жанымда нөкерім болды. Әсіресе Жұмат дейтін жылмаң жігіт бар еді, өй епті-ақ еді-ау... Марқұм өліп қор болды, әйтпесе осы күні кімнен болса да кейін жүрмес еді... Сол Жұмат мені көп баулыды. Өлке бойындағы елде тәуір қызкеліншек болса, іздеп жүріп сөз салушы едік. Ыңғайдан шығып кететіні сирек болушы еді. Бірен-саран көнбегенін масқаралап, ел бетіне қарағысыз қылушы едік... О да бір заман екен ғой!

... Әкем жасымда қалың беріп қойған төрт төбедей Вахит дегеннің қызы еді. Қалыңдығымды ұрын көруге бардым. Жанымда Жұмат бар. Қызды алып келді, тырнадай серейген біреу екен. Бөкебайын ашып бетіне қарап едім, келте мұрын, бұжыр бет, көзі үлкендеу адам екен. Ойнап, күлген болып отырдық. Менің ішім онша жыли қойған жоқ.

Одан көш ілгері қыздарды құшақтап, аузымның тұшып қалғаны бар еді ғой. Қалыңдығым маған ұнаудың әлегінде болды. Ажарсыздығы болмаса басқа жағынан мен де мін таға алғаным жоқ. Бірақ ең дәулетке жүзіп отырып, жұрт таңданғандай бір сұлуды құшақтамаған соң дүниенің қызығы қайсы. Осыны серт қылып, Жұматты қасыма ертіп қыз іздедім. Сонымен, осы күнгі тоқалым Бексұлуды алдым.

... Қазірде жасым жиырма алтыда, сұлу мұртым бар. Әкеме тартып сақалым көп болар деймін, жетісіне бір рет қырып тұрамын, ажарым қызыл шырайлының әдемісі. Ойын-тойда қызкеліншек үйіріліп, менімен сөйлесуге құмартады. Екі қатын алғандығым болмаса қылшылдаған жас жігіт кезім осы ғой деймін... Қатынды ерте алудың қажеті жоқ екен. Жігіт болып, бойдақ жүріп, дүниені тептіріп өткеннен қызығы жоқ шығар деп кейде өзім пұшайман да боламын. Әсіресе, екі қатын ұрсысып таласса, әкелеп бала жыласа, құйқа тамырым шымырлайды.

* * *

... Ағам ұсталып қалған соң, шығыны көбейді. Әкем ретін білмеген де шығар, әйтеуір кім көрінгенге берінемін деп бірталай малдан айрылды. Оның үстіне салық есті таңдырды. Бұрын тісі батпай жүргендер епте айналдыратынды шығарды. Жиылыс болса біздің үйде болатын болды. Шығын болса «Сағымбайға салынсын!» дейтінді шығарды. Қарсы келсең жазалысың. Милициясы қақандап бір жағынан мазаңды алады...

«Қолыңнан еш нәрсе келмейді, құр нан соғарсың!» деп әкем маған кеюді шығарды.

Мен намыстандым. Қалаға бардым, қызмет қылып әкеме олжа түсірудің жайын қарастырдым. Бірақ кеңес қызметінен маған лайықты орын табылмады. Мен ешқайсысына жарайтын болмадым...

Бәйбіше қатынымның төркіні Қайырлап дейтін бар еді, сол қызметте екен. Аз ғана орысша оқығаны бар ғой, маған қарағанда оның да тәуір болғаны ғой. Орын табылмаған соң, жақын көріп соған бардым. Менің барғаныма мәз болып қалды. Маған орын іздестірмекші болды. Үш-төрт күн күттіріп, ақырында:

– Мұғалім болам демесең, басқа орын жоқ, – деді.

Мұғалімнің алатыны айына 32 сом, қазақ ауылында тұрған соң, шығын шықпайды. Айға 32 сомды санап алғанымды салып тұрсам, әкем маған қалай өкпелер екен? – деп өзімнен-өзім ойға қалдым. Дағдарған соң:

– Әйтеуір байырақ ауылға сайлата көр! – деп Қайырлапқа жайымды айттым.

– Мұғалім болам, – деп арыз жазғанымда, Қайырлаптың ұйғаруымен фамилиямды «Құдайқұлов» деп өзгерттім. Анкетті орысша толтырады екен. «Ата заты қандай болған?» деген сұрауға келгенде Қайырлап көзін қысып қойып:

– Кедей болған ғой! – деді.

Мен күліп жібердім...

* * *

... Бүйтіп тапқан малы құрысын! Екі қатынның жылап ауылда жатқаны анау, кілең боқташақ баланы алдыма топырлатып шаң-топырақтың арасында мен отырмын. Мектеп дегені Жарылқасын байдың ас үйі. Сығырайған кішкене екі терезесі бар. Екі терезенің бес көзі сынық, жамау. Біреуіне қарын шегелеп қойған. Есігінің қиюы қашқан, жабылмайды, қар кіріп, жел азынап бүрсендейсің де отырасың... Үйдің іші ыс, кір, асты бұрқылдаған топырақ, көң. Ас пісірсе үйдің іші буға толады. Кейде түтін шықпай булықтыратыны да бар. Өзім тіземді бүкпей, терезеге сүйенумен тұрам. Балалар топыраққа малшынып, тізерленіп отырғаны. Көбі жаурап иегі-иегіне тимейді. Қағаздарын шұқылап бірдеме айтқан болам да, өздерің оқи тұр деп байдың қонақ үйіне кетіп қалам. Қонақ үйі жұмақ секілді. Төсеп тастаған жайнаған кілем, самсаған жарық терезе. Қонақ үйдің бұрышында маған арнап байдың қойдырып берген үстелі бар. Үстел үстінде үйдің керегесіне сүйеулі дөңгелек айна тұр. Бұл байдың қызы Гүлсімнің айнасы ғой... Айналайын, өзі әпәдемі бала ғой. Кез келгенде жымиып күлетіні бар. Күлгенде көзі-ақ жарасымды. Жүрегінді өзіне тартып тұрған сияқты. Осы айнаны әкеліп үстелге қойып жатқанда үстінен шықтым.

– Рахмет, қарындасым, – десем, қылымсып күледі.

– Сізге қызмет қылуға ерінбейміз! – деді.

Не айтқысы келгеніне түсінбейтін емеспін ғой, бірақ өзімнің жайым келмей жүр. Мал тапқан құрлы мына мұғалімдігі сор болды. Бүйтіп қорлық көріп, алба-жұлба болған кілең кедейдің баласының ішінде отырып, атағыма нұқсан келтіргенше, таза үйге барып жатып алсам қайтеді?

Менің қалай мұғалім болғаныма жұрттың бәрі түсінбейді. Жарылқасын бай келген күні сұрап еді, оған шынымды айтқаным жоқ:

– Қызметке келсін деп қалаға шақыртқан екен. Қалада отырып жұмыс істегім келмеді. Ағамның көрген опасы да шамалы ғой. Одан да амалдап құтылып, ел арасына шығайын деп, осы мұғалімдікке көндім, – дедім.

– «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» деген ғой, мұның дұрыс. Епті кун көргенге не жетсін, – деп Жарылқасын онымды қостап қойды...

Келген ыңғайымда Жарылқасын мені сыйлап, осы қонақ үйін босатып бермекші еді. «Кедейдің етегіне бидай салса, төгіп тастайды» деген ғой, кілең кедей болып жиналысып, байдың ағаш үйін алып мектеп қылуды шығарыпты. Оларына болыс көнбепті. Жарылқасын соған ерегісіп қонақ үйін бермей қойды.

– Шырағым, ренжіме, сені аяғаннан осы қонақ үйімді босатып берем бе деп едім, мына кедейлердің қылығы өтіп кетті. Енді берсем, қорыққаннан берді дейді ғой, – деп маған жайын айтты. Әй, кедейлер-ай, басқанды қайтейін, қит етсе бай деп кіжінгендерің өтеді-ау!..

... Байдың бір қарқыны келген күн екен. Үйеме табақ ет астырыпты. Қазы мен қартаны аямай-ақ салыпты. Сыйлап отырған қонағы Бердібай бақсы. Бақсы адам әумесер келе ме екен, әлде ишанның өзі сол ма екен, Бердібай мені шақырып алып:

– Байдың тоқалының қойнына апарасың ба? – деді.

Қара тоқал көзі жылтыңдап бөлменің есігінен әлсін-әлі қарайды. Қонақ онан дәме етсе, ол қонақтан дәме етпейді дейсің бе? Бердібай бақсы ірілік қылмай-ақ өзі сөйлессе де болатын еді. Мені жұмсап отырғаны – мұғалім деген ел көзінде ойыншық болғаннан шығар деймін. Әйтпесе менің кім екенімді білсе, Бердібай өзі маған аяқ ұшынан тұрып қызмет істер еді... Ой, заман-ай, өттің-ау!.. Тегінде ақшасы құрсын, осы мұғалімдік менің арымды төгіп болар-ақ...

Байдың сақтап жүрген ескі қысалары бар. Ет жеп болған соң:

– Азырақ көңіл көтерейік, шырағым, қыса оқисың ба? – деді.

«Әзірет Әлінің» соғысын әндетіп оқып шықтым. Байдың

айызы қанып тыңдады. Бердібай бақсы арқасы қозып, мүлде көтеріліп-көтеріліп қояды. Көрші бөлмеден бәйбіше, тоқал, бұралып Гүлсім келді. Гүлсім әжесінің сыртына таман отырды. Әжесінің иығынан аса маған қарайды. Мен де көзімнің қиығымен қараймын деп кейде оқып отырған жерімнен айрылып қала беремін. Бай мұнымды сезді ме, қалай, бір жымиып күлді де қойды. Тегінде бейлі кең жақсы адам-ау деймін...

... Үй тастай қаранғы. Дала жел, бораған қар сытырлап мазаны алып тұр...

Мен ұйықтаған жоқпын. Аунақшып жатырмын. Үйді ойлаймын. Ауылдан кеткенде үйді, екі қатынды сағынбаспын деп-ақ ойлап едім. Сағынған да жоқ шығармын, бірақ бір түрлі мазам кеткен секілденеді. Көңіл бос, алданыш жоқ. Ермек табылса жүре бермейтін несі бар дейсің...

Кешеден бергі ойым – осы Гүлсімге қол салып көрсем деймін. Қатынымның барлығы болмаса мен қартайып тұрған жоқпын ғой. Қатының бар деп бетіме баспас. Бәрібір, мен оны түпкілікті алып жатқан жоқпын... Ойлаған сайын еркім кете береді. Бүгін ас үйге балаларды бір көріп шығайыншы деп барып едім, менің артымнан Гүлсім де барды. Мен терезенің қырына сүйеніп тұрып едім, ол пешке арқасын сүйей тұрды, өзі маған қарап жымиып, күледі. Балалардың ішіндегі есі кіргендері біресе Гүлсімге, біресе маған жалтақтап қарайды. Менің ашуым келіп кетті. Ыбырайдың ұзын тұра баласын «көргенсіз неме» деп жаққа салып-салып жібердім. Жап-жас болып сондай нәрсені сезбей-ақ қойса қайтеді екен?!

Бердібай бақсым пырылдап ұйықтап жатыр. Аузы айтқаны болмаса, ар жағында дәрмен жоқ-ау деймін. Қой, құр дөңбекшігенше барайын. Қыз тоқалдың қойнында жатқан шығар. Тоқал ояу жатты не, ұйықтап жатты не, бәрібір қызды қорғамайды ғой, «мұғалімдікке кейіп жүнімді жыққанша, тіріліп тағы адам болайын. Ойын-қызықпен көңілімді көтерейін...»

... Қожық шақырады дегенде ас үйге барсам, балалардың әкелері шығар деймін, он шақты адам қатарласып отыр. Киімдері жалба-жұлба, ыбындары кеткен ылғи кедейлер. Ішіндегі бас көтергені Қожық қой. Мен биыл мұғалім болып келгенімде «мектеп кеңесін сайлаймыз» дегенді шығарып, бастығы Қожық қылып төрт-бес адамды сайлағамыз. Содан бері Қожықтан құтыла алмай-ақ келем. Екі күннің бірінде келіп жоқты айтып, мазаны алады да отырады.

– Мектеп жайын кеңесе келдік, – деді Қожық.

– Мынау үй ме, бұл мал қамайтын сарай! – деп біреулер мұрнын шүйіреді. Өз үйі оңып тұрғаннан жаман сөзінің ащысын қарашы!..

– Мынау үйде балалар оқыған құрлы ауруға шалдығып болатын. Сондықтан я байдың қонақ үйін босаттырып алу керек. Болмаса мектепті мына көрші ауылға көшіру керек, онда дайын тұрған үй бар. Жақын ауыл ғой, балалар қатынап оқыр, – деп Қожық бастап еді, былайғылар ауыз біріктіріп қойғандай:

– Сөйту керек! – деп шу ете қалды.

Бұл ұсыныстарының екеуі де маған жағымсыз. Қонақ үйін алсақ бай ренжиді. Мектеп бөтен ауылға кетсе менің күйім келмейді. Қай кедейдің боқтығының арасына барып аунап жатармын. Және Гүлсіммен танысқанымның өзі жақында ғана. Оны қиып кету деген маған оңай соқпас. Мұғалімдіктен таза безуге айналып едім, осы Гүлсімге айналған соң ғана таза шырайым ашылып, табаным тұрақтай бастады ғой...

– Байдың үйін алуға болмайды. Келімді-кетімді қонағы бар. Бір ауылдың қонағын аттандырып отырғаны жарамаған ба? Қайсың қонақ қондырып қарық қылып отырсыңдар?.. Ал, мектепті басқа ауылға көшіреміз десеңдер, онда менімен қош айтысасыңдар. Мен қыс ішінде артынып-тартынып көшіп жүре алмаймын. Және мен мектеп мұғалімі болсам менен рұқсатсыз мектепті көшіре де алмайсыңдар! – деп ашумен қысқа кесіп айттым.

– Қожық бірдеме деп міңгірледі. Былайғылары жалтақтап біріне-бірі қарады. Уа, құдай, қашанғыдан бұрын өлтіріп-ақ болды ғой. Не де болса қолымда дәурен тұрғанда, беттерін тырнап өлейін деп отырмын...

* * *

... Жайнаған жаз, бәйшешегі құлпырып, бұлбұлы сайрап, жанды жеген жараны емдеп жазатын жаз! Сарқыраған сай, күркіреген өзен, желкілдеген көк көңілдің қошын келтіріп тұр. Бір жетіден бері өзім бір жасап қалдым.

Қырсықтан құтылдым, қара сирақ балаларды таратып қоя бердім. Ауылға жүріп кеткендей-ақпын, Гүлсім қимайды.

– Ертең жүрерсің, бүгінше қонсайшы, – деп жабысып, ішібауырымды елжіретеді. Өзіне ашық сөйлесіп көрсем бе екен, болса-болмаса менімен араласты ғой, қатының бар деп кемітпесе, тисе таза өзін алар едім. Үш қатын алған қазақ аз ба. Заңын көріп алармыз, ауылнай мен болысқа бір-екі айымның жалонасын берсем, үні өшпей ме?!. Тоқта, келе жатыр, Гүлсім ғой... қалқамды ақтық рет бір құшақтап сүйейінші...

* * *

... Қыстайғы жалонамды жиып әкеліп едім, әкем қуанып қалды. 180 сом ақшаны бір қолдан берген соң аз емес қой. Ақшаны

ойыншық көретін баяғы дәурен қайда. Ойбай-ау, жындылық екен-ау, осы әкем штатта болыс боламын деп партия жиып, 10 мың шашқан ғой.

– Болыс болып алған соң мен де шығынымды өндіре білдім, жылға толмай екі есе болып, пұлым орнына түсті, – деп әкем осы күнге дейін жыр қылып отырады. Ол бір тасқан заман ғой. Осы күні әкемнің теңге түгіл тиынға зар болатын кезі көп...

Бүгін екі қатынның екеуін де сілейте ұрдым.

– Алты айғы қыс бір келіп кетуді білмедің, – деп екеуі бірдей бұрқылдайды. Онысына ашуланбас едім-ау, бұрын екеуі ызғысып бірін-бірі шандумен отырушы еді, келгеннен бері байқасам ым-жымдары бірігіп қалыпты. Менің көзімді алып сыбырласып сөйлесуден де тайынатын емес. Оңбағандар, күндер, менің көзіме шөп салып көрсін, әкелерін танытып қояйын!..

* * *

... Әй, ойбай-ау, мына қырсыққа не шара? Масқара болып шынымен сол көрсіңе бармақшымын ба? Көріс дегенді қайдан шығарады екен? Жалонжамды беріп тұрса оқытпады деп біз өкпелемейміз ғой Басқаны білмеймін, мен өзім анығы өкпелемеймін. Бармай болмас, «бармаған адам жалонжасынан айрылады» депті ғой. Қыстай азап шеккендегі ойым осы жазғы айдың жалонжасын текке жеу еді. Оны да дұрыстықпен бойға сіңірмейін дегені ғой... Құрысын, амалын тапсам, бірдеме деп құтылармын, мен енді кеттім...

* * *

... Газет! Міне тағы бір сор! Ақша үшін сорлап жүргеніңмен жұмысы да жоқ, газетке жазыл деп жанымды жағамнан алды. Әкем кедей еді, үй ішіме қарасып тұрмын десем:

– Алдымен кедейдің алып оқуы керек. Үкімет кедей, жұмыскердікі. Үкімет баспасөзімен елді таныстыру мұғалімдердің міндеті, – дейді.

Аузы-аузына жұқпайтын бір батшағар екен, мен бір ауыз сөз айтсам он ауыз қылып жауап береді:

– Мұғалімдік міндетіңізді шын атқарғыңыз келсе, баспасөзден қашпаңыз. Мұғалімнің баспасөзсіз күні жоқ. Газет, журнал оқымаса, баспасөзбен ел кедейлерінің күнделікті жұмыстарына басшылық қылып отырмаса, мұғалім болғандығы қайсы?! – деп өзімді айналдырып, қазбалап барады. Құрысын, шиі шығып кетіп жүрер деп сасқанымнан ақшасын бере қойдым... Тегінде осы мұғалімдік маған қол болмас деп былтырғы бір ойлағаным дұрысқа шығар ма екен?!

* * *

... Мұғалімдер бас қосып, көңіл көтерейік деп айтады деген соң мен де қосылдым. Екі қабат қызыл үйдің астындағысына барып кірдік. Үстелдің үстін шыны қаптап кетті... Қалаға бұрын көп араласпаған соң ішімдіктің жайын білмеймін ғой, басында қызығып ішіп отырып, арт жағынан өзімді өзім тоқтата алмадым. Көп сөйлесем керек, не айтып, не қойғанымды онша біле қоймаймын. Масқара қылып бар сырымды ашып тастаған болмасам жарар еді... Жаңа ана бір қара бұжыр бақа мұғалімді көріп едім, маған қарап күліп:

– Сенің әлі қос қатының бар-ау, – дейді. Оны қайдан есіттің десем:

– Түнеу күні ішіп отырғанда өзің айтқансың, – дейді.

Тегінде бүлдірген болармын деймін. Жалғыз ол емес, қай жағынан болса да бүлінген шығармын. Бір айлық жалонжамды сол күні алып едім, одан бір тиын қалмастан бітіпті. Естің таза кеткені ғой, көзі тұздай жұп-жуан бір әйелді құшақтап сүйе бергенімді білемін. Бақа мұғалім сол әйелден ауру жұқтырып алдым деп бүгін жүгіріп дәрігер іздеп жүр. Маған жұққан болса жатып қарататын да жай жоқ. Не де болса елге барып көрем де...

... Газет! Түбіме жеттің газет. Ақша бермей қиқаң шығарғанымда осы сойқанынды жаным сезген екен ғой... Батыр-ау, осының бәрінің анығын бұларға кім айтып берді екен?... Мынаны қарашы, бұлжытпастан жазып қойыпты:

«... Әкесі он бес жыл болыс болған, елдің қанын сүліктей сорған жалмауыз... өз күні үшін, ақша үшін мұғалім болып жүр. Бір өзінің уыздай жас екі қатыны бар. Кеңес мектебінде отырып, бала тәрбиелеуге лайықты адам емес. Мұғалім қатарынан қуылу керек!..»

Мә, саған керек болса!.. Өзімді боқтап жазғанымен қоймай, таза қаңғыртудың да жабдығын қарастырыпты... Жазушысы кім болды екен? «Тілші» деп қоя салыпты. Мұны енді қайтем? Тоқта, былай істеу керек болар: «Тілшінікі өтірік. Кедейдің баласымын, кеңес үкіметін жан-тәніммен сүйем...» деп өзімді ақтап жауап жазайын. Сонсоң өтініш хат жазып, мені де тілшілікке ал дейін, мені қаралап жазған тілшінің кім екенін білдір дейін...

* * *

... Құрысын, мұғалімдіктен шығарып тастады. Екі қатын алдың деп сотқа тартып отыр. Сол шақыру қағазын: «Сейіт Таңатаров» деп жазыпты, «Құдайқұловты» іске алғысыз қыпты. Заң білуші еді деп Серкеге жолығып едім:

– Менің баяғы следователь болып жүргендегі заң өзгерме-

ген болса, онда былай еді: екінші қатын алу үшін әуелгі қатынын айыру керек еді. Әуелгі қатынын айырғанға ауылнай болыстан қағаз болса, сот еш нәрсе істей алмайды, сен де осыны істеп көр. Ал, өзгеріп кеткен болса, оншасын мен білмеймін, – деді.

Ауылнай болыс қағазды тегін бере қоя ма, амал жоқ, шығынына көндім, бас қалса болады да, мен де соны істеп көрейін...

* * *

... Түрмедемін. Аға да осында жатыр екен. Мен үстіне келдім. Аз күнгі көрген қызық түс сияқты болып бұлдырға айналды. Алдымда қандай күннің барын білмеймін. Тегінде мықты қатем мұғалім болғандықтан ғой деймін. Ақшаға қызығып қолымнан келмейтін нәрсеге бас сұғуым керек емес еді. Қайта сот адамдары әділ екен, былтырдан бергі үкіметтен алған ақшаңды қайтарасың деп айтар ма екен деп састым..

Есіл бақ ұшты. Екі қатын бетімен кетті. Әлдекімді құшақтап жатыр екен? Гүлсім қайда екен? Уай, дәурен, өттің, кеттің, қайтейін!..

1928.

ШАПАЙДЫҢ ХАТЫ

... Көптен сақтаулы сыр еді. Ескірген бір жыл еді. Ел талқысына салып, әлеумет сынына берейін десем де, кезі келмей жүр еді. Бүгін Толқынай бәйбішенің қарғысын естіген соң, сыр ақтарылғалы отыр, жыр төгілгелі отыр...

Қатынға шай қойдырып, жамаулы кеседен ыстық шайды ұрттай отырып хатымды жазуға кірістім...

Толқынай бәйбіше қарғап жатыр деп бала-шаға шулап жүр. Қарғыс жақсы нәрсе емес, «жүйелі қарғыс жүйесін табар, жүйесіз қарғыс иесін табар» деген үлкендердің нақылы бар. Толқынайдың қарғысы қандай қарғыс, бала-шағалардың көбі білмей аптығып жүруі де мүмкін-ау... Қайдан білсін, онда дүние екінші түрде еді. Онда бұл күнгі бала-шағалардың көбі туған да жоқ еді...

Біз не көрмедік! Тоқберлі баймен түйдей құрдаспын. Тоқберлімен жасымда бірге ойнап өстім. Бері келген соң мырза болып атқа мінді де, мен жалаң аяқ қойдың соңына түстім. Сол Тоқберлінің қойшысы болдым, соған міне биыл елу жыл болған екен. Жасым биыл алпыс бесте. Елу жылдық малайлық өмірдің жиырма жылы қой бағумен өтті. Қалған өмірде жылқышы болдым. Биыл мені шығарып жіберді. Шығарғанда, мені

жұмысқа жарамайсың, «шалсың» деп шығарған жоқ. «Малай көп болса, бай деп атайды» деп үкіметтен қаймығып шығарды.

... Көктемнің кезі еді. Түс әлетінде жылқыдан келіп, су болған киімдерімді жайып кептіріп жатыр едім. Байдың үйіне орысша киінген бір жас жігіт келіп түсе қалды. Тамағы бар үйге кім келді, кім кетті дерің бар ма, толып жатқан жүргіншінің бірі шығар деп онша назарымды сала қоймап едім, бір кезде байдың немересі жаныма жетіп келіп:

– Жылқышы, сені үйдегі кісі шақырады, – деді.

Орысша киінген адам шақырған соң әдепкі кезде сескеніп те кеттім. Былтыр Ермағамбеттің дауында өтірік куә болам деп бір жеті отырып шыққаным да бар еді. Кемпірім есітіп, о да үрпиіп тұр екен.

– Құрысын, пәлесіне қаларсың, барма! – деп ол сорлы баж ете түсті.

Шақырған соң бармай қиын ғой деп орнымнан тұрып жүре беріп едім, Тоқберлі бай таяғын ұстап қарсы келе жатыр екен. Қабағы шытыңқы, бір нәрсеге қапа болған адам секілді. Маған тесе қарады да:

– Сен білесің бе, төре неге шақырып отыр, – деді.

– Білмеймін, – деп шынымды айттым.

– Ендеше бұл төре малайларды жазып жүрген көрінеді. Жазып не қылатынын білмеймін, менен «малайың қанша?» деп сұрап еді, қойшы-қоландарды жаздырғаным жоқ; замандас еді, жасы қартайғанда бір нәрсеге кіріптар болып жүрмесін деп ойладым, – деді.

Мен байдың мұнысына риза болып кеттім.

– Төре сұраса, «малай емеспін, баймен бірге өсіп келемін, еншілеспін» деп айт, – деді бай.

«Еншілеспін» деп айт дегені маған жат болды: бір суыртпақ тегін алып пайдалана алмаймыз, сөйтіп отырып еншілестік бола ма?

Төре жас қана жігіт екен. Қағаз салған кенеп дорбасы бар. Байдың ақ жастығын шынтақтап, төр алдында шалқасынан жатыр. Мені көрген соң бұрылып қарады.

– Сіз кім боласыз? – деді.

– Шапай Сандықбаевпын, – дедім.

– Малайсыз ба? – деді.

– Жоқ, – дедім. «Еншілеспін» деген сөзді айтуға аузым бармай-ақ қойғаны.

Жұмсақ жігіт екен, екшелеп сұраған жоқ.

– Жүре беріңіз! – деп иегін көтерді де қойды...

Бұл бұрнағы жыл еді. Содан былай менде аздап өзгеріс бола бастаған секілденді. «Еншілес!» деген сөз көз алдымнан елестеп кетпейтін болды.

«Еншілес» қазақ сөзі. «Еншілестің» мағынасы – бірнеше адамның еңбегімен жиналған мал-мүлікті сол еңбек сіңірген адамдардың бөліп алуы. Олай болса байдың сөзінің жаны бар. Тоқберлінің малына менің еңбегім аз сіңген жоқ. Еңбектің бәрі біз сияқты малайлардікі. Елу жыл ұдайымен есігінде жүрген екем. Қатыным бір жағынан малын сауып, күлін шығарады. Сөйтіп жүріп екеуіміз де бүтін киім кигеніміз жоқ, я тойып ас ішкеніміз жоқ. Елу жылғы еңбек қайда? «Еңбектенсең емерсің» деген бұрынғының сөзінің бекерге шыққаны ма?.. Тоқберліде еншім бар деген қиялға мен имандай ұйыдым. Қашан да болса бір алармын деген тілек пайда болды.

... Қыс еді, сақылдаған аяз. Жер үйіміз отынсыздықтан жүдеп, іші қарауытып кетті. Оның үстіне қартайған сайын өзімді ыңқыл-сыңқыл айналдыратын болды. Суық ұстаса ауырам да қалам. Ойқой, жастық-ай, өтіп кеттің-ау. Күн құлақтанып шаңдатқан аяздарда, арқадан тер бұрқырап жылқыға талай тебін ашып беріп едім. Онда ауру дегенді кім білген...

– Отын азайып қалды деп бәйбіше отын бермей жіберді, – деп кемпірім үйге кейіп кірді.

Күн ұзаққа байдың малын қарап шаршап келген адамда не күй болсын. Оның үстіне бой жадырап жіпсімеген соң, құрысып терім тарылып отыр еді, бәйбішенің отын бермеген хабары маған мылтықтай тиді.

– Сөзінің керегі жоқ, ол отында менің де еншім бар, құшақтап әкел де жақ! – деп кемпіріме ақырдым.

«Енші» деген сөзге кемпірім түсіне қойсын ба, әрі бәйбішенің ызғары өтіп қалған ғой, беттемеді. Ашумен өзім кеттім. Мая жондап үйген тезектің бір жағын опыра құлатып бір тастап едім. Құшақтауға келгенде тайсақтай бердім. Біреудің нәрсесіне қол сұққан секілді болдым. Жеңіл қолтық отын әкеліп үйді жылытқыздым. Кемпірім жаққан құрлы жаны шығып, безек болды...

Ертеңіне, сәске кезінде сиырдың қорасын тазалап жүр едім, кішкене баласын жіберіп бәйбіше шақырып алды. Төрт қабат көрпенің үстінде дөңбектей болып отыр екен. Ашуланғанда бетінің тыржандап кететін әдеті еді, кіргеннен-ақ бетін тыржандатты.

– Алжыған қақбас! Пайғамбардың жасына келіп отырып не деп ұрлық қылдың? Баяғыдан бері дәм-тұзымды татып келесің, құдайдан, аруақтан қорықсаң қайтетін еді? – деп бәйбіше шаптығып сала берді.

– Бәйбіше, тіліңді тарта сөйле. Мен ұрлық қылғаным жоқ. Тезек алсам, ол тезекте менің де еншім бар, – деп едім, Толқынай бәйбіше көкпеңбек болып сұрланды да қалды. Ашуланғаннан сөз тауып айта алмады. Бірдеме деп былдырлап екі қолымен жерді төмпештей берді...

– Закүн үйрене бастаған көрінесің, біз заңның адамы емеспіз. Көрі адам ғой, ептеп тамағын асырасын деп жүр едім, енді өз обалың өзіңе, бар, жөніңді тап! – деді.

Елу жылдық еңбегіме Тоқберлі байдың берген ақысы осы болды...

Көрші ауылда мектеп бар еді, сондағы комсомолдар малайларға болысады-мыс деген хабарды есіткен соң, бір күні салып ұрып соған бардым. Сүйесін деген мұғалімі бар екен. Жас баланың оңдысын сонда көрдім. «Атекелеп» іші-бауырымнан өтті. Мұңымды бастан-аяқ айтқызып отырып жазып алды.

– Сіз жүре беріңіз, сотқа да берем, газетке де берем, – деп өз үстіне алды. Бірер айдан кейін мен туралы газет шықты деп естідім, бірақ сот жағынан әлі билік алған емеспін. Неше рет шақырса да Тоқберлі бір барған емес. Мен қысқы аязға қарамай салпақтап дуанға үш рет бардым. Әй, ауылнай-ай, оңбассың-ай, әкең Тыржық байға құйыршық болам деп жүріп өліп еді, сен де соның жолын құдың. Сап-сау отырған Тоқберліні ауру деп қағаз қайтарып, менің жүйкемді құрытады да қояды...

Ия... бұл ұзақ жылдың бір ғана саласы болған, кеңес үкіметі орнағаннан бергі жердегілер ғой. Одан арғыларды айтсам, айтпақ түгіл ойласам, ұйқымнан шошып оянғандай болдым. Жалғыз мен емес. Тоқберлінің есігінде мен секілділердің талайы тұрды. Соның қайсысы игілік көріп шықты дейсің, бәрі де көзінің жасын көл қылып, жүйкесі құрып жөнелетін...

Толқынай бәйбіше отының басын төпеп, қарғысты жаудырып жатыр дейді. Себебі не?

Себебі – байдың малы алынсын! – деп үкімет заң шығарыпты. Алынған мал кедейлерге бөлініп берілсін депті. Әділ заңды шығарған үкіметтен айналсаң болмас па!..

Толқынай сілкінді. Үкіметті бір қарғаса, елдің кедейін екі қарғайды. Бірақ дұрысына қалса, қарғайтын не жөні бар? Кедей алса, еншісін алады! Мен алсам – еңбегімді алам! Осы ауылда оннан аса үй кедей бар. Соның ішінде Тоқберлінің жұмысын істеспегені жоқ. Соның бәріне де еңбегі төленіп көрген жоқ еді. «Борыш көркі төлеуде» деген ғой, төленбеген еңбектер жиылып-төгіліп енді төленгелі жатыр...

Мейлі, қарғай берсін, Толқынай қарғады екен деп, еңбегімізді алмай тұра алмаспыз. Баяғыдан бергі шалқып, шаптыққаны да жетер. Дүние кезек деген, біреуге әзірлеген орына өзі де түсіп көрсін...

... Мен хатымды аяқтаймын. Жұмыс басталды. Ендігі күшті елді үгіттеуге, түсіндіруге, бала-шағаларды даурықтырмауға салсақ деймін...

1928.

АЛҒАШҚЫ САБАҚ

– Әй, қоясың ба, – деп Мінайдар басын көтеріп алды. – Жетті ғой... Кісіні орынсыз күйдіресің?!

– Мен бірдеме айтсам күйесің де қаласың-ау, – деп қатыны Маржанкүл, ашулы қарқыны басыла түсіп, күмілжіп сөйледі.

Маржанкүл бәсеңдеген соң Мінайдар да кенет келген ашуды ыдыратып, сұрланған бетіне аздап қан жүгіргендей болып, тікірейген көзін Маржанкүлден аударды. Кішкене үндемей отырды да, ашуының тарқай бастағанын білдіргісі келген адамдай:

– Кісі тіліне көп ересің, соныңа ашуым келеді. Болмаса ұрыс шығаратын осында не бар? Жалғыз мен бе, жұрттың бәрі де барып жатыр, – деді.

Соңғы сөзді айтқанда Мінайдардың ашуы түгел тарап, қалыпты күйіне келіп еді. Маржанкүл осы қалпын сезгендей болып, о да бұрынғыдан жұмсара түсіп:

– Жұрттың бәрінің де барып жатқаны рас-ау, оның үшін ашуланбаймын ғой... Менің қытығыма тиетіні Сары шешейдің үйіне жиылатындарың, басқа үй құрып қалғандай соның үйіне жиналуын қарасайшы?.. Осы бар ғой, ойласам ішім от болып жанып кетеді. Сары шешей айтады дейді: «Қожалық өзімнің әмеңгерім. Қожалық тірі тұрғанда кетіктің басқасына мойын бұра алман» деп айтады, – дейді. Сен үйіне барған соң екі көзін сенен айырмай қарайды да отырады ғой... Соның үшін күйемін, – деп Маржанкүл, жүнін түтіп отырып, Мінайдарға шын сырын айтты.

Мінайдар шынтақтап жатқан күйі, кеңкілдеп күлді. Кетік тісінен тілі жылмандап шығып тұрды.

– Ит-ау, кеше ұрысқанда сақалың сапсиып не бетіңмен барасың деген жоқ па едің? Енді бүгін екінші түрлі ғып үлгіртіпсің ғой...

– Оны айтқаным да рас еді. Кеше атам үйінен от алайыншы деп барсам, бірсыпыра кісілер жиналып, сөйлеп отыр екен; ептеп құлағымды салсам, қауқылдақ үйіндегі қайнаға күліп: «Мінайдардың нағыз оқитын кезі ғой, тісі жаңа түсіп жүр» дейді. Соны есіткенде мүлде күйіп кетіп едім, – деп, Маржанкүл бұ жолы күле сөйледі.

Манағыдай емес, екеуі де ашуларын тастап, жадырап сөйлесуге айналды. Шаруашылықтарын да сөз қып қойды: жаздай жұмысқа жегілген жалғыз аттың ыңыршағы айналып, жегуден қалғанын, жалғыз бұзауға айырбастап алған қоңыр тоқтының салмалық етінің біткенін айтысты; Маржанкүл ұнның біткенін, шайының соңын бүгін қағып салғанын айтты. Мінайдар ертеңіне қалаға бармақшы болды.

– Оқуынды қайтесің?

– Ойбай-ау, сол бар екен ғой, бәсе, қайтем? – деп Мінайдар Маржанкүлге қарады.

– Сен қалаға барып келгенше сенің орныңа мен оқи тұрамын, – деп Маржанкүл жымыңдады.

– Сені оқытпайды ғой.

– Неге?

– Әйелдерді бөлек оқытатын көрінеді.

– Әйел деп бөлектей беретіндері несі екен? Бірге оқыта берсе бірдемесін жей ме екеміз? Әлі күнге кемітулері қалмайды, – деп Маржанкүл назаланғандай болып сөйледі.

Мінайдар тағы кеңкілдеп күлді:

– «Слабода» есіңе түсті ме, «слабоданың» да орны бар шығар, шырағым, «слабода» болғанда әйелдер бетімен кете берсін демейтін шығар.

– Бетімен кеткені несі, оқығанда бетімен кете ме екен. Ондай болса сенің де оқымауың керек қой.

– Біз еркекпіз.

– Әйелдің жазығы не?

– Әйелдің жазығы әйелдігі. Әйелді құдай о басында кем жаратқан. Еркекпен бірдей болам деу адасқандық.

– Қой, шырағым, мұны өз ойыңмен айтып отырсың. Былтырғы сайлауға келетін көзілдірікті «төре» не айтып еді, есіңде бар ма?

– Не айтып еді?

– Әйелдер еркекпен тең адам деген; әйелдер жұмысты еркекпен бірдей істесін деген.

– Жұмысты бірдей істеу ме... жазды күні бел орақпен шөп шапқанда, менің шапқанымды тырмамен жиып үлгіре алмайтынынды білемісің?

– Күшіңді айтып мақтанбай-ақ қойшы, еркектердің күшті екенін білеміз... Төренің ондағы айтқаны – еркектермен бірге әйелдер де ауылнай болып басқара алады деген.

– Бәрекелде, ауылнай болсандар қиратарсыңдар.

– Несі бар, жаман Несіпбай құрлы істей алмас дейсің бе, аузынан сөзі түсіп былжырап жүргеніне қарамай, о да ауылнай болып жүр ғой...

– Жарайды, алдағы сайлауда сені ауылнай қоямын. Әзірге тұр, шай қойшы, – деп Мінайдар керіліп барып керегесіне басын тіреді. Маржанкүл түтіп отырған жүнін жиып, қазан пештің алдына барды. Қозға көміп қойған шоқты шыпшамен қазып, жайнатып шығарып, тамызық салып үргіштеп жандырды, үрудің екпініне шыдамаған майда күл бұрқырап, үйдің төбесіне көтерілді.

Мінайдар жатқан күйі терезеге қол созып, көк тысты бір кітапты қолына алды. Бұл – «Бірінші кластың оқу құралы» еді. Сауатсыздарды оқыту үшін ауданнан мұғалім келіп, мектепті осы ауылдан ашқан. Мінайдар да кірген. Жасы отыз төртте. Күре тісінің екеуі қатарынан түсіп, сөйлегенде тілі жылмаңдап көрініп тұрады. Мінайдар оқуға жазылғанда құрбылары қалжыңдап:

– Нағыз оқитын кезің, тісің жаңа түсіп жүр ғой, – деп тәлкектеп еді.

Мінайдар олардың тәлкегін елеген жоқ. Маржанкүлдің қарсылығын да жойып келеді. Оның есі-дерті хат тану, қол қоя білу.

– Қайтейін, обалым әкеме болсын! Жасымда оқытқан болса, жұрт қатарлы мен де қағаз шұқып отырар едім! – деп талай арман қылғаны бар-ды.

Мінайдар кітаптың бірінші бетін ашып жіберіп, сабағына көз салды. Бадырайып тұрған әріптер. Қарасын жеке-жеке таниды. Бірақ, қосып оқу жағына шорқақ. Әйтсе де азаптанып бірінші бетте жазылғанды сүрініп-қабынып оқып шығуға жараған еді. Кітапты қолына алысымен бастап тағы кірісті. Алдымен жеке әріптерді айналдырды. «Аз» деген сөзді қосып даусын созып айта бергенде, қазан пештің аузында отырған Маржанкүл жалт қарап:

– Нені айтасың, отқа салған тамызығым ба? – деп еді.

– Өй, құрып қал! – деп жымыңдап, Мінайдар аунап түсіп жатты.

* * *

... Мінайдардың күндегі әдеті – кешкі шайды ішіп болған соң көк кітапты қолға алады. Шамның жарығына төне түсіп, жымыңдап жатып оқуға кіріседі. Оқуды бастағанына екі айдан асып кеткен. Әріптің бәрін де таниды. Бірақ бадырайтып ірі жазған жазу болмаса, жыбырқай жазған жазуды айыра алмай, малтығып қалады...

Маржанкүл шыныаяқ, самауырды жинап болып, күндегі қалпымен Мінайдардың жанына келді. Мінайдар кітаптың үстіне қағазын салып, өткен өмірінде күрек ұстаумен секиген қолын қалам ұстауға еріксіз көндіріп, баданадай қып шимайды салып жатыр еді.

– Мұның не? Тағы да өз атың ба жазып жатқаның?

– Бұл «Мінайдар Досақаев» деген сөз болады, – деп Мінайдар жымың етті.

- Атамның аты қайсы?

– Мынау төменгісі...

Маржанкүл үңіліп қарап отырды да:

– Менің атымды жазшы, қандай болады екен, көрейін, – деді.

Мінайдар арбандатып Маржанкүлдің атын жазды. «Маржанкүл» деген жалғыз ауыз сөз қағазының бірсыпыра жерін алып кетті.

– Қаламыңды әкелші, мен жаза алар ма екем, – деп Маржанкүл Мінайдардың қолынан қаламды алды. Мінайдармен қатарласа етпетінен жатып, өз атын жазып көрмекші болды.

– Өй, «м»-ның шоқпарын тым үлкен қып жібердің...

– Қойшы, сенікі де сондай ғой, – деп қызаранда п, Маржанкүл мойнына алмады.

Қатарласа жатқан соң бірінің беті біріне тиді. Мінайдар демін жақындата түсіп Маржанкүлдің бетінен сүйіп алды.

– Әне, бұл енді сөйтеді... Бірдеме істеп жатқанда айналдырмай-ақ қойсаң қайтеді екен? – деп Маржанкүл жымындады.

... Түннің едәуір уақыты өткен. Ауылдың бәрі де шамдарын сөндіріп, қалың ұйқыға кіріп жатыр. Жалғыз-ақ Мінайдардың үйінің шамы сөнген жоқ. Маржанкүл екеуі көк кітап пен қарындашты кезек ұстап, бір әріп болса да танығанша құмар болып жатыр. Көк кітаптың ішіндегі баданадай әріптер қазақ елінің қараңғы түкпірінен оқушы тапқанына мәз болып, жымындап күліп тұрған секілді...

1928.

САРЫ АЛА ТОН

I

Күн түнеріп, тұлданып, шарасына сыймай тұрған тәрізді... Даланың өңі қашып, құрап, семіп бара жатқан сияқты. Тұман ба, буылдыр ма – ел үстін басып, жыбырқайланған қара бұлдырбұлдыр көрсетеді, бұлдыраған қалың топ, кең алқаптың о шеті мен бұ шеті иін тіресіп тұр. «Бұл не – мал ма? Адам ба?» Топ жыбыр етті. Үйірден қуылып шыққан саяқ ат құсап бірен-сарандаған қара топтан жырылып шығып қуылып жатыр. «Апырым-ай, бұл не болды екен?» деп Шермек атын қамшылай түсіп, Кенжебайдың шоқысын бетіне ала келе жатты.

Дүр ете қалды. Сатыр-сұтыр найзағай ойнаған тәрізденді. Топ теңселіп, толқып, үн шығарды: топтың үні әлемді жаңғыртып, аспанда шыңылдап, құлақты жарып бара жатқан сияқтанды. Шермек атының басын тежеп тоқтала түсті. Жүрегі қобалжып, денені қорқу билеп қалтыратты. Аспан төніп төбесінен

басып қалатын сияқтанды. Айқайлайын деп еді, үні шықпады... Аты бір нәрседен белең алып, жалт бергенде, Шермектің ебедейсіз тақымы қолбаң етіп, ер-тоқымды құшақтай аттан қалпақтай ұшқан секілді болды...

– Ұстадық, ұстадық!..

Ұнамсыз дауысқа Шермек шошынып басын көтеріп алса, әлем жүзін қара түнек басып тұрған сықылды болды. Буыны қалтырап, тынысы бітіп, жан алқымға келіп қалыпты... Темір сияқтанған қатты саусақ оң жақ білегінен қапсыра ұстаған екен, кесіп тастамаса айрылар емес... Ызғарлы ашу, уытты кек маңын түгел қоршап алғандай...

– Апырмау, кісісіңдер, аясаңдаршы?!.

– Әкеңбіз!.. Танытармыз!.. – деген ашулы дауыстар шаңқ етіп, құлақ тұндырғандай болды...

Әлдеқайда: алыста ма, әлде, мына қыбырлаған қалың топтың аяғының астында ма – ыңырсыған дауыс естілген секілденді. Таныс дауыс! Бұл дауыс – Шермектің құлағына тиісімен бойын тітіркендіріп, жүрегін тіліп жібергендей болды. Абайлап қараса әкесі Сейпен! Қалың топтың аяғының астында қарны теңірейіп, үйілген оба құсап жатыр.

– Шермекжан, мен адамдықтан қалдым ғой! Қарным жарылып қалды, қарнымды тіліп кетті, – дейді әкесі.

Жан ұшырып Шермек әкесіне қарай ұмтыла берем дегенде, маңдайының алдын ала сілтеген қылыш жарқ етті... Шермек сескеніп кетіп, басын кейін қарай тартып қалам дегенде, желкесі бір нәрсеге тарс еткендей болды.

– Ойбай! – деді.

II

... Бұл Шермектің түсі болып шықты. Ойбайлаған өз даусынан өзі шошып оянды. Басы жастықтан асып, кроватьтың теміріне барып соққан екен, шекесі зыңылдап, қызып бара жатқан сияқтанды.

Үй қараңғы. Терезе болар-болмас қана бозарып көрінеді. Өзінің бөлмесінде кроваттың үстінде жатыр. Тұла бойы аққан тер. Денесі қирап қалған секілді. Аунап түсіп жатайын деп қозғалып еді, кроваты шақыр-шұқыр етті. Қалтырауы басылған жүрек бұрынғыдан да бетер тітіреп сала береді.

Бірсыпыра уақытқа шейін Шермек аң-таң болып жатыр, бір кезде есін жинады. Көрген түсін ойлады. Болған уақиғаны көз алдынан өткізді: ойлаған сайын ол өрісі тарылып, белгісіз бір қара бұлт бүркеуге дайын тұрған тәрізді... Мұндай қысыламын, дағдарысқа ұшырап, басын тау мен тасқа ұрамын деп Шермек

ойына алған емес. Шермек – «Бақыттан бақытты» көкседі. «Бақытты адам жалғыз өзіммін!» деп жүрді...

Бұдан бірер күн бұрын осы кровать, мына екі терезелі сырлы бөлме Шермекке жұмақ сияқтанып көрініп еді. Шермек төсегінде маужырап жатып, өткен өмірді бір шолып еді. Сонда азды-көпті көрген өмірінің ішінде қабақ шытарлық қара күнді кездестірген емес: анасынан шырылдап жерге түскелі үлде мен бүлдеге оранып, төрт жағы құбыла болумен келді. Аталы тұқымның, дәулетті байдың баласы болды. Малдың күшімен орыстың ірі мектептерінде оқып, қынама киім киді, жылтырауық түйме тақты. Өзгеріс болды. Шермектің «бақыты» онда да тайған жоқ, онда да үдей түсті: ұр да жық ұлтшылдардың бірі болып шыға келді. Қайда барса да орны дайын, беті қайтып көрген емес... Кеңес үкіметі орнаған кезде «Шермек бөсендеді» деп жұрт өсек тарата бастап еді, ол өсектен де құтылады: бұқпантайлап жүріп кеңес жұмысына араласып, әлдекімдердің қолтықтауымен жасырынып партия қатарына да кіріп алды... Сол бетімен әлі келеді. Құбылмалығы ескен желдей: біресе оңнан, біресе солдан шығады, «бойына шыр жұқтырмауға келгенде Шермектен шебер адам жоқ» деп, бірге жүрген жолдастарының күндейтіндері де бар.

Бүгін Шермек жынынан айрылған бақсы сияқты. Күлімдеген көзін қара бұлт қаптаған сияқты. Асқындаған ырысын, аспандаған бақытын әлдекім келіп жоққа шығарып, күлін көкке ұшырған сияқты... Күні кешегі тәтті төсек, жұмақ сияқты көрінген көк мәнерлі бөлме – бүгін аждаһа сияқтанып аузын ашып, обып қоятындай болып тұр... Кеше – түнгі өмірінің таңындай болған, ләззәтті шырын балдай болған қара көзді майысқан сұлу, бүгін – бұрқылдап қайнаған ой қазанында қуыршақ сияқтанып бұлдырайды... Өмірінде селт етпеген жүрегі қобалжып қалтырап, алқымына кесек тығылғандай қылғындырып, тынысын тарылтып тұр.

«Апырмау, қайтем? Қалай құтқарам?!» деп Шермек тістеніп, бұлдырлаған ойын бір жерге жиып қорыта алмай бірсыпыра уақыт жатты.

– Болмас, енді өлместі қамдау керек! Тар кезең келді: жолды да, заңды да, абыройды да өзіріне жиып қоя тұрып, құтқарудың шарасын істеу керек!

Шермектің басындағы мың құбылған ой осымен түйілді. Кроватынан секіріп түсіп, үстелінің үстіндегі электр шамды жаққанда, Шермектің басында жоғарғы ой шыңылдап қайнап тұрды, әлдекімдерге, әлденелерге ызасы келіп, бойды ашу кернегендей болды. Көзі сықсиып, езуі қисайып, ауызы жыбыржыбыр етті. Біресе өкпелеген бала секілденіп, қаймақшыған

жұқа ерні түртие қалды. Орындыққа отырып қаламды қолға ұстағанда жазуға ойлаған ойы тасыған судай тасқындап келіп қалды. Қағазының жоғарғы жағына «Әке» деген сөзді жазып астын сызып қойды да, ар жағын түйдектетіп соза берді.

Екінді әлетінде, Тасыбай шоқысынан асып, өзендегі елге бет алып үш салт атты келе жатты.

Ылдида, өзеннің кемерінде қалың ауыл көрінеді: қатарлай тіккен киіз үйлер, көлбей ұшқан көк түтін, жыбырлаған мал, аңдаған адам.

Өріскей бет қара құрттай қаптаған мал! Адырдан шұбап түсіп сиыр келе жатыр; жер қайыстырып жайылған мыңдаған қой жатыр; тай-құлыны еркелеген балаша ойнақтап, ауылдың үстін шаңмен бүркеп, жауға аттанған қалың әскердің қосынындай болып, өзеннен су ішіп шыққан жылқы, үйір-үйір болып топтанып қабаққа қарай беттеп жайылып барады. Екі жылқышы, қайың құрығын сүйретіп, бас білмейтін асау байталдарды қылжақтатып, бытырап жайылған бірен-саран саяқтарды қуып алдыңғы қалыңның ішіне қосып, жылқыны иіре түсіп жүр...

– Ой, Дариға-ай, елдің көркі мал екен ғой! Жаңағы Әлімбайдың ауылы, баяғы толықсып тұрған кезінде жұмақ сықылданып көрінуші еді, енді, мал кеткен соң қыңырланып, ыпындары кетіп-ақ қалыпты, – деп, қырдан құлап келе жатқан салт аттының оң жақ шеткісі, қырықпа сақалды қара кісі басын шайқай түсіп күрсінді.

Бұл – Қожан дейтін еді. Аузының ебі бар пысық, ат арқасына мінгелі байдың қосына еріп, шашпауын көтеріп үйренген кісіңіз.

Ортада келе жатқан семіз сары бұжыр кісі – Сейпен дейтін бай. Сонау күнмен шағылысып тұрған ақ үйлер осы Сейпеннің үйі. Мына қара құрым болып өрісте жатқан малдың ішінде Сейпеннен басқаның малы кемде-кем-ақ-ау.

Сейпен, күрең жорғаны қамшылай түсіп, біразға шейін үндемей ауылдың үстіндегі жер қайыстырып жайылған малға қарауымен болды. Осы байлықты, осы салтанатты бұрын көрмей, көрсе де сезбей жүрген сияқты болды. Қараған сайын жүректе бір нәрсе топтанып, белгісіз бір қорқыныш бұлдырланып, ішті жалап бара жатқан сияқты болды.

– Әй, Қожан-ай, заман бұзылды ғой, – деп Сейпен ауыр күрсінді.

Салмақты денесін қозғаңқырап қойғанда, ауыр дененің екпініне шыдамай күрең жорға аяғын әлтек-тәлтек басып, жорғасынан жаңылып қалды. Сейпен жорғаны шаужайлап, қамшымен тартып-тартып жіберді.

– Рас айтасыз, заман бұзылды, елдің бақаны пәле. Үлкенді

сыйлау, аруақты сыйлау деген жоқ. Сіздің есігіңізде жүретін Дәуқараның баласы атқа міниіп, ел билеген соң не оңбақшымыз? «Көменеспін» дегенді шығарып алыпты. Осы Шермек те көменес емес пе? Елге келгенде, Шермек ешкімге соқтықпайақ тең құрбысымен ойнап-күліп қайтып жүр, – деп, Қожан да күрсінді.

Қожанның есіне ел түсті, елдің кедейлері, кедейдің ұйымшылдығы, қит етсе «байдың құйыршығысың, атқамінерсің» деп тап беретіндігі түсті. Бәрінен бұрын Дәуқараның баласы Сұлтан дейтін бұған мықты жау. Бірер қылмысын сезсе, тіпті қитарланып алып ерік бермейді. Бірақ, Қожан бұған шейін абыройсыз болған жоқ. Мына келе жатқан қара шал оңайлықпен жолдасын сүріндіретін шал емес: өткен жылы Қожанды пара алды деп Сұлтандар сотқа бергенде де осы қара шал қалаға бір қатынағанда зым-зия жаптырып келген. «Әй, қара шалым-ай, тірі бол!» дегендей болып, Қожан Сейпенге қарап қойды. Сейпен далбайды баса киіп екі ұрты салынып, ауыр ойға шомумен келе жатыр еді.

Адырдың бауырын бөктерлей жүріп отырып, бұлар шұбап бара жатқан топ жылқының соңғы жағынан соқты. Сейпен жылқышыны шақырып алып:

– Жаным, абайла, ит-құс бар көрінеді, ұйықтамай күзет, күндіз ұйықтарсың, – деді.

– Ұйықтамай өле алмаспыз, – деп, жылқышы, түтіккен пішінді жас жігіт күңк етіп, атын борбайлай желе жөнелді.

– Мынау иттің сөзін қарашы! – деп Қожан шытынады.

– Қайтерсің, бұл да құдайдың ісі шығар, – деп, Сейпен ауылға қарай атының басын бұрды.

Сейпен үйіне келгенде, Жамал бәйбіше биенің кешкі сүтін құйдырып, емізіктеген қара сабаны Тұтқыш деген малайына пістіріп жатыр еді.

– Шермекжаннан хат келді, қауқылдақ қалаға барған екен, содан беріп жіберіпті: «Әкемнен басқаның қолына бере көрме» депті... Мә, оқышы, – деп бәйбіше қалтасынан алып хатты берді.

Сейпен, Шермектің хатын бастап оқығаннан-ақ тіксініп, сұрланып сала берді. Орта жеріне келгенде қолынан хат түсіп кетті. Безгек болған адамдай тұла бойы қалш-қалш етті. Аузы-басы жыбырлап, иегі кемсеңдеп, екі көзден ыстық жас бұршақтап ыршып ата берді.

Үй іші қара көленке. Абажадай үлкен үйдің есігінен төріне шейін сіреskен жүк: оюлап тастаған сандық, тең-тең қылып буып тастаған асыл кілем, бұйымдар. Үйдің қақ ортасында, сары ала кілемнің үстінде, екі аяғын көсіліп, екі қолымен жер тіреп, басы бүгіліп, көз жасы сақалының арасынан сорғалап Сейпен

отыр. Не болғанын, не қылып отырғанын нақ сол сағатында өзі де білген жоқ. Іші-бауыры өртеніп, от болып жанып бара жатқан сияқтанды.

– Жаным-ай, не болды? – деді Жамал бәйбіше кіріп келіп.

– Қайтесің, қатын, біттік! – деп, Сейпен солқылдап жылап жіберді.

III

Сәске түс кезінде ауылдың іші жаңа хабармен толды. Біреуден біреу есітіп, есіткенін неше саққа жүгіртті:

– Елге әтірет шығады екен дейді...

– Малы барлардың малын алады екен дейді...

– Қызы барларға налок салады екен дейді...

– Байдың үйіне Тұрсын барған екен, бәйбіше жылап: енді жау шабатын болды, қымызды ішіп қалыңдар депті...

– Қой, бекер, Жамал бәйбішенің бейілі ашылды дегенге нану қиын болар.

– Жамал өлгенде де сабасын құшақтай кетер... – деген сияқты сөздер түйдек-түйдегімен шығып жатты. Су тасыған қатындар, от басындағы кемпір-шалдар есіткендерін үлгіртіп, өздерінше жорумен болды. Бірақ бұл жорудың бәрі де үстірт, ешкім тереңге бара алмай, болашақ оқиғаның өрісінен әзір аулақ жатыр еді.

Осы ауылда әңгімеге үйірлігі жоқ адамның бірі Қуандық болушы еді, есігінің алдына қара тоқымды төсеп алып, шолақ тоны тыртысып, ұзақты күн тықылдатып ағаш шабумен отырушы еді, ал бүгін о да желікті: балтасын белдеуге қыстырып, белін құр жіппен байлап алып, бір нәрсеге әзірленген сияқтаныпты. Өткен-кеткенді қол бұлғап шақырып, «не хабар бар?» деп, соның аузына телміретінді шығарды.

Шүйкесін шынтағына іліп, ұршығын иіріп, Бәтима үйінен шығып еді:

– Әй, Бәтима, құрып қалғыр, мында келші! – деп Қуандық оны шақырды.

Қазан қырып жатқан Қуандықтың қатыны айғызданған бетін есіктен шығарып, байына ала көзімен қарады да, қайтадан жұмысына кірісті.

– Немене, мені не ғып керексініп қалдың? – деп жасының қырыққа келіп қалғанына қарамай, жас әйелдерше сызылып Бәтима бұрылды.

– Байғұс-ау, сені керексінбеген күнім бар ма еді? – деді Қуандық, өзінше құлық істеген боп, Бәтиманы көңілдендіріп содан тіл тартпақ болды.

– Әбден... Сенікі құр тіл ғой...

– Байдың үйіне барып қайттың ғой, бәйбіше не айтады?

– Бәйбіше жылап отыр, екі көзі былаудай ісік. Мен барып отырып едім, бұрынғыдай жиырылған жоқ, сабасын бірер толғады да, үлкен қара аяқты толтырып қымыз құйып берді.

– Қымызын қоя тұршы, не айтады, сұрадың ба? – деп, Қуандық жақындай түсті.

– Өзі айтпаған соң, сұрауға батпадым, аяқтағы қымызымды ішіп болып едім, «тағы құйып берейін» деп сабасына жармасты. Мана бір торта жеп, шөлдеген соң, шалап істеп ішіп едім, сол құрып қалғыр жүрегімді алып іше алмағаным... Жер ошақтың басында жылқышының қатыны Несібелі отыр екен, бәйбіше неге жылап отыр деп сонан сұрап едім, «бұларға бір тықыр таянған шығар, кешеден бері бүлініп жатыр; түнде көрші ауылдағы ақсақалдарды жиып, таң атқанша кеңесті, не айтқандарын білгенім жоқ» деді. Рас-өтірігін білмеймін, әйтеуір бірдеме бар.

– Ақсақалдарды жиып алды дейді?

– Ия.

– Ал, сосын?

– Сол...

– Ой, құрып қал, әдейі сұраған соң анығын біліп келмессің бе?

– Мен әңгіме бағып жүрмін бе, еркектер – сендер білсеңдер де жетеді ғой.

Бәтиманың сөзінен пәлендей маңыз шығаруға болмағанмен, Қуандықтың құмарын бұрынғыдан да өсірді. Сондықтан ол тыпыршып тұра алмай:

– Қой, сенен жарымаспын, Арыстанға барайын, – деп, қайың таяқты қолға ұстап, асығыс жүремін деп, көрінген нәрсеге бір сүрініп, Арыстанның үйіне келді. Арыстанның үйі толған адам екен. Арыстан есіп сөйлеп отыр.

– Оның анығы мынау, – деді Арыстан Қуандық есіктен кіргенде. – Байлардың малын алып, өздерін жер аударады.

– Апыр-ау, сұмдық қой, – деп бір жылтыр қара ыршып түсті.

– Бәсе, Жамал бәйбіше бетін тырнап жылап жатыр деп едіау, сондай бір сұмдығы бар екен ғой...

– Ау, тұра тұр, малын алғандай байлардың жазығы не? – деді, көл бақаша шермиген біреу, көзі ежірейіп.

– Жазығы барлығы: кісі еңбегімен мал жиғандық, кісінің еңбегін жегендік!

– Бәрекелде, сөз-ақ-ау, Сейпенге қайсың тегін еңбек сіңіріп едің? Маған еңбектерінді сіңіре көр деп Сейпен қайсыңды зорлап еді? – деп әлгі шермиген қарын түтіге түсті.

– Ол жағын қойшы, сол алынған малды қайтеді екен? – деп Қуандық кимелей келіп, нақ Арыстанның жанына тақалды.

– Саған берер дейсің бе, қазынаға түсіретін шығар, – деді біреу.

– Жоқ, қаталасасың, – деп Арыстан оның сөзін бөліп жіберді. – Байлардан алынған мал артельге, малсыз кедейлерге бөлініп беріледі.

– Әй, бола қояр ма екен?!

– «Не қылған батпан құйрық, тегіннен-тегін жатқан құйрық?»

– Оңайлықпен бола қоймас. Сейпен де өлмес қамын істеп жатқан көрінеді, түнде ақсақалдарды жинап, солардың қолына бірсыпыра мал сақтауға бермекші болыпты: қара қасқа айғырдың үйірін Таңатардың жылқысына апарып қосты деп жаңа жылқышысы айтып отырды. Баласы еншісін басқа дегізіп ауылнайдан куәлік алыпты. Қаладағы баласы да қарап жатқан жоқ білем, ақылын айтып хат жазып жіберіпті ғой, – деп, Шауыпкел дейтін имек тұмсық есіткенін айтып, Арыстанды тұқырта сөйледі.

Шауыпкелдің хабарын жұрт ынтыға тыңдады.

– Бәсе, солай болар, – деп бастарын изесті.

– Өкірікте Шермекті тыңдамайтын «төре» бар дейсің бе?

– Шермек қала жағына ие болса, Сейпен елге ие: ақсақалдарға бір-бір аттан мінгізсе, «Сейпен жақсы адам» дегізіп піргіуер жиғызады да береді.

– Бәсе десейші, қаладан келген адамның жайы белгілі ғой, мөр басқан бір жапырақ қағазды көрсетсең, желкесін қасып жөнеледі, – деп, жұрт бірсыпыра даурығып алды.

– Кім береді піргеуірді? Мен берем бе? Мә, аларсың! – деп Қуандық кенет ашуға мінді.

– Сендердің осыларың құрысын! Бір нәрсені естісеңдер, бет-беттеріңе жайылып, қараспанды суға алдырасыңдар да отырасыңдар. Сөз емес қой: бай малын қалай тыға алады? Ауылнай мөрді қалай береді? Біз не бітіріп отырмақшымыз? Малын тыққа, өтірік куәлік алса, тиісті орынға айтпаймыз ба? Тыққан малын қазып шығармаймыз ба? Біз жұмылып ұрлығын айтып отырсақ, күлманы ашылып, масқара болып қалмай ма? – деп Арыстан ашулана сөйледі.

– Ойбай-ау, соны істеуге кедейің бірігіп отыр ма?

– Бірікпейтін несі бар? Бірікпей отыр ма? Былтыр сайлау болғанда, бастығы Сейпен қылып ылғи байларды сайлаудан бір қуып шықты. Биыл жер бөлісі болғанда Сейпеннің барлық жерін бөліске түсіріп, өзін шетке қақтық. Мұның аты не? Мұның аты бірігіп іс істегендік болады!..

– Жарайды, бірігіп шық, мен сөзімді қойдым, – деп Шауыпкел қиқайып теріс қарап кетті.

– Арыстанның айтқаны рас, Шауыпкел, сен ылғи осы бар ғой – кер тартумен боласың, – деп сөзге Қуандық та кірісті.

– Ау, Қуандық-ау, қойсайшы, біз екеуіміз бүлікті қайтеміз. Біз сол арба істеп сатып тамағымызды асырауды білейік те, – деді Ысқақ сонадай жерде сомадай боп жатып.

– Керекті жерінде неге кіріспейін, Сейпеннің малын алатыны рас болса, арбам содан әрі істелмей қалса да мен кірісем, талай еңбегім сіңген, жасырған малын алдымен өзім шығарысып берем, – деді Қуандық.

– Әй, Қуеке, жарайсың! Биылғы жер бөлісінде де еңбекті сіңіріп едің, осы жолы да қайратынды көрсет, – деп Арыстан жайрандап күліп қалды.

Қуандық көтеріліп жымың-жымың күлді.

– Шырағым, Арыстан, осы сен шынынды айтшы: байдың малының алынатыны анық қой, ә? – деп бет-аузы сақалмен қапталған қара кісі Арыстанға қарап жылыса түсті. «Сен кіріспесең болмас» дегендей маңындағылар ығысып оған жол берді. Әлгі кісі, сақалын сипап азырақ ойға шомғандай болды да:

– Ендеше, бұл істі үкімет бастап отырған болса, Сейпеннің күлін аспанға шығарып тұрған біз. Сейпенге менен көп еңбек сіңірген адам сирек шығар. Мен не көрмедім? Бала күнімнен құлдығында болдым, талай таяғын да жедім. Шынын айтсам күні бүгінге шейін құлдығынан құтылған жоқпын, әлі күнге жұмысын тегін істеумен келем. Басқасын қайтейін, 20-жылы, мен – жеке өмір құрмақшы болып, Сейпеннің қолынан шықтым. Сейпен онымa жаман ашуланды. 21-жылы аштық болды, аштық нені тындады. «Тірі болсам төлермін, маған азығыңнан қарас» деп, осы Сейпенге барып жалындым ғой. Әй, иттің бейілі жаман ғой, төрт қабат көрпенің үстінде шалқасынан жатыр екен, сөзімді елеместен, көсілген аяғын жинамастан қалды... Шермекті осы күні көменес болып, үкімет жұмысына араласып жүр деп есітем. Үкімет кедейдікі болса, сол Шермектердің кедейдің үкіметінде не жұмысы барын білмеймін. Шермектің кедейге жаны ашиды дегенге өлсем де нанбаспын. Мен сол тамақ сұрап тұрғанымда, Шермек пешке арқасын сүйеп, кітап оқып отыр екен, әкесінен түңілген соң мен сол Шермекке жалынған болармын. Сонда Шермек аузы-мұрны қисаймастан: «өлсең борыштанбай өлсеңші, неңді бересің?» деді-ау.

– Қасқырдан бөлтірік тумасын ба.

– Мен Шермектің қалай коммунист болып жүргеніне таңмын.

– Кедеймін деп алдап кірген ғой, енді алдай алмас: еңбекшілердің көзі ашылып, санасы өсіп келеді. Қас пен досын

айырарлық күйге жетті. Міне, көнпеске науқаны орынды жүргізіліп отыр. Осы науқанның тұсында талай Шермектердің бет пердесін жыртып, жұртшылықтың алдына сүйреп салармыз! – деді Арыстан жайрандаған пішінмен.

– Бәсе, сүйтсеңдерші, кедейден шығып сендер коммунист болғанда көретініміз не? Тым болмаса осы байлардан кегімізді алып беріңдерші! – деп, Қуандық бұрынғыдан да өршеленіп, беті қызарып, көзі жайнандап, көтеріңкі көңілмен шын тасып отырған адамның қалпын көрсетті.

– Байдан кек алу үшін, байды ортамыздан аластап қуу үшін, кедей болып күш біріктіруіміз керек, осыны істейсіңдер ме? – деді Арыстан.

– Істейміз!

– Ендеше, біріктірсек, партияның, үкіметтің шын қолқанаты болсақ, бітпейтін жұмыс жоқ. Ол естеріңде болсын!

Ұзамай аудан өкілі келді. «Көнпеске» деген сөз тарады. «Көнпескенің» не деген сөз екенін ел бірінші рет есітті. Бірақ, жат көріп, оғаш көріп тұрған ешкім жоқ. Бала-шағаға шейін ауыздары жыпылдасып айтып жүр. Мағынасы да түсінікті болып қалды. Бірер сағаттың ішінде бұл ауылдың бұрынғы төл сөзінің қатарына да кіріп үлгірді. Ауыл адамдарының көбі келген өкілдің қасында. Үйде қалғандар екі араға кісі салып, солар арқылы хабарға қанып жатыр.

– Құбылған заман-ай, есітпегенді есіттік-ау, – деп бір бүкір шал, үйге арқасын сүйей отырып, ауыр күрсінді.

Сары ала төбет жол бойында шоқиып отырып ұлып еді.

– Кет әрі, мына ант ұрғанның ұлуын! – деп бүкір шал оған да кейіп қалды.

– Жамандығы болса, Сейпеннің үйіне болсын! – деп екінші біреуі сықақ қыла күлді.

Сүйткенше болмай, сары ала төбеттің дауысына жалғаса сарнаған ащы дауыс шыңылдап аспанға шықты. Жұрт селт етіп, құлағын тіге қалды:

– Ау, бұл не?

– Бәсе, бұл не?

– Бұл дәу де болса бәйбіше шығар, ұлығанның басы болар! – деп, Қуандық жымың-жымың етті.

Отырғандардың бәрі де біріне-бірі қарасып: «бұған қуану керек пе, күйіну керек пе?» дегендей сұраулы жұмбақ кейіпіреулердің ажарында айқын тұр еді...

IV

... Үш ақ үй қатар тігулі, оған таяу жапырайған қараша үй. Қараша үйдің сыртында күбідей болып, бетін құбылаға бұрып

Сейпен отыр. Басы салбырап, еңсесі түсіп кетіпті. Беті-көзі ісік. Сирек сақалының арасында жас тамшысы көрінеді. Қараша үйге арқасын сүйеп, үрген торсықтай болып тырсылдап бәйбіше отыр. Беті жара – айғызданған тырнақтың ізі. Түсі түтігіп, қарайып кеткен. Көзі қанталап қызарып тұр. Маңайындағы нәрсені бұлдыр ғана көретін секілді. Өткен күй, ұшқан «бақ», аспаннан түскен секілді кенеттен болған оқиғаны есіне алып, сең соққан балықтай мең-зең қылып жіберген. Оқтын-оқтын күрсініп «ah!» дегенде жүрегі қарс айрылады.

– Шал-ау, Шермекжаннан не хабар бар? Баяғыдан бері оқып еді, ат арқасына мініп адам болып еді, тым болмаса осындай қысылғанымызда сүйей алмағаны ма? – деді бәйбіше.

– Болмайды ғой, кемпір... Бізді сүйемек түгіл, өз басына зобалаң туып жатқан көрінеді. «Байдың баласы, әкесін сүйейді» деп соңына түседі білем. Түнеугүнгі маған жазған хатын да мыналар тауып алып, сотқа беріпті... Тым болмаса сол аман болсын деп тіле, одан басқа таянар кіміміз бар? – деп, Сейпен назаланып, солқылдап жылап жіберді.

– Қайтейін, тілемей отырмын ба? Қақбас құдай біздің қай тілегімізді беріп отыр, – деп бәйбіше шіміркеніп көз жасына булықты. Нақ сол сағатында құдайыңның өзі қолына тисе де түтіп жейтіндей еді.

Ақ үй жағы базардай қайнап жатқан адам: біреу шығып, біреу кіріп жатыр; сампылдасып сөйлеседі, сақылдасып күліседі.

– Ал, Арыстан, сөйле!

– Не сөйлейтіні бар: тыққан малдарын, бұйымдарын тегіс таптық!

– Тұтқыштың айтқандары тура шықты ма?

– Тура болғанда қандай.

– Маладес, Тұтқыш! Сенің кім екеніңді ауданға жазып жібердім, – деп өкіл Тұтқышты арқасынан қақты.

Тұтқыш жымың етіп, жайрандап қалды.

– Ау, Несібелі қайда?

– Мен мындамын.

– Кел, сабаны пісіп қымыз құй, дәурен қолыңа тигенде, сары ожаумен құлаштап бір сапырсайшы!

Несібелі сөлекеттеу қозғалып, піспекке жабысты. Қозғалуы немқұрайдылау: бәйбішеден биліксіз сабаның қалай құйылатындығын әлі ұғынып жетпеген секілді.

Жұрттың басы қосылған соң біртіндеп сандықты ашып, асыл бұйымдарды есепке алу басталды. Тізбектелген көп кілт Несібелінің қолында. Әшекейлі сандықтардың шандуын босатып, біртіндеп ашып, ішіндегі бұйымдарын ортаға алып тастап жатыр. Бір сандықтың ішінен Сейпеннің әкесі Жантай бидің

патшадан сыйға алған сары ала тонын Несібелі суырып алды да, жерге бірден тастап жібермей, не қыларын білмегендей, жағасынан ұстап таңырқап тұрды.

– Сары ала тон! – Үйде отырғандар шу етті.

Тұтқыш орнынан тұрып барып, Несібелінің қолынан сары ала тонды алды. Олай бір, бұлай бір аударыстырып қарады. Жағасынан ұстап тұрып күлімсіреп өкілге бұрылды.

– Бірдеме айтайын дедің бе?

– Осы тонды киіп ауылды бір қыдырып келсем деймін.

– Әйда, ки, Тұтқыш!

– Ки, байдың іші бір күйсін! – деп үйдің ішіндегілер ду күліп, көтермелеп кетті.

Тұтқыш сары ала тонды киіп, алтынды медалды төсіне қадады. Аяғында жыртық етік, басында жалбаланған құлақшын. Өзі жайнандап, жымың-жымың етеді. Аяғын керіле басып, қараша үйдің жанында отырған бай мен бәйбішенің алдынан кесекөлденеңдей жүрді. Бай бір рет қарады да, басын төмен салды. Бәйбіше жанын тартып сұрланып, көзімен Тұтқышты атып жібергендей болып қарады.

– Неге қарадың, бәйбіше? – деді Тұтқыш бұрыла түсіп.

– Келіскеніңе қараймын.

– Сендерге келіскенде, маған келіспес дейсің бе?

– Ки, киетін заманың! – деп, бәйбіше жүрегі жарылардай болып күрсініп, теріс қарап бұрылды.

Тұтқыш сары ала тонды киіп ауылды аралағанда, бала-шаға, қатын-қалаш жиналып соңына ерді.

– Бәтір-ай, би атамның патшадан сыйға алған тоны осы екен-ау! – деді кекселеу келген бір сары қатын.

– Келін-ау, осы ауылға келіншек болып түскеніме жиырма жыл толған екен, сонан бері осы тонның атын есіткенім болмаса, көрген жоқ едім, қақбас бәйбіше осқырынып, маңына жолатпайтын еді ғой, оған бұ да әлі аз! – деп, еркек пішінді, имек тұмсық қара қатын самайынан шыққан шашын жаулығына тығып, киреңдей басып балалардың арасына барып кірді.

– Киелі тон дейтіні қайда? Киелі болса, Тұтқышты неге соғып кетпейді? – деді бір жас әйел.

– Сокса соғар, жынды неме желігіп несіне киді екен?

– Қойшы әрі, тонда не бар дейсің, әшейін лақап қылып жүрген ғой, аруақты шаңырақ деп біз ғана қорқамыз, әйтпесе түгі де жоқ көрінеді.

– Бәсе десейші, бірдемесі болса ендігі бір белгісін бермес пе еді?

Адырақ көзді қара қатын емпеңдей басып Тұтқыштың жанына барып, сары ала тонды жағасынан ұстай алды:

– Қағынғыр, тұра тұршы, анықтап көрейік.

– Ал, көре ғой, сен көрем десең мен немді аяр дейсің, – деп Тұтқыш кеңкілдеп күлді.

– Бәтір-ай, мына сап-сары не десем, алтын екен ғой, – деді бір әйел.

– Шешей-ау, мына суреті несі?

– Ол – патшаның басы, – деді Тұтқыш.

– Тоқташы көрейік, патшаның басы қандай болады екен, – деп, қатындар жапырласа түсті.

Жұрт бірінен бірі хабарланып тайлы-таяғына шейін қалмастан сары ала тон киген Тұтқыштың маңына жиналды. Боз үйдің жанында ұршық иіріп отырған қатпар бетті сары кемпір ауыр күрсініп көйлегінің жеңімен көзінің жасын сүртті.

– Шеше, неге жылап отырсың? – деп Қуандық жанына жетіп келді.

– Әй, шырағым-ай, не жақсылығы бар дейсің, аруақтың иеленген тоны еді ғой, отанымызға бір зияны тиіп жүре ме деп қорқам, – деді кемпір.

Қуандық шек-сілесі қатып күлді.

Ауылдың сол күнгі кеңесі: сары ала тон, медал, байдың жасырған малы, бәйбішенің жоқтауы болды.

Қара қатын төсегіне жатқалы шешініп, сары ала тонның әңгімесін тағы бастады. Байы тыңдаудан жалыққан соң, ұйықтағалы іргеге қарай түсіп еді.

– Әй деймін, бері қарап жатшы, әңгіме айтайын, – деп байын иығынан тартып, қара қатын өзіне қаратып жатқызды.

... Түн қараңғысы әлемді бүркеп, жан біткен демалысқа шомды. Жалғыз-ақ Жамал бәйбіше қараша үйдің босағасына сүйеніп, екі бүйірін таянып жылаумен болды.

V

– Жүрейін деп жатыр ма?

– Жүрейін деп жатыр!

Қойшы мінетін шабан торы атқа ағаш арбаны жегіп, қиқайтып жүк тиеп, Сейпен үй ішімен көшкелі жатыр. Бұрынғыдай «көш көлікті болсын!» деп тұс-тұсынан андап келетін көрші жоқ, жабырласып жүк тиесіп жүрген бозбалалар да жоқ. Жұрттың бәрі де сырт беріп, Сейпеннің көшкелі жатқанын ұмытқан секілді. Ұмытпаса да, елемейтін секілді.

Ақ таяқты төсіне тіреп, арбаның қасында жүгініп, Сейпен бірталай ой ойлады. Алдағы өмір қараңғы. Баратын жері қандай: «қазақтығы» ұстап, мейірім қылып, Сейпенді қонақ деп қарсы алар ма екен? Әлде осы өз ауылы құсап сырт беріп айналып кетер ме екен? Ойлап-ойлап келіп:

– Әй, болмас! Ондай күн қайда? Ағайын-тума аластап қуып отырғанда, танымайтын ел бізді не қылсын. Енді біттік қой! – деп Сейпен солқылдап жылады.

Бәйбіше бүк түсіп талықсумен жатты. Иығы түсіп салбырап арбаның қасына баласы келді.

– Не дейді?

– Бармаймын деді.

– Тоқал ше?

– Тоқал да...

Бәйбіше, жан ұшырған адамдай елеуреп, басын көтерді:

– Тоқалдікі тоқал болсын, Маржан ішімнен шыққан қызым емес пе еді? Үлде мен бүлдеге орап өсірген жоқ па едім? Өзім күйіп отырғанда, ол жұрымы құрғыр неге күйдіреді? Ойбай, бұл қорлықты көргенше өлемін! – деп, бәйбіше жұдырығымен өзін мандайға қойып-қойып жіберді.

– Қой, сорлы, жетер, өле алмаспыз, көресіні көрмей көрге кіру жоқ. Әйда, арбаға мініңдер, – деп Сейпен мықшиып таяғына сүйеніп, орнынан тұрды.

Ат ақырындап қозғалды. Қаусап тұрған ағаш арба жолсыз жерде ырғалып, шақыр-шұқыр етті. Сейпен артына қарап:

– Қош, елім... Жұртым!.. – деп, көз жасына булығып, сөзін аяқтай алмай, сылқ етіп отыра кетті.

– Жылама, «елің» алдында, барасың, – деді Қуандық.

Көш жолға түсіп, белестен асып кеткенше, ауыл адамдары үйлерінен шығып, самсап қарады да тұрды. Кемпір-шалдар күрсініп:

– Кетті! – десті.

... Күрең жорғаны болыскей ер-тұрманмен ерттеп мініп, Тұтқыш өріске қарай теңселдіріп бара жатыр.

– Уа, Тұтқыш, жол болсын!

– Өрістегі малды айдап келіп, қазір бөліске саламыз!

Білектей қамшымен күрең жорғаны жамбасқа тартып жібергенде, жорғаның тұяғы жұмсақ топырақты уыстап лақтырғандай болды...

1928.

ҚАНДЫ КЕК

I

Күн бесіндікке келген кезде Көркемтайдың ауылы астан-кестен болды: кемсеңдеп кемпір-шал жылады; қанын тартып сұрланып, сең соққан балықтай мең-зең болып жастар тұрды.

Ауыл дағдарысқа кездесті: әркім өз ойымен шұғылданды, біреуге біреу ақыл айтып, біреуді біреу сүйей алмайтын секілденді.

– Құдай-ай, көрсеттің-ау! Қалқам, құлыным! – деп шеткі үйдегі қара кемпір сарнап жылап, елді басына көтерді.

– Қайтсін сорлы! Жалғызы ғой, ерінен жастай жесір қалып еді. Бір баланың қамы үшін ерге де тимеп еді. Енді, жасы жер ортаға келгенде, не сүйенер ері жоқ, не талшық қылар малы жоқ, жалғыз ұлдан айрылып не күн көремін дейсің-ау! – деп екінші бір әйел, анаған тілектестігін көрсеткен секілденіп, кемсеңдеп о да жылады.

– Қойшы әрі, көппен көрген ұлы той емес пе, жалғыз соның баласына келіп отыр ма, одан қадырлы бозбақтар да кеткелі отыр ғой, – деп үшінші бір әйел жақтырмай сөйледі.

Сақалы сапсиған шалдар, таяқтарына сүйеніп, ербиіп, есіктерінің алдына шықты. Шүйделі желке, шермиген қарындар да термен быршып, кештің самал салқынына шығып бойларын жазған сияқты болды. Бәрінің ойында бір түйін. Бәрі де нақ осы сағатта бір кемеге мініп, телегей теңізге түсіп, аққалы тұрған сияқты еді.

– Уа, Қалеке, бері келіңіз, – деп, мыртық денелі, толық бет қара кісі есік алдында тұрған Қалидың жанына шақырды.

Жұрт тұс-тұстан андап бұлардың қасына жиналды. Екі қолын артқа ұстап еңкеңдеп көрі кемпірлер де келді, жаулығын ысырып құлағынан кейін түріп, топқа келе алмай одағайлап, жас әйелдер бір өнкей жиналды. Беттері білеудей ісік, солықтарын зорға басып қыз-келіншектер де біртіндеп көріне бастады.

– Ал енді қайтпекпіз?

– Қайтпек керек, ақылға келетін іс көрінбейді ғой.

– Не көрінді сендерге? Неге ұйлығасыңдар? Адамшылықтарың қайда? Кілең бағланды қолдан тізіп беріп, үйде тыныш отырмақсыңдар ма? Неге ізденбейсіңдер, неге жұртшылық қылмайсыңдар? – деп, денелі келген қара торы әйел шаптыға сөйлеп, көз жасына булығып жылап та жіберді.

– Бәсе десейші, сүйтпес пе.

– Біздің ауылдың еркектерінің әдеті ғой – үйкүшік келетін... Әлі көрерсің – біздің ауылдан басқалар бір бала да жібермес.

– Құдай осы қатындарды неге жаратты екен? – деп Қали ақсақал кейіді. – Құр байбаламнан басқа еш нәрсенің жайын білу жоқ. Білмеген нәрсесіне араласпаса қайтеді екен?

– Әдіра қал! Сен біліп жетістіріп тұрсың, бұғалық салынып отыр, бағланың тізіліп айдалғалы отыр. Білсең, не қылып отырсың? Осы жерде жұмсамаған біліміңді қайда апарып жұмсамақсың?

– Шешемнің айтқаны дұрыс, құр ұйлыққанмен болмайды, бір амалын қарастыру керек, – деп, Әбді дейтін жігіт сөз бастап еді, жұрттың құлағы елең етіп, бәрі де бажырайысып соған қарай қойды. Әбді мүдіріп тұрып қалды.

– Сонда не істемекшіміз?

– Бәсе, не істейміз?

–«Жеделбайсынға» қарай көшіп кетсек қайтер еді?

– «Жеделбайсын» жеткізбес, сыр бойына ауса да бір амалын табуға болар еді-ау.

– Балалар, ол қолдан келмес. Көшу деген оңай болмайтын, рулы ел шұбырып қайда барып паналамақшы?

Жұрт дабырлап әңгіме қыза берген кезде, ауылдың сырт жағындағы белестің басына біреу шоқытып шыға келді, жұрт тіксіне қарады.

– Бұл кім?

– Базарбай ғой!

– Бұл қайдан келеді?

– Хабар білемін деп Тәкең аулына кеткен, содан келе жатқан шығар.

– Шақыр, мұнда келсін!

Жұрттың бәрі соған қарай дүрлікті: біреу қолын бұлғады, біреулері оның атын атап айқайлады, Базарбай атының басын бұрғанша жас балалар анталап қарсы барып та жетті.

– Уа, не хабар?

– Тінекең аулына бардым, тыныштық. Шалдары болыстың аулына кетіпті. Жастары жиын, бір-бір атын жаратып мініп алыпты. Бүгін ауылнайдікіне барып, жанын қысып отырып іспескені алған білем...– Біздің ауылдың да іспесігі бар дей ме?

– Тоқтаңдар, түге, сөз бөлмей... ал, сосын?

– Сонымен барып қайттым. Жастары қызу, неге болса да әзірміз дейді. Бүгін Исабай ауылы «Көк моланың» басына жиналып «тасаттық» берген білем. Тінекең ауылы ертең береміз деп малдарын әзірлесіп жатқан көрінеді.

– Міне жұртшылық! Біздің ауыл тым болмаса «тасаттық» беріп құдайдан тілеуді де білмейді.

– Бәсе десейші.

– Ал, ендеше «тасаттық» берейік.

– Қашан береміз?

– Ертең берейік. Сәрсенбінің сәтіне беріп, құдайдан бір тілеп көрейік, мақұл ма?

– Мақұл!

Дағдарған ауыл өздерінше бір жол тапқан сияқты болып, үйді-үйіне тарады да, от жағылып, ошақ асылды. Көлбей ұшқан көк түтін ауылдың үстін мұнартты. Өрістен қайтқан сиыр, ба-

қайлары сыртылдап, ауылдың түс-тұсынан андап тола бастады. Күн ұзаққа мүлгіп, тілсізденіп тұрған ауыл бірден жанданып кеткен сияқты болды: шелегін алып әйелдер шықты. Таяғын ұстап шалдар шықты. Жұрт қарбаласып кешкі тіршілігіне кірісті.

Ауылдың сыртындағы белес басында, шапанын желең жамылып бір адам тұр. Бұл осы ауылдың мұғалімі Бөлкебай еді. «Акөпқа жігіт алу» хабары бұған да жеңіл тиген жоқ. Оның үстіне, ауыл адамы жылап-сықтап үрейін алып болды. Екі күннен бері бала оқытқан жоқ. Ауылдың жастары жиналып, мұның мазасын алды.

– Оқығансыз ғой, көзіңіз ашық қой, бұған не амал бар? – деседі.

Не амал болсын? Білсе айтпас па еді? Өзі де білмейді, өзіне де жұмбақ. Мең-зең боп кешеден бері ойлағаны өз басы, өз қамы: қалай құтылу керек? Құтылатын жол бар ма? Әлде, көптің бірі болып, қолына күрегін ұстап, қан майданға кетпекші ме? Барғанда не бітіреді: не соғыса алмайды, не жұмыс келмейді қолынан. Ойланып келіп Бөлкебай күрсінді:

– Қой, ауылға бару керек: «У ішсең ұлтыңмен» деген, екі талай күн туғанда, әлдеқайда қаңғырып жүруімнің жөні болмас, ертең жүрем, кетем! – деді өзіне.

II

Бөлкебайлар қара жолдан бұрылып бір ауылға төніп келгенде, ұзынша томардың күнбатыс жақ мүйісіндегі он шақты үйдің адамдары біртіндеп өріп тысқа шыға бастады. Ортадағы қоңыр төбел үйден төрт-бес жігіт самсап шыға келді. Күнге қарай қолымен көзін көлеңкелеп, кемпір-шалдар да, бұларды таңсық көргендей, қарасып жатыр. Бәрінің де көзі жолдан бұрылған арбалыда. Арбалы томарды жағалайтын жіңішке жолға түскенде, бірен-саран сақ иттермен қабаттаса бұзау бағып жүрген жас балалар алдынан шығып, бірдеме десіп жатты.

– Уа, қай жақ боласыздар?

– Тамамыз.

– Жақсы-жаманнан не хабарларыңыз бар?

Он шақты үйдің адамы тайлы-таяғына шейін қалмай арбалыны қоршай жиналды. Бәрінің көзі арбада, арбадағы Бөлкебай мен Сәрсенбайда.

– Құжырайған шал ғой, не хабар біледі дейсің, – дейді бір келіншек.

– Жанындағысы оқыған жігіт болу керек, шашын көрмейсің бе, желкесінен обырап шығып тұр.

– Өзі сыпа жігіт екен, сызылып тұрғанын көрдің бе? – деп әйелдер жағы қонақтарды бірсыпыра сөз қылып өтті.

Жиналған жұрт қанша қазбалай сұрағанмен қонақтардан «жат хабар жоқ» дегеннен басқаны есіте алмады.

– Шүкір, амандық, басқа хабар жоқ. Ермағамбет кемпірі қайтты, – деп Сәрсенбай бір әңгімесін қайта-қайта айта берді.

«Солдат алу» хабары бұл елге де тараған болып шықты. Бір жігіт батырлана сөйлеген болып:

– Не болса да кезінде көрерміз. Күн бұрын жабығудың жөні жоқ... Жас жігіт көрінесің, қон, бір түн болса да бірге отырып сауық құрайық, – деп ол Бөлкебайға қарады.

Бөлкебай қонуды теріс көрмеді. Сәрсекең де көнді. Қоңыр төбел үйдің ту сыртына әкеліп Сәрсекеңнің жауыр күреңін бір жігіт доғаруға кірісті.

– Отағасы, бұл науқанға жасы тура келетін балаңыз бар ма еді? – деп біреулері Сәрсенбайды тілге алды.

– Бізде бала деген болмайтын, шырақтарым, інімнің бір қызын асырап алып бала қылып едім, сол бар қолымда, бірақ, азаматтың бөтендігі жоқ еді. Жарлымын, шалмын. Істелмей жатқан жұмысым болса, өздерің сияқты азаматтар ауқым қылып бітіріп тастайтын еді, бұл жасыма келгенше баласыздықтың зарын көрген шал емеспін, жұртымнан айналайын! Біреуі бала болып, біреуі іні болып көңілімді жұбатумен келеді, – деп Сәрсекең өз күйін бір сүре әңгіме қылып өтті.

– Айналайындар-ай десейші, бұлар пәле-қазадан сау тұрса, сен сияқты шалға кемшілік бар ма, – деп бір кемпір Сәрсекең сөзін тірілтіп, әлденеге көңілі босап, жаулығының шетін икемдеп көзін сүртті.

Хабар есіткелі жиналған жұрт бұл келген жүргіншіден ауыз тұшырлық еш нәрсе есіте алмай, біртіндеп үйлеріне тарады. Жер ошақ біткеннің бәрінен көк ала түтін көтерілді, шақыр-шұқыр қазан қырылды. Қаспаққа таласып, жер ошақ басын шаңдатып аш төбеттер алысты. Әлдеқайда, тұсаулы атқа бара жатып бір жігіттің шырқап салған әні естілді:

Қара көл, қыраң-қыраң белің қандай,
Құлпырған көк майсалы жерің қандай.
Бас қосқан бағландары сауық құрып,
Қайғысыз, қасіретсіз елің қандай!

Бұл өлеңді есіткен кемпір-шал:

– Уай, қалқаларым-ай десейші!.. – деп көздерін тағы жаспен шыласты.

Бозбала жағы жабайы кеңесті тастай беріп, кешеден бергі

ұшына шыға алмаған «салдат» мәселесіне тағы айналып соқты:

– Шалдарымыз болыстың ауылына кетіп еді, айналып келетін кездері болды, не ғып кешігіп жатыр екен?

– Жақсылық хабар болып, сондаймен бөгеліп жатпаса?

– Жақсылық хабар демекші, әлгіде Ыбырайды көріп едім, Салыққа жолығып ауылына қайтып барады екен, сол айтып тұрды: Салық айтты – «Қазақтан салдат алмаймын» деп ит терісіне жазып берген патшаның уәдесі бар дейді, сонысын, әлі де болса да, орындаса керек деп айтты деді...

– Уәде беруі өтірік қой. Уәде берсе, өзі патша болып, екі сөйлеп жынданып па?

– Патша емес дейді ғой, мұны істеп отырған патшаның министрлері дейді ғой.

– Ендеше, жұрт неге ізденбейді? Патшаға барып неге айтпайды? – орта бойлы сары жігіт қоржандай қозғалып қалтасынан жарғақты суырды да, алақанын толтырып насыбай атты. Аузынан шашыраған темекіні тілімен үйіріп жинап, баптап бір рет түкірді де, жұрттың сөзіне кірісті:

– Мен сендерге айтайын ба, – деп, соны хабар айтатындай жұртты аузына қаратты: – мен білсем, осыны шығартып отырған біздің Ыбыраш болыс. Ыбыраш болыста дін жоқ; Құдайқұлдың шағымымен Жоламанды арыстауыт қылдырған Ыбыраш емес пе еді? Жоқтан пәле салып, дау туғызып, жарлының жалғыз шолағын «айыпқа» деп алып отырған Ыбыраш емес пе еді? Алпыс үйлі әжімнің әжетке жарайтын қызын нөкеріне қатарға ұстап, ажары тәуір әйелді байынан айырып, екі күннің бірінде шырылдатып сатып отырған Ыбыраш емес пе еді? Ыбырашта дін жоқ. Ыбыраш мұны істейді...

– Қой, шырағым, Ыбыраш – бізге Ыбыраш шығар. Патшаға тілін алғызуы қиын болар, – деп екінші бір жігіт оған қарсы түсті.

– Ыбыраштың тілін алмайды деп отырғаның ба? Тілін алмаса, омырауын толтырып патша оған медаль неге береді! «Почот кираждан» деп жұрттан бөліп ат неге тағады? Тілін алғызатындығын, міне, осыдан білу керек! Ыбыраш тілін алғызады. Баяғы патшаның тойы болатында, қан қалпақты киіп барған Ыбыраш емес пе? Сол жолы патшаның тойына шашу деп ат басындай жамбы апарыпты дейді ғой. Патша қатынымен екеуі Ыбыраштың қарсы алып амандасқанда, патшаның қатынының қолын сүйіп, жамбысын беріпті дейді ғой.

– Бай-бай, Таспергенай, ағызасың-ау, – деп тағы бір жігіт оның сөзін бөлді.

Таспергенсөзін бөлгендерге наразылық көрсетті. Сүзеген сиырдай көзін алартып жан-жағына қарап қойды.

– Ал, менікі өтірік-ақ болсын, өздерің айтыңдаршы, – деп сөз қарқыны бұрынғысынан бәсеңдеп, күмілжи түсіп, таза сөзді доғарды.

Шетке таман отырған бір жігіт кенет бұрылып, ауылдың алдыңғы жағына қарап шұқшиды. Жұрттың бәрі еленді.

– Немене, жай ма?

– Мына бір салт атты төпеп келеді...

– Апырым-ай, жай болса игі еді?! – десіп, жұрт орындарынан ұшып-ақ тұрысты.

– Жігіт алуға қаладан әскер шығып қалған болар ма?

– Болыстың ауылдарының жігіттері бүгін жиналып жатыр деп еді, әлде солар бір нәрсе істеді ме екен?..

Бір минуттың ішінде жұрттың басына мың түрлі ой келді. Қылаң атты біреу төпеп келе жатыр. Желбейінің құлағы делдиіп, етегі жайылып, астындағы атының сауырын жауып келеді. Үрпиіп тұрған жұртқа жақындай беріп:

– Уа, сүйінші! – деді.

– Опырым-ай, не болды?

– Жақсылық болды!

– Қандай жақсылық?

– Патшаның қатыны ұл тауыпты, соның қуанышына қазақтан жігіт алмайтын болыпты... «Манапас» болыпты...

– Құдай-ай, бере көр!

– Ия, аруақ!..

– Қарақтарым-ай, көздің жасын иді ғой! – деп жыламсырап кемпірлер жүр.

Дағдарған жүздерге қуаныш белгісі жүгіріп, күлімдеп сала берді. Дабыра айқаймен ауыл ың-жың болды. Қалтаға қол салынып, сылдырағаң күмісті сүйінші сұраушының алақанына басып жатысты. Құдайы деп қолындағы жүзігін суырып берген кемпірлер де болды.

Ауыл той түсін алды. Ауылды басқан қайғы біртіндеп, бұлттай ыдырап тарап бара жатқан секілді болды. Бозбаланың біреуі жекерек шықты да:

– Құдай берді ғой, қуанышты құр өткізбейік, алты бақан тебейік! Түн бойына асыр салып, бүгінгі түнді сауықпен өткізейік! – деді.

– Болады!

– Жинаңдар бағанды!

Бала-шаға үйді-үйге жүгіріп ошақ басында жатқан бақандарды, сырықтарды ауылдың сыртындағы белес басына қарай сүйретті. Біреулердің өредегі бақаны алынды, біреулердің үй бастырылулы тұрған арқандары шешілді, жайшылықта бажылдап үйінің маңына жолатпайтын кемпірлер бұ жолы

мүлде жадырап, балалардың сұрағанын өз қолдарымен беріп жатты.

Алты бақан құрылды, белес басы бозбаламен шоғырланды. Екеу-үшеу бас қосып қыз-келіншектер де жинала бастады. Іңір шапағы жамырады. Ауыл үстін қара көленке жапты. Жер ошақта жылтылдаған от сөнді. Түндік жабылып, жұрт төсекке бас қойды... Бірақ жастар жағы «алты бақан» басын айырықша бір дүние қылып өлең айтып, ән салып, тынық түнде дауыстары әлдеқайда естіліп, асыр салумен жатты.

III

Болыстың ауылы ығы-жығы адам, топтанған ат, арба; біреулер келіп жатыр, біреулер кетіп жатыр, екеу-үшеу бас қосып күбірлесіп сөйлесіп отырғандар бар. Жұрттан бөлегірек бір топ адам отыр. Иықтары түсіңкі, түстері сұрғылт, ыстық күннің күйдіруін елеместен, еріндері кезеріп, есі-дерттері бір ғана әңгіме болып отырған секілді.

Топтанған аттың қасына арбаларын қоя салып Бөлкебай мен Сәрсенбай осы топқа жақындай бергенде:

– Болыстың көнуі керек. Болыс көнбесе, елдің де көнуі қиын болар. Түбінде екі талай іс болып, ел басына қиын күндер туса, соған жауапты болатынын да болыстың ұмытпауы керек... Қазақ баласы бұл күнге шейін салдат болып көрген жоқ. Енді бүгін мал орнына айдалып соғыс табанына бара қоймас, мұны да болыс ойласын! – деп сирек сақалды, жалақ қара кісі қамшысымен жерді бірер нұқып қойды.

Тыңдап тұрған жұрт иықтарын көтере түсіп:

– Жөкең дұрыс айтады, бәріміздің де айтатынымыз осы! – десті.

Бөлкебай мен Сәрсенбай бұл топтың кеңесіне түсіне алмай, шеткі біреумен «манапас» жайын сөйлесіп еді, ол салқын күлді де:

– «Манапес» деген өтірік алдау көрінеді; елден олжа түсіру үшін қулардың шығарып жүргені ғой, – деді.

– Ыбырай мен Кәрім екеуін барыңдар. Болыстан біздің жалғыз-ақ тілегіміз – бізге орыспен бірге жау болып тимесін?! «Ел тілімді алмайды» деп өз басынан кінәні аударсын да қарап отырсын. Сосынғысын өзіміз білейік. Осыны барып айтып келіңдер! – деп, Жарықбас, түйінді сөзін шіміркене сөйлеп, екі адамды болысқа жіберді.

Қалған жұрт өзара күңкілдесіп, есіткен-білгендерін бірінебірі айтып жатты.

– Он бес күннің ішінде адамды түгел жиып беремін деп болыс қолынан подписке беріп келіпті ғой.

– Боқты жияр, орысқа әлі келмегенмен де осы көптің болысқа әлі келер ғой!

– Мұның амалы мынау: бозбалаларды жиып жіберіп, іспейсокті болыстан тартып алып өртеу керек!

– Уа, таптың ақылды, болыс шетіңнен ұстап Сібірге айдасын; одан да болыстың өзін жою керек десейші...

Жарықбас басын көтеріп алып:

– Тәйт, ауыздарыңа ие болсаңдаршы! Шіркін, бала болып кетесіңдер ме? Сондай сөзді сарапталға салатын жер осы ма екен? – деп, кейіп қалды.

Болысқа барған Көрім мен Ыбырай, жүндері жығылып, топқа қайтып оралды.

– Болыс беттететін емес, өзімізді боқтап, үйінен айдап шықты. Он күннің ішінде списокті дайын қылып бересіңдер, әйтпесе қаладан әскер шақыртам! – деді.

Отырған жұрт тіксініп, сұрланып-ақ алды.

Жарықбас назаланып, қамшымен жер шұқыды...

– Апырмай, болмады-ау... Екі талай жұмысқа шынымен аяқ басатын боламыз ба? – деді ол басын бүгіп.

Үйлығып отырған жұрт аттарын мініп, бет-беттеріне тарай бастады.

Болыстың үйінде бала оқытып тұратын Иманберді дейтін учитель болатын. Бөлкебай онымен таныс еді, амандасып кетпекші болды.

Иманберді үй көлеңкесінде кітап оқып отыр еді. Бөлкебайды күлімдеп қарсы алды.

– Е, мұғалымбысың, қал қалай?

– Қал шамалы.

– Неге? Сен де ілігетін болдың ба?..

Бөлкебайдың сөйлеуін күтпей-ақ Иманберді үгіттеу түрінде сөз бастады:

– Оқа жоқ, бару керек. Қазақ баласы баяғыдан бері соғысқа бармай жүргенде де бітіргені шамалы, қайта, соғысқа барса, жол көріп ысылады.

– Оныңыз дұрыс қой, бірақ қазақ баласын нақ осы соғыс тұсында алуы қате емес пе? Көре, біле өлімге кім барады?

– Бармайды деп ойлайсың ба?

– Бармас, бостан өлетін болса, үйінде отырып соғыспай-ақ өледі.

Бөлкебай бұл сөзді қалай айтқанын өзі де сезбей қалды, жаңағы Жарықбасты көрген соң, солай болады-ау деп өзінше болжап еді. Иманбердіге айтқаны осы болжауының қорытындысы болды.

Иманберді Бөлкебайдың бетіне бірсыпыра қарап отырды. Бір

мезгілде ауыр күрсініп, алыстан толғағандай пішінмен тағы сөз бастады:

– Мұғалімдердің мұндай сөзді айтуы жарамайды, мұғалімдер елдің көсемі болуы керек. Соғыс екенін, қырғын болып жатқанын бәріміз де білеміз, бірақ, барма деген сөзді айтуға батылдығымыз жоқ, айтуға болмайды. Үкімет құрығы ұзын; ел көнбейтін болса, әскер жібереді де қырдырады; елге әскер шықса лаңы жалғыз жастарға ғана тиіп қоймайды, қатын-бала, кемпір-шалың босып, тозып кетеді... Міне, осы жағын еске алу керек!

– Әй, учитель-ай, осы сөзіңді-ақ қоймайды екенсің? – деді біреу жұлып алғандай.

Иманберді де, Бөлкебай да бұл сөйлеушіге жалт қарады; үсті-басы жалба-жұлба, еңгезердей сұр жігіт, үйге арқасын сүйеп бұлардың әңгімесін тыңдап тұр екен.

– Әй, Қайрақпай-ай, сен де қоймадың-ау! – деді Иманберді оған.

– Мен неге қоямын? Қазақтан салдат алса, байлардың, болыстардың баласы барар дейсің бе? Мына біз сияқты сорлылар кетеді. Баяғыдан бері еңбегімізді байға жегізумен келіп, енді, мал құсап айдалып кете алмаспыз!

– «Байға еңбегіңді жегізбе» деген сөз – менің үйреткен сөзім емес пе еді? – деп Иманберді күлімсіреді.

– Әлде болса үйрет! Бізді баста, көп болар дейсің бе? – Қайрақпай сөзін аяқтап үлгірмеді, үрген тұлыптай семіз бәйбіше үлкен үйден ырғала басып шықты да, Қайрақпайға шаптыға сөйлеп:

– Немене, құдайдың атқаны, байланысып жатқаның? – деді.

Қайрақпай ашулы көзімен бәйбішеге тесе қарады. Тұла бойы қалтырап ашу кернеп кеткендей болды.

Қайрақпай кеткен соң, Иманберді, өзінен өзі ойланып, басын шайқады:

– Өте қызу бала, бір сойқанды шығармаса игі еді... Болыста өзінің тісі де бар екен: жас күнінде осының шешесін болыс біреуге сатып, бұл осы үйдің есігінде жетім болып өсіпті. Мен жайшылықта өзін аяп, «біреудің жұмысын ақысыз істеуді қой» деуші едім. Мына хабар шыққаннан бері өзінен шоши бастадым. Түнде маған келіп: «нақ кететін болсам, болысты бауыздаймын да өлтірем. Соғысына барғанша түрмесінде отырсам қайтеді?» – деді. Мен шошып, жағамды ұстадым... Саған тапсыратыным – ел жігіттерін үгіттеп басуға тырыс. Бұйрық шыққан соң адам алмай қоймайды. Қарсы келсе, ел намыт болады. Ел ішінде соғыс шығарып, жас баланы найзаның ұшына ілгізудің жөні жоқ.

Бөлкебай қоштасып жүріп кетті. Жол бойы Жарықбастың кеңесі, Иманбердінің үгіті, Қайрақпайдың қайраты – бірінен соң бірі ойына түсіп, басын даң қылды, қайсысы жөн екенін айырып біле алмады...

IV

Ауылдың қотаны ызы-шу, қым-қуыт: шапқан ат, жүгірген адам, жылаған дауыспен құлақ тынғандай.

– Уа, не болды?

– Аттаныңдар, аттан!

Етектері делегейленіп екі салт атты ауылдың басынан кіріп, аяғынан шықты. Ешбір үйге кідіріп тоқтаған жоқ, бірақ ауыл адамдары бұлардың жұмысын айтпай біліп отырған секілді еді. «Аттан» деген дауысты естісімен ер азамат өре тұрып, жүген алып жылқыға жүгірісті. Түскі ыстықта бүгелектеп, жыландай шұмақталып тұрған жылқы быт-шыт болып бөлінді.

Шапқыншының біреуі желі қасына келіп кідірген соң Бөлкебай оған жақын келіп, жұмысының жайын сұрады. Бұжыр бетті қара жігіт екен, самайының кірі айғызданып ағып, ат үстінде тұрып демін зорға алады. Ақ көбігі ағып терлеген қара дөнен тыпыршып тұрғысы келмейді.

– Бес жүздей жігіт жиналып, ішінде Жарықбас бар, екінші ауылға келіп қалды. Сол жерге жиналып, содан болысқа барып, списокты алып, өртейміз, – деді ол.

– Списокты өртегенмен бармай қалуға болар ма екен? – деп Бөлкебай желкесін қасыды.

– Болады дейді, список өртенсе, қайтадан жазып бермесе, адамды қайдан тауып алмақшы?

Бөлкебай ойланып, тағы сөйлегенше, шапқыншы жігіт қаракер дөненді борбайға салып жіберіп жөнеп те кетті.

Ауыл жігіттері аттарына мініп, ауылдың тұс-тұсынан андағайлап шыға бастады.

– Атыңды ерттедің бе? – деді біреу Бөлкебайға.

Бөлкебай не дерін білмей апалақтап қалды; бармаймын деу қиын соғып, шарасыздан бұ да еретін болды.

Алды-артын жиып алған соң, бұл шыққан жігіттер аттың басын қара томарға қарап түзеді. Желе шоқытып жүре бергенде, алдыңғы жақтан:

– Бас қамшыны! – деген дауыс шықты.

Тобылғы сапты қамшы ат бауырына орала тартылды. Шапқан аттың тұяғы жолдың тозаңын уыстап аспанға атты. Жайлаудың жазық даласы асқа жиналған адамдай болып қыбырлап кетті. Қайғылы жастар, ат үстіне мінген соң серпіліп, уайым-

қайғы, қорқыныш ойдан кетіп, бет алған жұмысын қайтсе де орындайтын күйге мінді. Оннан, жиырмадан бөлініп, лек-лек болып жүріп келеді. Үн жоқ, бірінің ішіндегі сырды екіншісі айтпай сезіп келе жатқан секілді. Бірі бастаған жұмысты екіншісі аяқтайтын сияқты. Ел үстін басқан қара тұман, азамат басына іліккен тұзақ осы жолы быт-шыт болып үзіліп, ел жастары содан былай еркін тыныс алатын секілді...

Шапқан аттың екпінімен алдағы белеске шыға келгенде күлімдеген көлдің аңғары көрінді. Қосынның алды иіріліп тоқтады.

– Уа, не бар?

– Кеңесеміз дейді. Сөзді бір жерге байлаймыз дейді...

Аттарын шарт түйіп тастап, ортаға келіп бәрі де отыра қалысты. Алқа-қотан отырған жұрттың қақ ортасында Жарықбас отыр. Боз желбейдің бір құлағын жымқырып алыпты. Самсаған жасқа тегісінен бір көз салып өтіп, Жарықбас сөзін бастады.

– Уа, балалар! Жасымнан тентек болып, басымды жардырғаннан Жарықбас атанып едім. Мен тентектікті елге емес, елдің басты адамдарына істеуші едім. Олардың қанжығасында жүруді өзіме ар көруші едім. Енді жасым алпыстан асып, сақал-мұртым тегіс ағарған кезде, үйде тыныш отырсам да болатын еді, бірақ, сендердің басыңа төнген қара күн мені амалсыз атқа мінгізіп отыр. Сендер үшін өзімді құрбандыққа атап шығып отырмын. Болыстың хабарын өздерің де есіткен шығарсындар, жастарды матап списоктап жатқан көрінеді. Бұрысына күйдірсе, онда да бір сәрі ғой. Болыс жалмауыздығын бұрынғыдан да асырып «топалаң кезіндегі қойдың» кебін келтіріп отыр. Азамат жаннан, ел малдан түңілетін күн туғанда, болыс абыройды, арды, ел қамы дегенді былай қойып, құлқынын тойдырудың қамына кірісіп отыр. Елдің «игі жақсылары» болыстың көңілін тауып, балаларын амалдап алып қалмақшы дегенді де естіп отырмыз. Ал, жастар, көп айта беріп қайтейін, біз бет алып шықтық қой, барармыз; барғанда не істемекшіміз, осыны ойлағандарың бар ма?

Жұрт біріне-бірі қарап, күбір сөзге кіріп, аз-кем бөгелді. Бір мезгілде арт жақта отырғандардан:

– Болысты өлтіру керек! – деген дауыс шықты.

Бөлкебай жалт қарап, тани кетті: Қайрақпай еді, ол қамшысын бүктеп, қайраты бойын кернеп, жүгініп-ақ алып еді.

– Шын айтасындар ма?

– Шын айтамыз: өлтіру керек!

Отырған жұрт бірден қозғалып, тенселіп, дабыр сөз басталды. Сөйлеген сайын көпшілік «өлтіру» деген сөзді пысықтап, одан басқаны ауызға алмады.

– Өлтіргенде бір адамға бәріміз бірден жабыспаймыз ғой, осы көптің ішінен белсеніп шығатындарың бар ма? – деді Жарықбас.

– Мен шығамын! – деп Қайрақпай ұшып тұрды.

Жұрт селт еткендей болып, бәрі де соның бетіне бажырайысты.

– Жаман айтпай, жақсы жоқ, түбінде ондай-мұндай іс болса, осы отырған бәріміз де жауапты боламыз, «мен өлтірген жоқ едім» деп ешқайсың бас тартпайсыңдар. Ондай ойларың барларың осы бастан ашып айтыңдар! – деді Жарықбас қалың топты көзімен бір шолып өтіп.

Отырған жұртта бас тартушы болмады. Тілектің бірлігіне бата қылысты. Атқа мініп, иә аруақ деп қамшыны басып жібергенде, аттың дүрсілімен жер күңіренген тәрізденді.

V

Ыбыраш болыс жастыққа шынтақтай түсіп, жанында жатқан күміс сауыттан шылымын алып тартты. Шырайы ашық. Бұрынғыдай зілденіп тұнжырамай, үйде отырғандардың әңгімесіне араласып, шүйіркелесіп отыр. Төңбектей боп семірген қызыл жүзді Биқасап бәйбіше, болысқа оқта-санда күле қарап, быртиған қолымен болыстың әміркен етігінің қонышын сипап қояды. Үй іші қара көлеңке. Түндік жабулы, түрулі есіктен болар-болмас қана самал ескен секілденеді. Дала шықылдаған тамыз ыстық. Жердің шөбі сарғылданып қурай бастаған.

Қамшыларын сүйретіп есіктен екі-үш адам сәлем беріп кіріп келді.

– Жоғары шығыңыздар! – деп болыс күңк етті.

– Е, жол бола берсін!

– Әли болсын. Бүгін өзіміз де осында келмекші едік. Оның үстіне, осы бір-екі күннен бері елдің өсегі көбейіп барады. Болыстың бұдан хабары бар ма екен, хабары болмаса хабарландырайық деген ойымыз да бар еді... – деп, болысқа таяу отырған жуан қара кісі шіреніп барып жүкке арқасын тіреді.

Бәйбіше үрейленіп, тіксініп тыңдады. Болыс бастапқы кезде елеңдесе де, арт жағынан жай қалыпқа түсіп, күлімсіреді.

– Уай, Тасеке-ай, жоқтан қауіп қыла берудің не жөні бар, есікте жүрген құл емеспін ғой, бір аймақ елді басқарып отырған кісі емеспін пе? Менің басым нағып ойыншық болып кетті? Түсіне алмаймын. Өлтіреді екен деп айылымды да жимаймын. Маған қол көтеретін кісі бұл маңнан табыла қоймас. Табыла қойғанда да, оңайлықпен өлмеспін: бір өзімде үш мылтық бар, жанынан безген адам нешеу дейсің, өлсем де жастығымды ала өлермін!

Ыбыраш болыс мұны қорықпаған пішінмен айттым деп ой-

лады. Бірақ, жүзі қуқылданып, тұла бойы түршіккендей болып, дауысы қалтырап шықты.

Толқындаған көңілін басайын дегендей, болыс шылымға жабысты. Аузынан, мұрнынан көк ала түтінді будақ-будағымен шығарды. Артында тұрған ақ жастыққа шалқасынан керіле жатып, аз-кем ойланғандай болды: жасынан орыс мектебінде оқығаны, мектеп бітіріп уезге тілмөш болғаны, одан еліне келіп болыстыққа сайланғаны; жиырма жасында болыстықты алып, он бес жылдай ұдайымен болыс болып, бетіне жан қаратпағандығы, тағы-тағылар бірінен соң бірі жіпке тізгендей тізбектеліп көз алдынан өтіп, өмірдің есте қалғандай қызықты жерлерін алдына ашып салды.

Есік алдына біреу келіп қалтиып тұра қалып, ауылдың алдыңғы жағына қарап шұқшиды.

– Апырмау, бұл қалай? Тұс-тұсынан қаптап келе жатқан қара құрым адам ғой? – деді ол үрейленіп.

Үйдің ішіндегі адамдар селк ете түсті.

– Құдай-ай, пәле болып жүрмесе игі еді! – деп, бәйбіше бебеу қаға бастады. Төрде отырған қонақтар қуқыл тартқан пішінмен біріне-бірі қарасты.

– Қанша екен, көп адам ба? – деп болыс басын көтерді.

– Келіп қараңызшы, мен сескеніп тұрмын...

Болыс келіп есіктен қарағанда, лек-лек болып топтанған жұрт шаңды аспанға бұрқыратып белестен жөңкіп түсіп келе жатыр еді. Болыс шошып кетті.

– Опырмай, түрлері жаман екен, тегін болмас, сақтану керек! – деді түсі қуқылданып.

Ыбыраш болыстың бұл өмірінде бірінші қорыққаны еді. Қызыл шырайлы ажары өзгеріп қуқыл тартты. Быртық қолы қалтырап, едірейген жебесін сипай берді.

Кеңседе отырған бірсыпыра адамдар, бастығы писарь Иван болып, асып-сасып олар да келді.

– Енді қайтеміз? – деді болыс.

– Сандықтан мылтықтарды алдыр. Төрт-бес жігітті қасымызға алып, есікті бекітіп отырайық. Адам салып жұмысын сұрармыз. Мәмілеге келсе, сұрағандарын беріп, құтылған жөн. Нақа болмай бара жатса, мылтықтың астына алармыз. Жанынан безген жындылар қанша дейсің, екеуі-үшеуі оққа жығылса, былайғылары өздері-ақ қашады, – деп Иван ақылын үстіүстіне түйдектетті.

Иванның ақылын болыс теріс деген жоқ, дереу сандықты ашқызып, мылтықтарын алып, оқтатты. Көңілі бірленіп, жиналған дос-жарларына Тасбергенді бас қылып, қаптаған көпке елшілікке салмақшы болды.

– Тасеке, әйтеуір, аузыңыздың ебі бар еді ғой, сөзге келсе тоқтатудың жайын қарастыр, не сұраса да, болмайды деме, бәрін де берем. Аман құтылсам болды, – деп болыс сөзін қайта-қайта пысықтады.

... Қаптаған топтың алды дүркіреп ауылдың шетіне кірді. Аттың дүрсілі, сойылдың тарсылы, бұрқыраған шаң, шаң-шұң дауыс адамның үрейін аларлық. Кішкене мылтығын қымқыра ұстап сабаның есік жағында Ыбыраш болыс тұр. Босағаның екінші жағынан сығалап Иван тұр. Екі жігіт қатарласып жабулы есікті басып тұр. Ыбыраш болыс есіктен сығалап қарап еді, төніп келген қалың топты көріп, тұла бойы бұрынғыдан бетер түршікті. Топтың алдында – маңдайы күнге қасқайып Жарықбас тұр еді.

– Сен керек емессің, болыс керек! Баяғыдан бергі басынғаны жетер енді. Адам деп бізді елейтін болса, өзі шықсын, ауыз екі сөйлесерміз. Оны істемей, жұмысты кісі арқылы бітірем десе, мен жастардың міндетін ала алмаймын. Ондағысын жастардың өзі біледі, – деді Жарықбас.

– Шықсын болыс!

– Неге елемейді?

– Шықсын!

– Неге шықпайды? – деп өр жерден де өршеленген дауыстар біріне-бірі жалғасып шыға берді.

Есіктен сығалап тұрып Ыбыраш аз-кем ойға шомғандай болды; «Шынында да шалдың сөзі рас-ау, жұмыстары менде. Мен айыпты да шығармын: бұл күнге шейін ешкімді менсінбей келгенім де рас. Жұртты бір шыбықпен айдадым, адал-арам дегенді есіркемедім. Бірақ, осының қата ғой. Бұл мінезіммен елді өзіме жау қылғаннан басқа бітірерім жоқ қой. Елмен араласып, қоян-қолтық отырып, кеңеспен іс істесем, менде жұрттың не жұмысы бар? Қайта екі талай күн туса, мына самсап тұрған азамат мені жауға алдырмаймын деп, ақтық қандары қалғанша алыспас па еді? Апырмау, менің ісім қате екен ғой! Ісімнің қате екенін қазір сездім ғой. Алдарына барып, «қате менен» деп бас ұрсам қайтер еді? Қазақ баласы ғой, ағайын ғой, мені аямас дейсің бе?!.»

– Ойбай, болыс, ату керек, – деп Иван мылтығын ыңғайлай бастады.

Ыбыраш селт етіп, тәтті ойын бұзып жіберді. Көзі бұлдырап кетті. Қыбырлаған топ жауатын бұлттай болып түнеріп төнген. Есіктің саңылауынан самсаған аттың тұяғы, шоқпардың жұмырланған басы көрінеді.

– Болыс қайда?

– Шық бері!

– Жаның керек болса далаға шық!

Сатырлаған сойыл үйдің үстіне жауды. Күшті дауыл соққанда мызғымайтын ақ үй сықыр-сықыр етті. Сырлаулы уық қаламдықтан шытырлап сынуды шығарды.

Иван мылтығын ыңғайлап, құлағын аша берем дегенде, Ыбыраш барып ұстай алды:

– Атпа, өшігіп кетеді, бұрынғы кінәм да аз емес. Оның үстіне енді, адам өлтірсем, мені сау қоймайды.

Сырттан ұрған сойылдың екпінімен қатарлап жинаған жүк сусып барып құлады. Иван сасқалақтап, Ыбыраштың көзін ала беріп, құлаған жүктің арасына кіріп кетті.

Бір минуттың ішінде Ыбырашқа мың түрлі ой келді. Сатырлаған сойыл, айқай салған дауыс – бәрі де Ыбыраштың ойынан шығып кеткендей болды. Қазіргі минутте оның ойлап тұрғаны – өзінің істеген шексіз қиянаттары, астамшылықтың ұшына шыққандығы; езілген елдің бас көтеріп, жауар бұлттай түнеріп, айбынымен жер сілкіндіріп тұрғандығы еді. Бұл көп – күні бүгінге шейін Ыбыраштың елемеген көбі. Мұндай көп бар екен, мұндай бас қосып құдіреттенеді екен деп Ыбыраш еш уақытта ойлаған емес еді. Ойда жоқ нәрсе болды. Көптің түрі жаман, мақсаттары не: «Ыбыраштың болыстығы ма? Әлде майданға жігіт жіберме деп өтінбекші ме? Өтініші талай болып еді, Ыбыраш оның бірін де тыңдаған жоқ еді, соны күшпен тыңдатпақшы ма екен?..»

Босаға жақ жабық сырр... тілініп кетті. Екі көзі қанталаған біреу тілінген жабықтан басын сұқты. Бас таныс, Қайрақпайдың басы! Қайрақпайдың басын көрген соң, Ыбыраш қуанбақшы да болды. Бірақ, кенет өзгерді, өткендегі ісі есіне түсе қалды. Бұдан 20 жылдар бұрын Ыбыраштың оқып жүрген кезінде, Қайрақпай жетім қалған болатын, Қайрақпайдың шешесі – Айғаным нәті кедей демесе, ажарлы әйелдің бірі болатын. Айғанымды әркімдер-ақ алмақшы. Бірақ Айғаным баласын тастап, туған-туысқанын тастап, бай іздейтін болмайды. Сосын Айғанымды көндіре алмағандар Ыбыраштың жағалайды, Ыбыраш «тырнақ алды» қылып жұмысқа кіріседі: Айғанымды он қараға сатып, Қайрақпайды бес жасар күнінде босағасына жатқызып, құлдық таңбасын басады... Сол Қайрақпай осы! Жиырма жылдай қолында өскен. Жиырма жылдай салпақтап Ыбырашқа еңбегін сіңірген осы!

– Қалқам Қайрақпай, керегінді айтшы, не айтқанынды орындайын! – деді Ыбыраш қалтырап.

Қайрақпай тіл қатпады. Босағада тұрып, қанталаған көзін Ыбырашқа қадаумен болды. Кішкене келтекті оң қолына қымқыра ұстапты. Тістеніп, бойын ашулы ыза кернеп тұрған сияқ-

ты. Бір-екі басып Ыбырашқа жақындаған секілді болды. Ыбыраштa құр сүлде. Не қыларын білмейді. «Аяғына жығылып, жалынсам ба екен? Құшақтап сүйсем бе екен?» – деп те ойлады. Сүйткенше болмай, кішкене келтек ербең етіп көтеріліп еді, Ыбыраштың көзінің оты жарқ етті: басы ауырған сияқтанды ма, біреу су құйып жібергендей болды ма? Әйтеуір теңселіп құлап бара жатқанын бір-ақ сезді. Одан арғысын бұлдыр біледі... Біреулер құшақтағандай болды... Біреулер аяғынан тартқан сияқтанды. Жылаған баланың, әйелдің даусымен әлем жыңылдап кеткен секілденді. Жабықтан түскен жігіттер аяғына қыл шылбырды салып үйден сүйрей жөнелгенде Ыбыраш көзін жалтыратып бір рет ашты. Бірақ, не қылып жатқандарын айырып біле алмады. Қатты тартқан екпінмен үйден сүйретіліп шыға бергенде, табалдырыққа басы тақ етті. Осыны ғана сезді. Осыдан арғысын сезуден Ыбыраш қалды...

Биенің бір сауымы кезінде, қара құрым топ тұс-тұсынан ыдырап, болыстың ауылы босады. Топ ыдырасымен, жаңбырдың ашылуын күтіп отырғандай, үйде тығылып отырғандар тысқа шыққанда – алдымен көзге шалынған нәрсе – көлдің жиегіндегі теңкиіп жатқан болыстың денесі мен жалыны басылып бықсып жанып жатқан кеңсенің орнындағы күлі еді. Басы аман жұрт жағаларын ұстады; бірін-бірі хабарландырып, ауыл-аймақ ә дегенше мың түрлі мәнермен сырлап Ыбыраштың өлімін жыр қылып үлгірді...

... Бөлкебай үйіне келген соң сандықтағы книжкасын алып күнделік жазды. Сондағы жазғаны мынау еді:

«... Мен де бардым, болысты Қайрақпай сүйретіп алып шықты. Үйден шыққанда жаны шығар деп едім. Шыққан ыңғайда бірнеше шоқпар қабатынан тиді. Бас сүйегі мылжа-мылжа болды... Көлдің басына апарған соң, Қайрақпай атынан түсіп, қонышынан бір семсерді суырып алып, болысты жарып жіберді. Адам қарауға бата алмайды екен... Мен де іштерінде болдым... Іштерінде болғанымның өзі мықты ерлігім деп білемін... 4-інші июль».

1929.

ТАСБОЛАТ

Күн көтеріле қаладан шықтық. Жеккен атымыз Тасболаттікі. Тасболат делбе ұстап келе жатыр.

Күн ызғырық, суық. Ұшпалы сұр бұлт аспан жүзін қаптап, оқта-санда қиыршық қар қыламықтап қояды. Тоңа бастадық. Қаладан шыққан ыңғайда желге тура қарап отырсақ та жақ

жүніміз үрпиіп, іші-бауырымыз қалтырай бастаған соң, ыққа қарай бет бұрдық. Тасболат әуелгі отырысынан танбады. Белін буған сары тон, үзік баулы елтірі тымақ – қандай ызғырық болса да төтеп беретін секілді. Киімі қорған болмағанмен де, алып болып біткен Тасболаттың денесі, сыртына шығып тұрған қайраты анау-мынау ызғырықты елетер емес.

Қаңыраған дала. Үйілген құм. Шоқ-шоқ болып біткен қурай мен жыңғылдың қалдығы қурап, қатып-сеніп, өзінен-өзі бітіп бара жатқан секілді. Ойпаң жерлерде, көл жиегінде малдың тезегі жатыр; қазылған жер ошақ, төгілген күл, дөңгелектенген үйлердің жұрты көрінді. Ана бір көгалсымақ бір кезде ел қонған ауыл өмірінің қайнаған жері екендігінде шек жоқ.

Қабырғасы ыржаңдаған арық тор ат, белестен ойға қарай түскенде бүлкілдеп жортқан болады. Шолақ шыбыртқымен шып еткізіп, Тасболат оқта-санда ұрып та қояды. Адырға кездессе, ысылдаған құмға арбаның тегершігі көміліп, торы ат мимырттап барып тоқтайды. Жол жаман ба, әлде біз ауырмыз ба, әйтеуір тоқтап қалса торы аттың танауы желпілдеп, демі пештің мұржасынан шыққан түтіндей будақтайды.

– Аттың демін алдырайық, буынып кетіп жүрер, – деп Тасболат арбадан түсті.

Аттың сырттығын, тамақ бауын қарап болып, бұрылып арбаға қайта келді. Менің тоңып отырғанымды біліп, жел жағыма келіп, арбаға сүйенді. Көзі күлімсірейді. Шоқша сақалды, қыр мұрынды ақ құба кісі; түріне қарағанда онша кәрі емес секілді; бірақ сақалы бурыл тартып қалыпты.

– Нешеге келдіңіз, отағасы? – деп ем.

– Қырықтың нақ бесеуінде тұрмын, – деп күрсінген тәрізденді.

Күннің суықтығын, арық малдың қолға қарай бастағандығын, ел қолында пішен қорының аздығын бірсыдырғы әңгіме қылып өтіп, бір кезде – менің кім екенімді, қай елдің адамы екенімді, жасыма шейін анықтап сұрады.

– Е... Солай еді... «Тал суат» елінің баласы едім де... білуші ем. Көрген жерім еді... біздің Байжаннан үлкен екенсіз-ау, – деді.

– Байжан дегеніңіз кім?

– Байжан деген менің балам еді, жасы биыл нақ жиырмада.

– Балаңыз қайда: шаруашылық істей ме, әлде оқып жүр ме?

– Анығын өзім де білмеймін, шырағым, әйтеуір тірі деп есітем... Жас кезінде молдадан оқыды, – деп еді...

Тасболат күрсінді. Шолақ шыбыртқымен торы атты шып еткізіп ұрып қойды. Бір нәрсе есіне түсіп мұңайып қамықты ма, әлде қарсы соққан жел көзінің сорасын ағызды ма, күсті қолын қолғаптан шығарып көз жанарын сүртті...

Тасболаттың соңғы жауабы маған жұмбақ болып көрінді. Байжан баласы болса, жасы қазір жиырмаға жеткен болса, оның неғып жүргенін, қайда жүргенін білмеуі қалай?.. Мен, анығын білгім келіп, қазбалап сұрай бастадым. Бірсыпыра уақытқа шейін менің сұрауыма ұшынан ғана жауап беріп отырды. Жауабы түсініксіз, күңгірт, бүркеулі жатқан бір астардың барлығын еріксіз сездірерлік еді.

– Шырағым, тым қазбалап кеттің-ау. Қысқа берген жауабыма қанағат қылмай отырсың. Оныңды сезем. Бірақ, бұдан арғысын айтуға болмайды ғой, ешкімге айтылмаған сыр еді. Айтпаспын деуші едім...

Тасболат басын төмен салып, бірсыпыра жерге шейін ойланумен отырды. Ойлаған түріне қарағанда, жанды жеген ескі жараның аузы ашылып, жүректе қан боп қатқан сырдың мұздай жарылып, сең болып ағып кетуге дайын тұрғандығын сездіргендей еді. Түсі бір қуарып, бір қызарып, мазасы кетумен болды. Бір кезде басын көтеріп, ауыр күрсінді. Бұрылып бетіме қарады. Көз жанарында мөлтілдеген жас тұр еді.

– Ұмытылып кеткен нәрсе еді, шырағым. Әлдеқайдағылардың қозғалып еске түсуін қарашы... Сенің еліңді есіткен соң, «Талсуаттың» атын есіткен соң, өткен күн, жастық өмір сағымдай мұнарланып ойымды, жүрегімді тартып алып кетті! Мен қазір елде жүрген сияқты болып отырмын. Ойқой, дәурен! Қара көлдің аңғарында – сіздің ел бар, біздің ел бар қара-құрым болып жайлап отырар еді... Ән салып, сауық құрып, ойын-той аңдып, сайран салып жүруші едік! Қайран жастық! Енді мынау шал болып отырғанымыз.

Тасболат шынымен қамығып, бүртіктенген жас көз жанарынан домалап, бетінің қобысын қуалай жөнелді.

Тасболаттың басынан қандай қайғының өткенін анық білмесем де, бала сияқтанып еңкілдеп жылаған соң, жаман аядым...

Тасболат жылауын тоқтатып, көзін сүртті. Жүрегі жарылғандай болып ауыр күрсінді. Торы атты шыпылдатып шыбыртқымен ұрып қойды. Салалы саусағымен сақал-мұртын сипап өтті.

– Е, солай еді де. Талсуат елінің баласы едім де... білем-білем. Талсуаттың басы талай аунаған жеріміз. Талсуаттың күнбатыс жағында Тәшпай обасы дейтін оба бар еді, әлі бар шығар-ау... Жас күнімізде жиналып алып, сол обаның басында талай асыр салушы едік... Сені де біліп отырмын, шырағым. Сенің әкең Омардың Бермағамбеті ғой. Бермағамбет менен 3–4 жас үлкен еді. Бірге өстік. Мен кеткенде, сен жүгіріп жүрген бала едің. Оны да білем... мен үйіңе барсам «қамшыңды бер» деп әлек салушы едің, оны білесің бе? – деп күлімсіреп бетіме қарады.

Аң-таң болып мен де күлімсіреппін.

– Білмессің. Онда жас едің ғой. Қазірде білуің қиын болар. Мен елден кеткелі қашан. Мені тірі дегенге ешкім нанбас. Мен елге есепті адаммын ғой... Шынында да құр қарайған түрім болмаса, мен өлікпін ғой. Менің тірі болып осылай жүргенімнен не пайда?!.

Тасболат біртіндеп айта келе сырды шешуге жақындады. Біресе басынан, біресе аяғынан шолып айтып отырып:

– Болмас, бәрібір басталды ғой, саған жұмбақ қыла бергенше, сырдың бәрін ашып алдыңа салайын. Інім екенсің, сен сияқты іниге айтпай сүр қылып сақтағанда не шықпақшы? Ал, тында! – деп Тасболат маған қарап бұрылыңқырап отырды. Ашылған омырауын қымтап, тымағының жалбыр жүнді жақтарын кейін сыпырып қойды. Бірер күрсініп алып, басынан өткен оқиғасын бастады.

«... Білетін шығарсың, шырағым, Талсуаттан 15 шақырым жерде, оң тұс жағында, Берден қопасы дейтін қопа бар. Берден қопасын екі ауыл керей қоныс қылған. Сол керейдің ішінде Әлеке, Таңбай дегендер болған. Әлекеден тұқым жоқ, Таңбайдан туған жалғыз бала мен...

... Біздің ауылымызды Әлекенің ауылы дейтін еді. Үйлыққан он үй шетінен кедей, алдымыздан он қара, артымыздан бір қара зорға шығушы еді. Көрші ауылымыз Қанай шетінен бай. Біздің ауылдың жұмысқа жарағандары Қанай ауылына араласып, көлігін мініп, сауынын сауып, күн көріп жүрді. Қанай ауылы біздің ауылды «қара тобыр» деп атайтын еді...

... Мен – Таңбайдан жалғыз болдым. Мінерлік көлік, сауарлық сиырымыз болды. Әкем шал болған соң, мен жасымнан-ақ жұмысқа кірістім: шөп шаптым, менің жұмыс қылғанымды қуаныш көріп, төбелері көкке екі-ақ елі тимеуші еді...

... Кедейдің баласы болсам да, кемпір-шал еркелеткен соң, адам аланғасарланып, өуейленіп кетеді екен. Кемпір-шалды арқатану қылып, ойын-күлкі, сауыққа беріліп кетеді екен. Сол қалып менде болды. Болғанда – мықты болды: домбыра үйреніп, ән салдым. Ойын-тойды іздеп жүретін болдым. Бір кетсем, айлар жүріп өлке бойын тегіс аралап шығып қайтатын болдым. Кемпір-шал ұрсуды білмеді, қайта менің сонымды мәртебе көріп жүрді...

... Қанай ауылында Жүсіп деген бар еді. Бай еді. Осы күні қандай екенін сен білетін боларсың. Сол Жүсіптің баласы Амандық, берірек келген соң, мені баулып қолына ұстады. Жүрген жеріне ала жүретін болды. Мен сауыққа, қызыққа, байдың тұрмысына беріліп, үйді ұмытатынды шығардым. Кемпір-шалдың қандай күйде отырғандығын ескермейтінді шығардым... Әй,

иманды болғыр әкем-ай, сонда да ренжіп, маған бір ауыз қатты сөз айта білмеді-ау. Бірақ, онысы маған пайда болмады. Сол бетіммен кеткендіктен осындай күйге ұшырап отырмын ғой...

... Амандық дейтін – бұқа көзденген мыртық жігіт еді. Тілін шайнап сөйлейтін. Аздап бақай қулығы да бар. Көкіректік қазан бұзарлықтан да сау емес. Ойын-тойда көбіне жанжал шығарып, айтқанын істетіп жүрді. Бұрыс-терісіне қарамай айтқанын біз бұлжытпай істеп жүрдік... Сол күндерді осы күні ойласам, бетім шымырлап, тұла бойым мұздап кетеді: адамда ұят деген болмайды екен ғой. Ұятты білсек, Амандықтың айдап салғанына еліріп, ағайынға ойран салар ма едік!..

... Амандықтың Айғанша деген келіншегі болды. Әйелдің сұлуы еді. Мен Амандықтың үйіне араласқаннан соң бір жылдан кейін түсті. Амандық ұрын барғанда мен еріп бардым. Тәу көргеннен сол әйелге көңілім ауды. Елестеп ойымнан кетпейтін болды, ұйықтасам түсімде көретін болдым...

... Амандық байдың баласы. Уайым-қайғы көрмей еркін өскен, көкірек. Ол кімнің қадырын білсін. Айғаншаның сымбатын, мінез-құлқын, тәрбиесін ол көзге ілмеді. Айғаншаны көп әйелдің бірі деп санады. Ашуы келсе, ұратын болды. Боқтап сөгетін болды. Айғанша ренжісе, менің жаным күйзелетін болды. Бірақ, мұнымды өзімнен басқа ешкім сезген жоқ. Керек десе Айғаншаға да сездіре білмедім...

... Құдайқұлдың ішінде Үкібас дегеннің ер жеткен қызы болды. Көзі үлкендей, қаны қашқан сұрғылт бетті әйел еді. Бірен-саран бозбалалармен жүргені естілді. Соның несіне қызыққанын білмеймін, Амандық соған сөз салды. Қыз құрып қалғыр, неге қалшаланғанын білмеймін, жіберген адамға жауап қайтара білмепті. Амандық қыздан бетінің қайтқанын ар көрді. Қыздан өш алмақшы болды. Оқас дейтін көшірі бар еді. О да, мен сияқты, әумесерлеу жігіт еді. «Қыздын киімін ұрлап әкеліңдер!» деп Оқас екеуімізді жұмсады. Біз қыздың бой-басындағы жылтырағын ұрлап алып шығып, жер ошаққа тығып қайттық. Бұл – Амандықтың, Амандыққа ерген біздің қиямпұрыштығымыздың басы еді...

... Талас штат болды. Ел екі жік. Бір жағы Күржікейдің баласын қолға ұстап шықты. Екінші жағы – Жүсіптің баласын көтерді. Амандық ауылнайлыққа бой ұрды. Ауыл күнде жиын. Күндіз-түн демей партия жию... Сойылған мал, мінілген аттың есебі болмай кетті. Адам мүлде әулекіленіп, көтеріліп кетеді екен. Сол сайлау кезінде ұйқы дегенді білмедік. Амандық екеуіміз екі атты жаратып мініп, күндіз-түні жүрдік те отырдық. Амандық партия жию мен бозбалашылығын қатар жүргізді. Қонған, түстенген жерінде ұнамды әйел болса, соған сөз сал-

май кетпейтін болды. Әйелдер де бір сорлы ғой, қалай көніп қалатынын білмеймін...

... Бір күні, ел жатқан кезде, ауылға жалғыз келдім. Аттан түсіп жатыр едім, Амандықтың отауының жанында біреу қарандағандай болды. Бұл кім болды екен деп төніп келсем, Айғанша екен...

... Қарсы партия жағына Амандық тісін батыруға ойлайды. Бізбен көрші отыратын Тасқұлақтың аулында Тәпен дейтін атқа мінген жігіт бар еді. Сол, ауылын бастап, Күржікей жағына шығып кетті. Көршілестігін айтып, Жүсіп неше рет адам салса да, Тәпен ықпады. Соған ерегісіп, Амандық Тәпеннің сары бауыр атын ұрлатпақшы болды. Тағы да Оқас екеуімізді жұмсады. Сойылды қарға іліп, алты атарды қойынға тығып, ел жата екеуіміз жүріп кеттік. Түн тастай қараңғы. Көк жиегі бүркеу бұлт. Желсіз, тыншу... азынаған сармаса, әлдеқайда, көк жиегінде бәсеңдеу болып күн жалтылдап тұр.

– Осы жүрісіміз жақсы емес, тек құдай жамандыққа бастамасын! – деп Оқас күрсінді.

Еш нәрседен беті қайтпайтын қайратты Оқастың уайым айтқаны меніңше келіспей тұрды. «Ойға алғанды істемеген жігіт жігіт пе?!» деп ойладым мен... Сары бауыр атты көргенде, Оқастан бұрын аттан түсіп, өзім жүгендедім...

... Сайлау өтті. Ел қалпына келді. Амандық ауылнай болды. Тілегіміз орындалған соң, біз еш нәрсені елегеніміз жоқ. Бірақ, сары бауыр атты, Тәпен Оқас екеуімізден көреді деген сыбыр естіліп жатты. Амандық ауылнай болған соң, болыс өз партиямыздан сайланған соң, біз несіне қаймығайық, айылымызды да жиғамыз жоқ.

Бір күні үйге барып отырып едім, әкем уайым айтты:

– Кемпір-шал болдық. Төріміздің көріміз жуық. Мал көбейтіп, енді, байи алмаспыз; бір шүйке басты оң жақ босағама кіргізіп бер деп әжең де мазамды алып жүр... Биыл шөп те шапқыза алғамыз жоқ. Екі-үш қараның басы барда сенің аяғыңды шырмап, міндеттен құтылсам деп отырмын, – деді...

Не айтайын, үндегенім жоқ. Артынша бес обадағы Сағит дегеннің қызын айттырып қайтты деп есіттім. «Қызы бой жеткен екен» десіп жүрді, бірақ қандай екен деп әуестеніп, оған ойым бөліне қоймады...

... Айғаншаның бірінші әзілі – менің қалыңдығым туралы болды. Қалқам-ай, мінезі өзгеше еді-ау, күлімсіреп отырып:

– Қайырлы болсын! Келінді алған соң ағаңның өнерін сен де бастап жүрме. Жарамайды, обал болады, – деді.

Соңғы сөзді айтқанда, мұңайып, төмен қарап терең ойға шомғандай болды. Содан былай екеуіміз ашылып сөйлесетін болдық. Оңашада кездесуді тілейтін болдық.

– Осы біздікі не? Біз не қылмақшы болып жүрміз? – деді Айғанша бір күні.

Деді де, шыдай алмай, өзі күлді...

... Қысты күні қалыңдығымды көрмекші болып ұрын бардым. Бойжеткен екен. Қара бұжыр, мыртықтау әйел. Ерні көнтектеу. Бір бастап сөйлесе, сөйлей беретін қалпы көрінді. Мені бірінші көргеннен-ақ, ол ұнатты:

– Сендей жігітке кез болдым – арманым жоқ. Сенің жолыңа жаным құрбан! – деді.

Мен елжіреп бой бермедім. Әкем айттырған соң, санап мал берген соң, амалсыз алатын сияқтандым. Жазға салым үйге алып та келдім...

... Үйде сирек болам. Өмірімнің көбі байдың үйінде өтеді; ел қыдырып, Амандықтың шашбауын көтеріп, сауық құрумен өтеді. Айғанша кейде:

– Үйіңе барсайшы, келінді ренжітпесейші, – дейді.

Айғаншаның сөзі жерде қалмасын деп үйге барам. Бірақ, көңілсіз. Өз үйіме өзім сыймаймын. Қатын мені сағынып жүдеп қалған болады. Мені көргенде жылап жібере жаздайды. Бірер жылдан кейін жүкті болып, ұл тапты. Атын Байжан деп қойдық. Сонда туған Байжан еді-ау!..

... Байжан туған жылы қыс кемпір-шал бірден қайтыс болды. Үйде бір-екі-ақ қара қалған. Ішуге тамақ кем. Емшектегі бала, жас қатын өз бетіне отырып күн көре алатын болмады. Менің аяғымды еріксіз байлайтынды шығарды. Қатынға да бұрынғыдан көрі тіл бітіп, бір жаққа барып келсем: «Қайдан келдің? Не қып жүрдіңді?» шығаратын болды. Ол сұраған сайын, тексерген сайын, менің қытығыма тиіп, әлдеқайда, жүрегімнің түкпірінде соған қарсы белгісіз бір ашу бас көтеріп келе жатқан сияқты болушы еді. Бірақ, ашу қысса да, қатынның өзімді артықша сүйетіндігін ойлап, ұрмаушы едім...

... Амандық шақырған соң үйімді көшіріп соның жанына бардым. Көшіп бармасқа болмады, «Тәпен соңыма түсіп, сары бауыр аттың кегін алуға ынғайланып жүр» деген сыбыр естілді. Амандықтың қасына барсам, анау-мынаудың тісі батпайтындай көрдім. Бірақ, көшіп баруыма қарай тағы бақытсыздыққа ұшырадым. Төпендер тараттыма, әлде ауыл-үйдің өсегі ме – мені Айғаншамен жақын деген сөз жайылып кетті. Біреуден біреу естіп, күн сайын қойылта берді. Қатын құлаққа маза беруді қойды. Бара-бара, ол кісі көзінше айтатынды шығарды...

... Іңір әлеті еді. Жұрттың бәрі үйлерінің жанында салқындап отырған. Оқас бар – бірсыпыра адам Амандықтың отауының жанына жиналып, мен ән салып отырғам.

– Әй! – деді біреу.

Жалт қарасам, қатын екен. Екі көз жас. Басында жаулығы жоқ. Шашы обырап кеткен. Қанын ішіне тартып, қалш-қалш етті:

– Жетер енді! Салдақының әуселесін бірсыпыра көтеріп болдың ғой. Сенен басқа бозбалалар да жетер, сен үйге жүр, – деді.

Жұрт ажырайысып қалды. Айғанша сұрланып, сөз айта алмай, орнынан тұрып кетті. Үлкен үйден сұрланып, шаптығып, бәйбіше шықты. Жұрт дабыр-дұбыр болып жатыр. Не айтып жатқандарын байқай алмадым. Орнымнан тұрдым. Сосын не істегенімді өзім бұлдыр ғана білем. Көзім қанталап, ашу кернеп, өзімді-өзім ұмытып кетсем керек...

– Өй, жындандың ба? Өлтірдің ғой! – деп біреу иығымнан тартты.

– Е, не болды?

– Не болғаны құрысын, өлтірдің... Өліп қалмаса жарар еді, – деп Оқас біреуге төніп отыр.

– Апырмау, бұл кім? Мен не істедім? Мен қайда тұрмын? – деп өзіме-өзім есеп бере бастадым. Сүйткенше болмай Оқас басын көтеріп:

– Сені құдай атты: мынау өліп қалыпты! – деді.

Шошып кеттім. Жүрегім қалтырап сала берді.

– Кім?.. Кім өлген?

– Кім болушы еді, қатының!

– Не дейт? Оны кім өлтірді?

– Өзің жаңа шашынан сүйреп әкеткен жоқ па едің?! Мен, ұрар да қояр деп ойлап едім. Айғанша бар деген соң келіп едім. Бүйтеріңді білсем, әлгінде айырып алатын едім ғой. Әй, әттеген-ай! – деп, Оқас үйдің ішінде теңселіп жүре берді. Есім кіресілі-шығасылы, көзім бұлдырап, қарауытып кете берді. Не қылып, не қойғанымды әлі өзім анықтап біле алмай тұрмын.

Оқас жаныма келіп:

– Сені құдай атты! Сен адам өлтірдің! Енді қолға түспей тез жоғал. Әзір ешкім хабарланған жоқ. Мен кетем. Жұрт ертең бір-ақ білсін! – деді.

Оқас шығып кетті. Құрым үйдің төрінде жалғыз тұрмын. Құр сүлде. Буыным дірілдеп, құлап кетуге таяу тұрған сияқтымын. Аяғымның астында сұлаған дене жатыр. Ол әйелім!.. Әйелімнің денесі! Мені сүйген, мен үшін қан жұтып күйген әйелімнің сүйегі!.. Өзімді сүйген жүрекке менің тартқан сыйым осы болды ма? Мені не қара басты?!. Бүйткенше, нақа ашуға шыдамасам, көптің көзінше қатынымның сөйлегенін бойыма ар көрсем, өзім-ақ өліп кетсем болмады ма? Бұл сорлыда жазық не еді?!.

... Ойлаған сайын елжірей бердім. Екі көзден ыстық жас ыршып ата берді. Жүгініп отырып, бетін сипадым. Көзін жұмдырдым. «Кеш! Мен қарабет болдым!.. Мен қан ішер атандым!» де-

ген сөз аузымнан еріксіз шығып жатты... Қатаны жаңа ұғынғандай болдым. Бірақ, кеш еді. Іс өтіп кеткен. Егер, нақ сол сағатта қатынның кеудесінде жан болса, мен тізерленіп отырып аяғына бас ұратын едім: «Жаңа білдім. Мен – сендік! Жүрегімді де, жанымды да өзіңе жиып ал!» дейтін едім... Осы сөзді салқын денені құшақтап отырып көп айттым...

... Біреу басымды сүйеп тұрғызды. Таң бозарып, үйге сәуле кіріп қалыпты. Алдымда әйелімнің денесі жатыр. Оң жақта төсек салулы екен. Төсек жанында бесік. Бесікте Байжан бөлеулі. Байжан шырқырап үйді басына көтеріп жатыр...

– Не ғып отырсың? – деді.

Айғанша екен.

– Әй, еркек, еркек! Сендерден осыдан артықты күтуге де болмайды ғой! – деді.

Төсек үстінде жатқан жаулықты әкеліп қатынның бетін жапты. Бесіктен Байжанды шешіп қолына алды.

– Міне, көрдің бе? – деді, – осындай болатынын мен сезгем. Сезгендіктен сені бойыма жуытпағам. Егер, бойыма жуытып, сенің жүрегінді осыдан салқындатайын деген қиялға кірсем, осы қанның обалына мен де ортақ болмас па едім? Ісің жаман! Басқаға лайық болғанмен, саған лайық емес еді. Мен сенен мұндай істі күтпекші емес едім... Ойлағандай болмадың, енді, тұрма, жөнел. Оқас ат әзірлеп жатқан шығар, мін де тарт! Қайтып ел бетін көруші болма!..

... Төлтіректеп орнымнан тұрдым. Байжан ұйқылы көзімен Айғаншаның омырауын аймалап, емшек іздеп жатыр екен. Баланы аяп, ішім елжіреп, жылайын деп едім, көзімнен жас шықпады. Сүюге бата алмадым. Қарабет болып тұрып, күнәсіз жас нәрестеге аузымды тигізуім – кешірілмес күнә болар дедім. Үйден қалай шыққанымды сезгенім жоқ, әйтеуір атқа мініп кетіппін...»

Тасболат осы жерге келгенде егіліп жылап жіберді. Аузы сөйлеуге келмеді. Көпке шейін солығын баса алмай отырды.

– Сосын қайттіңіз? – дедім.

– Қайтейін, шыққан бойыммен Ащылының еліне келіп, бауырымды жерге төсеп екі күн жаттым. Үшінші күн көшпелі елге кездесіп, Әлиқұл деген байға жалданып, соның көшімен бірге осы Сырға құладым.

– Содан бері елге барған жоқсыз ба?

– 17-жылы бардым. Туған жер, өскен ел адамды еріксіз тартады екен. Әсіресе Байжанның өлі-тірісін білуге құмар болдым. Бірақ, ел көзіне көріне алмадым. Шеттеп жүріп жерді көрдім, сағымданған елді көрдім. Жылай-жылай көзім жұмылып кетті. Байжанды нағашысы қолына алған екен. «Дені сау, оқып жүр» деген хабарды бір қойшыдан есіттім.

* * *

... Ымырт жабыла Тасболаттың тұрған үйіне келдік. Зейнеп деген жесір әйелдің қолында екен. Бір жағынан малай, бір жағынан сол үйдің өз адамының бірі болып сіңісіп кеткен қалпы көрінді. Зейнептің 8–9 жасар ұл баласы бар екен. «Аталап!» Тасболатты шырғалап, соның қасынан шықпай отырды.

– Ата, өлең айт! – деп бала домбыра алып келді. Құлағым елең етіп, мен басымды көтердім.

– Айтсам айтайын, қарағым, қонақ та тыңдасын, – деп, Тасболат домбыраның құлағын бұрап алып, безілдетіп тартты.

Бір кезде өнді шырқап жіберді:

«Талсуат, Берден қопа жерім еді,
Жаста өскен Керей, Қыжық елім еді.
Бұлғандап бозбала боп жүргенімде,
Бұралып сұлулары күліп еді!..»

Тасболаттың өнін, өлеңін тыңдап отырып, мен елді бастанаяқ кезіп жүрген сияқты болдым...

1927.

ҚАРА ШЕЛЕК

Әңгіме қара шелектен басталды. Айшаның атасының басындай сақтап жүрген шелегі ғой. Үшінші жыл болып барады, Айша шелексіз қалып, шелек сұраймын деп абысын-ажынға жексұрын көрініп, ақырында Бірмағамбетті бүріп, Кәстенкенің дүкенінен алдырған шелек еді.

– Шелек-шелек деп ішкен асымды кере ғып болып едің, сенен қорыққаннан – темекі алатын ақшама шелек алдым, – деп Бірмағамбет, Айшаның қолына шелекті ұстатқанда бұлдап нығыздап ұстатқан.

Бірмағамбет мұны айтқанда, Айшаны салақ деп, дүниесін бүлдіріп ұстайды деп айтқан емес. Айшаның сөзін аяқсыз қалдырмағандығын сездіргелі айтқан. Әйтпесе, Айшаның жинақтығы, күтімділігі, бірін мыңға балап ұстайтындығы бүкіл ауылға мәлім. Салақ қатындар Айшаны жаратпағанда, Айшаға мін таққысы келгенде:

– Көріне бірге алып кетсе, көрерміз: әйтпесе кімнен қалмаған дүние, – деп бұрқылдасады.

Сол қара шелек бүгін майып болыпты! Қожағұлдың қара тоқалы біреуден нәрсе сұрамай, алған нәрсесін бүлдіріп бермей жүре ме, бүгін келіп қара шелекті сұрай қойды. Айша – шелек сұраушыны жайшылықта маңына жүргізбейтін:

– Менен кедей емессіңдер ғой, керек болса, сатып алыңдар, – дейтін.

Бүгін сонысын айта алмай қалды. Айта алмай қалған себебі болды: бүгін айға толды Бірмағамбет жоқ! «Аудан жұмсапты, науқанға өкіл қылыпты, 5-ауылдың байларын Бірмағамбет протоколдап ауданға айдап жіберіпті...» деген сияқты хабар еміс-еміс естіледі. Науқаны несі? Байларда не жұмысы бар? Айлап қаңғырғандай, ай толғанша үй бетін бір көрмегендей не болды? Бұл не деген сұмдық? Қатын-баласынан безген адам бола ма екен деп бірер күннен бері Айша үздіксіз ойлаумен жүр. Күл шығарса да, от жақса да, жалғыз ала сиырды қақпалап суатқа апарып суғарса да есі-дерті Бірмағамбет болады да жүреді.

Бірмағамбеттің жүріс алғаны жалғыз биыл емес, екі-үш жылдан бері жүретінді шығарды. Ана жылы батырақтар съезіне сайланды да, содан былай «съезд», «топ», «қаулы» дегенді аузынан тастамайтын болды. Былтырдан бері ауылға өкіл келсе, алдымен Бірмағамбетті шақырып алады. Бірмағамбет өкілдің қасында болады. Жиылыс болса өкіл баяндама істесе, өкілдің ұсынған мәселесін шеше алмай жұрт бөгелсе, Бірмағамбет орнынан ұшып тұрады да:

– Жолдастар! – дейді.

Жұрт селк етіп оның аузына қарай қалады. Бірмағамбет жұрттың қытығына тие сөйлейді. Біреулерді қаси сөйлейді:

– Жолдастар! Біздің көбіміз байға жарамсақтанып, байдан қаймығып сөйлемей отырмыз. Әйтпесе, мұның жөні былай емес пе, неге сөйлемейсіңдер? – дейді.

Содан кейін жұрт серпіліп сөзге кіреді.

Жиылыстан тарап, үйлеріне келген соң, от басында күңкілдесіп отырып:

– Көрінгенге соқтығып, сотқар атанып не керегі бар, көжеңді ішіп үйде отырсаң да өлмейсің ғой, – дейді Айша.

«Ақылыңа болайын» дегендей, Бірмағамбет Айшаға ала көзімен қарап, кесесін домалатып жібереді. Бірмағамбеттің томырық мінезін тудырып алам ба деп, содан былай Айша да жым болды.

Өмірде не кездеспейді. Әсіресе, Айша мен Бірмағамбеттің басынан кешірмегені бар ма: малайлығынды, күндігінді, байдың таяғын, бәйбішенің бақыруын – бәрін басынан кешірген Айша ғой. Үй болып, от түтетіп, өз алдарына өмір тілегендері 3–4 жылдан бері ғана. Онда да Бірмағамбет малайлықтан босаған жоқ. Былтыр конпеске малынан 2–3 қара тиіп, содан былай ғана басы босанды.

Былтырдан бері Айшаның шаруашылығы мүлде күшейді. Аз дүниесін тап-түйнақтай қылып ұстайтын болды. Тазалыққа әдет

алды. Аш жүрсе де, жалаңаш жүрсе де, қолына іліккен 2–3 қара ны саттыруға, сойдыруға қарсы болды. Бірмағамбет қоңыр тайыншаны сатып көйлек әперемін дегенде:

– Мал сатты деген не? Үйренген жалаңаштық. Баяғыдан бері өлмегенде, енді өлмеспіз! – деп Айшаның шыж-быжы шықты.

Сондағы ойы – бір қара болса да қосыла берсін дегендік. Үй қатарына қосылайын дегендік. Кедейлікті жалғыз осының маңдайына жазып қойып па? Біреуге телміргені жеткілікті болған жоқ па!

Айша осыны ойлайды, ал Бірмағамбет ше? Айшадан Бірмағамбет бөлек пе? Айшаның көрген азабын Бірмағамбет он есе артық көрген жоқ па? Ендеше, қолы жаңа жеткен екен, үміт сәулесі елестеген екен, Бірмағамбет неге шаруаға қырсыз болып кетті? Үйінде отырса қайтеді? Бір-екі қарасын күтіп, бақса қайтеді? Жұрттың еркегі құсап, қағыстырып-соғыстырып, бір тиын болса да кіріс кіргізуге тырысса қайтеді?..

Бәрі де ойыншық-ау, Айшаның ойын әлек қып жүрген екінші бір жұмыс. Айшаның түсінбейтін жұмысы, Айша Айша болғалы, Бірмағамбетке қосылып, бірге өмір сүргелі – Айшаның істемеген жұмысы. Неге істегенін, қалай ілігіп қалғанын Айша өзі де түсінбейді. Ойлай берсе, басы қатады да, дұрыс-бұрыс екенін айырып біле алмайды. Әлмағамбеттен сұраса, ол мұның қайнысы ғой, әзілге шаптырып, Айшаның басын одан жаман қатырады. Осының салдарынан, басы қатып отырып, Қожағұлдың тоқалына қара шелекті қалай бергенін Айша білмей де қалып еді.

* * *

Ауылға өкіл келіп, «Шоқтал» басындағы ауылдың жалпы жиналысын шақырды. Ауыл болғанмен жиырмаға жетпейтін үй ғой, қанша адамы бар, бәрі Сартайдың үйіне жиналды. Әйелдер де қалмай келсін деп айтады деген соң, Айша да барды. Сартайдың үйі аузы-мұрнынан шығып отыр екен. Сақалы күйектей болып төрде Қайралап отыр. Бөтегесі бұлтиып Ыдырыс отыр. Екеуі де биылғы астық науқанында «майкот» болғандар. Сондағы бір жиылыста:

– Біздің арамызда шыршын бұзар байлар отырмаса екен, кедей мен батырақтың жиылысын өзіне берсе екен! – деп Бірмағамбет, осы Қайралап пен Ыдырысты жиылыстан айдатып шығып еді. Енді, Бірмағамбет ауылда болмаған соң дандайсығандай, екеуі бірдей жиылысқа келіп, қатар түзеп отыра қалыпты! Айшаның ашуы келген сияқтанды. Бірмағамбет жоқ деп неге басынады бұлар? Бірмағамбет ертең келгенде, Айша оған айтып, бұлардың төбесін тестірмей ме!

– Жоғары шық, Айша! Бірмағамбет алдыңа оралғы болып, жиылыстың қарасын көре алмаушы едің, Бірмағамбеттің жоғында сөйлеші бір шешіліп, – деді қайын інілерінің бірі қалжыңдап.

Айша мұның кекетінді сөз екенін ұғынып, бұрынғының үстіне тағы ашу жамады.

Орынбайдың кекеші, кенеп дорбасын сүйрелеп, әркімге барып бір сөйлеседі. Жалбыр шашты қара жігіт, кекеш ауылнайға жаратпаған пішінмен қарап отырды да:

– Ауылнай жолдас, сыбырыңды тоқтатып, жиылысыңды ашсаң қалай болар еді? – деді.

Бұл жігіт – ауданнан келген өкіл болып шықты.

Жиылыс ашылды. Өкіл баяндама істеді. Баяндама коллектив туралы болды.

– ... Сонымен, жолдас, берекесіз ұсақ шаруашылықты бітіріп, коллективтескен ірі шаруашылық құрамыз, социалдық шаруаға көшеміз! – деді өкіл.

Жұрт тынып, мүлгіп, маужырады да отырды.

– Қане, кімнің сұрауы бар? – деп мәжіліс ағасы екі-үш қайырып сұраса да, ешкім үн шығармады.

– Иә, алла, өзің медет бере гөр! – деп Қайралап ауыр күрсінді.

– Ау, неге үндемейсіндер, сөйлесендерші!

– Айша төніп тұр ғой, бірдеме айтпақ шығар, – деді бір жігіт.

– Белсендінің қатыны ғой, айтса айтып та салар, – деді екіншісі.

Ашу қысты ма, әлде сөйлегісі келіп кетті ме, Айша ілгерірек басып барып:

– Сөйлесе қорқад дейсің бе, айтатын сөзімді мен қашан болса да айтам. Байлардан қорқып үндемей отырған сендерден сақтасын, – деді.

Өкіл басын көтеріп алып, Айшаның бетіне қарай қалды. Айша мүдіріп, кібіртіктеп қалды.

– Тоқталма, жеңгей, айта беріңіз, – деп өкіл күлімсіреді.

– Мен айтсам, алдымен осының ішінде «майкот» болған екі адам отыр, солар шықса екен деймін!

Жұрт біріне-бірі қарады: Сатыбалды, Айшаға көзінің қырымен қарап, басын шайқап, таңданды. «Майкот» болған адамды сұрап, өкіл ауылнайды бүріп барады. Ақырында біліп алып, Қайралап пен Ыдырысқа өкіл:

– Сіздерді кім шақырды? – деді.

– Ойбай, шырағым, осы ауылдан жан қалмай келсін деп айтты деген соң келгеніміз ғой. Келмей қалсақ, жазалы боламыз ба деп қорқып едік, – деп, Қайралап дәбдірлеп, үрейі ұшып кетті.

— Ал, жеңгей, байлар шығарылды, енді сөйлей беріңіз, — деді өкіл бір кезде.

Айшаның ойында айта қоятын ыңғайлы сөз болмады. Әйтсе де, өкіл айт деп өтініп отырған сияқты болған соң, сөйлемей қалудың ретін таба алмады.

— Мен айтсам, өкілдің сөзінің бәрі дұрыс, мен соған қосылам! — деді.

— Сен қосылсаң, нең кетіп барады, жан қиналып тапқан мал емес, конфискенің малын қосасың да жібересің. Басқалар айтсын, — деді Құсайын.

Мал қосу, малды ортаға салу дегенге Айша, шыны, түсінген жоқ. Түсінбегені — өкілдің баяндамасын дұрыс тыңдамап еді. Өкілдің сөзін құлағы есітсе де, ойы басқа бір жұмыста болып, ұғына алмай қалып еді.

— Менің сұрауым бар, — деді Жаман, — ал, біз коллектив болайық. Еншімізді де қосайық. Сонда үйімізді қайтеміз? Осы күнгідей бөлек отыра береміз бе, әлде, Ысматтың әулеті құсап қырық адам бір шөмістен ас ішеміз бе?

— Әрине, бір шөмішке қысыласың, — деп, өкілден бұрын Құсайын жауап берді.

Өкіл Құсайынның сөзін бекерге шығарып, шаруашылық артелінің қай ретпен құрылатындығын, мүшелерінің қалай тұратындығын тағы бірсыпыра айтып, ашып түсіндіріп берді.

— Жолдас өкіл! — деді Тымақпай, — мәселен мен сияқты бір кедей болады. Өзі жалғыз басты, қаңғырып жүрген болады. Өзінің кәсібі тігін тігіп, тамағын асырау болады. Сонда сол кісі қайтеді, о да артельге алына ма?

Тымақпайдың артынан Жүсіп, Қадырберген, Жақыптар сөз алып сөйледі. Бәрінің сөзінен де Айша: «Малды ортаға салу, біріктіру» дегенді ұғынып жатыр. Бұл қалай болды? Екі-үш қараның басы құралғаны осы еді. Былтырдан бері тамаққа да, киімге де жұмсатпай шыж-быжы шығып келіп еді. Енді, ортаға түсіп кетпекші ме? Жарықтық, емшегінің саласы жырта қарыс ала сиыр бір сауғанда бір шелек сүт береді. Былтыр Бұзаубай конфискеленгенде, сондағы өкіл Айшаны алып: «Жеңгей, Бірмағамбет екеуіңнің еңбегің осы малға аз сіңген көрінбейді ғой. Мына сиырдың ішінен таңдап тұрып біреуін ал!» — деп еді.

Бұзаубайдың сиыр тұқымында не оңды сиырлар — қасқа сиырдың тұқымынан шығатын. Ала сиыр да соның тұқымы. Айша жүгіріп барып осы ала сиырдың мойнынан құшақтай алған. Сол ала сиыр, енді, ортаға түсіп кетсе, ала сиырдың сүтіне, ала сиырдың майына Қожағұлдың қара тоқалы да ие болса, бәтір-ау, сонда не болмақшы? Бәрін де қойшы, малдың иесі Бірмағамбет үйде жоқ-ау, оның келуіне қаратар ма екен, әлде көзірден-ақ ала бере ме екен?

Сұрау сөз бітті. Мәжіліс ағасы дауысқа салуға кірісті:

— Кәне, коллектив боламыз дегендерің қол көтеріңдер!

Жұрт біріне-бірі қарап, көтерерін де, көтермесін де білмеді. Айшаның ойына Бірмағамбет түсе қалды:

«Ал, көтеріңдер!» — дейтін еді-ау ол.

Айша, ойлап тұрған ойын ұмытып:

— Ал, көтеріңдер! — деп дауыстап жіберді.

Жұрттың қолы біртіндеп көтеріле бастады. Біртіндей келе үйде отырғандардың бәрінің қолы көтерілді.

— «Коллектив боламыз!» — деген қаулы бір дауыстан қабылданды.

Басқармаға адам керек болып, біреу мынаны айтып жатыр еді.

— Менің ұсынысымды қабылдасаңдар, коллектив басқармасының ағалығына тап осы жеңгейді сайлаңдар! — деді өкіл.

— Қой, ойбай, — деп Айша ыршып түсті.

— Ол кісіні сайлауға көпшілік қарсы болмас еді, бірақ хат білмейді ғой, — деп Құсайын күмілжіп барып тоқтады.

— Хат білмесе, үйренер, Айша келіннің сайлануына мен өзім қосылам, ал, қолдарыңды көтер! — деп, Досым қолын көтеріп еді, жұрттың қолы біртіндеп көтеріле бастады.

«Жаңа тұрмыс» артелінің басқарма ағасы Айша болып сайланды.

Сол күнгі оқиға Айшаға әлі күнге түс сияқты. Ойламаған жерден қайдан тап келген көсемдік! Бұл көсемдіктің аяғы неге барып соғады. Бірмағамбет бұған риза ма? Бірмағамбеттің өзі болса, осыны істер ме еді. Әлде, қарысып отырып алар ма еді.

Айша үйіне келсе, сегіз жасар баласы — Қуандық ауылдың балаларын жинап алып асыр салып, үйін астан-кестең қылыпты: төріне шейін бұрқыраған шөп, шашылған күл, төгілген су. Жайшылықта үйге сөйлей кіріп, асыр салған балаларды тасқа-яқтай қақтырушы еді, солай болады ғой деп, Айша үйге кіргеннен-ақ, балалар ысырыла жөнелді. Айша бұл жолы — бұрынғыдай көрленіп, кейін қалғанын желкеге бір нұқып шығармады. Балалар бірін-бірі итермелеп, есікке сығылысады. Айшаның онымен ісі болмады, пешке арқасын сүйей отырды да, терезеден тысқа қарады: дала боран. Терезенің алды күртік, күртіктің басынан асыра — долы жел жұмсақ қарды түтіндей бұрқыратып жатыр. Терезенің астыңғы көздері көміліп үй іші қара көлеңке тартқан секілді.

— Коллектив!

Бақытқа болатын жұмыс па, сорға болатын жұмыс па? Жиылыста отырған біреулер, әзілі ме, шыны ма:

– Әйелдерді де ортаға салатын болсақ екен, — деді-ау...

— Е, білдік, сенің көздегенің Жексеннің қатыны ғой, — деп екінші біреуі оған жауап қайтарды.

Шынымен солай болса, әйелдер де ортаға салынса...

Айшаның ойына Бірмағамбеттің мінезі түсе қалды: қызғаншақ, күйгелек, томырық... «Сені жанымдай көремін, саған біреу тікелеп қараса, ішім күйіп кетеді...» дейтін Бірмағамбет кейде. Осыны шынымен айта ма екен? Шынымен айтса... «Қойшы әрі, қайдағы жоқты ойламайыншы» деп Айша осы жерде тоқталды.

Қожағұлдың тоқалы келді. Жаулығы салтақ-салтақ кір. Аяғындағы кебісі бір жамбастап қисайып кеткен. Жау қуып келгеннен жаман ентігіп, қотыр малдай пешке сүйене тұрды да:

— Апырмай, құдайдың күніне не болып еді, түбі түсіп кеткен шығар күнде боран, күнде боран, есті тандыратын болды ғой осы боран да ерігіп, жиылысқа келіп жүргендерін айтмау, «Шоқ қайыңның» 4—5 адамы үйге келіп, әкемдей болып сіресіп отырып алды. Осы күні жұртта не күй бар дейді екен? Жалғыз мәшке сойып едік, қалған жарты жаясын кеше бұзып алдық, одан басқа тұлдыр болса бұйырмасын, — деп өз алдына бұрқылдаумен болды.

Қара тоқал бірсыпыра желдіртіп келіп:

— Соларға шай қойып беріп құтылайын деп едім, екі шелекпен бармасам, боранда қайта-қайта барып жүру қиын, шелегіңді бересің бе, келін? — деді.

Қара тоқалдың не айтып, не қойғанын Айша ұғынған жоқ, сөзіне құлақ та салған жоқ. Жалғыз-ақ «шелек» дегенін ұғынып қалды. Жайшылықта безілдеп маңына жуытпайтын. Бұл жолы үйтпеді. Шелекті бермесе, қара тоқал мыжыңдап мазасын ала беретін сияқты болды. Содан құтылғанша асықты. Өзі үйде оңаша қалып, істеген ісін тағы бір ойлап шықпақшы болды.

— Ана жақта тұрған шығар, ал! — дей салды.

Қара шелек қолынан осылай шығып кетіп еді.

Кеш болып, үй іші қара көлеңке тартқан соң, суға барайын десе шелегі жоқ. Шелегін қара тоқалдың алып кеткені Айшаның есіне сонда түсті. Жаны шығып кете жаздады, үйткені, қара тоқалдың қолына түскен ыдыс сау қайтқан емес: кесе алса, екі бөліп қайтарады, құманша алса, шүмегін сындырып қайтарады, шелек алса...

Айша шыдай алмай, үйінен шыға жүгірді. Екі үйдің арасына жалданып тұрған қарға тізесінен батып малтықты. Оған да тоқтаған жоқ, қара тоқалдың үйіне жеткенше, қара шелекті көргенше асықты.

Шашы обырап, күлді бұрқыратып қара тоқал пештің алдында отыр еді. Есіктен кірген Айшаны көрді де, ашуланған пішінмен шымшуырмен отты көсеп-көсеп қалды. Күл бұрқырап пештің аузынан көлбеп ұша берді.

— Шелекке келіп едім,— деді, Айша әлденеден қорыққандай.

— Әлгі қағынғыр бала... Өзінің де сыйын бердім, — деп қара тоқал отпен бола берді...

Айша шошынып, сезіктеніп, қара тоқалға төне түсті. Тоқал қаймыққан түрмен қарап:

— Неге төндің? Үлкенді сыйлап именсе қайтеді екен бұлар? Әне, жатыр шелегің, — деді.

Айша босағаға қараса, екі бүктетіліп, түбі аламайымен сөгіліп, қара шелек жатыр! Жаны шығып кете жаздады. Жалма-жан шелекті алып, қара тоқалға жіберіп ұрды. Ызаланып көзінен жасы ыршып-ыршып кетті.

— Ойбай, өлтірді мына иттің баласы! — деп, қара тоқал шаңқылдап, үйді басына көтерді.

Шам жаға Қожағұл келді. Бет-аузына жабысқан қар еріп, сақалынан тамшылап тұр. Көзі бұрынғысынан да үлкейіп, ұясынан шығып бара жатқан тәрізді. Тамсанып кішкене тұрды да:

— Келін шырағым, біздің әйелге қол тигізбей-ақ қойсаң болмай ма? —деп күрсінді.

— Сындырмасын, бүлдірмесін біреудің нәрсесін!

— Сындырмасын дегеніңіз дұрыс қой, бірақ, «біреудікі» дегенді қойса да болады ғой. Мана өзіңіз бар емес пе едіңіз, не деп еді өкіл? «Керекті құралды ортақ пайдаланасыңдар» демеп пе еді? Сол құралдың бірі шелек қой. Ортақ мүлікті алып пайдаланар болар. «Сындырмасын» деңіз, оныңызға қосылам. Бірақ, «сен сындырыпсың» деп ұруға бола ма? Өкіл олай деген жоқ еді ғой. Өзіңіз соған бастық болып сайландыңыз. Бастық адам ұрмас болар, «бастығымыз осылай қылды, ұрды» деп арыз берсек, «пот-сот» кететініңізді білесіз бе?

Қожағұл Айшаға ақыл айтпақшы болып тұрып, бірсыпыра ауыр сөздерді ышқындырды. Айша үндемеді. Айша өзін тентекке санады. «Мүлікті ортаға салу» туралы манағы жиылыста айтылған сөз Айшаның есінен шығып кетіпті. «Шынында солай екен: ортақ мүлік, алып пайдаланды. Сындырса да еркі бар емес пе?» — деп ойлады. Ойлап еді, көз алдына жапырылған қара шелек елестегендей болды. Шашы жалбырап пеш алдында албасты құсап отырған қара тоқал елестеген сияқтанды. Ашуланды ма, қорықты ма — Айша қалтырап, бойы тітіркеніп кеткен сияқтанды.

...Түн. Терезе қармен көмулі! Дала боран, жел дүрілдейді, ысқырады, ұлиды. Қаранғы үйде, Қуандығын бауырына басып, бүк түсіп Айша жатыр. Үйқы қашқан. Ауыр ой кернеп, октасанда күрсінеді.

Есікті біреу жұлқа-жұлқа тартты. Айша шошынып, басын көтеріп алды:

— Бұ кім?

— Мен!

Таныс дауыс. Айша орнынан ұшып кеткендей болды.

— Апырмай, боранда не ғып келдің? — деп Айша бәйек болып шешіндіріп жатыр. Үсті-басы қар, қырау, мұрты сүмбідей болып қатқан мұз, қызыл шырайлы тапал жігіт ысылдап, шешініп жатыр.

— Өй, қалқам, жүдеп қалған жоқсың ба, келші сүйейін! — деп, сауыстанған мұзымен Айшаны құшағына тартып еді, Айша қыз күндегісіндей бұралып, бетін тосты.

Бұл келген Бірмағамбет. Бұл кеткелі қашан! Айша бүгін кейігеннен, келсе бетіне қарамаспын деп еді. Енді бетінен сүйгізіп тұр. Бірмағамбеттің мінезі солай. Басқа қазақ жолаушылап келгенде, қатынын «қарағым» демек түгіл, қатынының бетінен сүймек түгіл, адам деп елеп амандаспайды да. Бұл — Бірмағамбетке өзгеше біткен мінез...

Бірмағамбет жоқта басынан өткен оқиғаны Айша бастан-аяқ айтып шықты. Бірмағамбет бірін теріс демеді. Коллективке кіргенін, коллективке бастық болып сайланғанын айтқанда, Бірмағамбет мүлде қуанып қалды. Күліп, шек-сілесі қатты.

— Қоя тұр, күлме, қызығы бар, — деді Айша.

—Ал, айта ғой.

— Мені сотқа берем деп жатыр.

— Кім?

Қара шелек әңгімесі осы жерде келіп басталды. Қара шелек жайын сөз қылғанда, Айша қалтыранып, булығып кеткен сияқты болды.

— Түу, содан қорқып жүргенің бе? Қожағұл сотқа беруші ме еді? Қожағұлдың кім екенін білесің бе: ол саудагер, ол молда. Берікболдың жаназасын шығарып қызыл бұзауды алғаны биыл күз емес пе еді? Мен неше рет айтсам да, Кәкімжанның баласы қисайып, соны налокке іліктірместен келді. Оны коллективтің маңына жүргізбеу керек. Ертең мүшелеріңді жина, мен оның барлық кінәсін мойнына салып, айдатып шығайын. Ал, коллективте болсын-ақ, сонда біреудің мүлкін алып сындырсын дей ме екен? Ортақ мүлікке шелек қосылушы ма еді?

— Сиыр ше, сиыр кіре ме? — деп, Айша күрсінді...

... Қараңғы түнде, төсекте жатқан күйінде Айшаның көзіне — желіні салпылдаған ала сиыр елестеп өткен тәрізденді. Жапырылған қара шелек елестеген сияқтанды.

1930.

АЙРАНБАЙ

Айранбайдың үйіне кіріп келгенде-ақ нендей кәсіппен айналысатыны беп-белгілі. Ол басында кірлі қара тақтай, маңайы толған былғары, қайыстың қиқымы; біз, пышақ, қайрақ, қалып, мұрындық қоқырсып жатыр.

Көйлексіз, жеңсіз күртеше тонды жалаңаш етіне киіп алып, Айранбай ескілеу етікті бастап жатыр. Оң тізесін баса жердегі қоқырсыған былғары қайыстың қиқымымен ойнап, шашы жалбыраған бір әйел бала отыр.

Айранбайдың бет ажары онша болмағанмен, таралмай ұйыскан қою қара сақалы барлық бетін қаптап, тәу көрген адам «елуді соққан қу ғой» дейтін. Қабағы бір түрлі тұнжыраңқы. Әлденеге кейігендей, әлдекімді түтіп жеп қойғандай болып отыр. Тарамысты тартып шынтағын көтеріп қалғанда, тізесіне жармасып отырған қызына тиіп кетті.

— Сорлы-ай, іс істегенде жаныма келме дегенді сен де бір тындасайшы, — деп қызын итеріп тастады.

Қызының көзі жаутаңдап әкесінен ғапу өтінгендей, үйде отыру айыбы өзінен емес екендігін білдіргісі келгендей пішінмен:

— Тіпті... балалар ойнатпайды... Ұра береді, — деді. Ол екі арада шандатқан құйындай бұрқыратып, еңгезердей бір әйел үйге сөйлеп кірді.

— ...Қайбір жақының бар еді?! Сенің өлген-тірілгеніңе қарайтын солар ма еді?

Үстінде түйін-түйін көйлектің жұрнағы бар. Аяғында шарық етік, басында заты ақ болса да, кірмен баттасқан қырық құраулы бөкебайы бар, даулы екпініне, ашулы сөзіне қарағанда Айранбаймен өштескен, кезі келгенде өшін алайын деген адамның түрі бар. Бұл Айранбайдың қатыны Раушан еді.

Айранбайға ойланбаған жерден он пұт салық түсіп, соны төлей алмайтындығын білдіріп қалаға барып арыз берейін десе, киетін етігі жоқ, ескі қайыс етігінің қонышын бастап қию үшін әркімнің тігінінен қалдырған жамаулығы жетпей қалып, азғана қайыс сұрап кел деп Раушанды Кемелбайдікіне жұмсаған. Кемелбай мен Айранбай аталас. Жоқ жерде бір нәрсеге ділгер болып қалса, берсін-бермесін Кемелбайдікінен сұрау Айранбайдың әдеті еді. Сондықтан ол Раушанды жұмсады, Кемелбайдың қатынымен Раушан Тасқараның тойында әлдекалай табақтас

болып етке таласқандықтан араздасқан еді. Ондағы айып Раушанда емес, табақтас болғанына қорланған адамдай Кемелбайдың қатыны етті турамай жатып есік жақтағы балаларға үлестіре бастаған.

Ет кетіп бара жатқан соң жалғыз тал омыртқаны Раушан да алып қызына бергенде, «сорлы жалмауыз, қайдан табақтас болып едің, бір жапырақ жегізбедің ғой» деп Кемелбайдың қатыны омыртқаны тартып алған. Жоғарғы табақтағы кемпірлеу әйелдер де Кемелбай қатынының сөзін қостаған тәрізді, «байғұс, көрген қызығың осы ма еді? Енді болмаса өліпсің ғой» деп Раушанға нос берген. Міне, содан бері Раушан Кемелбай үйінің есігінен де қарамайды. Жұрттың барып ішіп жатқан қымызын да ішпейді. Оның бер жағында Раушанмен сыйластау Тайбағардың қатыны барып қымыз ішіп шыққанда бір мезгілдік өсек алып қайтады: «Шешей-ау, Бақа шешейдің өзі құтырар білем, бір тостаған қымызын ішіп болғанымша құлағымның етін жеп болады. Айтатыны бір сен, мені шаптырып алар. Менікін алар... өзі құтырар білем...» — дейді. Бұрынғы ашудың үстіне бұл қосылып, Раушан күйіп-жанып кетеді.

— Ол бетпақтың бетін құдай көрсетпесін, өлсем де лашығымнан шықпай өлермін, — дейді.

Сөйтіп жүрген Раушанға кенеттен Кемелбайдың үйіне бару оңай болсын ба, «бармаймын» деп қарысқан. Айранбайды ашу қысып кетіп, жанында жатқан қалыпты жіберіп ұрған. Енді бармаса, үлкен тықыр таянатынын біліп, Раушан шарасыз кетіп, содан келгені еді.

Оттың басына отыра бергенде, Айранбай лақтырғанда «тақ» етіп тізесіне тиген қара қалып көзіне түсе кетті. «Сен-ақ қылдың-ау» дегендей қалыпты төрге қарай лақтырып кеп жіберіп еді, үш аяқты жүкаяқтың үстінде, сексендегі кемпір-шалдай тіс біткен қирап бітіп, қурап тұрған жалғыз қара абдыраға қалып барып тарс ете қалды.

Айранбай сескеніп кеткендей басын көтеріп алды:

— Ит, қырат, — деді.

* * *

Кемелбайдың қайысты неге бермегендігін, қатынының не айтқандығын Айранбай Раушаннан бейнелеп сұрамады. Сұрамауына себеп — Кемелбайдың қатыны мықты адуын, қайыс берудің орнына мықты сөгіс беруі мүмкін. Оның үстіне Раушан зорлықпен кеткен адам. Кемелбай қатынының бір сөзін он

сөз қылып әкелуге беті шылп етпейді. Арадағы қатын-қалаштың сөзін малданып ағайынмен араз болуды Айранбай сүймейді. Ол Айранбайдың Жәкеңнен ұстап қалған өнегесі: әйел ерді азғыратын әзірейіл деп Жәкең марқұмның айтқан шариғаты осы күнге дейін есінде.

Айранбай өзі қатын сөзін малданбаған соң басқалардың да малданбауын қол көреді. Кемелбаймен туысы бірге, Кемелбайдың күн көргіштігі жақсы. Бұл мұқтаж болып сұратқанда, қатыны Раушанмен араз-ақ болсын, Кемелбай бер десе қайтеді... міне, ойы осы жерге жеткенде Айранбайдың іші бір түрлі суынған секілді болады. Бұл оқиға Айранбайдың басына талай келген. Талай ренжіп Кемелбайды көрмеспін-ақ десе де, ұйықтап тұрған соң ұмытып, түсте барып қымызын ішетін. Кемелбайдың өзгеше бір әдеті — Айранбайдың ренжігенін білген тәрізді кішкене баласына: «Ағаңа сәлем бердің бе?», «Ағаңа қымыз әпер» деп өзін бәпелеп отырған соң баяғы ашудың бәрі жоғалып, Айранбай Кемелбаймен аталас болғандығынан өзін бақытты санайтын.

Бұл ретте де, Айранбай, көптен үйреніскен қалыптың бірі ғой деп көңілін жұбатайын десе де, әлденеге жүрегінің түкпірінен қайнап шыққан кейістік, бұл жолғы ашудың бұрынғыға қарағанда түрі өзгерек секілденді. Ашудың басталу кінәсі, Раушаннан гөрі Кемелбайға ауайын деді. Олай болуының себебі — шықпай қалған егінді жазуға комиссия сайланғанда Кемелбай сол комиссияның мүшесі болып сайланған. Алты айғы жаз, қымыз ішкен сайын жалданып салған жалғыз жер тарысының шықпай қалғанын Айранбай талай айтқан. Он-жиырма жер егін салған адамдар салықтан құтылып, өзінің тұтылу себебін Айранбай Кемелбайдан көргісі келіңкірейтін. Ауылнай келіп салық сұрағанда, Айранбай келіп-кетіп Кемелбайға өмірінде айтып көрмеген сөзін де айтып салған. Оның үстіне мына тарықканда жерде қалатын бір тілім қайысты бермегендігі — Айранбайды күйдірейін деді.

Ерніндегі насыбайын қолымен секіртіп жіберіп:

— Кемелбай үйінде жоқ па екен? — деді.

— Үйінде.

— Бер демеді ме?

— Ия, бер деді... дымымызды қоймайтын шығар деп сары уайымды салушы сол туғаның... сен менің сөзіме нанасың ба. Бірдеме айтсам боқтайсың. Өзің еш нәрсені де сезбейсің.

Нәлөкті салып отырған осы ініңнің өзі көрінеді ғой. Кеше Маржан келін барып қымыз ішкен екен, сонда інің айтып отыр дейді: «Он бұт астық көп болушы ма еді, тігінмен бар астығымызды жиып алды...» деп. Несін алдық екен, өткен өмірінде тігінін тіктіріп сабақты ине-жіп беріп көрген жоқ.

Айранбай күрсінді:

— Қазақ ит қадір білер ме, — деді.

Сыдырылған тарамысын дұрыстап алып, қайтадан тігуге кірісті. Қиялы шарықтап өткенді кезе бастады. Есін білгелі Кемелбайдан, Кемелбай секілді байлардан көрген жақсылық-жамандығы көз алдынан суреттеліп өтіп жатқан секілді болды.

Өмірдің арты қараңғы. Бір жарық сәуле көрген күні жоқ. Кемелбайға, Кемелбай секілділерге қаншама еңбегін сіңірсе де соның барабарына алған еш нәрсесі жоқ, өткен өмірінен ділгерліктен құтылған да емес. Соншама еңбек махаббаттың қайда кеткендігін, кімге істелгенін де білмейді. Жүйрік қиял өткенді кезіп отырып келіп, бұдан бір жеті бұрын елге келген нұсқаушыға түсті. Жап-жас жігіт тақылдап сөйлегенде бір мүдірмейді. Екі сөзінің бірінде айтатыны: кедейдің еңбегі байға желінумен келген; кедей болмаса, бай сол көп малды баға алар ма еді. Оған шөпті шаба алар ма еді! Бағушы мен қағушы кедей болып, рақатын бай көрген... Енді, кедей, оян, ойлан!..

Дүп-дүрыс айтқан. Айранбайдың жасы қазір қырықта. Қырық жылдың жиырма жылын есепке алмағанда, жиырма жылғы еңбегінің жемісі қайда? Жиырмасынан бері бір тыным алған емес. Күні-түні істеу, бірақ тойыну, бүтіндену жоқ. Өзіндей Кемелбай өткен өміріне шөптің басын сындырған емес. Ол сонда да бай, бүтін, жеткілікті...

Айранбай көп ойланды, ой ұшығына шыға алмағанмен де өзінше істеген қорытындысы «кедей еңбегін бай жеген, инспектор сөзі рас...»

Осы ойын жарыққа шығарайын, істеген қорытындысын Раушанға айтып мақтанайын, оның да көңілін жұбатайын деген тәрізденіп:

— Қатын! — деді Айранбай. — Кемелбайдан жүрегім суынып болды. Енді соның есігін ашушы болмайық. Құдай аштан өлтірмес. Ең болмаса көменеске жазылғандарды қазына асырайды дейді ғой, көменеске жазылармыз. Өткен-кеткендердің «кедей!» дегенде таңдайлары суырылады. Кемелбай құрлы сол көменестер асырар.

Раушан көңілденейін деді. Жанында отырған қызына:

— Тезек әкелші, қарағым, әкеңнің қарны ашқан шығар, шай қояйық, — деді.

Ауыр жүктен құтылып өзіне өзі жаңа келген адам тәрізденіп, күлімсіреп Раушанға қарап, Айранбай «Көкек» әніне басты.

«Түбінен терезенің көкектеген,
Астымда бір атым бар секектеген...»

1924.

ДАУДЫҢ БАСЫ – ДАЙРАБАЙДЫҢ КӨК СИЫРЫ

Колхоз басқармасының бастығы Күлзайра дейтін әйел, қара бөкебайды басына тұмшалап орап тымырайып отыратын адам. Сирек сөйлейді. Сөйлегенде дауысы зілді, ашық шығады.

— Сізден бір нәрсе сұрайын деп едім,— дейді Күлзайра.

Не сұрар екен деп құлағыңды түре қойсан:

— Осы бізді неге әуре қыласыңдар, от басында отырып, күл шығарудан басқа, біз неменеге жараймыз?! — дейді.

— Олай демеңіз, әйелге теңдік заманы, әйел теңдігі қағаз жүзінде болмасын, іс жүзінде болсын. Сіз сияқты әйелдерді жұмысқа баулып үйрете беру керек, — десең:

— Тыныш отырғызса, сол «теңдігін» сұрамай-ақ қояр едік. Баяғыдан бері асыраған еркектер әлі де болса да асырай берсе болмай ма? — дейді.

Теңдік туралы сөзді айта берсең, Күлзайра шалқалақтап жуымайды. «Мұның себебі не?» десең:

— Бұрын мұндайды көрмеген әйел ғой, ел жұмысы оңай ма, біреу іреп, біреу сойып, басын қатырады, сосын, кейігеннен айтып отыр ғой, — деседі.

Шыны солай: Дайрабайдың көк сиыры, ұлы дауға ұласқан көк сиыр дауы кімнің болса да басын қатыратын...

...«Алғабас» артелінің мүшелері мектепке жиналсын деп хабар айтылған. Жұрт бірен-сарандап келіп жатыр. Артельге ұйымдасқан 63 үй, қоныстары төрт бөлек: бір ауыл мен екінші ауылының арасы 8—10 шақырым.

— Көлік арық, көбі көтерем, жаяу-жалпы үлгіре алмай жатыр ғой, — деседі.

Артель жиылысы екі күннің бірінде болады. Өкіл қаптап кеткен кезде күніне екі рет жиылысы болып қалуы да мүмкін.

Сонау 10 шақырым жердегі мүшелер бұл жиылыстың бірінен де қалмайды.

Бүгінгі жиылыс — бұрынғы жиылыстардан өзгеше. Бүгін артельдің жаңа уставы тексеріледі: уставтың қосымшалары әңгіме болады. Жаңа уставта толып жатқан өзгешелік бар, колхозшылар өміріне сәйкес келе кетейін деп тұр. Бірақ осының өзін тарсынып жүргендер бар.

— Ерік деп айтыпты ғой, кірмеуге болатын көрінеді ғой,— деп шоқпар бет қара бұртаңдайды.

«Ерік» болғанда артельден қашу керек пе?.. Қашып отырған себебін біреулер артель басқармасына жапқысы келеді:

— Артель болып едік, көз ашудан қалдық: малымызда, жанымызда ерік болмады, — деседі.

Аудан қызметкері асыра сілтеп, малдың бәрін ортаға түсіріп, артельді коммунаға айналдырыпты. Артель басқармасы мұны өзінше соқалап, мүлде кеңітіп әкетіпті. Біреудің торпағын, біреудің тайыншасын, біреудің тайын албарынан шығарып алып сатыпты, сойыпты. Соның ішінде, «баласынан артық көріп» бағып отырған Ахметтің қызыл құнажыны да кетіпті. Бір өзі бір шелек сүт беретін Дайрабайдың көк сиыры да кетіпті... Жұрт үрпиіп, артельге деген ынтасы су сепкендей басыла түсіпті... Сосын, «артельге кіру де, шығу да ерікті» деген сөзді жұрт өзінше түсініп, екінші мағына шығармақшы.

— Садуақас дейтін атқамінер қуымыз бар еді, сол кедейлердің арасына іріткі салуға кірісті: жұртты үйіне жинап алып, «артельден шығындар, таранлар» деп ақыл беріп жатыр, — деді Жасыбай жүгіріп келіп.

Садуақас шынымен атқамінер екен. «Садуақас ортамызға кірмесе екен!» деп кедейлер көпшілігі бір кезде оны орталарынан аластаған екен. Сол Садуақас бүгін «қамқор» болмақ! Кешегі ұйымдасқан кедей бүгін Садуақастың азғырынды сөзіне ерсе, не болмақшы?..

Астыңғы жағын мал белдеулеп жеп, шоқиған шөптің ығында үш кісі сөйлесіп тұр. Біреуі — кедей, екеуі орташаның пысықтары. Не сөйлесіп тұр екен: артельден шықпау керек деп тұр ма екен? Әлде, шығуды мақұлдап сөз байласып тұр ма екен?..

— Ана екі қу Дүтпайды ортаға алыпты ғой, жиылысқа қайрап салайын деп тұр ғой,— деді Уәли.

Сөйлеспесін деген заң жоқ. Сөйлессін, шүйіркелессін. Бірақ, Уәлидің айтқанындай кеңеске кірсе, ол оңбағандық.

Жұрт жиналды. Мектептің кішкене бөлмесіне сығылыса толды. Орын таба алмағандар балалар оқитын партаның үстіне шығып кетті. Мектепке үйін жалдаған кісі:

— Партаның үстіне отыра көрмеңіздер, сындырасыңдар, — деп безілдеп жүр.

— Сынса сен төлемейсің ғой, айына алатын ақшаңды білсейші, — дейді біреулер.

— Олай деме, мектеп көптің мүлкі, сынбасын! — дейді екінші біреуі.

Мәжіліс ашылды. Басқарушы сайлау керек.

— Үстелге жақын отыр екен, Ырысты бастық болсын, Әбіш хатшы болсын! — деген ұсыныс кіріп қалды.

Ырысты мәжіліс ағасы болып, үстелдің орта беліне отырды. Өзі күлімсірейді.

— Мәжілістің күн тәртібін жариялаңыз, — десең:

— Өздеріңіз айта берсеңіздерші, — дейді күлімсіреп. Дабырлаған жұртты тәртіпке шақыру керек.

— Әй, дарылдақ-ау, қойсаңдаршы, мына кісі сөйлеймін деп тұр, — дейді Ырысты.

Бір сағатқа созылған баяндама: шаруашылық артелінің не екендігі, қалай құрылатындығы, жаңа уставқа үстелген өзгерістер айтылып жатыр.

Сұрауға сөз берілді.

— Менің сұрауым бар! — деп, түксиген қара кісі орнынан ұшып тұрды. Елтірі қара тымақты партаға алып ұрды. Бұл Дайрабай еді.

— Ал көк сиыр басталды! —деді жұрт.

— Көк сиырдың дауынан құтылар күн болар ма екен?

— Айта беріп қайтеді екен?

— Уа, алыс жерден келген кісі екенсің, мүмкін болса айтатын арызым бар, — деді Дайрабай өкілге.

Дайрабайдың айтқалы тұрғаны жарыс сөз.

— Жарыс сөзді қоя тұрып, алдымен сұрау болса екен! — дейді біреулер.

— Қақпайлама, жолдас, неге қақпайлайсың? Мен айтсам — мұңымды айтам. Мұңымды айтуға еріктімін!.. Мына көзет не деп отыр. Оқышы! — деп, Дайрабай бүктеулі газетті қалтасынан суырып алды.

Сұрау сөзді доғарып, Дайрабайға елден ерекше сөз беруге тура келді. «Тәртіппен сөйле, сұрау біткен соң сөйле» десең, Дай-

рабай ерін бауырына алып тулауға дайын. Үйткені «көк сиырдың кегі» Дайрабайдың жүрегіне беріш болып қатқан тәрізді.

— Уа, жолдас, «Көк сиырдың дауы» деп жұрт күлер. Жұртқа күлкі болғанмен маған күлкі емес, мен жолсыз істі айтпай тұра алмаймын. Жүздерін жырта-жырта айтамын! — деп бастады Дайрабай.

— Қысқалап айт, — деп тағы біреу күңк етіп еді.

— Апырмау, енді сөйлейін де. «Ерік» дегені қайда осы? Өкіл жолдас, мыналарға айтсаңызшы: сөзімді бөлмесін, — деп Дайрабай бұрынғыдан да ашуға мінді.

Жұрт жеңілгендей тына қалды.

— Уа, жолдас, мен өзім кедеймін, кедей болғанда батырақпын. Тоғыз жыл Семенаудың қойын жалаң аяқ жүріп бақтым. Өтірік десе, осы отырған ел айтсын... Кеңес үкіметі орнағалы ептеп есімді жинадым... Бірді-екілі қарам болды, үй көтеріп алдым. Өзім сияқты кедейдің бірі болып түтін түтеттім. Содан, 29-жылдың басы шығар деймін, осы Жасыбайлар бас болып: «кәлауния (трактор колониясы) боламыз!» деді. Болыңдар, болайық дедік. «Кәлауниясы» болдық. 4—5 трактор келді. Тракторынды бұрын кім көрген: құлындар үркіп, желіні суырды; сауынды сиырлар үркіп, шелектегі сүтті ақтарып, әйелдерді басып кетті. Ауылдағы малдың бәрі үркіп далаға босты... Трактор жаңа нәрсе ғой, ескі мен жаңаның үйлеспей жатқаны ғой деп күлістік. «Кәлауния» болған 40 үй мен 68 үйдің жері тұтас. Бізге жерді бір жерден аудару керек. Қара томардың басынан шыға тартайық деп едік, Жәкен ауылы қарсы түсе кетті... «Өзіміз де кедейміз, ата мекен жерімізді ешкімге бере алмаймыз» деді. «Кәлаунияға кіріңдер» десек, кедейлері осқырып жоламайды. Бұл ауылда аты шулы Садуақас бар ғой, бұл соның лаңы екен дедік. Қара томардың басына тракторды әкеп қаптатып едік, манағы қарсы болған кедейлер бақан-сойылын сүйретіп әкелді. Бізден төбелесетін адам шықпаған соң, жерді жыртқызбаймыз деп трактордың алдына кесе-көлденең жатып алды. Жатқандарын жолдан көтеріп тастадық... Осының өтірік десе, мынау отырған Жасыбай айтсын. Коммунист қой, жасырмас... Содан трактор 20 шақты күн жүріп, 200 десе жер жыртты. Тұқымның кемін қазына берді. «Осы егін шығатын күн болса төбеміздің олжаға батамыз ғой» деп мұртымыздан күлеміз... Бір кезде егін пісті. Жиналып бір жерден ордық. Бастық. Өлшеп едік, жеті мың пұт астық шықты! Бұған нанарсыз ба? Бұл

кедейдің көрмеген байлығы ғой... Бірақ осы байлықты көз көріп, қолымыз ұстамаған сияқты болды. Оның себебін айтайын, жолдас. Жеті мың пұттың ішінен 2500 пұтын алдағы жылға тұқымға деп шығардық. 35 процентін «көлауния» алды. Ішіп-жеуімізге 12 пұттан тиді деп еді, «Қазақстанның тәртібі өзгеше екен, Қазақстандағы артель мүшелері жылына жеті пұттан ғана алады екен» деген шықты. «Кедей, жарысасың» деді. Жарыстық, екі-үш пұттан астық бердік. Осы астықтың ақшасын күншығыстағы қызыләскерлерге сәлемдемеге жібердік. Мұны шын жүрегімізбен істедік. Аз нәрсеміздің көпке жарағанына өзіміз мәз болып қалдық... Сүйтіп отырғанымызда «Сақтық қор» деген шықты. Одан да бас тартқан жоқпыз, бердік. Әйтеуір тұқымымыз дайын ғой, ішудің бір жөні болар дедік. Қолдағы азық бітіп қалып еді. Сатып алатын күш қайда... Оның үстіне артеліміздің түрі өзгеріп кетті. Жасыбай былтыр «көлаунияға» кіргізгенде, адам күші мен жұмыс көлігі ғана ортақ болады деп еді. Ауданнан бір дудар бас өкіл келіп (өзін «төтенше өкіл» деді ме — бірдеме деп еді) «Малың да ортақ, жаның да ортақ, үйің де ортақ» деп әлекті салды. Бұзау-торпақ та, көк сиыр да ортаға түсіп кетті де барды... Әңгіме — малдың бәрінің ортаға түсуінде емес, мына тұқымды табуда болды. «Осының жөні қалай, біздің тұқымымыз дайын еді ғой?» деп күңкілдесеміз. «Жоқ, табасың!» деп өкіл қыса түседі... Тағы бір қызығы бар; мен өзім басқа тапшы адаммын. Бір үйде жеңгеңмен екеуіміз ғанамыз. Жаның аз болған соң, бір-екі малың, бір-екі десе жерің болған соң салыққа ілігіп кетеді екенсің, бір сом 70 тиын салық түсті маған. Осы салық қырсық болып жабысып, тұқымды салық тартқандарға пай қылып бөлгенде, маған 21 пұт тұқым қоры түспесін бе! Ал, Дайрабай, енді белсенді болып көр! 21 пұтты төлеп құтылмасаң белсенділік қайда? Жан мұрынның ұшына келді. Сатып алуға ақша жоқ, айналдырған екі қараны коллектив жазып қойған, маңына да бара алмаймыз. Қатынның үйінен келген көнетоз кілемі бар еді, сатайын десем қатын бажылдап маңына жуытпайды. Енді не қылмақ керек...

— Апырым-ау, біздің тұқымымыз дайын емес пе еді? Осы биылғы тұқымымыз қайда? Сонау кілетке 2500 пұт астықты тазалап тұрып құйып, күні-түні күзетіп отырған жоқпыз ба?.. — деймін.

— Онда жұмысың болмасын, ол загатовканың астығына есеп болып кетіпті. Аудан солай қылыпты, — деседі.

Дайрабайдың еңсесі түсейін деді, «белсенді» жойылайын деді. «Адал кедей болам десең, 21 пұтты төлеп құтыл» дейді өкілдер. Батыр-ау, шамасы келсе, қолында бар тұрса, Дайрабай кеңес үкіметіне арам кедей болар ма? Шамасы келмеді, табылмады, сонда не қылмақшы, арам болмақшы ма?..

Үйде тұра алмадым. «Арам кедей боласың!» деген сөз жүрегімді тітіркендірді. Жан ұшырып іздейін, не қылса да, «адал» болуға тырысайын дедім. Бірақ ақша жоқ, кім берсін, салым суға кетіп үйге келіп отыр едім, қатын мазаны ала түсті:

— Азық бітті, тамақ тап! — дейді.

Тұқымның үстіне тағы азық іздеу керек!

— Жаяулықтан өлмеспіз, күрең атқа айырбастап соғым тауып алып сой, — дейді қатын.

Тірі болып күрең атты қолдан шығарамын ба? Тап соның ертеңіне, өзім кейіп отыр едім, Сейіт келіп:

— Көк сиырды контраққа, — деді.

— Көк сиырда қандай әкеңнің құны бар? — дедім.

— Тіліңді тарт, жолдас, қарсылық қылсаң, алушыға сиырды бермесең, мал өзірлігіне қарсылық қылған адам деп сотқа береміз, — деді.

— Оның ар жағында беретін орның бар ма? — деп едім, қаламқағазын даярлап жаза бастады.

Сотқа бергелі жатыр екен дедім. Соттың ар жағы түрме ғой. Түрме менің көрмеген орным ба, 25-жылы, айғырымды ұрлады деп жала салып, Есмұқамбет мені түрмеге салдырған болатын... Түрмеге кіріп барсам, кәдімгі өзіміздің ұры Қойшығұл сонда отыр екен: «мені ұры деп көрсеткеннің бірі сен едің, бәлем қолыма түстің бе?» деп Қойшығұл жұдырықты салмасын ба... Сондағы түрме, сондағы жеген таяқ көзіме елестей қалды, өзім ызақормын, ашу қысса, көтеріліп кетемін.

— Ә, бәлем-ай, баратын сотқа сені бір жайлы қылып барайын! — деп, Сейіттің үстіне міне түстім...

Басқарма адамына қарсылық қылды деп, ертеңіне мені осы отырған басқарма ауданға жаяу айдады... Күн суық, боран. Жел алдымыздан... Арық қара кердің орта белінде жарбиып Күсебай келе жатыр. Күсебай дейтін— мына отырған бұжыр, мені айдаған осы... Жаурап, әлсіреуге айналған соң:

— Мына ауылға барып жылынайық,— деймін Күсебайға... Мұның бір қалшия қалатыны бар:

— Болмайды, срочный апар деген,— деп Күсебай көнсейші...

Ашу керней бастады. Бұрылып қарап қоям, Күсебайым қиқайып келе жатыр, қолында қамшыдан басқа дымы жоқ, бір кезде жалт бұрылып жабыса түстім, Күсебайды аударып тастап, қара керге өзім мініп тартып бердім...

Ауданға келдім. «Түрме қайда?» деп көрінген адамнан бір сұраймын. Бетіме ажырайып бір қарайды да бәрі де өте шығады. Мекеме басындағылардан сұрап көрейінші деп жағалап келе жатыр едім, еңгезердей бойлы сары жігіт алдымнан өте берді. Қолында папкесі бар. Бастықтың бірі болуға тиіс деймін, бірақ менің бұрын көрмеген жігітім.

— Шырағым, түрмелерің қайда болады? — деп едім, бұрылып қарады да:

— Жай сұрадыңыз ба? — деді.

Мен түрмеге жатуға келгенімді айттым.

— Бай ма едіңіз, жатуға жалғыз келген себебіңіз қалай? — деді.

— Кедеймін, шырағым, 3-ауылдағы бір кездегі Дайрабай белсендің менмін. Басқарма мүшесін сабадым. Жолда айдап келе жатқан орындаушының атын аударып мінгім, сонымен жалғыз келгенім, — дедім...

Бетіме бірсыпыра қарап тұрды да:

— Мекемеге барайық, жүріңіз, — деді.

Райком үйіне апарды, үстел беріп отырғызды. Өзі қарсы алдыма отырып:

— Қане, басынан сөйлеңіз, — деді.

Мен соға бердім, ол тыңдай берді. Бірсыпыра сөзімді жазып алып жатыр... Әлде слидитель ме екен, менен жауап алып жатқаны несі деп те ойлаймын. Бірақ, слидительдің жауап алғаны бөлек болушы еді, жауапқа кірісерде, алдымен ата-бабаңнан қазып сұрап алушы еді...

— Сізді ұстауға ешкімнің қақы жоқ, өзім тексерейін, сіз үйіңізге қайтыңыз, — деді әлгі жігіт бір кезде.

Қуанғаннан күлімсірейін дедім. Жөнін сұрап едім, райкомның жана келген хатшысы екен. Енді мұңымды айтуға кірістім:

— Шырағым, 21 пұт тұқым пәле болып жабысты маған. Төлемесем «арам кедей» болатын көрінемін. Осы мені «адалдап» алуыңызға болмас па екен? — деп едім:

— Артық астығыңыз болса, төленіз, жоқ болса, таба алмасаңыз қысылмаңыз, адалдық осы, — деді...

Ауыз сөзіне сеніңкіремей отырып едім, орнынан тұрып барды

да, бір газетті алып келді: «тұқым сұрап орынсыз қысқан адам болса, осы газетті оқытыңыз, осының ішінде орталық партия комитетінің қаулысы бар» деп, газетін маған берді. Сондағы берген газеті, — деп Дайрабай «Кенес ауылы» газетін обыратып жаза бастады.

— Өзім хат танымаймын, мен туралы айтқаны осы бір жерде болса керек, — деп Дайрабай газетін ұстап өкілдің қасына келді.

Отырған жұрт дабыра сөзге кірді.

— Жолдас өкіл, Дайрабайдың арызын тыңдайсыз ба, әлде жиылыстарыңызды өткізесіз бе? — деді біреу.

— Осындай арыз бәрімізде де бар. Дайрабайдан тыңдасаңыз, бәрімізден де тыңдарсыз, — деді екінші біреу.

— Менің ұсынысым — арыз тоқталса екен, алдымен жиылыс өткізілсе екен. Күн кеш болып барады. Үйде өзімізден басқа мал қарайтын адамымыз жоқ. Көтереміз бар, арық-тұрағымыз бар, жаман мезгіл, соқтығып, өліп қалуға мүмкін, — деп бір кісі уайым соқты.

Дайрабай даурыққанмен, көпшілік жеңіп арыз тоқтатылып, сұрау басталды:

— Осы коллективтен шығуға бола ма? — деді біреу.

— Болады.

— Ендеше мен шығам.

— Себебі?

— Себебі мынау, — деп әлгі кісі ілгері таман келді. — Дайрабайдың кебі менің басымда да бар, мал-мүлікте ерік болмады. Биыл тіккізіп киген бір жаңа тоным бар еді, ең арғысы соған иелігім болмады. Қайранбай дейтін іниміз ауданға баратын едім деп бір сұрап киді де, қайтып берместен кетті. Берірек келген соң сұрасам: «жұмысың болмасын, мүлік ортақ» деді. О да ойыншық. Атам өлсе атамайтын бір семіз ала тайым бар еді. Жақсы айғырдың баласы еді, түбінде жақсы ат болады ғой деп жүретін едім... Бір күні қатын даладан ойбайын сала кірді: «ала тайды әкетіп бара жатыр» деп, жүгіріп шықсам, басқарманың адамдары.

— Ау, қалай алып бара жатырсындар, себебін айтсандаршы, — деген едім.

— Мал сенікі емес, коллектив малы, кедейлерге сойып береміз, — дейді... Не дерімді білмей аңтарылып тұрып қалдым. Ала тай шырқырап ол барады, енесі шырқырап албарда ол тұр. Адамнан артық көріп бағып тұрған мал. Сойып, етін жесем,

менің тамағымнан өтпеп пе? Менің дәулетім — қанша екенін осы отырған жұрттың бәрі біледі. Сегіз қара былтыр да бар еді, биыл да бар. Күзді күні орыстың бір мәстегін сатып сойдым. Осы күні үйде ет жоқ, екі сиырым бұзаулап еді, соның ағын талшық қылып отырмын... Азығы таусылған кедей жоқ демеймін, бар шығар, табылар, бірақ ала тайдың еті сол нақты кедейге тиіп отыр ма? Біз күн ұзақ маңдайымыздан тер сыпырып жүріп кесіп істегенімізде, өлгі тегін жегендер ауыл қыдырып бос жүрді...

— Ол кім, ашып айтсайшы, — деді қасындағы біреу.

— Ашып айтса несі бар, айтам: Ержақыпты қайтесің? Ержақып кесіп істеді деп айта аласың ба? Тепсе темір сындыратын жақсы-ақ жігіт. Жаз кесіп істесе, айналдырған үш жанға азық тауып алмас па?!. Міне, осындайларды тексерсеңіз екен... Сондықтан мен шығамын деп тұрмын, — деді.

— Жолдас өкіл,— деді тапал бойлы сары кісі, — коллективке еріксіз кірген кісілер шыға алады деп жазыпты газетке, соны сіздер қолданасыздар ма?

— Әбден қолданамыз.

— Орташа дәулетті адам шығамын десе, ұрыспайсыз ба?

— Ұрыспаймыз.

— Ендеше мен шығам. Неге шығатынымды мен айтпаймын, сіз сұрамай-ақ қойыңыз.

— Айтсын, айтсын, — деген дауыстар шыға бастады.

— Жолдастар, зорлау жоқ деген үкіметтің ұранына сүйенемін, зорлауға қақыларың жоқ...

— Ол кісінің шығатын себебін мен айтып бере алар едім, — деп Жасыбай орнынан тұрды.

— Айтсын ба?

— Айтсын!

— Жасыбай айтпасын, өзі айтсын.

— Жоқ, Жасыбай айтсын!..

Бірсыпыра жан-жұңнан кейін Жасыбайға сөз беріледі:

— Жолдастар, мен басынан айтамын, — деді Жасыбай, мұрнының ұшы тершіп. — Бұл азаматтың аты Айсары, әкесі Жанбура деген кісі. «Жанбура атқа мініп билік құрғанда, ел сілтідей тынды» дейтін шалдар...

— Әкесінде нең бар?

— Жасыбай жүрген жер бүлік!

— Жасыбай араздықпен айтып тұр, — деген сөздер көтеріліп кетті.

— Жоқ, жолдастар, мен араздықпен айтпаймын, білгенімді айтамын, Жанбураны білмегенмен Айсарыны білемін, Николай кезінде Айсарының алты жыл ауылнай болғанын білемін; ауылнай кезінде параны түйдек-түйдегімен алғанын білемін... Жалғыз мен емес, бәрің де білесің... Дұрыс, қазір ауқаты орташа деп орталарыңа алып едіңдер, тұзын ақтады ма? «Бүліктің басы бурылдан» деп, кедейдің арасына іріткі салып, толқытып отырған осы емес пе?.. Іріткі салмаса, үйіне неге жасырын жиылыс шақырады? Ерсілі-қарсылы шаптырып, орыс-қазақтың есебін неге жинайды?..

— Жолдас, бір ауыз сөзге рұқсат етіңіз! — деп Айсары орнынан тұрды. — Жасыбайдың мені құртам дегені жалғыз бүгін емес, бұдан он жыл бұрын еді, құдай сақтап әлі келем. Ажалым жетпесе, әлі де болса күн көрермін деймін. «Артельге кірукірмеу ерікті» деп партия орны айтыпты ғой, мен соған сүйендім... Ал, мен кеттім! — деп Айсары есікке қарай жүрді.

— Өзің кетпесең де, кетірейік деп отыр едік, — деді Жасыбай.

— Жасыбай осы сөзін бәрімізге де айтады ғой, одан да өзіміз кетейік,— деп Өмірзақ түрегелді.

— Мен де кетем, — деп Жауке қозғалды.

Жұрт біртіндеп тұра бастады. Біреумен біреу ұстасып ілінісіп жатыр. Жаң-жұң дауыс. Жиылыс бастығы Ырысты аузын ашып аң-таң:

— Батыр-ау, бұлары несі? — деді ол.

Дүрліккен жұрт бірін-бірі жетектей келе, алпыс сегіз үйдің адамынан жиырмаға жетпейтін кісі қалды. Жасыбайдың тері самайынан сорғалай бастады. Қалған жиырма үйдің сегізі партия мүшесі, тоғызы комсомол. Партия ұясының, комсомол ұясының сонау көпшілікке аз болса да басшылығының болмағаны ма?..

— Бұл қалай болды, — деді Жасыбай сасып.

— Қалай болсын, Айсары мен Садуақастың лаңы. Үгіт жүргізіп, бәрін толқытып отырған солар, — деді Дүтпай.

— Сендердің үгіттерің қалай? Ұйыстырған кедейлерің қайда? Айсары құрлы болмағандарың ба?.. — деп, өкіл оларға жармаса түсті.

— Жоқ, олай түсінбеңіз, ол қате, — деді Жасыбай терін сүртe түсіп, — біздің ұйыстырған кедейіміз жоқ емес, кедейдің арасында біздің беделіміз күшті еді. Бірақ, осы науқан қатаң тиді.

Шоқпарды кедейге салып алды. Кінәні ауданға артам, ауданның өкілдеріне артам, — деп елде істелген бірсыпыра жолсыздықтардың Жасыбай тамырын ашты...

Дайрабай үйге үрпиіңкіреп кіріп:

— Ау, сендер неғып отырсыңдар? — деді.

– Не болды?

– Не болсын, Садуақас пен Айсары жұртты иіріп, артельден шығындар деп азғырып жатыр ғой.

– Алдымен сөз шығарған, бүлік салған өзің, Айсары азғырмай қайтсін?!.

– Қой, Жасыбай, орынсыз кінәлама, – деп Дайрабай жәбірленіп қалды. Мен айтсам, артель басқармасының жолсыз жұмысын айттым. Қашан да болса айтам, райкомда да айтам... Артельден шығам деп айтқан жерім бар ма? Неге шығам артельден?.. Қуаласаң да шықпаймын!.. Әлгі Тыныбайлар қайда, солар да даурығып жүр ме? – деп Дайрабай асығыс тысқа шықты...

Жұрт сан-сапалақ: бір шығып, бір кіріп жатыр. Жамалажамала жұрттың басы тағы құралды.

– Жолдас өкіл, келетіндер келіп болды. Мен арызымды айтып бірсыпыра ашуымды тарқаттым. Ендігі қалғанын райкомге айтармын. Сіз жұмысыңызды бастаңыз. 68 үйден осы жерде 50 үй отырмыз. Бір колхозға аздық қылмас, қане, айта беріңіз, – деп Дайрабай күлімсіреді.

– Уа, құрып қалғыр, манадан бері соныңды айтсаң еді, – деді Әліш.

– Әлеке-ау, осыдан басқа менде сөз болушы ма еді? Кедейлер тобын көркейтпей, партияның етегінен ұстамай, Айсарының етегінен ұстайды деп пе едіңіз? – деді, кішкене ойланып тұрды да:

– Жолдас өкіл, осы мен партияға кірсем ала ма, – деді.

– Алғанда сізді алсын, – деді өкіл.

– Ендеше мен партияға кірем! Өй, Жасыбай, тізбеңе жазып қой: Дайрабай 1930 жылдың 1 апрелінен бастап коммунист болды де. – Отырған жұрт ду күлді. Өкіл ортада тұрып артельдің жаңа уставын оқыды.

1930.

МАЗМҰНЫ

ШҰҒАНЫҢ БЕЛГІСІ 5
КҮЛПАШ 24
АЙТ КҮНДЕРІ 31
ҚЫРМЫЗЫ 34
ТАЛАҚ 36
ҚҰЛА АТ 44
КӨШПЕЛІ МАХАББАТ 48
ШАРИҒАТ БҰЙРЫҒЫ 50
ЖОЛ КЕҢЕСІ 60
ЗАМАН 62
САХАРДА 64
ЗЕЙНЕШТІҢ СЕРТІ 66
ТҮЙЕБАЙ 74
ӘДЕТ ҚҰШАҒЫНДА 78
КӘДІР ТҮНГІ КЕРЕМЕТ 105
ЕЛ КҮЙЕУІ 110
КҮЛТАЙ БОЛЫС 114
ӘЖЕ 121
ӘБДІЛДӘ ТӨРЕ 132
ҚҰРЫМБАЙДЫҢ ЖІГІТШІЛІГІ 136
БАЯНСЫЗ БАҚ 144
ЕСТАЙ АУЫЛЫ 148
АШТЫҚ ҚҰРБАНЫ 151
БІР АДАМ 158
«ҚАРА БАЛА» 173
«ЖЕЛДІБАЙ ЖЫНДЫБАЕВ» 179
СЕЙІТТІҢ СЫРЫ 183
ШАПАЙДЫҢ ХАТЫ 191
АЛҒАШҚЫ САБАҚ 195
САРЫ АЛА ТОН 198
ҚАНДЫ КЕК 211

ТАСБОЛАТ 227
ҚАРА ШЕЛЕК 236
АЙРАНБАЙ 245
ДАУДЫҢ БАСЫ – ДАЙРАБАЙДЫҢ КӨК СИЫРЫ 249

«Атамұра кітапханасы» сериясымен биыл мына кітаптар жарық көреді:

Ілияс Жансүгіров. Құлагер.

Сәкен Сейфуллин. Аққудың айрылуы.

Жүсіпбек Аймауытов. Ақбілек.

Ғабит Мүсірепов. Ұлпан.

Қасым Аманжолов. Дариға, сол қыз.

Ілияс Есенберлин. Қаһар.

Тахауи Ахтанов. Қаһарлы күндер.

Ғафу Қайырбеков. Көнсадақ.

Шерхан Мұртаза. Соғыстың соңғы жесірі.

Әбіш Кекілбаев. Ханша-Дария хикаясы.

Кәдірбек Сегізбай. Біз қалада тұрамыз.

Бердібек Соқпақбаев. Менің атым Қожа.

Баубек Бұлқышев. Заман біздікі.

Оралхан Бөкей. Кербұғы.

Мұхтар Шаханов. Эверестке шығу.

Мұқан Иманжанов. Алғашқы айлар.

Оспанхан Әубәкіров. Мың мінездеме.

Қойшығара Салғараұлы. Сол бір күндер.

Тұрсынбек Кәкішев. Сәкен аялаған арулар.

Саттар Ерубаев. Менің құрдастарым.

Саги Жиенбаев. Алтын қалам.

Художественное издание

Беимбет Майлин

КРАСАВИЦА ШУГА
Рассказы
(на казахском языке)

Бас редакторы *Ә. Пірманов*
Редакторы *Қ. Лұқпанұлы*
Көркемдеуші редакторы *К. Молдабаева*
Техникалық редакторы *М. Оразбекова*
Корректоры *Ә. Кенжалина*
Компьютерде беттеген *Д. Тойкина*

ИБ № 216
Теруге 20.09.2003 берілді. Басуға 10.12.2003 қол қойылды. Пішімі 84x1081/32. Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 13,86. Есептік баспа табағы 16,4. Таралымы 3000 дана.
Тапсырыс № 1265

«Атамұра» баспасы, 480091, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының Полиграфия комбинаты,
480002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.



Бейімбет МАЙЛИН —
жазушы, ақын, драматург.
1894 жылы туған.
1938 жылы қайтыс болған.
4 томдық шығармалар
жинағы 1933 — 1936 жылдары
жарық көрді. "Маржан" атты
поэмалар жинағы,
"Шығармалары" (6 томдық),
"Қызыл жалау" т. б. кітаптары
шыққан. "Шаншар молда",
"Неке қияр", "Біздің жігіттер",
"Жалбыр" т. б. пьесалардың
авторы.